

Р. Р. Қайырбекова,  
С. В. Тимченко, З. А. Джандосова

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

# 10

## 1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72  
Қ23

**Қайырбекова Р.Р. т.б.**

Қ23 Дүниежүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім / Р.Р.Қайырбекова, С.В.Тимченко, З.А.Джандосова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 240 б., сур.

ISBN 978-601-07-1127-3

К  $\frac{4306020600-036}{404(05)-19}$  35(1)-19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72

ISBN 978-601-07-1127-3

© Қайырбекова Р.Р., Тимченко С.В.,  
Джандосова З.А., 2019  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
безендірілуі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі



**I бөлім**  
**Өркениет:**  
**даму ерекшеліктері**



**II бөлім**  
**Антропологиялық,**  
**этникалық және**  
**әлеуметтік процестер**



## МАЗМҰНЫ




Кіріспе .....	6
<b>I бөлім. ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	
<b>1-тарау. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері. Өркениеттердің жіктелуі</b>	
§ 1. «Өркениет» ұғымы. «Өркениет» ұғымын зерттеудің негізгі бағыттары.....	8
§ 2. Өркениеттердің жіктелуі. Қазіргі өркениеттердің дамуына ақпараттық технологиялардың әсері.....	12
<b>2-тарау. Әлем өркениеттерінің тарихы</b>	
§ 3. Ежелгі Египет .....	20
§ 4. Ежелгі Қосөзен.....	28
§ 5-6. Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістан .....	34
§ 7-8. Ежелгі Грекия өркениеті.....	44
§ 9. Ежелгі Рим өркениеті .....	54
§ 10. Африка дәстүрлі өркениеті .....	62
§ 11-12. Америка, Аустралия және Мұхит аралдарындағы дәстүрлі өркениет .....	69
§ 13. Ежелгі діни нанымдар.....	80
§ 14. Көне философиялық ілімдер.....	89
§ 15-16. Әлемдік діндер мен өркениеттердің дамуы.....	95
§ 17. Қазіргі замандағы әлемдік діндердің даму тенденциялары .....	107
§ 18. Қазіргі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар .....	112
<b>3-тарау. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі</b>	
§ 19. Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың сауда-экономикалық саласы.....	118
§ 20. Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың дипломатиялық саласы.....	126
§ 21-23. Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың әскери-саяси саласы .....	133
§ 24. Мәдениеттер диалогі.....	150



## II бөлім. АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ, ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОЦЕСТЕР


### 4-тарау. Антропогенез және этногенез

§ 25. Адамның пайда болу теориялары .....	158
§ 26. Этнос, этникалық, этногенез және ұлт.....	163
§ 27. Этностың пайда болу теориясы.....	169
§ 28–29. Әлемнің этникалық картасы: өткені мен бүгіні.....	172
§ 30. Этникалық және ұлттық бірегейлік.....	183
§ 31. Этностар ассимиляциясы. Аз халықтар мәселесі.....	187



### 5-тарау. Әлем тарихындағы этникааралық қатынастар

§ 32. Этникааралық қатынастар: мәселелері мен қайшылықтары.....	192
§ 33. Этникааралық жанжалдар: себебі мен шешу жолдары.....	197
§ 34. Этностардың бейбіт қарым-қатынастарының тәсілдері (халықаралық интеграция).....	202



### 6-тарау. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары

§ 35. Социогенез теориялары.....	208
§ 36–37. Қоғамның әлеуметтік құрылымдарының тарихи формалары.....	213
Терминологиялық сөздік .....	230





## КІРІСПЕ

Құрметті оқушылар!

Сендерге ұсынылып отырған 10-сыныптың жаратылыстану-математика бағытына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқулығы жаңартылған мазмұндағы бағдарлама негізінде жазылған. Адамзат өркениетінің жаңа ақпараттық қоғамда өмір сүруіне орай білім берудің мазмұны да ақпарат пен білімге негізделген. Осыған сәйкес ақпараттық қоғамды үздіксіз білім беру қоғамы деп атауға болады. Өз кезегінде бұл білім саласына жаңа талаптар қойып, адамдарда жаңа ақпараттық мәдениетті қалыптастыруды қажет етеді.

Бұл оқулықта антропология, этнология, философия, әлеуметтану, саясаттану, дінтану, мәдениеттану салаларында кейінгі жылдары қол жеткізген жетістіктер енгізіліп отыр.

Оқулық кіріспеден және он екі тарауды құрайтын төрт бөлімнен, терминологиялық сөздіктен тұрады.

Оқулықтың «Өркениет: даму ерекшеліктері» атты бірінші бөлімінде өркениетті тану мен оның негізгі теориялары, олардың түрлері, әлемдік өркениет тарихы және адамзат дамуындағы әр кезеңдегі байланыстары ұсынылады.

«Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік процестер» атты екінші бөлім адам дамуы мен адамзат қоғамындағы дамудың этникалық, әлеуметтік және антропологиялық үрдістерін оқуға арналған.

«Мемлекет соғыс және революциялар тарихынан» атты үшінші бөлім мемлекет тарихы мен оның пайда болуын, мемлекеттің көнеден бүгінге дейінгі эволюциялық формасын анықтайды. Бөлімде саяси режим түрлері; әлемдік тарихтың өзгеруіне ықпал еткен әскери-саяси оқиғалар баяндалған және революция тақырыбы, адамзат қоғамының қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі ретінде айтылады.

«Мәдениеттің дамуы» атты төртінші бөлім адамзаттың мәдени мұраларын сақтау, өнердің эволюциялық қоғамның өркендеуіндегі орны, бұқаралық мәдениет пен оның қоғам дамуына әсері, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары секілді маңызды мәселелерді де қамтиды.

Оқулықтан алған білімдерің келешекте қоғам дамуын зерделеуге, қоғамдағы өз орындарыңды табуға көмектеседі деп ойлаймыз.

Білім жолындағы қадамдарыңа сәттілік тілейміз!

Авторлар



# I БӨЛІМ

## ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ







## ӨРКЕНИЕТ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

### § 1. «ӨРКЕНИЕТ» ҰҒЫМЫ. «ӨРКЕНИЕТ» ҰҒЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- «өркениет» ұғымы туралы;
- «өркениет» ұғымын танудың негізгі бағыттары жайында білеміз.

#### Кілт сөздер:

өркениет; унитарлы, сатылы, локальды-тарихи бағыттар; эволюциялық және өркениеттілік бағыттары

**«Өркениет» ұғымы.** Егер өркениет деген не деген сұрақ қойылса, оған жауап беру оңай болмайды, себебі «өркениет» ұғымының 200-ден астам түсінігі бар.

«Өркениет» ұғымы нақты бір түсінікті білдірмейді, ол, негізінен:

- «мәдениет» ұғымының синонимі;
- қандай да бір шектеулі аумақтағы локальды (аймақтық) мәдениеттің белгілі бір даму деңгейі;
- адамзаттың тарихи дамуының кезеңі;
- қандай да бір аймақтың немесе этностың даму деңгейі секілді мағыналарына ие.

#### Назар аударыңдар!

*Өркениет* сөзі (лат. «civis» – азаматтық) қалалық, мемлекеттік деген сөзден шыққан. Антикалық уақытта да, орта ғасырлар кезеңінде де өркениет («silvaticus» – ормандық) жабайы, дөрекі деген сөзге қарама-қарсы мағынада қолданылған.

«Өркениет» ұғымы – қазіргі замандағы қоғамтану ғылымындағы негізгі ұғымдардың бірі, оны ғылымға француз ағартушылары (Ф.М.Вольтер, Д.Дидро, Ш.Л.Монтескье, Үлкен Мирабо) енгізді. Олар бұл ұғымды тек бір мағынада қолданып, өркениеттілікті ақыл-парасат пен әділдік салтанат құрған қоғам деп сипаттады.

Өркениетті әр уақытта әрқалай түсінген:

- бостандық, әділдік және құқық салтанат құрған азаматтық қоғамның келбеті (Ф.М.Вольтер, Ш.Л.Монтескье, Д.Дидро);
- жабайылық пен тағылықтан үстем болған, адамзаттың тарихи даму кезеңі (Л.Морган, К.Маркс, Ф.Энгельс);
- дамудың белгілі кезеңінде тұрған қоғам (О.Тоффлер, У.Ростон);



– адамдардың тарихи қауымын өзге құрылымдардан ерекшелейтін, өзіндік экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани, құндылықтар тұтастығы (А.Тойнби);

– мәдениеттегі тұтастықтың пайда болуы (С.Хантингтон, К.Ясперс);

– қандай да болмасын мәдениеттің соңғы эволюциялық сатысы: индустрия мен техниканың дамуын бейнелеп, әдебиет пен өнердің тоқырауын; адамдардың үлкен қалаларға шоғырлануын; халықтың өзіндік болмысынан айырылып, қалың тобырға айналуын сипаттайды (О.Шпенглер).

**«Өркениет» ұғымын танудағы негізгі бағыттар.** XIX ғасырда «өркениет» ұғымын танудың негізгі үш бағыты болды:

1) *унитарлы*: өркениет – адамзаттың біртұтас прогрессивті дамуының идеалы;

2) *сатылы* (кейде сызықтық-сатылы деп те аталады): өркениет – адамзаттың біртұтас прогрессивті дамуының кезеңі;

3) *локальды-тарихи*: өркениет – сапалы, әртүрлі ерекше этникалық немесе тарихи-қоғамдық құрылым.

*Унитарлы бағыт* бойынша (А.Фергюсон), өркениет адамзат дамуының толық біртұтас прогрессивтік идеалы ретінде, әсіресе техникалық тұрғыдан қарастырылды.

*Сатылы бағыт* (А.Фергюсон, Л.Г.Морган, К.Маркс, Ф.Энгельс) «өркениет» ұғымын анықтауда, адамзаттың прогресті, қарқынды дамуын негізге алды, оның жоғарғы сатысы өркениет болып саналды. Өркениеттілікті жабайылық пен варварлық кезеңінен айыратын негізгі ерекшеліктер:

- материалдық-техникалық дамудың жоғарғы деңгейі, бұл тауар-қаржылық секілді жаңа қатынастардың пайда болуына алғышарттар қалыптастырады;
- қоғамның меншік қатынастарына, мүліктік жағдайға байланысты жіктелуі, таптардың пайда болуы;
- әлеуметтік қайшылықтар мен алғашқы таптық жанжалдардың пайда болуы;
- мемлекет пен құқықтың пайда болуы;



Ф.М. Вольтер  
(1694–1778)



Ш.Л. Монтескье  
(1689–1755)



Д. Дидро  
(1713–1784)





К. Маркс  
(1818–1883)



Ф. Энгельс  
(1820–1895)



О. Шпенглер  
(1880–1936)

- моногамды отбасының пайда болуы мен қалыптасуы;
- тәжірибелерді жинақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыратын жазудың пайда болуы, әдебиет пен өнердің т.б. қалыптасуы.

**Локальды-тарихи бағыт.** XIX ғасырда шығыс қоғамын зерттеген Еуропаның тарих ғылымында өркениет сатысындағы қоғамдар арасында аса маңызды сапалық айырмашылықтар болуы мүмкін деген түсінік қалыптасты. Бұл тек бір өркениет туралы ғана емес, бірнеше өркениет туралы айтуға жол ашты. **Өркениеттердің алуантүрлілік идеясы** А.Гумбольдт, Ф.Гизо, Ж.Гобино, Г.Рюккерт және басқа ғалымдардың еңбектерінде көрініс берді.

*Локальды өркениет теориясының* басталуы мен қалыптасуы орыс ойшылы Н.Я.Данилевский мен неміс философы әрі мәдениеттанушысы О.Шпенглердің еңбектерінен бастау алады. Олар адамзат тарихына *мәдени-тарихи бағытты, яғни организмдер дамуының ерекше процестері* секілді жаңа көзқарас қалыптастырды, бұл «*локальды өркениет*» деген атауға ие болды.

Қазіргі ғылымда «өркениет» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Бұл осы ұғымды анықтайтын көптеген бағыттардың бар екендігімен байланысты. Бұлардың арасында маңызды айырмашылыққа ие екі бағыт бар, олар: **эволюциялық және өркениеттілік.**

Осындай екі бағыттың айқындалуы өркениеттің түрлі анықтамаларын осы екі мағынаның айналасына топтастырады:

1. Эволюциялық бағыт өкілдерінің танымына сай (А.Фергюсон, Л.Г.Морган, К.Марк пен Ф.Энгельстің анықтамаларына жақындайды) «өркениет» ұғымының мәні мынадай: өркениет – бұл адамзаттың жетістігі, оның жануарлық жағдайдан қол үзіп, одан кейін жабайылық пен варварлық кезеңінен дамып, нағыз адамдық өмірдің

формасына қадам басу процесі. Мұндай жетістіктер, біріншіден, табиғатты технологиялық тұрғыдан меңгерумен (мәшинелерді ойлап табу, электрді қолдану, коммуникация құралдарының дамуы, жаңа әрі мол өнім беретін түрлерді ойлап табу және т.б. жетістіктермен); екін-



шіден, қоғамдық өмірдің реттеліп, дамуымен (жазудың, мемлекеттің, ақшаның, нарықтың, заңның пайда болуымен) байланысты болды.

2. Өркениеттілік бағыт өкілдерінің танымына сай: «өркениет» ұғымының мәні – бұл тарихи тағдырлары ортақ, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік реттік механизмдері біртұтас халықтардың жергілікті этникааралық қауымдастығы. Мұндай қауымдастық біртұтас құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік реттік механизмдері қалыптасқан, бір діннің негізінде (ислам өркениеті), сонымен қатар халықтардың біртұтас полиэтникалық мемлекеттің (ресейлік өркениет) құрамына енуі барысында қалыптасады. Локальды өркениет дегеніміз – бұл мемлекет, мемлекеттер немесе халықтар тобы: а) белгілі бір аймақпен шектелетін (аумақ көлемі); ә) ұзақ уақытқа созылған белгілі бір шеңбердегі немесе соған жақын саяси жүйемен байланысты, бірдей және біртектес саяси оқиғаларға қатысу (соғыстарға, көшіп-қонуға (тарихи тағдырларының ортақтығы); б) біртұтас мәдени мұраға иелік ету (рухани әлемнің ортақтығы); в) бір дінді ұстану (көзқарастар ортақтығы); г) басқа қауымдастықпен қарама-қайшылықта өзінің белгілі бір қауымға тән екенін түйсіну (өркениеттілік бірегейлік).

### Назар аударыңдар!

«Өркениет» ұғымын анықтаудың негізгі екі бағыты бір-бірінен тарихи процестердің сипаты, оның басты субъектісі мен қозғаушы күші жөніндегі түсініктері бойынша ерекшеленеді.

**Эволюциялық бағыт** аясында тарихтың басты субъектісі *барша адамзат* болып саналады, ал өркениет оның дамуындағы ең жоғарғы деңгейі болып табылады.

**Өркениеттілік бағыт** аясында тарихтың басты субъектісі болып *локальды өркениет* саналады. Белгілі бір аумақты мекендеген және әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың өзіндік ерекшеліктеріне ие, тарихи қалыптасқан қауым. Бұл тұрғыда өркениет – этникалықтан жоғары немесе ұлттықтан жоғары деңгейдегі қауымдастық, олар әлеуметтік мәдени дамуы, идеалдары, дүниетанымы бағыттары бойынша басқа қоғамдастықтардан маңызды айырмашылыққа ие.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Бүгінгі таңда «өркениет» ұғымының қандай анықтамалары бар?
2. «Өркениет» ұғымын анықтаудағы унитарлық, сатылы және локальды-тарихи бағыттардың маңызын ашыңдар.
3. «Өркениет» ұғымын анықтаудағы эволюциялық және өркениеттілік бағыттар арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңдер.
4. «Өркениет» ұғымын анықтаудағы өркениеттілік бағытының өкілдерін атаңдар.



## §2. ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ. ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ДАМУЫНА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

- дәстүрлі (аграрлық): ауылшаруашылық және көшпелі өркениет;
- индустриалды, постиндустриалды өркениеттер;
- қазіргі өркениеттік дамуға ақпараттық технологиялардың әсері туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

дәстүрлі консервативті қоғам, көшпелілер, ірі машина өндірісі, микро-электроника, информатика, биотехнология, ақпараттық қоғам, ғаламтор, бұқаралық ақпарат құралдары

**Дәстүрлі (аграрлық) өркениет.** Аграрлық өркениеттің технологиялық негізін адам мен жануар күшін пайдаланатын, әртүрлі ауылшаруашылық құралдар (соқа, балта, тырма) құрады. Осыдан келіп өндірістің материалдық игіліктері мен адамдарды пайдаланатын қарапайым отбасылық және түрлі жеке кооперациялар пайда болды. Аграрлық өркениетте ауылшаруашылық өнімдері материалдық құндылық болып, ал адамның қолымен жасалғанның бәрі рухани құндылық болып саналды.

### Назар аударыңдар!

**Өркениеттің негізі** – қолөнер және ауылшаруашылық өндірісін дамытқан дәстүрлі консервативті қоғам.

Аграрлық өркениетті қоғам өз айналымына жұмыс күші мен технологиялық ресурстарды көп тартуды мақсат етеді. Аталмыш өркениет өндіріс күштерінің төңкерісі нәтижесінде қалыптасады. Отырықшы өмір салты қолөнердің дамуы мен жаңа технологияларды игеруге әкелді.

### Назар аударыңдар!

Аграрлық өркениеттің ерекшеліктері:

- табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік;
- техникалық прогрестің шектеулігі;
- өз қажеттілігі үшін ғана өнім өндірудің басым болуы;
- әлеуметтік негіз – қоғам мен отбасы;
- басқару формасы – деспоттық;
- құқық пен заңға қарағанда, билік – үлкен құндылық;
- адам саясаттан алшақ, саясат – азғантай ақсүйектер тобының ісі;
- мемлекеттің жеке адам мүддесімен санаспауы;
- дәстүр мен салттың, жазылмаған заңдар мен нанымның ықпалымен қоғамдық қатынастарды реттеу;
- білім алу ақсүйектердің ғана маңдайына жазылған деп есептелінді.

Бірқатар ғалымдар дәстүрлі (аграрлық) өркениет құрамындағы *көшпелі өркениетті* ерекше атап өтеді.

XX ғасырдың 60–70-жылдары бірқатар ғалымдар географиялық, экономикалық және өзге де факторлардың ықпалымен пайда болған



көшпелілер өмірінің ақиқатын мойындады. Бұл шаруашылық-экономикалық дамуының өзіндік тәсілі болды. Көшпелілер табиғи-географиялық ортаның ерекшеліктеріне бейімделіп, тек малшаруашылығымен айналысуға мәжбүр болды. Мал басының өсуіне байланысты оларға ылғи да жаңа жайылым іздеуге тура келді, осыдан келіп көшпелі өмір салты қалыптасты.

Көшпелілердің ерекшеліктері мен өзіндік өмір салты туралы кезінде КСРО ғалымдары В.Радлов, Л.Н.Гумилев, Б.Я.Владимирцев, А.Х.Марғұлан негізді пікір айтып кеткен.



А.Х. Марғұлан  
(1904–1985)

XX ғасырдың ортасында көшпелілердің өміріне арналған қазақстандық тарихшылардың еңбектері жарыққа шыға бастады. Олардың арасында С.З.Зиманов, В.Ф.Шахматов, С.Е.Толыбеков, Д.Кішібеков, Н.Масанов еңбектері болды. Бұл ғалымдардың пікірінше, көшпелілер таптық қоғамның алғашқы сатысына өз беттерімен жетті, бұдан кейін олардың дамуына отырықшы халықтардың ықпалы болды. Соңғы уақытта ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелілер бірлестігінің әлеуметтік құрылымдарының жетістіктері мен мәдениетінің жоғары деңгейі туралы пікірлер жиі айтылуда.

**Индустриалды өркениет.** Жаңа кезеңнің басталуы адамзаттың ғылыми және техникалық дамуының жаңа дәуірі ретінде танылды. *Индустриалды өркениет дәуірі* басталды.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан кейін ірі *машина өндірісі* қалыптаса бастады.

### Есте сақтаңдар

*Индустриалды өркениет* – бұл экономикалық негізі жаппай машиналық өндіріс болып табылатын қоғам. Бұл, сипаты бойынша, тарихи тұңғыш техногендік қоғамдық жүйе. Онда саяси жүйе, негізінен, демократиялық, ал заңдары либералды болады.

Ол машинаның жаппай қолданысқа еніп, өндірісте қол еңбегін ығыстыруына байланысты пайда болды. Машина өзіндік бір бағалау дүниесіне айналып, оны тұрақты түрде дамытып, жетілдіріп отыру осындай өркениеттің пайда болуына әкелді. Машина өндірісі қоғам өмірінде маңызды басымдылыққа ие болды. Мемлекеттің экономикалық жағдайын, әскери қуатын, тіпті халықаралық дәрежесін танытатын көрсеткішке айналды. Машина қалыптастырған өркениетте үздіксіз техникалық жаңару қажеттілігі туындап отырды.

Индустриалды өркениет адамның мол мүмкіндігін сезінуге, қоршаған ортаны қайта құруға деген сенімін қалыптастыруға, қоғамдық өмірдің барлық саласына бұрын-соңды болмаған өзгерістер орнатуға жол ашты.



XIX ғасыр өндірістік төңкерістің салтанат құрған дәуірі болды, оның жетістіктері Еуропаның көптеген елдері мен АҚШ, Ресейде үстемдік құрды. Ғасырдың соңында индустриялану Жапонияны да шарпыды. Дәстүрлі әлеуметтік топтарды буржуазия мен жұмысшылар алмастырды.

### Назар аударыңдар!

Өндірістік төңкерістер әсерімен әлеуметтік және саяси бағытта маңызды бетбұрыстар болды.

Саяси өмірде демократия, парламентаризм, біртіндеп азаматтық қоғам қалыптаса бастады. Бірақ қалыптасқан индустриалды қоғамда барлығы бірдей өздерінің мүмкіндігі мен қабілеттерін таныта алған жоқ. Әділетті қоғамды іздеу социалистік идеяға жалғасты, оны белсенді дамытушылар француз философтары А.Сен-Симон, Ш.Фурье және неміс философтары К.Маркс пен Ф.Энгельс болды.

Ғылым мен техника саласында орын алған күрт бетбұрыстар индустриалды қоғамдағы мәдениетке де өз ықпалын тигізді. Жаңа ақпараттық мүмкіндіктер жаңа мәдениеттің түрін қалыптастырды. Мұндай мәдениет жекетұлғалардың асқақтығын бәсеңдетіп, ұлылығын төмендетті. Бұқаралық мәдениеттің таралуына ақпарат құралдары: радио, кинематография, кейіннен телеарна белсенді ықпал етті.

### Есте сақтаңдар

Индустриалды өркениет адам өмірінде басты маңызға ие болып, адамның барлық бағыттағы әрекеттері даму үшін мынадай басты негіз қалыптасты: өндіріс, мәдениет, өнер, ғылым, медицина, экономика және ауылшаруашылығы.

**Постиндустриалды өркениет.** XX ғасырдың екінші жартысында индустриалды қоғамның негізі (машина құрастыру өндірісі, экономикалық және саяси биліктің орталықтануы және шоғырлануының артуы, адамның экономикалық, техникалық және әлеуметтік-саяси жүйенің бір бөлшегіне айналуы) өткен дәуірдің мұрасы болып қалатыны айқын болды. Жаңа постиндустриалды өркениет пайда болды.

### Есте сақтаңдар

Постиндустриалды өркениетке өту XX ғасырдың 70-жылдарының ортасында басталды. Постиндустриалды өркениет ғылыми-техникалық төңкеріс нәтижелерінің жалғасы және қазіргі замандағы ғаламдық мәселелерді шешудің процесіндегі индустриалды қоғамнан кейінгі қоғамдық дамудың кезеңі болып табылады.

#### **Постиндустриалды өркениеттің ерекшеліктеріне:**

- ақпараттың, білімнің, өзін-өзі дамыту рөлінің бірден артуы;
- бүкіләлемдік біртұтас көпарналы ақпараттық жүйенің қалыптасуы;



- өндірістің, қызмет көрсетудің, білімнің индивидуализациялануы;
- қалдықсыз, экологиялық «жасыл технологияға» көшу;
- таптық айырмашылықтың жойылуы, орта таптың салмағының артуы, негізгі әлеуметтік жанжал тудыратын «бай-кедей» көзқарасынан «жақсы білім алған, нашар білімді» көзқарасқа ауысуы жатады.

### Назар аударыңдар!

Постиндустриалды өркениет өндірісінің жаңа технологиялық тәсілінің ядросы болып өзара байланысты үш базалық: микроэлектроника (нанозлектроника), информатика және биотехнология бағыттарын құрайды.

*Микроэлектроника* компьютер мен микропроцессорлық техникаларды адамзат тіршілігінің барлық саласына қолдануға жол ашты, осы арқылы өнімділікті бірнеше есе ұлғайтып, операциялардың нақтылығын арттырды, адамды дене еңбегінен ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой еңбегінен де босатты, технологиялық процестерді оңтайландырды.

*Ақпараттандыру* қоғамның барлық саласында және телекоммуникация базасындағы еңбек әрекеттерінде, ғарыштық байланыс және талшықты-оптикалық желілер құралдарын қолданатын компьютерлік желілерде, электрондық пошта мен ұялы байланыста жүзеге асады.

*Биотехнология* молекулярлық биология саласында зерттеулер жүргізеді. Ол тұқымқуалау арқылы берілетін, заттардың кодын анықтайтын және оған өзгеріс енгізе алатын гендік инженерияның негізін қалаған. Бұл мақсатты түрде микроорганизмдер мен өсімдіктердің, жануарлардың өнімді түрлерін шығаруға, тұқым қуалайтын ауруларды емдеуге, дәрілер мен ферменттерді, өзіндік ерекшелігі бар бағдарламаланған материалдардың тиімді түрлерін жасауға және анағұрлым өнімді жануарларды клондауға (көбейтуге) мүмкіндік береді.

### Назар аударыңдар!

**Ақпараттық қоғам** постиндустриалды қоғамның жоғарғы сатысы болып саналады. Бұл ұғым *постиндустриалды өркениет дамуының соңғы кезеңін, «ақпараттық өркениет» ретіндегі адамзат дамуының жаңа кезеңін түсіндіру үшін* қолданылады. Ақпараттық қоғамның индустриалды қоғамнан айырмашылығына келер болсақ, индустриалды қоғамдағы басты құндылық тауар тұтыну болса, ал ақпараттық қоғамда басты құндылық – уақыт.

Адамзаттың ақпараттық қоғам кезеңіне өтуі маңызды әлеуметтік салдарларға әкеледі. Осының нәтижесінде барлық өркениетті мемлекеттерді өзара байланыстыратын, ғаламдық сәйкестенген ақпараттық жүйе қалыптасады. Бүгінде әлемдік қауымдастық ақпараттық қоғамның бастапқы кезеңіне қадам басты.



## Есте сақтаңдар

Өркениет дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды болып үш түрге бөлінеді.

Өркениет түрлері	Өндіріс түрлері	Меншіктің жетекші түрлері
Дәстүрлі (аграрлы): ауылшаруашылығы және көшпелі	Ауылшаруашылық өндірісі, қол еңбегі	Жерге
Индустриалды	Өндірістік шаруашылық, техникалық еңбек	Өндіріске
Постиндустриалды (ақпараттық)	Ақпараттық өндіріс, интеллектуалдық (рухани еңбек)	Интеллектуалдық

XX ғасырдың соңғы онжылдықтары ақпараттық технологиялар саласында үлкен өзгерістерімен көзге түсті. Ғалымдардың электроника саласындағы жетістіктері бұқаралық коммуникация құралдарының қарқынды дамуынан, электрондық есептеу техникасының (атап айтқанда, дербес компьютерлердің) кеңінен тарауынан, жаһандық ақпарат жүйелерінің құрылуынан, виртуалдық шынайы технологиялар жасаудан және басқа техникалық инновациялардан көрінді. Миллиондаған компьютерлерді біртұтас жаһандық ақпарат жүйесіне біріктіретін дүниежүзілік компьютерлік жүйе – ғаламтор (ағылш. *inter+net* – жүйелерді біріктіру) екі идеяның – ақпараттарды жаһандық сақтаушы болу және оны таратудың әмбебап құралы болу идеяларының іске асқандығы болды.



Ұлыбританиядағы бумен жүретін автобус, 1904 жыл



Ол біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістік құруға көмектеседі. Ол ғылыми, іскерлік, танымдық және көңіл көтеретін ақпараттарды еркін алып, таратуға кең мүмкіндіктер туғызады. Жаһандық жүйе іс жүзінде дүниежүзінің барлық ірі ғылыми және үкіметтік ұйымдарын, университеттер мен кәсіпкерлік орталықтарды, ақпарат агенттігі мен баспаларды байланыстырып, адамның барлық білім саласындағы деректерінің алып қоймасына айналды. Ғаламтордан классикалық әдебиеттің, фантастикалық әдебиеттің, қазіргі проза мен поэзияның орасан мол шығармалары бар кітапханаларды табуға болады.

Ғаламтор алуан түрлі ақпараттардың көзі ғана емес, сонымен қатар байланыс жасаудың құралы да. Электрондық пошта – неғұрлым көп пайдаланылатын жүйелік құрал. Пайдаланушы электрондық хаттар, фотосуреттер, файлдар алып, оларды жөнелте алады. «Блогтар» – қатынас жасаудың кеңінен тараған құралы. Бұлар арнаулы сайттарда жазылып отыратын жүйелік күнделіктер. Олар қосымша жазбаларды тез хабарлауға, түсініктер беруге т.б. мүмкіндік береді.

Ғаламторды түрлі елдердің ғалымдары ғылыми ақпараттар алысу, виртуалдық симпозиумдар мен конференциялар ұйымдастыру үшін және білім мақсаттарында кеңінен пайдаланады.

Ғаламтордың медицинада қолданылу аясы да алуан түрлі. Мәселен, күрделі операциялар дәрігерлердің виртуалдық консилиумының қатысуымен өткізіледі.

Форумдар – әртүрлі тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастырылатын арнаулы сайттар ғаламторды пайдаланушылардың егжей-тегжейлі мәлімет алысуына мүмкіндік береді. Ғаламторды пайдаланушы



Болашақтың қаласы



айтысқа қатысушылардың хабарларын тыңдап, оларға жауап бере алады, талқылау үшін жаңа тақырыптар ұсына алады. Форумдар бір-бірімен пікір алмасудың тамаша мүмкіндігіне ие болады. Онда адам тәжірибелі мамандардан көмек алып, өзінің жетістіктерімен бөлісе алады.

Ғаламторда ортақ мүдделермен біріккен адамдардың көптеген виртуалдық қауымдастықтары бар.

Бұлар – қандай да бір форумның төңірегінде топтасқан әдеби клубтар мен үйірмелер және, ақыр соңында, жүйелік рөлдік ойындарды ұнатушылар. Олардың кейбіреулерінің әлеуметтік желілерге еніп кететіндігі сонша, психологтер ғаламторға тәуелділік проблемасы туралы айтып жүр, бұл тегін емес. Екінші жағынан, ғаламтор адамның пікірлестер табу мүмкіндігін едәуір ұлғайтады, ал жүйедегі танысудың дағдылы танысушылыққа көшетіні сирек емес.

### Назар аударыңдар!

Дегенмен адам өмірінде ғаламторды қолданудың ауқымы үздіксіз ұлғайып келеді. Ғаламтор қазіргі өркениеттің ажырамас ірі бөлігіне айналды.

Білім, сауда, байланыс, қызметтер саласына жедел ене отырып, ол қатынас жасау мен оқудың, кәсіпкерлік пен көңіл көтерудің жаңа нұсқаларын туғызады. Ғаламтор тіпті адамдардың дүниеге көзқарасы мен психологиясын өзгертеді. Білім алуда, ойын-сауықтарда, жұмыста компьютерлерді бала кезінен бастап пайдаланып үйренген жастар ақпараттық кеңістікті басқаша түсініп өмір сүреді. Олар үшін әлемнің басқа бөлігіндегі қатарластарымен хабарласып, кез келген мәселе жөнінде қатынас жасау немесе дереу мәліметтер алу тіпті күнделікті үйреншікті іс болып отыр. Ғаламтордың дамуымен бірге біздің тұсымыздағы әлеуметтік-мәдени ерекшеліктің – жүйелік ақпараттың қажеттері де дамиды. Оның өкілдері үшін ғаламтор өмірдегі дағдылы және ыңғайлы серіктесі болып алған.



Ақпараттық технологиялар

Қазіргі қоғам барған сайын компьютерлендіріле түскен қоғамға айналып келеді. Ақпараттық қызметтердің жеделдігі мен сенімділігіне талаптар күшеюде; олардың жаңа түрлері пайда болуда. Ғалымдар жаһандық ақпараттық жүйелердің принципінде жаңа нұсқаларын талдап жасауда. Таяу болашақта жүйелік жобалаудың, әкімшілік қызмет атқарудың және қызмет



көрсетудің көптеген процестері толығынан автоматтандырылады. Біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыру – аса маңызды жасампаз, нәтижелі механизмдердің бірі. Олардың көмегімен дүниенің алуантүрлілігі, терең ішкі процестер, дүниежүзілік қауымдастықта ұдайы болып жатқан әртүрлі өзгерістер туралы адамзаттың түсініктері ұлғаяды. Біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістік келешекте халықтардың бейбіт өмір сүруге және жасампаздық күш-жігерді біріктіруін қамтамасыз ете алады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Өркениет түрлері қалай жіктеледі және олардың ерекшеліктері қандай?
2. Аграрлық өркениет дегеніміз не? Онда көшпелілер өркениеті қандай орын алады?
3. Индустриалды өркениеттің басты ерекшелігі қандай?
4. Ақпараттық қоғам дегеніміз не?
5. Заманауи өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың тигізетін әсері қандай?



## ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

**Бүгінгі сабақта:**

- Көне Шығыс өркениеттерінің ерекшеліктерімен;
- Ежелгі Египеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мемлекеттердің пайда болуы туралы білеміз.

**Кілт сөздер:**

Шығыс, Батыс, мемлекет, дихотомия (бөліну), шығыстық деспотия, дәстүрлі қоғам, «өзекті дәуір» («осевая эпоха»), патшалық, перғауын

**§ 3. ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТ**

**Шығыс әлеуметтік-мәдени және өркениеттік құбылыс ретінде.** Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін Шығыс жұмбақ тарихымен, мәдениетімен және дінімен, ең бастысы – адамзат өркениетінің бесігі болғандықтан, түрлі ойшылдардың, ақындардың, суретшілердің, саяхатшылардың назарын ерекше аударды.

Шығыс – бұл тарихи-мәдени, өркениеттік ұғым. Ол екі негізгі: шығыс және батыс мәдениеттері, сонымен қоса Шығыс–Батыс дихотомиясы (бөліну) қалай пайда болғаны туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Білім мен тәжірибені ұштастырған біздің ежелгі бабаларымыздың көне өркениеттік мәдени мұраларына назар аудару көптеген сұраққа жауап табуға көмектеседі. Мәдениет тарихы бастауын Шығыстан алғаны белгілі. Таяу Шығыстың құнарлы алқаптары мен тау бөктерінде әлемдік өркениеттің ежелгі ошақтары пайда болды.

Сонымен қатар Ежелгі Шығыс тарихының хронологиясы мен кезеңдерін айқындап, қалыптастыру процесінде белгілі бір қиындықтар туындағанын атап өту керек. Ең алдымен бұл әрбір елде өткен уақыттарды анықтаудың жетілмеген жолдары болғандығымен байланысты. Мысалы, Қосөзен мемлекеттерінде жылдарды әйгілі оқиғаларға (соғыс, құрылыс) байланысты белгілеу дәстүрге айналды, ал Египетте жылдар әр перғауын билігі кезеңіне сәйкес есептелді және әрбір жаңа билікпен жаңартылды.

Ежелгі Шығыс өркениетінің тарихы б.з.б. 4-мыңжылдықпен б.з. V ғасыр аралығындағы ауқымды кезеңді алып жатыр.



К. Ясперс  
(1883–1969)





Үлкен Сфинкс және Хефрен пирамидасы

Неміс ғалымы Ясперстің тұжырымдамасына назар аудару Шығыстың ежелгі заманнан қазірге дейінгі дамуының қыр-сырын білуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ежелгі ұлы мәдениеттің жойылып кету себебін анықтайды.

### Назар аударыңдар!

К.Ясперс бойынша, «*өзекті дәуір*» («осевая эпоха») – б.з.б. 800–200 жылдар аралығындағы уақыт. Бұл кезеңдерде Қытай, Үндістан, Палестина және Ежелгі Грекияда рухани қозғалыстың жекелеген түрлері пайда болып, қалыптасқан олар сол уақыттан осы күнге дейін өмір сүруде. «Өзекті дәуірдің» басты ерекшелігі оның мифологиялық санадан қол үзуі, «өзекті дәуірге» дейінгі мәдениеттің рухани негізін қалауы болды. Көп құдайға табынушылық пен мифологиялық сана орнына әлемдік бірқұдайлық дін мен философия келді.

### Есте сақтаңдар

«*Өзекті халыққа*» (к «осевым народом») Ясперс мифтен қол үзіп, логосқа рухани бетбұрыс жасаған және өз тарихын жалғастырып отырған қытай, үнді, иран, иудей және грек халықтарын жатқызды.

Ежелгі ұлы мәдениетке ие кейбір халықтар мифологиялық сана шеңберінен шыға алмай, өз бетімен тіршілік ете алмады, бұрын қалай болса, сол деңгейде қалды. Мемлекеттік және қоғамдық өмірде, сәулет пен өнерде бірқатар жетістіктерге жетсе де, олар Месопотамия мен Египет секілді біртіндеп жоғалу мен қайта қалыптасуға бет алды.

Осы рухани жаңғырудың ерекшелігі – Қытай мен Үндістанда және Батыста ол бірнеше жүзжылдықтар бойы жүрді. Қытайда Лао-Цзы және



Конфуции, Үндістанда Будда, Иранда Заратуштра, Палестинада Илия, Исая, Грекияда Парменид пен Гераклит есімдерімен байланысты болды.

Ясперстің «өзекті дәуір» теориясы шығыстық мәдениеттің дәстүршілдік, тұрақтылық сияқты т.б. өзіндік ерекшеліктерінің, көбінесе «өзекті дәуірге дейінгі» кезеңге тән екендігін байқауға мүмкіндік береді.

### Есте сақтаңдар

Ұзақ жылдарға созылған экономикалық және рухани дамуы бар қоғамды дәстүрлі деп атауға болады.

*Ол бірқатар ерекшеліктер бойынша сипатталады және мынадай негізге бөлінеді:*

- әлеуметтік-экономикалық бағыттағы өзгермеушілік (мұндай қоғамда жаңашылдық болмайды немесе ол бағынышты жағдайда болады);
- билеуші билігінің қасиетті саналуы және билікті меншік фонomenінің пайда болуы (абсолютті билік абсолютті иелікті туындатып, оны шексіз пайдалану еркіндігін береді);
- негізгі өндіруші бірлік – жер өңдеуші қауым, олар су жүйесіне тәуелді, бұл ұжымдық күш пен ортақтаса бірлескен іс-әрекетті қажет етеді;
- орталықтанған бюрократтық аппараты бар деспоттық мемлекет. Қоғамда билік аппаратына жақындығы бар айрықша топтардың және қарапайым өндірушілер тобының бірден қалыптасуы;
- қауымдық байланыстардың, ұжымдасудың үстемдігі. Адам өмірге келгеннен соң қандай да бір әлеуметтік топқа (кастаға, текке, тұқымға, қауымға т.б.) тән болады. Әлеуметтік топ іс-әрекеттер бағытымен және кәсібімен ерекшеленеді, бұл технологиялар мен еңбек құралдарын аса қатты өзгеріске ұшыратпай-ақ, кәсіп есебінен әрекеттерді күрделендіруге жол ашады. Бұл – ұжымның бірлескен әрекеттерінің тиімді әдісі;
- дәстүрлі қоғамда адамның сана-сезімі, миф пен магияға және дінге негізделеді. Бұл адамның қоршаған ортамен бөлінбес бірлікте екенін сипаттайды. Табиғилық пен әлеуметтілік біртұтас, бөлінбес және үйлесімді қалыпта қабылданады.

Көрсетілген ерекшеліктер Шығыстың әрбір көне өркениетінен әртүрлі деңгейде нақты көрініс тапты. Дәл осы ерекшеліктер Шығыс–Батыс болып бөлінуіне себеп болды. Осы көзқарас тұрғысынан кейін Шығыс тек бұрынғыдай географиялық ұғым ретінде ғана қабылданбай, өз заңы, тәртібі, қалыптасу жүйесі бар өзгеше әлем ретінде де танылды. Сондықтан да сонау антикалық уақыттан бері еуропалық және



еуропалық емес әлемнің арасындағы айырмашылығын тану басталады. Гректер мұны бірінші байқады. Персиямен, египеттіктермен бетпе-бет келіп, олар адам туралы, әлемдегі оның орны, адамның еркіндігі туралы терең түсініктердің алшақтығын көрді. Бұл орайда еуропалық және еуропалық емес қоғамдық құрылым арасындағы айырмашылыққа талдау жасаған еуропалықтар болды, сөйтіп, олар шығыстанудың ғылым ретінде іргесін қалады.

**Ежелгі Египеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Ежелгі Египет өркениеті Ніл өзенінің жағалауында туындады. Яғни, Египеттің бүкіл аумағында оның суының тасуын болдырмау және суарудың біртұтас жүйесін жасау барысында пайда болды деп айта аламыз.

Отырықшы тұрғындар Ніл алқабында б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңында пайда болады. Этникалық топтардың бірігуінен бірте-бірте Египет халқы құралып, аумақтық қауымдастық пайда болды.

Б.з.б. 4-мыңжылдықтың екінші жартысында жасанды жолмен суғару арқылы жер өңдеу үлкен жетістіктерге жетті. Жер өңдеуден қолөнердің көптеген түрі дамыды. Кәсіпқой шеберлер мысты балқытып балталар, жебенің ұштары, ыдыстар мен асқасықтар жасады. Кейбір заттар, оның ішінде қанжарлар күмістен соғылды. Тіпті темірден жасалған аяқкиім де табылды, ол метеориттік темірден жасалған еді.

Б.з.б. 4-мыңжылдықта Египетте негізгі үш таптың белгісі айқындалды: *билік құрушы тапқа* ақсүйек ру-тайпалардың ұрпақтары, абыздар, қауымның ауқаттылары енді; *жер өңдеуші қауым* мүшелеріне, негізінен, ежелгі египет қоғамындағы материалдық байлықты өндірушілер кірді; *құлдар тобы* елеусіз, бірақ уақыт өткен сайын көбейіп бара жатқан тап болып саналды. Бұл кезеңде құлдар еңбегін пайдалану қалыптасты. Құлдар тайпалар мен рулар арасында болған әскери қақтығыс нәтижесінде пайда болды. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде, өндіріс күштері болмаған уақытта адамдарды тұтқынға алу тиімсіз еді, себебі олар тек тамаққа ортақтасатын еді. Өндіріс күштерінің жедел дамуы, артық азық-түлік қорын қалыптастырды. Бұған жер өңдеу өнімділігінің артуы себеп болды, осылайша мол астық алуға қол жеткізді. Өнімнің көбеюі қосымша жұмыс күшіне қажеттілік тудырды, адам еңбегінің құны артты. Енді соғыста қолға түскен тұтқындарды бұрынғыдай өлтіру тоқтатылды.

Сонымен құлдар соғыстан пайда болды. Алайда қоғамның сатылы даму барысында тұтқын-құлдар қатарына қауымның қарызға батқан мүшелері де қосылды.

### Назар аударыңдар!

Құлдардың қатары сырттан ғана емес, ішкі жағдайлар арқылы да толығып отырды.



**Ежелгі мемлекеттердің пайда болуы және дамуы.** Әлеуметтік таптардың жіктелуі және таптардың қалыптасуы мемлекеттің пайда болуына әкелді. Ол билеуші таптың мүддесі үшін әлеуметтік топтар арасындағы қатынасты реттеп отыруы тиіс болды. Ежелгі Египетте мемлекет суландыру жүйелерін құрушы және оның жұмысын реттеуші қызметін атқарды. Бұл жүйелер болмаса, егіншаруашылығы дамымайтын еді.

Алғашқы мемлекет шағын аймақтарда (номдарда) пайда болды, ол қала орталығын қоршай орналасқан бірнеше елді мекенді қамтыды. Орталықта көсемнің сарайы мен жергілікті халықтың бас құдайының қасиетті ғибадатханасы орналасты. Ежелгі мемлекеттік құрылымдар – номдар табиғаттың ерекшелігіне орай алқапта немесе Нілдің сағасында орналасты. Олар бірігуге ұмтылды, бұл ірі патшалықтың пайда болуына жол ашты. Жоғарғы Египеттің номдарының бір патшалыққа топтасуы, ал Төменгі Египеттің басқа бір ірі патшалыққа бірігуі б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңында жүзеге асты. Жоғарғы Египеттің билеушісі ақ түсті тәж кесе, Төменгі Египет патшасы қызыл түсті тәж киді. Жоғарғы Египеттің астанасы Энхаб (Нехен) қаласы болды, ал екінші солтүстік патшалықтың астанасы Буто қаласы болды. Ежелгі египеттік екі ірі мемлекет бірқатар уақыт бір-бірімен қатарласа өмір сүрді, өзара соғыстар жүргізіп отырды. Сонымен қатар бірігу процестері де жүріп отырды, ақыр соңында Төменгі египеттік және Жоғарғы египеттік патшалықтар бірігіп, біртұтас мемлекет құрылды. Ол Нілдің барлық сағасын қамтып, сонау Жерорта теңізіне дейінгі аумаққа созылды.

Ежелгі Египет тарихында нақты уақытты анықтау өте қиын (Египет мыңжылдығының нақты болмауынан), сондықтан ол династиялар билігінің кезеңдері тәртібімен ұсынылған. I және II династиялар ерте династиялық кезеңді құрайды: Ежелгі (көне) патшалық (III–VI ғғ.); Алғашқы өтпелі кезең (VII–X ғғ.); Орта патшалық (XI–XII ғғ.); Екінші өтпелі кезең (XIII–XVII ғғ.); Жаңа патшалық (XVIII–XX ғғ.); Кейінгі патшалық (XXI–XXX ғғ.). Мұндай кезеңдеу әлемдік ғылымға тән.

Египет патшасының билігі біртіндеп нығая берді, күрделі бюрократиялық аппарат қалыптасты, оның ең басында перғауын (патша) тұрды. Бұл термин Ежелгі Египеттік «пер-о-о» сөзінен бастау алды, ол «үлкен үй» деген мағына берді. Перғауынның атын атауға тыйым салынды, оны бұзғандар өлім жазасына кесілді. Оған жоғарғы билік иесі бағынды, оны перғауын тағайындады. Әділдік құдайының абызы ретінде сот билігін басқарды, Жоғарғы сот міндетін атқарды және мемлекеттің қазынасын иеленді. Оның артында салық жинаушылар тұрды, оларды «Аспан мен Ніл беретін игіліктердің басшысы» деп атады, одан кейін «Барлық патшалық жұмыстарының басшысы» тұрды. Перғауын «әскердің ұлы



қолбасшысы» болды. Перғауын маңызды діни рәсімдерді атқаратын, сол себепті ол «Күн ұлы» атағын иеленді.

Деспоттықтың тұрақтылығы, діндегі патшаның құдіреттілігімен де қалыптасты. Перғауын сонымен қатар Хора құдайының бейнесі, Аспан әміршісі болып саналды. Ақыр соңында перғауын «Күн есімін» иеленді – ол Ра құдайы болып жарияланды. Перғауынның құдіреттілігі пирамидалардың ғаламат құрылысында да көрініс берді.

### Есте сақтаңдар

Биліктің жаңа түрі қалыптасты, бұл ғылымда «шығыс деспоттығы» деген атауға ие болды. «Шығыстық деспоттың» белгілері: мемлекет басшысының өкілеттілігі шексіз болады; ақсүйектік және шіркеулік билік бір қолға шоғырланған; билік көптеген бюрократиялық аппараттар арқылы жүзеге асады; тұлғаларды басып-жаншу, бостандықтың болмауы; шартты түрде еркін саналатын адам «тәртіптің», дәстүрдің, сенімнің құлы болып табылады.

Перғауындардың алтыншы династиясынан кейін олардың билігі әлсірей бастады, орталықтанған билік құлады. Мемлекеттің құлауына мынадай факторлар әсер етті: 1) пирамидалар құрылысы Египеттің өндіріс күштерін әлсіретті; 2) аса ауқымды құрылыстар шаруашылығы дағдарысқа ұшырай бастады; 3) құлдардың еңбегі тиімсіз, нәтижесіз жұмысқа жұмсалды; 4) жергілікті ақсүйектер мен ном билеушілерінің ықпалының артып, орталыққа бағынудан бас тартуы; 5) тақ айналдырылуы; 6) абыздардың экономикалық және әлеуметтік жағдайларының нығаюы.

Осы себептерден әлеуметтік жағдай шиеленісіп, Ежелгі патшалық (б.з.б. 3-мыңжылдықта III–VI династиялар) күйреді. Египет жекелеген номдарға бөлінді, оларды жекелеген шағын династиялар биледі. Мұндай бытыраңқылық екі ғасырға (б.з.б. 2250–2050 жж.) созылды. Бұл алғашқы өтпелі кезең болды.

**Орта патшалық** (б.з.б. XXI–XVIII ғғ., XI–XII династиялар). XI династияның билеушілерінен бастап бірқатар шаруашылықтарда алға жылжу байқалды, ауылшаруашылық құралдарында оң өзгерістер орын алды. Біртұтас мемлекеттің құлауымен бірге жұмысын тоқтатқан жалпы мемлекеттік суғару жүйелерін қайта қалпына келтіруге қажеттілік туды. Құлдар еңбегін кең ауқымда пайдалану оларға деген қажеттілікті арттырды, бұл үшін дәстүрлі бағытпен әскери жорық жасау қажет болды. Құлдар қатарының артуы орталық күшті билікті қажет етті. Бұл құл иеленуге, олардың еңбегін пайдалануға тиімді болды. Осының барлығы біртұтас Египет мемлекетін қалпына келтіретін орталық күштерді қалыптастырды.

Біріктіруші екі орталық айқындалды: солтүстікте – Гераклеополь (сауда жолдары қиылысқан, Фаюм оазисінде), ал оңтүстікте – Фивы (Нілдің оң жағалауында, Нубияға апаратын сауда жолында). Әрбір



орталық өзінің айналасына аймақтарды біріктірді. Жеңіске XI династияның негізін қалаушы – фиван патшасы Ментухотеп жетті. Ол перғауындардың бұрынғы құдіретті билігін қалпына келтіруге ұмтылды. Египет қоғамының өркендеген жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңде египеттіктер қоланы пайдалануды меңгерді. Өндірісті ұйымдастыру саласында өзгерістер орын алды. Патшалықтың ұлан-ғайыр шаруашылығының маңызы азайды, шағын шаруашылықтардың қатары артты, онда жердің иелері мен құлдар жұмыс істеді. III Сенусерт және III Аменемхет перғауындар бірқатар номарх билеушілерінің орнына өздерінің адамдарын қойғысы келді, алайда олардың бұл талабы қатты қарсылыққа ұшырады. Перғауындарға қарсы наразылықтар саны артты. XII династия елдегі тұрақтылықты қалпына келтірді. Ол табысты жаулап алу жорықтарын жүргізді. III Сенусерттің кезінде Солтүстік Нубия жаулап алынды және Сирияға жасалған жорық аяқталды. Құлдар мен кедей қауымын қанау артты. Бұдан былай шаруалар әрбір екінші күні патша мен храмға жұмыс істеді.

XIII династия билеушілері кезінде Египет шегараларындағы сыртқы жаулар қайтадан бас көтерді. Әсіресе үлкен қатерді гиксостардың (семиттер мен хуриттер тайпасы) тайпалық одағы төндірді, олар Египетке соғыс ашып, мемлекетті басып алып, 130 жылдай биледі.

**Жаңа патшалық** (б.з.б. XVI–XI ғғ., XVIII–XX династиялар). I Яхмос перғауынның кезінде гиксостарды Египеттен толығымен қуып шығудың мүмкіндігі туды. Египет Оңтүстік Палестинада өз билігін орнатты. Египеттіктер белсенді сыртқы саясат жүргізді, осының негізінде әскер қатарында үлкен бетбұрыстар жасалды, аттарға жегілетін екі дөңгелекті әскери арбалар жасақтады, олар жауға соққы беретін негізгі күш болды. I Тутмос және III Тутмос перғауындар мемлекет шегарасын Сирияға дейін созып, ел аумағын кеңейтті. Перғауындардың басқыншылық жорықтары Хетт мемлекетімен қақтығысқа соқтырды.

Бұл кезеңдегі Египеттің мәдени өміріндегі ең жарқын құбылыс Эхнатон перғауынның билік құрған кезі болып саналады. Ол жүргізген діни реформа бірқұдайлыққа табынудың басы болды. Египет өнерінің қысқа ғана өркендеу кезеңі Эхнатонмен байланысты болды, бұл кезең *амарндық* (Бұл өнер Ахетатон қаласының сәулеті мен өнерінде толығымен көрініс тапқан) деп аталды.

Көптеген жаулап алу жорықтарын жүргізіп табысты атанған перғауын II Рамсес болды. Таяу Шығыстағы үстемдік үшін Хетт патшалығымен болған соғыс барысында ол бізге әлемдік тарихтан белгілі Египет және Хетт державаларының (б.з.б. 1280 ж.) халықаралық келісімін жасайды.

II Рамсестің мұрагерлері кезінде Египет Алдыңғы Азиядағы ықпалын сақтап қалу үшін әрі Батыстағы ливиялықтар жортуылы мен Сол-





Луксор қаласындағы II Рамсес және оның әйелінің мүсіні

түстіктегі «теңіз халықтарынан» қорғану үшін ұзақ әрі табанды соғыс жүргізді. Ақыр соңында, ол тек Оңтүстік Палестинадағы бақылауын ғана сақтап қалды. Жаңа патшалық тұсында Египетте әлеуметтік қақтығыс орын алды. Жат жерліктердің шабуылы мен ұзаққа созылған соғыс мемлекетті қажытты, осының салдарынан перғауындар билігі әлсіреді, әлсіз мемлекет көршілес күшті елдердің нысанасына айналды.

**Кейінгі патшалық (б.з.б. 1075–332 жж. XXI–XXX династиялар).** Бұл кезеңде Египетте орталықсыздандыру дәуірі басталған еді. Б.з.б. 941 жылы Египетті ливиялық Шешонк жаулап алып, Бубастидтер династиясының іргесін қалайды, ал б.з.б. VIII ғасырда нубиялықтар (кушиталықтар) билік құрады. Б.з.б. 674 немесе 671 жылдары Ассирия патшасы Асархаддон екі жорық жасап, Египетті бағындырады да, оны 20 номархқа бөледі. Асархаддонға қарсы соғыс ашқан I Псамметих оны жеңіп, жаулаушыны елден қуып шығып, Сав династиясының іргесін қалайды. Ол грек жалдамалыларына арқа сүйейді. I Псамметихтің басты саясаты Египетті грек әлеміне бағыттау болды.

Псамметихтің мұрагері I Нехо Египеттің позициясын Жерорта теңізінде нығайтты және Ніл мен Қызыл теңіз арасындағы канал құрылысын бастады. Алайда Жаңа вавилондық державаның күшеюіне байланысты Египеттің саяси жағдайы өте күрделі шиеленіскен жағдайда болды. Елде орын алған азаматтық соғыстың нәтижесінде билікке II Яхмос келді. Ол билік құрған жылдары алым-салықтар азайып, египеттіктердің табысы бақылауға алынды. Арабия мен Нубияға және Кипрге әскери жорық жасады. Алайда Египет мемлекетінің бұл тұрақтылығы ұзаққа созылған жоқ.



Б.з.б. 526 жылы парсы патшасы Камбиз Египетті жаулап алып, оны Парсы патшалығына бағынышты аймаққа айналдырады. Б.з.б. 332 жылы Египет Александр Македонскийдің державасының құрамына өтеді. III Птолемейдің кезінде Египет жеке дербестікке ие болды, алайда екі ғасырға созылған династиялық тартыстар соңында Египетті Римге тәуелді етеді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Шығыс–Батыс дихотомиясы қалай пайда болды және оның салдары.
2. Дәстүрлі қоғамның ерекшелігі және оның негізгі белгілері қандай?
3. Ежелгі Египет тарихының негізгі кезеңдерін атаңдар.
4. Египеттегі шығыстық деспотизмнің қалыптасу процесін сипаттаңдар.
5. Ежелгі Египеттің ең жоғарғы өркендеген кезеңі қай кезең?

## § 4. ЕЖЕЛГІ ҚОСӨЗЕН

### Бүгінгі сабақта:

- Ежелгі Қосөзеннің табиғат жағдайы мен халқы;
- Ежелгі Қосөзен өркениеті;
- Ежелгі Шумер, Вавилон патшалығы, Ассирия туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

Месопотамия, шумерлер, аккадтықтар, Урук мәдениеті, ассириялықтар, эн, энси, касситтер, тамкарлар

### Назар аударыңдар!

Месопотамия Таяу Шығыстың орталығында орналасуы, оған ежелден халықаралық саудада жетекші рөл атқаруға мүмкіндік берді. Батыстан шығысқа және солтүстіктен оңтүстікке жол тартқан керуен жолдарының барлығы осы аймақтан өтетін. Сауда жолы өзендермен Парсы шығанағы арқылы (Алдыңғы Азиядан Арабия мен Үндістанға) жүріп отырды. Қосөзен тұрғындары этникалық саналуандылығымен ерекшеленді.

Біраз уақыт өткен соң Оңтүстік Месопотамия аумағына да қоныстана бастады. Бұл шумерлер тайпасы еді, олар оңтүстік өңірге б.з.б.



4–3-мыңжылдықтар аралығында қоныстанды. Біртіндеп шумерлер Парсы шығанағының оңтүстігінен Тигр мен Евфрат өзендерінің қосылған солтүстік тұсына дейінгі кең аумаққа таралып, Месопотамия аумақтарының көп бөлігіне биліктерін жүргізе бастады. Шумерлер жергілікті халықтармен араласып, олардың бірқатар топонимикалық атауларын өздеріне сіңіріп, шаруашылықтағы артықшылықтары мен діни сенімдерін қабылдады. Сол кезде өмір сүрген аккадтық тайпалардың атымен Солтүстік Месопотамияны *Аккад* деп атай бастады.

**Шумер және Аккад.** Месопотамияда өркениеттің дамуы Тигр мен Евфрат өзендерінің тасыған суын жинақтайтын су жүйелеріне байланысты болды. Бұл мәселе б.з.б. 4-мыңжылдықтың орта кезінде өз шешімін тапты. Шамамен осы кезеңде Оңтүстік Месопотамияда шумерлердің алғашқы тайпалары пайда болады және Эрид, Ур, Урук қалаларымен Урук мәдениеті қалыптасады. Ол шумерлер өркениеті негізінің қалыптасуымен, қоғамдық таптардың және мемлекеттіліктің пайда болуымен сипатталады.

Б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңы – 3-мыңжылдықтың басында пиктографиялық<sup>1</sup> суретті жазу пайда болады, ол күрделі де әр салалы ғибадатхана шаруашылығын жүргізу қажеттілігінен туындады.

Б.з.б. 3-мыңжылдықтың бірінші жартысында Оңтүстік Месопотамия экономикалық және саяси қатынастар жағынан ерекше дамып, солтүстік өңірдегі аккадтар мен хурриттардан жоғары болды. Ирригациялық жер өңдеу жетілдірілді, металдан жасалатын дүниелердің саны артты, қоладан бұйым жасау игеріле бастады.

Б.з.б. 3-мыңжылдықта шумерлердің экономикалық қуаты артты, бұл жетістіктер жер өңдеу шаруашылығында жасанды су жүйелерін тиімді пайдалану мен металды бұрынғыдан да кең ауқымда қолдана бастау нәтижесінде жүзеге асты. Бұл кезеңде ауылшаруашылығында дәнді дақылдар (арпа, тары, эммер) егу және бау-бақша өнімдерін, әсіресе пальма құрмасын молынан өсіру қолға алынды. Қарабайыр кетпеннің орнын соқа мен дәнсепкіш алмастырды, орақтар сазбалшықтан, тасқайрақ орнату арқылы ағаштан жасалды, металл да пайдаланыла бастады. Осы кезеңнің соңында елдің оңтүстік аймағында тұтасымен жаппай суғару жүйелері құрылды.

### Назар аударыңдар!

Қолөнердің жоғары деңгейде дамуы да сол уақытқа тән ерекшелік еді.

<sup>1</sup> Пиктографиялық хат – хабардың толық мағынасының сурет түрінде немесе сурет ретімен бейнеленуі, көбінесе ұмытпау мақсатында қолданылады.



Алғашқы орында металл өндірісі болды. Шумерлік шеберлер қорыту, құю, дәнекерлеуді меңгерді. Мыстан түрлі еңбек құралдары мен қару-жарақтар жасады, сондай-ақ адамдар қоланы қорытуды да меңгерді. Мыстан, күміс пен алтыннан әшекейлеп, жонып-қырып зергерлік бұйымдар мен ыдыстар, шырағандар жасады.

Ал құрылыста жалпақ, дөңес кірпіштерді қолданып, «шырша» үлгісінде қалау жүргізді. Ағаш өңдеу кәсібінде, негізінен, арбалар мен күймелер, қайықтар, жиһаздар, музыкалық аспаптар жасалды. Зығыр мен жүннен мата тоқыды. Ыдыс-аяқтар жасау жолға қойылды.

### Назар аударыңдар!

Сауда мен қолөнер салалары бөлінді. Қауымның ішінде арнайы саудагерлер – *тамкарлар* қалыптасты. Олар тауарлар мен азық-түліктерге айырбас жасады. Мемлекет ішінде жерді, баспананы, малды, құлдарды алып-сату шаралары жүргізілді. Бұл орайда құнның өлшемі астық пен мал болды, біртіндеп металдан жасалған құнды дүниелер – мыс пен күміс те қолданыла бастады.

Сириямен, Кавказ аймағымен, Иранмен, түрлі аралдармен және Парсы шығанағында орналасқан елдермен сауда қатынастары дамыды. Қолөнер мен сауда қала орталықтарындағы алаңдарда жүрді, қаладағы сауда алаңдарының көлемі ұлғайды, ондағы тұрғындар қатары өсті.

### Назар аударыңдар!

Құл иелену қатынастары жылдам дамыды. Құл иеленудің негізгі көзі соғыс болды.

Бұл орайда құлдардың саны, жасы, жынысы, балалары есепке алынды, оларды жұмыс топтарына бөліп, ауыр жұмыстары үшін оларға тек тамақ беріп отырды. Құлдарды санмен есептеді. Оларды ешқашан да аттарымен не әкелерінің аттарымен атамады, олай тек еркін адамдармен ғана қатынас жасады.

Құлдарды таңбалады, шұңқырларда ұстады, бақылаушылардың қадағалауында жұмыс істеді, оларды аямай ұрып-соқты. Құлдарды жер қазу жұмыстарына, заттарды тасуға, бау-бақша жұмыстарына пайдаланды. Оларды ғибадатханалар және жеке адамдар да ұстады. Күндер жіп иіру, тоқыма, терімшілік, тасымал жұмыстарын атқарумен қатар, асханалар мен мал қораларда жұмыс істеді.

Ғибадатханаларда құлдарды ауыр жұмыстармен қоса, мәдени шараларға да пайдаланды, оларға ғибадат кезінде хормен бірге ән салғызды. Ғибадатханалар аса көп құлдарды иеленді.

Шумерлер қоғамында құлдардан бөлек еркі жоқ жұмысшылар да көп болды. Олардың қатарын қауымдағы үлесінен айырылып, азып-тозғандар, кедей отбасылардың мүшелері, ғибадатханаға діни парыз



ретінде берілген адамдар, басқа қауымнан келгендер, әртүрлі қылмыс жасаған адамдар құрады. Мұндай еркіндігі жоқ адамдар құлдармен бірге ғибадатханаларда және жеке адамдарда да жұмыс істеді, олардың жағдайы да құлдардікіндей болды. Ерте династиялық дәуір кезіндегі шумер қоғамының басында құлиеленуші тап тұрды. Оған ақсүйектер тұқымы, жоғары абыздар, билік өкілдері, жоғары лауазымдылар жатты әрі олардың маңызы қоғамда барған сайын жоғарылай берді. Олардың барлығы ұлан-ғайыр жер, ондаған құл мен еркі жоқ жұмысшыларға ие болды.

**Шумерлер мемлекетінде жер екі бөлікке бөлінді.** Оның бірі қауымның аумақтық меншігінде болды, ол қауым құрамындағы үлкен отбасылардың жеке иелігіне беріліп отырды. Бұл жерлерді сатуға және сатып алуға болатын, нәтижесінде жекелеген адамдардың үлкен иелігіне айналуы мүмкін еді. Ал екінші жер ғибадатхана қорына жатты. Ол, өз кезегінде, бірнеше категорияға бөлінді: ғибадатхананың жеке жері – оның табысы культ пен храмның қажеттілігіне жұмсалды; өз міндеттерін орындамағандардың жерлерін алып, храм қызметкерлеріне берді. Бұл жерлерді храм қызметкерлері иелене алмады және мұрагерлікке қалдыра алмады, тек пайдаланды; соңғы категория – бұл түскен өнімнің белгілі бір бөлігін төлеу арқылы жерді жалға алу болды.

Құлиеленушілік қатынастардың қарқынды дамуымен қоса мемлекеттік биліктің бірқатар әскерлер мен шенеуніктер және түрме саласы жедел қалыптасты. Алайда мемлекет қалыптасқан кезде алғашқы қауымдық демократияның бірқатар көріністері сақталып қалды.

Алғашқы династиялық кезеңнің басында қала-мемлекеттің басшысы жоғарғы абыз (кейде пір әйел) – «эн» болды. Олар өздерінің абыздық міндеттерін атқарып, ғибадатхана қызметкерлерімен қоса, ғибадатхана мен қала құрылысын басқарды, су жүйелерін қадағалады және қауымның мүлкін бөлу мен мемлекеттің экономикалық өміріне бақылау жасады, басқа да қоғамдық қызметтерді атқарды.

Кейіннен шумерлердің қала-мемлекеттерінің басына «энси» мәртебесі бар билеушілер келді. «Энси» термині жобамен *абыз-құрылысшы* деген мағына берді. Энси ирригациялық құрылыстар мен храмдарға басшылық жасады; алым-салық жинауға аттанатын қауымдық культ ретінде кейде жеке немесе храмның әскери бөлімдерімен белгіленді. Энси билігі сайланбалы болды. Б.з.б. XXVIII–XXIV ғасырларда Киш, Урук, Ур, Лагаш, Умма қалалары біртіндеп дамып, жеке дербес қала-мемлекеттерге айналды.

Б.з.б. XXIV–XXIII ғасырларда Шумерді аккад билеушілері басып алады. Б.з.б. 2316 жылы Аккад билігін жергілікті патша қызметшісі **Саргон** басып алды. Ол тарихта бірінші болып тұрақты әскер құрды. Месопотамияда ірі орталықтанған мемлекет құруға қол жеткізді, бұл



мемлекетте патшаның билігі шексіз болды. Бірақ б.з.б. 2261 жылы оның қаза болуынан кейін, біртұтас мемлекет ыдырады.

Б.з.б. XXII ғасырда Шумер аумағын гутейлердің (кутейлер) көшпелі тайпалары жаулап алады, олардың билігін III династияның негізін қалаушы Ур (б.з.б. XXII ғасырдың басы мен XX ғасырдың соңында) ығыстырады.

Құлиеленушілік қоғамда, аса ірі құрылыстар жүргізіледі. Шумер-аккадтардың мемлекеттік құрылымы шығысқа тән деспоттық сипат алады, мемлекетте бюрократиялық шенеуніктердің белгілі тобы қалыптасты. Жазу жолға қойылды, Гильгамеш туралы мифтер пайда болып, біз әлемдік тарихта бірінші рет дүниежүзілік топан су туралы аңызбен таныстық. Б.з.б. XX ғасырдың басында Шумер-Аккад мемлекеті көршілес тайпалар мен халықтардың шабуылынан құлайды.

**Ежелгі Вавилон.** Урдың III династиясы құлаған соң, Месопотамия саяси дағдарысқа ұшырайды. Ұсақ патшалықтар аймақта биліктерін орнату үшін соғыстар жүргізді. Осы өзара соғыстардың нәтижесінде Вавилон (Баб-илу – құдайдың қақпасы) қаласы қуатты орталыққа айналады. Тигр мен Евфраттың қиылысқан тұсында орналасқан әрі маңызды су жолдары мен сауда жолдары тоғысқан Вавилон үлкен саяси әрі мәдени маңызға ие болды. Вавилонның бүкіл Месопотамияны біріктіріп, ұлы держава құруы үшін 100 жылдан астам уақыт кетті, держава Вавилония деген атауға ие болды, астанасы Вавилон қаласы болатын. Вавилонның көркеюі Хаммурапи патшаның (б.з.б. 1792–1750 жж.) билік құрған кезеңімен байланысты болды. Ол билік құрған кезеңде көптеген жетістіктерге қол жеткізді: сауда-ақша қатынастары, жеке құлиеленуші шаруашылықтар, сауда-саттық дамыды; мемлекеттің орталықтануы күшейді және патша билігі нығайды. Хаммурапи сот төрелігі саласына ерекше көңіл бөлді. Өзінің бір хатында ол сотқа парақорларға байланысты нұсқау береді, келесі хатында өсімқорлардың істерін қарайды, басқалардан өзіне Вавилонға куәгер адамдарды жіберуді, өзін хабардар етуді, шенеуніктерді тұтқындауды талап етеді. Оның билігі кезінде әкімшілік күшейді және әлеуметтік және тұрмыстық қатынастар нығайды, бұған атақты «*Хаммурапи заңы*» дәлел. Кодекс түрлі сұрақтарды қамтыған заңдардан тұрды: олар мемлекеттік басқару, қылмыстық заңдар, сауда жүргізу, суды пайдалану және суды қорғау, адамдардың күнделікті өміріндегі заңдық қатынастар. Хаммурапидің ұрпақтары билік еткен кезеңде Вавилонға бағынышты аймақтар мен мемлекеттер өз бостандықтары үшін күресті күшейтеді. Месопотамияның солтүстік-батысында орналасқан Митанни мемлекетіндегі жауынгер кассит тайпалары тарапынан шабуылдар жиілейді. Б.з.б. 1595 жылдары хеттар Вавилонды талқандайды,





Ежелгі Вавилонның орны. 1975 ж.

бұдан соң ол кассит билеушілерінің қол астына өтеді. Касситтар билігі кезінде – ауылшаруашылығына жер өңдейтін құрастырылмалы соқа-сепкіш енгізілді, жолдар желісі пайда болды, сыртқы сауда жанданды, әскери істерге жылқы мен қашырлар жиі пайдаланады. Б.з.б. VIII ғасырда Ассирия Вавилонияны жаулап алып, оның жеке патшалық ретіндегі мәртебесін сақтап қалады. Б.з.б. 626 жылы Ассирия жаулап алған аумақта, оған қарсы көтерілістер орын алады, оның жетекшісі халдейлік көсем Набопаласар болды. Ол ассириялықтарға қарсы бірнеше сәтті жорықтар жүргізеді, б.з.б. 626 жылы қазан айында Вавилон көтерілісшілер жағына өтеді. Б.з.б. 626 жылы 25 қарашада Набопаласар Вавилонда таққа отырып, **Жаңа вавилондық патшалықтың** негізін қалайды. II Навуходоносор (б.з.б. 605–526 жж.) патшаның кезінде Вавилон көркейеді, бұл оның белсенді сыртқы саясат жүргізуіне мүмкіндік береді. II Навуходоносор қайтыс болған соң оның орнына билікке Набонид келді, ол дін арқылы құдіретті мемлекет құруға тырысты. Ол Мардуктың орнына жаңававилондық патшалық Синаны ең ұлы құдай деп жариялады, бұл абыздар арасында наразылық тудырып, ол орталық биліктің әлсіреуіне әкелді. Б.з.б. 539 жылы парсылар вавилондықтарды жаулап алады. Набонид тұтқынға түсіп, жер аударылады. Вавилон Парсы державасының құрамына қосылады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ежелгі Қосөзеннің табиғи-географиялық ерекшелік жағдайын атаңдар.
2. Ежелгі Қосөзен халқының этникалық құрамы қандай болды?
3. Ежелгі Шумерлердің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуының ерекшеліктерін сипаттаңдар.
4. Шумер-Аккад патшалығы қалай пайда болды және қанша өмір сүрді?
5. Неліктен Вавилон патшалығы Хаммурапи билік құрған уақытта көркейді?



## § 5-6. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ МЕН ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН

### Ежелгі Қытай

#### Бүгінгі сабақта:

- Ежелгі Қытайдағы өндіргіш күштердің, әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастардың дамуы, мәдени-тарихи жетістіктері;
- Чжоу, Цинь және Хань дәуіріндегі Ежелгі Қытай;
- Үнді өркениеті;
- арийлік тайпалардың Үндістанға қоныстануы;
- Маурлар империясы;
- Ежелгі Үндістан туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

Ся, Шан (Инь), Чжоу, Цинь, Хань, Ван, Ди империялары, Мохенджодаро, Хараппа, арийлер, варналар, касталар

Ежелгі Қытай тарихын мынадай династиялар бойынша бөлу қалыптасқан: Ся, Шан (Инь), Чжоу, Цинь, Хань. Бұл кезеңдер шартты түрде ғана болды. Өйткені бұл кезеңдерде патшалардың билік құрған мезгілдері, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың негізгі уақыттары көрініс таппаған. Сондықтан да басқа кезеңдерді негізге аламыз, олар:

1. Алғашқы қоғамдық құрылыстың ыдырауы және таптық қоғам мен ежелгі мемлекеттің пайда болуы (б.з.б. 2-мыңжылдық).

2. Ежелгі Қытай (б.з.б. VIII–III ғғ.).

3. Қытайдағы алғашқы орталықтандырылған мемлекет – Цинь империясы (б.з.б. 221–207 жж.).

4. Хань империясы (б.з.б. III–I ғғ.).

5. Ежелгі Қытай (б.з. I–III ғғ.) (Кейінгі немесе Шығыс Хань).

Қазіргі ғалымдардың пікірі бойынша болашақ қытай халқының негізі – прото-сино-тибеттіктер болды. Олар осы аумақты мекендеген ежелгі тұрғындарды Хуанхэден тысқары ығыстырып тастаған. Қытайды мекендеген этникалық тұрғындардың қатарында иньдіктер де болған, олар бұл аймақта б.з.б. 2-мыңжылдықтарда пайда болған болатын.

**Ежелгі Қытайдағы өндіргіш күштердің, әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастың дамуы.** Қытайлық алғашқы Ся династиясы, көп жағдайда, мифтік тұрғыда қарастырылады. Династия мен оның билеушілері жайында мәлімет өте аз. Қытайлық дәстүр бойынша уақыт өте келе бұл кезең қаһармандық Ся династиясы атауына ие болды. Династия билеушілері қаланы қоршаған қабырғалар тұрғызды, әскер жасақтады, түрме салды, қылмыстық кодекс енгізді. Ся кезеңінде күнтізбе пайда болды. Ся династиясының соңғы билеушісі – қатыгез Цзи патша тақтан құлатылды. Билікке Шан (Инь) династиясы келді, олар б.з.б. XVI ғасырдан XI ғасырға дейін билік құрды.



## Есте сақтаңдар

Шан (Инь) дәуіріне үш маңызды жетістік жатады: қоланың қолданысқа енуі, қалалар мен жазудың пайда болуы.

Қола құю техникасы иньдік Қытайда жоғары дәрежеде болды. Қоладан қару-жарақтар мен рәсімдік ыдыстар жасалынды.

Инь кезеңінде барлық елді мекендерде қолөнершілер шоғырланған орындарды қоршап қабырғалар тұрғызып, қала деп атады. Жаңбыр немесе су тасқыны кезінде артық ылғалды төгу үшін арналарды бұру желісі қолданылды. Қала қабырғаларының сыртында сүйек кесу, қыш күйдіру шеберханалары орналасты.

## Есте сақтаңдар

Көпсалалы өндірістер пайда болып, қолөнер ауылшаруашылығынан бөлінді. Қоғамның сапалы жаңа дәуірге көшу белгісі – жазу пайда болды.

Қытайдың әлеуметтік дамуы туралы мәліметтер б.з.б. XV ғасырдың ортасындағы Ежелгі Қытай жазбаларында кездеседі. Мемлекет билігіне ван отырды, ол сонымен бірге жоғарғы абыз қызметін де атқарды. Халықтың негізгі бөлігін қолөнершілер мен шаруалар құрады. Бұл кезеңде құлдар аз болды.

Инь мемлекетінің ең жоғарғы қуаттылығы XIII ғасырдың екінші жартысында билік еткен У Дин ванның кезінде артты. Оның билігі тұсында Ұлы Шан қаласында жаңа сарайлар мен ғибадатханалар салынды. Ол Инь аумағын едәуір кеңейтті. Өзінің ұрпақтарының есінде қуатты жаулаушы ретінде қалды. У Дин қайтыс болғаннан кейін Инь династиясы құлады.

**Чжоу, Цинь және Хань дәуіріндегі Ежелгі Қытай.** Б.з.б. 1027 жылы Инь аумағын Чжоу тайпалары жаулап алды. Инь дәуірін алмастырған Чжоу дәуірінде (б.з.б. XI–III ғғ.) бұған дейін мемлекетте болған экономика және әлеуметтік қарым-қатынастың дамуы өз жалғасын тапты. Чжоуліктер жеңілгендердің маңызды техникалық және мәдени жетістіктерін, әсіресе қола құю өндірісін барынша жылдам игерді.

Чжоуліктер иньдіктерден сол кездегі әскердің негізгі соққы беретін күші – соғыс арбаларын жасауды әрі оны қолдануды үйренді. Қос ат жегілген жеңіл арбалар Хуанхэ



Шан Ян



өзені мен оның арналарында орналасқан жазықтарда еркін қозғалды. Мұндай арбада үш жауынгер орналасатын: жылқыларды басқаратын жүргізуші; садақшы мерген; найзалы жауынгер, ол жақын және орташа қашықтықтағы соғысқа арналған найзамен немесе алебардамен қаруланды. Арбалетті ойлап тапқанға дейін иньдік үлгідегі ежелгі қытайлық арба жауға қарсы ең қаһарлы қару болатын.

Чжоуліктердің инь жазбаларын меңгеру ең маңызды құндылық болды.

Чжоу кезеңінде әлеуметтік иерархия күрделенді, құлдардың саны мен еркіндігі жоқ басыбайлы тұрғындар қатары айтарлықтай өсті. Шартты түрде мемлекеттің барлық байлығы мен жері ванға тиесілі болды. Уақыт өте келе өндіргіш күштердің және сауда-саттық қарым-қатынастарының өсуі нәтижесінде Қытайда жерге жекеменшік пайда болды. Алайда чжоулік қоғамда жекеменшік кең тарала қоймады.

Чжоу кезеңінде темірді тұрмыста пайдалану кең тарады. Сол арқылы барлық салада, әсіресе ауылшаруашылығында еңбек өндірісі жоғарылады. Арналар мен бөгеттер, сол сияқты басқа да жасанды суару жолдары мен құрылыстары салынды. Құлиеленушілік кең таралды.

Б.з.б. VIII ғасырларда Чжоу мемлекетінің кейбір аймақтарында сепаратистік тенденциялар белең алды. Мұрагерлік жерлер енді жекеменшікке айналды. Қауымдық жерді ортақ пайдалану жүйесі ыдырады.

Чжоу мемлекетінде бір-бірімен жауласқан патшалықтар пайда болды.

Б.з.б. VIII ғасырда Ежелгі Қытай деректері бойынша көшпелі тайпалар Ди атауына біріктірілді. Б.з.б. VII ғасырдың басында Ди Хуанхэде



Мемлекет билігіндегі император



күш алып, Чжоу астанасына жақын орналасқан Чжоу иеліктеріне тікелей шабуыл жасайды.

Көшпелілерге қарсылық көрсету, қанауға ұшыраған төменгі таптың қарсылығын басу және экономикалық дамуды қамтамасыз ету Цинь князьдігін біріктіруге және дамытуға әсер етті.

Б.з.б. IV ғасырдың ортасында Цинь патшалығында оның экономикалық, әскери және саяси күшеюіне ықпал еткен маңызды реформалар жүзеге асырылды. Бұл реформаларды Цинь патшалығының беделді тұлғасы Шан Ян жүзеге асырды. Жаңа мүлік иелерінің мүдделерін қолдай отырып, Шан Ян реформалары қауымдық байланыстарды жойып, Цинь патшалығындағы жекеменшік қатынастарды одан әрі дамытуға жол ашты. Қауымдық жерді иеленуге қатысты жасаған жер реформасының маңызы ерекше болды. Шан Янның шарттары бойынша жерді еркін сатып алуға және сатуға болатын жекеменшік пен тауар-ақшалай қатынастарды дамытуда қуатты серпін болды. Осы реформалардан кейін жер өңдеушілердің көпшілігі шағын жер иелеріне айналды.

Шан Янның реформалары әскери қызмет пен әскери жетістіктерді жоғары бағалады, жер өңдеу мен тоқымашылықты ынталандырды. Қоғам алдында жаңа әскери жетістіктері жоқ, бұрынғы атағымен қалған тайпалық ақсүйектердің артықшылықтарын жою туралы бұйрық жарияланды. Ескі ру-тайпалық бөлімнің орнына аумақтық қағидаға негізделген біртұтас әкімшілік бөлімдер енгізілді.

Б.з.б. 246 жылы таққа 13 жасар Ин Чжэн отырды. Ол көршілес елдерге қарсы үлкен жорық бастады. Б.з.б. 221 жылы мемлекетті орталықтандырып, біріктіру процесін аяқтады. Аса үлкен мемлекеттің тізгінін қолына алған Ин Чжэн өзі мен мұрагерлері үшін жаңа атақ – *хуанди* (император) мәртебесін енгізді.

Кейінгі дереккөздерінде ол Цинь Шихуанди (Цинь империясының алғашқы императоры) деп көрсетілген. Цинь Шихуанди императоры кезінде Қытайда *тұңғыш рет орталықтанған мемлекет* қалыптасты. Оның барлық аумағы 36 әкімшілік аймаққа, олар уездерге бөлінді, ал оған шағын қауымдар мен бөлімшелер қарады.

### Назар аударыңдар!

**Мемлекеттік құрылымдар** – әскери, қаржылық, сот саласы, император отбасына арналған арнайы құрылым, инспекциялық ведомство қалыптасты. Олар орталықтан қатаң түрде басқарылып, бүкіл ел бойынша кең ауқымда қызмет атқарды.

Цинь династиясына қарсы халық көтерілісінің нәтижесінде Хань династиясы пайда болды. Бұл династия Қытайды б.з.б. III ғасырдың соңынан б.з. III ғасырына дейін биледі.



Хань династиясы билігінің бас кезінде елді император У-ди биледі. Ол аса ірі мемлекет қайраткері болды, көптеген реформалар жасады, жорықтар ұйымдастырды. Хань династиясының ауқымы кеңейіп, олардың билігі алыс батыс пен солтүстік-батысқа дейін созылды.

Хань дәуірінде борышты құлдар саны артты. Ірі құлиеленуші шаруашылықтар пайда болды және құл саудасымен айналысатын арнайы базарлар жұмыс істеді.

Б.з.б. I ғасырдың соңында мемлекеттегі әлеуметтік қарама-қайшылық күрт шиеленісіп кетті. Хань империясы үстемдік құрғалы бері елде тұңғыш рет көтеріліс бой көтерді, жекелеген аймақтарда шаруалар билік құрушы үстем тапқа наразылықтарын білдірді. Көтерілісшілердің қатары тез көбейіп, олардың әскерінің саны бірнеше мыңға жетті, олар аймақтардағы қалаларға шабуыл жасап, қару-жарақтарды басып алды, жергілікті шенеуніктерді өлтірді.

Мемлекеттегі осындай күрделі кезеңде Ван Ман б.з.б. 9 жылы билікті басып алып, таққа отырады, ол императордың анасы жағынан туыс болып келетін. Ол бірқатар реформаларды жүзеге асырды, оның ең басты өзгерісі жерді пайдалану мен құлиеленушілікке қатысты болды. Ван Ман жерді сату мен құл саудасына тыйым салуға тырысты (құлиеленушілікке емес).

Алайда Ван Манның реформасы сәтсіздікке ұшырады. Өйткені қытай қоғамы 500 жылдан астам жүріп өткен жолды бір сәтте заңмен сызып тастап, Чжоу дәуіріндегі тәртіпке оралу мүмкін емес еді. Реформа басталған 3 жылдан соң Ван Ман өзіне қарсы шыққан алпауыт жер иеленушілердің қысымына шыдамай, жер мен құлдарды алып-сатуға қайтадан рұқсат берді. Бұл тұрғыда Ежелгі Қытай қоғамының өзге ежелгі шығыстық қоғамдардан айырмашылығы болмады. Сол кездегі

деректер қоғамда ірі құлиеленуші шаруашылықтар мен құлдар сататын арнайы базарлардың болғанын көрсетеді. Базарларда құлдардың бағасы жоғары болды. Құлдарды көп көлемде иеленуге тек Ежелгі Қытай ақсүйектерінің ғана мүмкіндігі болды.

Хань империясы кезеңінде – халық көтерілісі көп болды. Ірі халықтық бас көтеру – «қызылқастылар» көтерілісі саналды (көтерілісшілер император әскерлерінен ерекшелену үшін қастарын қызыл түске бояды). Көтерілісшілерді Фань Чун басқарды, б.з. 18 жылы оларға Шаньдун тұрғындарының басым бөлігі қосылды. 22 жылы Ван Ман көтерілісшілерді басу үшін 100 000 әскер жібереді. Алайда шешуші шайқаста үкімет әскерлері тас-талқан болып



Конфуцийдің шәкірті секілді киінген Ван Ман





Император сарайы

жеңіледі. 23 жылы болған шайқаста көтерілісшілер тағы да жеңіске жетіп, Ван Ман әскеріне соққы беріп, батысқа бет алады. Олар астананы басып алып, Ван Манды өлтіреді. Көтерілісшілер жеңіске жетеді. Алайда басында қызылқастыларды қолдаған ақсүйектер, кейіннен оларға қарсы шығып, көтерілісшілерді талқандайды. Бұрынғы билік қайтадан қалпына келтіріледі.

25 жылы көтерілісшілерді талқандауға қатысқан қытайлық әскербасы Лю Сю өзін император деп жариялап, астананы шығысқа, Лоянға көшіреді. *Кейінгі* немесе *Шығыстық* деп аталатын Хань династиясы пайда болады.

184 жылы қытай қоғамында қалыптасқан терең экономикалық және саяси дағдарыс салдарынан «сары орамалдылар» көтерілісі орын алды, нәтижесінде Хань династиясы құлады.

**Ежелгі қытайлықтардың мәдени-тарихи жетістіктері.** Ежелгі Қытайда *ең алғаш рет қағаз иероглифтік жазба қалыптасты*, ол басқа жазбалардың ықпалынсыз, өз бетінше пайда болды. Сонымен қатар қытайлықтар тұсбағарды ойлап тапты, тұт ағашын өсіріп, онда *жібек құртынан жібек алуды жолға қойды*.

Ежелгі қытайлар әсіресе жаратылыстану ғылымына өлшеусіз үлес қосты. Олар арнайы математикалық трактаттарды дүниеге әкелді. Астрономия саласында да жетістіктерге жетті, теңізде жүзуді меңгерді, медицина саласы да ерекше дамыды. Қытайлықтар ғажайып поэтикалық шығармаларды тудырды. Оның қатарына халық поэзиясынан бастау алған, өзіндік ерекше философиясы бар, түпкі мәні конфуциалықтан шыққан «Шицзин» шығармасын қосуға болады.



## Ежелгі Үндістан

Ежелгі Үндістан өркениеті (б.з.б. XXIII–XVIII ғғ.). Оңтүстік Азиядағы ежелгі өркениет Үнділік деп аталады, өйткені ол Солтүстік-Батыс Үндістандағы Үнді өзенінің аймағында пайда болған еді. Алғашқы екі өркениет – Месопотамия мен Египетте пайда болған. Ұлы өзеннің маңында қалыптасқан осы өркениеттердің пайда болуына жерді суғару арқылы өңдеп, одан мол өнім алу жұмыстары ықпал етті.

Б.з.б. 6-, мүмкін 7-мыңжылдығында Үнді өзенінің батыс аумағында халық *жер өңдеумен* айналыса бастаған. Б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңында жер өңдеу мәдениетінің бірнеше түрі қалыптасты.

Солтүстік-Батыс Үндістандағы ертедегі жер өңдеу мәдениеті жақын маңдағы аймақтармен өзара байланыста болды. Бұл тұрғыда Үнді өзені аңғарындағы қалалық өркениетке қандай да бір халықтың ықпалы немесе әсері болса да, бұл жердегі мәдениеттің басты күші аймақтың ғасырлар бойы дамуының нәтижесінде қалыптасты.

Ежелгі Үнді өзені аңғарын мекендеушілер үшін малшаруашылығы да ерекше маңызды болды. Олар буйволдар мен зебралар (жабайы өгіздер) өсірді. Қазба жұмыстары кезінде қойлар мен шошқалардың, ешкілер мен жылқылардың да сүйектері табылды. Сонымен қоса бұл кезеңде үнділіктер пілдерді де қолға үйреткен деп болжауға негіз бар. Балық-шаруашылығы да маңызды салалардың бірі болды. Кейбір аймақтарда аң аулау ісі белсенді жүрді.

Ең алғашқы болып екі ірі қалалық орталық – *Мохенджо-Даро* мен *Хараппа* зерттелді. Бүкіл зерттеу жұмыстары мен барлық археологиялық мәдениет, көбінесе осы *Хараппаның* атымен аталды.

Қолөнер кәсібі биік деңгейге жетті. Мохенджо-Дарода металды ыстық және суық күйінде өңдеу аса жоғары деңгейде дамығаны анықталды. Металдан жасалған еңбек құралдарының ішінде қола мен мыс маңызды орын алды. Одан балта, балға, орақ, ара, қашау, пышақ, ұстара, балық аулау қармақтарын жасады. Сонымен қоса қылыштар мен қанжарлар, найза мен жебенің ұштары секілді қару-жарақ түрлерін соқты. Хараппа мәдениетіне жататын елді мекен тұрғындарының қорғасынды білгені, алтын мен күмістен зергерлік бұйымдар жасағаны, оларды қорыта алғаны қазба жұмыстары барысында белгілі болды. Осындай кәсіптермен қоса, жіп иіру мен тоқымашылық та дамыды.

Үнді өзені аңғарының тұрғындары әлемде алғашқы болып мақта иіру мен тоқуды меңгерді. Қыш өндірісі ол кезеңде ең жоғары деңгейде дамыған сала болды. Қазба кезінде табылған сазбалшықтан дөңгелектете жасалған құмыра жақсы күйдіріліп, боялған және әдемі өрнектер салынған. Сонымен қоса сазбалшықтан жасалған көптеген қыш шарбақтар мен балалар ойыншықтары табылды.



Қазба кезіндегі зергерлік бұйымдар ежелгі үнділік шеберлердің қымбат металдарды өңдеп, әртүрлі бағалы тастардан әшекейлер жасау өнерінен хабар береді. Кейбір олжалардың жоғары сапада болуы сол кездегі мамандардың тастар мен піл сүйектерін өңдеп, оларды қолдануда жоғары жетістіктерге жеткенін айғақтайды.

Зерттеу барысында жергілікті мәдениетке тиесілі заттармен қоса бұл жерде кездеспейтін әртүрлі тастар мен металдардың, теңіз ұлуларының табылуы Хараппа мәдениетіне жататын халықтардың Үндістанның басқа аймақтарымен, сонымен қатар Қосөзен мен Элам секілді қиырдағы елдермен де сауда байланысын орнатқандығын көрсетеді. Сол кезеңде сауда байланыстары тек құрлықпен ғана емес, су жолдары арқылы да жүрді. Бұл мәдениеттердің араласуы мен оның жетістіктерінің кең таралуына ықпал етті. Ежелгі Үндістанның басқа елдермен, оның ішінде Шумерлермен мәдени жақындықта болғаны туралы бірқатар деректер анықталды.

Құрылыс өнері де бірқатар жетістіктерге жетті. Хараппа мәдениетіне жататын елді мекендердің мықты қорғандарының аумағы кейде жүздеген гектарды құрады. Қалалардың негізгі көшелері түзу және кең болды, үйлер тәртіппен салынып, көшелер өзара қиылысып отырды. Аумақтары жүз шаршы метрді құраған ғимараттар, көбінесе екі қабатты етіп күйген кірпіштен салынды. Мохенджо-Дародан жалпы қалаға арналған кәріз жүйесі табылды. Ол сол кездегі Ежелгі Шығыстағы ең жетілген жүйе болды, көптеген қалаларда кездескен жүйелердің сапасы онымен салыстырғанда төмен еді. Ол магистральды каналдармен байланыстырып, жаңбыр суларын жинап, оны пайдаланатын орындар салумен ерекшеленді.

Қазба жұмыстары кезінде кірпішпен жиектеліп, шебер қаланған құдықтар табылды, бұл су жүйесінің де жолға қойылғандығын айғақ-



Мохенджо-Даро



тайды. Мохенджо-Дарода көпшілікке арналған жуынатын орын табылды. Жақсы сақталған осы құрылымды зерттеу барысында оны салған шеберлердің тәжірибесі таңдай қақтырады.

Қалалық елді мекендер халқының мәдениеті жоғары деңгейде дамыған. Бұл қолданбалы өнер мен қолөнердің көркемдігінен де көрініс беруде. Жер қазу жұмыстары кезінде балшықтан, тастардың жұмсақ түрінен және қоладан аса шебер жасалған бейнелер табылды.

Б.з.б. 2-мыңжылдық ортасында Үндістанның ежелгі өркениеті жойылды. Оның себептері әлі күнге дейін анықталған жоқ. Бұрын бұл өркениеттің жойылуына арийлер себеп болды деп айтылатын. Алайда кейінгі зерттеулер көрсеткендей, бұл болжам дұрыс болмады. Хараппа өркениетін жойып жіберетіндей, арийлер ешқашан қуатты шабуыл жасап, соғыс ашпаған. Арийлер о баста Үндістанның солтүстік-батысына жайлап өніп, жергілікті халыққа біртіндеп сіңіп кетті.

### Назар аударыңдар!

Үнді өзені алабындағы ежелгі өркениеттің құлауы экономикадағы кері кетуден, оған жақын аумақтардың экологиялық немесе климаттық өзгерістері салдарынан болуы мүмкін.

**Арийлік тайпалардың Үндістанға қоныстануы<sup>1</sup>.** Б.з.б. 2-мыңжылдықтың соңы мен 1-мыңжылдықтың басындағы *Солтүстік Үндістан* тарихының негізгі бастауы болып үнділердің діни әдебиетіндегі ежелгі ескерткіштер – ведалар саналды. Олар гимндер жинағы мен әуендерден, құрбандық түрлері мен жалбарынудан және қасиетті рәсімдерге арналған жалпы жинақтардан құралды. Ведалар үндіеуропалық отбасылар тобына жататын («веда» сөзі *туыстас* дегенді білдірді) тілде жазылды. Бұл факті Үндістанда үндіеуропалық тайпалардың болғандығын айғақтайды. Діни және мифологиялық атауда ведалардың ирандық «Авестамен» ерекше ұқсастығы байқалады. Үнділердің ежелгі бабалары (веданы жаратушы) мен ирандықтар ортақ бір аймақта өмір сүріп, ұзақ уақыт бойы жақын туыстас тайпалар тобында болуы да мүмкін.

### Есте сақтаңдар

Ежелгі үнділік және ирандықтардың ата-бабаларын ғылымда *арийлер* деп атайды, арий (мәртебелі) ежелгі үнділік және ежелгі ирандық тайпалар одағындағы билік құрған руларының өзіндік атауы болды.

Б.з.б. 2-мыңжылдықтың екінші жартысында Солтүстік Үндістанға қоныс тепкен арий тайпаларын үндіарийлік деп қарастырады, бұл оларды ирандық туыстарынан ажырату үшін айтылған.

<sup>1</sup> Арийлер – үндіеуропалық тілдер семьясына жататын ежелгі халық атауы.



Олар тайпалар одағына бірікті және абыздар, жауынгерлер, еркін халық ретінде әлеуметтік-кәсіптік деңгейге бөлінді. Оларда мүлдітік, әлеуметтік жіктелу болды. Тайпа ішінде әскерлер мен абыздар айрықша құрметке бөленді. Тайпа көсемдері патша болып сайланды, бұл алғашында сайлау арқылы жүзеге асты да, кейіннен мұрагерлік жолмен берілетін болды.

**Таптық құрылыстың қалыптасуы. Маур империясы.** Ежелгі Үнді тарихының жаңа кезеңі Ганга өзенінің алабымен тығыз байланысты болды. Бұл аймақта б.з.б. 1-мыңжылдықтың соңында *Кошала, Магадха, Анга, Ватса* секілді мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Арийлердің алғашқы қоныстары біртіндеп қалаларға, сауда мен қолөнер кәсіпшілігі шоғырланған жерге, саяси биліктің орталығына айналды. Оларда қоғам таптарға әртүрлі қауымдарға бөліне бастады: брахмандар (абыздар), кшатрийлер (жауынгерлер), вайштар (саудагерлер, қолөнершілер) және шудралар (еркін халықтар).

Мүлдітік жіктелу Үндістанда басыбайлы құлдыққа жол ашты. Борыштық қатынастар ерекше дамыды, жеке қатынас барысында олар маңызды орынға ие болды. Халықтың түрлі экономикалық және әлеуметтік жіктелуіне орай, Үндістандағы әлеуметтік байланыстар әр алуан болды. Олардың қатарын жалдамалы күн көрушілер мен сатушылар және сатып алушылар, үйдегі жалшылар да құрады. Халықтың еркін тұрғындары еңбектерін сатып күн көрді. Патша сарайлары мен ғибадатхана шаруашылықтарына құлдар еңбегін пайдалану кең өріс алды.

Қоғамда кастаға бөліну б.з.б. 1-мыңжылдықтың үшінші кезеңінде толық қалыптасты. Бұл тайпалық сипаттағы өзара бөліністер нәтижесінде және этникалық тілдік, кәсіптік бөліністер негізінде жүзеге асты.

### Назар аударыңдар!

Ежелгі Үндістанның барынша дамыған кезеңі Маурлар династиясының билігі кезінде болды, бұл уақытта Үндістанның бүкіл аймағы біртұтас мемлекетке бірікті.

Маурлар империясының қалыптасуы б.з.б. IV ғасырдың соңына жатады. Үндістанның ең құдіретті кезеңі Чандрагупта династиясы мен оның немересі Ашок билік құрған уақытта болды. Ашоктың кезінде елде буддизм діні үстем болды, бұл діннің қанат жаюына патша үлкен үлес қосты. Б.з.б. 1-мыңжылдықтың соңында Үндістанда индуизм кең таралды.

**Ежелгі Үндістан мәдениеті.** Үндістанда біз қолданып жүрген



Маурлер мемлекетінің ақшасы, дхарм дөңгелегі мен піл бейнеленген



ондық – позициялық жүйе (цифрдың маңызы оның жазылған санына байланысты) пайда болды. Үнділіктер бірінші болып қант құрағынан қант өндіруді және мақтадан мата алуды игерді. Үндістанда ойлап табылған шахмат ойыны бүкіл әлемге жайылды. Аса бай, құнды әдеби шығармалар («Рамаян» және «Махабхарата» поэмалары) мен нақылға толы әңгімелер, өсиеттер мен аңыз-әңгімелер өмірге келді. Әлемдегі ең ежелгі дін – Будда қалыптасты.

### Есте сақтаңдар

Ежелгі Үндістанның мәдениеті Азия халықтарының мәдениетіне ерекше ықпал етті, бұл құндылықтарды өз кезегінде парсылар мен арабтар Еуропа халықтарына таратты.

Нақылға толы, ғибраты мол үнділік дидактикалық әдебиет араб әдебиеті мен Цейлон әдебиетіне үлкен әсер етті. Үнділік әдебиетте, қолданбалы өнерде, сәулет өнерінде діни идеялар ерекше көрініс тапты. Бұл Ежелгі Шығыс мәдениеті ерекшелігіне тән құбылыс болатын. Ежелгі үнділіктердің тілі *санскрит* ежелгі үндіеуропалық тілдер тобына жатады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ежелгі Қытай тарихының кезеңдерін атаңдар.
2. Ежелгі Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастарды сипаттаңдар.
3. Қытайдағы Чжоу, Цинь және Хань дәуірі кезіндегі Қытайдың дамуын баяндаңдар.
4. Үндістан үшін арий тайпаларының қоныстануы қандай маңызға ие болды?
5. Маурлар империясы кезінде үнді қоғамында қандай өзгерістер орын алды?
6. Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістандағы мәдени жетістіктерді атаңдар.

## §7–8. ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ӨРКЕНИЕТІ

**Ежелгі грек өркениеті ошақтары мен отарлары.** Өркениеттің алғашқы ошағы б.з.б. 3–2-мыңжылдықта Крит аралдарында пайда болды. Б.з.б. XV ғасыр шамасында криттік мәдениет вулкан атқылауынан жойылып кеткен.

Оның орнына жаңа ахейлік мәдениет келді. Ахейлік тайпалар Грекияның көптеген бөлігі мен Эгей теңізінің аралдарын мекен етті. Б.з.б. XV–XIII ғасырларда гүлдену кезеңін бастан өткеріп, б.з.б. XIII–XII ғасырларда ахейлік мәдениет криттік мәдениет секілді күтпеген жерден тіршілігін тоқтатады. Ахейлік мәдениет солтүстік халықтары жорықтарының салдарынан жойылуы мүмкін. Криттік және ахейлік мәдениет дәуірлерін өзіндік Грек өркениеті тарихы қалыптасуындағы алғашқы кезеңдер ретінде қарастыруға болады.

Б.з.б. VIII–VI ғасырлар арасында Грекия аумағы Балқан түбегінің оңтүстігін, Эгей теңізінің аралдары мен Кіші Азияның батыс



жағалауын алып жатты. Б.з.б. 500 жылы Грекия тарихында маңызды өзгерістер болып, грек отарлау дәуірі басталады. Ол батыста – Сицилия, Оңтүстік Италия, Оңтүстік Франция, Испанияның шығыс жағалауларын, солтүстігінде – Фракия, Жерорта теңізінен Қара теңізге өтетін бұғаздарды, оңтүстік-шығыста – Солтүстік Африка, Левантты қамтыды.

Отарлау жердің жетіспеуінен немесе ішкі тайталастардан шаршаған тұрғындардың жапшай көшіп кетуіне әкелді. Бұл Грекияның наразы ерікті тұрғындарының қатарын сиретіп, белгілі бір деңгейде әлеуметтік қиындықтарды азайтты.

Отаршылдық сауда-саттық үшін көптеген мүмкіндіктерге жол ашып, онымен байланысы бар кеме жасау мен қолөнер түрлерінің жылдам дамуын қамтамасыз етті. Отарларда бай: Халкида, Коринф, Мегара, Милет, Эретрия және т.б. қалалар жылдам түрде көркейді.

Отарлар мен метрополия арасында тығыз сауда қатынастары орнады. Балқан түбегіне жетіспейтін бидай, ағаш, металл мен азық-түлік тасымалданды. Ал метрополиядан Грекияның атағын шығарған қолөнершілер бұйымдары, жүзім шарабы мен зәйтүн майы тасылды.

Отаршылдар адамдардан кәсіби біліктілікті талап етті. Теңіз апаттарымен күрес, адам аяғы баспаған жерлерді игеруде қабілетті, белсенді, батыл, өз ісінің білгірлерін дүниеге алып келді. Грекияда алғаш рет спорттық сайыстар, Олимпиадалық ойындар пайда болды. Бұл жан мен тән сұлулығына арналған адамның құдіретті кемелдену даңқын дәріптеген керемет мереке болды. Сайыста жеңіске жеткендерге ескерткіш қойды, ал туып-өскен қаласы қаһарман ретінде қабылдады. Физикалық күш пен игілікке ие кемел тұлға идеалы қаһармандар, жартылай құдай-адамдар туралы көптеген мифтерде жазылды (Геракл, Прометей туралы мифтер).

**Ежелгі грек полис** – қала-мемлекеттер. Қауымдастық Ежелгі Грекияда да қоғамның басты ұяшығы болды. Алайда оның ерекшелігі бірден аңғарылып, шығыстық көптеген қауымдастықтардан өзгешеленді. Бұл қауым *полис* деп аталды. Полис ауыл тұрғындарымен қатар (Шығыс елдеріндегідей) қалалықтарды да қамтыды. Тұрғындар қауымға екі түрлі жағдайда ғана мүше бола алды: ұлты грек болуы

### Бүгінгі сабақта:

- Ежелгі грек өркениетінің ошақтары және отарлары;
- Грекияның географиялық орналасуы;
- Ежелгі грек полистері, қала-мемлекет;
- Грекияның экономикалық дамуы;
- Грекияның саяси дамуы;
- эллинизм дәуірі;
- эллинизм қоғамындағы саяси өмір және жүйе құндылығы жайында білеміз.

### Кілт сөздер:

қала-полис, мемлекет, отарлау, автаркия, азаматтық қауымдастық, демократия, олигархия, эллинизм, философиялық мектептер






Ежелгі грек кемесі

тиіс және еркін, жекеменшікке ие болуы қажет. Қауымның барлық мүшесі – еркін меншік иелері – олар мемлекеттік іспен шұғылдануға мүмкіндіктер беретін саяси құқық (өрқашан тең бола бермеді) иеленді. Сондықтан грек полисін *азаматтық қауым* деп те атайды.

### Есте сақтаңдар

Грекияда мемлекет қауымнан жоғары болған жоқ, ол қауым ішінен іріктеліп шықты. Дәлірек айтсақ, қауым өзінің заңдары, билік органдары мен басқару жүйесі бар шағын мемлекетке айналды.

Грек қауымының ерекшеліктері мемлекеттің саяси өміріне, құндылықтар жүйесіне, әдебиет ерекшеліктерінің қалыптасуына, өнеріне, философиясына, өркениет тарихына ықпалы ұшан-теңіз болды. Қауым мүшелері – қала тұрғындары мен диқандар экономикалық, саяси және идеялық біртұтас жабық ұйымға бірікті.



Перикл (шамамен б.з.б. 490–429 жж.)

Полистер ішінде біртіндеп азаматтық құқық қалыптаса бастады, қауымдастық мүшелеріне белгілі бір деңгейде әлеуметтік кепілдемелер берген, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындаған заңдар жиыны пайда болды. Диқаншылар заңмен қорғалды: б.з.б. IV ғасыр Спартада шаруаларға жерді түбегейлі беруге тыйым салынды, ал Афиныда аты мәшһүр болған заңгер Солон бір адамның шектен тыс жерге иелік етуіне мүмкіндік бермеді. Полис ішкі істермен ғана шектеліп қалмады, сыртқы саяси істермен де шұғылданды, жеке әскер ұстады. Полис азаматтары халық жасағының құрамына кіріп, соғыс жағдайында әскер қатарына қосылды.



Полистің жерге деген жоғарғы меншікке құқығы болды. Жердің жеке телімдерінен басқа бөлінбеген, бос жерлердің түрлері болды, ал олар полис бағыттарының саяси тұрғыдан қалыптасу барысын күшейте түсті.

Өзін дербес мемлекет ретінде сезіне отырып, полис автаркия идеясына сай өмір кешті. Онда идеалдардың ерекше жүйесі құрылды: еркін азаматтар өздерінің игілікке қол жеткізуінен туған полистерімен байланыстырды және полистен тыс өмір сүру мүмкін емес деп түсінді. Дегенмен полистердің гүлденуі оның азаматтарына тікелей байланысты болды. Олар ежелгі дәстүрлерді құрметтеді, дүниеқорлықты кінәраттады және шаруа еңбегін жоғары бағалады. Алайда, ең бастысы, олар өздерін толыққанды және еркін адам ретінде сезінді. Бұл өз кезегінде азаматтар бойында тәкаппарлық сезімін қалыптастырды. Гректер Парсы империясын жеңгендегі жеңістерін еркіндігінің сыйымен келгенін, ал парсы патшасының бодандары оның құлы болып табылғандығымен түсіндіреді. Полистер дербестігі мен күшін көбіне Грекияда үлкен патшалық және храмдық шаруаға лайықты жағдайдың болмағанын анықтайды, алайда оларда басқарудың монархиялық формалары белгілі бір уақыттарда болған. Ежелгі кезеңде полисті халық (демос) құқығына қысым жасаған басилевс пен ақсүйектер әулеті,



Афины – ежелгі қала



яғни патшалар басқарған. Б.з.б. VII ғасырларда полистер ішіндегі жанжалдар біршама қарқын алды.

Ақсүйектерге қарсы күресті жерінен айырылып қалу қатері төнген және жерді жалға алғаннан гөрі үлескер болғысы келген ұсақ шаруалар жүргізді. Ақсүйектердің басқа да қарсыластары сауда мен қолөнер арқасында байып шыққан ақсүйектік мәртебеден үміткер қалалықтар болды. Көптеген полистерде күрес төңкерістермен, ақсүйектерді биліктен кетірумен және оның орнына бір билікті тиранияны орнатумен аяқталды. Тиранияға деген мұқтаждық ақсүйектер билігі әлсіреген соң күрт төмендеді және басқарудың басқа да формалары пайда бола бастады. Бірқатар полистерде басқару олигархиялық, келесіде демократиялық сипатта болғанмен, кез келген жағдайда барлық маңызды мәселелерді шешу құқығына халықтық жиналыс ие болды. Халықтық жиналыс қызметінің басымдығы мен билікті сайлау сынды екі негізгі фактор грек демократиясының дамуына бірқатар жағдайлар жасады.

### Назар аударыңдар!

**Демократия** – көне грек өркениетінің ең басты ерекшелігі. Ол бірден және күрессіз қалыптаса қойған жоқ, барлық полистерде бірдей гүлденген сипат алмады. Бірақ полис құрылымы (кейде жүзеге аспаған) демократиялық құрылым принциптерінің бекітілуіне мүмкіндіктер жасады.

Грек полистері аса үлкен болмады. Мысалы, Родос аралында (оның көлемі 1404 шаршы шақырым) үш дербес полис болса, Крит аралында (8500 шаршы шақырым) онға жуық полис болды. Ең үлкен полиске Спарта жатты, оның көлемін 8400 шаршы шақырым құрады.

### Назар аударыңдар!

Полистер мемлекеттіліктің өте тұрақты формасы болды, олар отарларда да пайда болды және Грекия полистерінің принциптеріне негізделді. Олар метрополиямен қарым-қатынасында тәуелсіз мемлекет тәрізді болып, олармен одақ құруы да, соғыс жүргізуі де мүмкін еді.

**Полистегі әлеуметтік қатынастар.** Полис тұрғындарының арасында айрықша құқықты оның азаматтары иеленді. Полистің азаматы емес еркін адамдар теңқұқылы болып саналмады. Оларға көбіне жер иелігінен айырылған тәуелді шаруалар мен жатжерліктер (метектер) жатқызылды. Жатжерліктер саны Грекияның жаңа отарларды жаулап алуына байланысты өсіп отырды. Көптеген метектер бай болды, бірақ оларға жер сатып алуға рұқсат берілмеді, яғни олар полисті басқару ісінен шеттетілді. Әлеуметтік сатының төменгі баспалдағында құлдар тұрды. Грекия мен Римдегі құлдық Шығыстағы үй құлынан қаталдығы мен нақтылығы тұрғысынан өзгешеленді (алайда Спартада құл-илот-



тар белгілі бір деңгейде дербестігін сақтады). Руластардың құлдық қарызы бірден жойылды; құлға тек әскери тұтқындар ғана айналды, сондықтан да тарихшылар еркін адам мен құлдар арасындағы шегараның нақтылығын осыдан болжайды. Грекияда құлдар ешбір құқыққа ие болмады және «сөйлейтін құралға» теңестірілді, барлық меншік түрінен аластатылды, сату мен сатып алу нысанына айналды, некелесуге тыйым салынды, құлдың балалары да құл ретінде есептелді. Тіпті құлдарды бостандыққа жібергеннің өзінде олар теңқұқылы болмады және оның қамқоршысы болған бұрынғы қожайынына тәуелді болды.



Ежелгі Грекия зергерлік бұйымдары

Алым-салық төлеп тұру үшін босатылған құлдардың жағдайы жақсы болды (алайда мұндай сәттер көп кездесе бермеді). Мұндай жағдайда олар жеке шеберханаларын немесе дүңгіршегін ашып, дербес өмір сүре алды. Б.з.б. 500 жылы, яғни отаршылдық дәуірінде, әсіресе Парсы империясымен соғыс кезінде (б.з.б. 500–449 жж.) құлдардың саны қарқынды түрде өсті. Дегенмен олар Шығыс мемлекеттеріндегі секілді негізгі өндіруші күш болмады. Ауылшаруашылығында құлдар еңбегі аз қолданылды. Діқаншылар жерді баптау мәселесінде тек өз күшіне сенді. Құлдар кен ісінде, шеберханаларда басты күш қызметін атқарды. Құлдардың көбі аukatты адамдардың үйінде қызметші ретінде еңбек етті.

**Грекияның экономикалық дамуы.** Б.з.б. V ғасырда ең үлкен сауда орталығы Афины болды. Қала базарында аймақтардан келген шаруалар шарап, көгөніс, өсімдік майларын, ағаш көмірін сатып, шеттен әкелінген нан, балық пен өзге де азық-түліктерді сатып алды. Ірі шаруашылық мүмкіндіктері одан да кең болды. Афиныда отарлар мен Шығыс мемлекеттерімен белсенді сауда жүргізілді. Египеттен бидай, Африкадан піл сүйегі, Қара теңізі маңынан бидай, ірі қара мал, бал, балауыз бен терілер әкелінді. Сәйкесінше ақша айналымы өсіп, онымен қатар әртүрлі несиелік және өсімқорлық операциялар қарқын алды. Грекияда әрбір полис өз теңгесін соқты, валюталық айырбас дамыды.

Грекияда құрлықтық сауда теңіз саудасымен салыстырғанда айтарлықтай дамымады, қиын және таулы-тасты жолдармен тасымалданғандықтан тиімсіз болды. Сонымен қатар полистер арасындағы жиі соғыстар қиындық тудырды. Дегенмен теңізден алшақ грек қалаларында қолөнер бұйымдарымен, азық-түлікпен, тұрмыстық заттармен сауда жасайтын жергілікті базарлар жұмыс жасады.





Парфенон – Ежелгі Афиныдағы басты ғибадатхана

### Назар аударыңдар!

Грекияда сәтті дамыған тауарлы-ақшалы қатынас басқа өркениеттермен салыстырғанда ерекше дамыды. Сондықтан тарихшылардың пікірінше, ежелден Жерорта теңізі маңында еуропалық капитализм өсіп шыққан экономиканың ерекше моделі дүниеге келді.

### Есте сақтаңдар

Полис өмірінде ғана ежелгі демократияның, тауарлы-ақшалы қатынастардың негізі қаланды, еркін, мақсатты, мемлекетіне адал тұлға қалыптасты.

**Грекияның саяси дамуы.** Афины мен Спарта қашанда Грекиядағы жетекшілік орынға өзара таласып отырды, тіпті оның соңы қарулы қақтығыстарға да ұшыратты. Бұл соғыс екі жақты да ауыр шығындарға әкеліп, олардың күшін әлсіретті, сондықтан б.з.б. IV ғасырда Грекия ұзақ уақытқа созылған дағдарысты бастан кешірді.

Бұл кезеңде Балқан түбегінің солтүстігінде жаңа мемлекет – Македония пайда болды. II Филипп (б.з.б. 359–336 жж.) патшаның билік құрған кезінде, мемлекет ерекше күшке ие болып, мықты әскер қалыптастырды. Қуаты тасыған Македония Грекияның саяси өміріне араласа бастады, кейіннен Афинымен, Коринфпен және олардың басқа да одақтас полистерімен әскери қақтығыстарға барды. Б.з.б. 338 жылы гректер жеңіліске ұшырады, бір жылдан соң II Филипп *бүкіл гректердің полистер одағын* құрды.

Б.з.б. 336 жылы II Филипп грек полистерін парсылардың үстемдігінен азат ету үшін өзінің әскерін Кіші Азияға аттандырады. Бұл әскери жорық II Филипптің бүлікшілер қолынан қаза табуына орай



аяқсыз қалады. Македония тағына Филипп патшаның 20 жасар ұлы Александр отырады.

Б.з.б. 334 жылы ұзаққа созылған тыңғылықты дайындықтан соң, македон әскерлері жорыққа аттанады, олардың құрамында грек полистерінің жаяу жауынгерлері де болады. Қуатты әскерге Александр Македонскийдің өзі басшылық жасайды. Ол Геллеспонтты (Дарданеллді) жүзіп өтіп, Парсы жеріне келіп түседі. Александрдың Шығысқа ұлы жорығы басталады. Бұл Ежелгі Грек тарихының жаңа кезеңінің бастауы болды.

Шығысқа жорық жасаған Александр Македонский ұлан-ғайыр аумақты жаулап алып, ежелгі әлемдегі аса ірі монархияны қалыптастырады. Бұл мемлекет б.з.б. 324 жылға дейін өмір сүрді. Александр Македонский түрлі аймақтарды, ірі қалаларды басып алып, жаулап алған жерлерінен тек алым-салық қана алып отырды, олардың ішкі өмірлеріне араласып, үлкен өзгерістер енгізген жоқ.

Александр Македонский Шығысты бағындырған соң, бұл аймақтарға грек және македондық қоныстанушылар ағылды, олар жаңа әлеуметтік қатынастар құрды, қала-полистердің негізін қалады, байланыс жолдарын қалыптастырды және грек әлемінің мәдениетін таратты, Ежелгі Шығыс өркениетінің жетістіктерін қабылдады.

Қалаларда қоғамдық мектептер құрылып, балаларды грек өнеріне баулыды, грек мәдениетінің үлгілері болып саналатын театрлар, стадиондар, ипподромдар салынды. Гректер шығыс мәдениетінің дәстүрлі құндылықтарын қабылдай отырып, өздерінің мәдениеті мен өмір салттарын шығыс өміріне де енгізді. Гректер өздерінің құдайларымен қатар, Исида, Осирис және басқа да шығыстық құдайларды мойындады, оларға арнап ғибадатханалар салды. Кейбір шаһарлар ірі



Александр Македонский



мәдени орталықтарға айналып, грек қалаларымен бәсекелес болды. Александрияда аса ірі кітапхана қоры құрылды, ондағы қолжазбалар саны 700 000-нан көп болды. Сондай-ақ Пергама мен Антиохияда ірі кітапханалар болды.

### Назар аударыңдар!

Александр Македонскийдің империясы әр алуан мемлекеттерден жасанды құралды: оның құрамындағы өлкелердің әлеуметтік-экономикасы, саяси және мәдени қатынастары бір-бірінен үлкен айырмашылықта болды.

Б.з.б. 324 жылы Вавилонға оралған Александр жаңа жорыққа дайындала бастады. Алайда ауыр науқасқа шалдыққан ол б.з.б. 323 жылы маусымда 32 жасында қайтыс болады.

**Эллинизм дәуірі.** Александрдың қазасынан соң, мұрагерлер арасында билікке талас басталады, ұзаққа созылған осы қақтығыстар салдарынан империя күйрейді. Империяның орнына *жаңа патшалықтар* құрылады. Олардың билеушілері Александрдың қолбасшылары болады: Египетте Птолемей, Сирияда Селевк, Македонияда Антипатр. Осындай ірі мемлекеттермен қоса Кіші Азияда Пергам, Понтий патшалығы мен Вифиния бой көтереді, ал Қосөзеннен шығысқа қарай – Парфия және Бактрия мемлекеттері құрылады.

### Есте сақтаңдар

Б.з.б. 323 пен 30 жылдар аралығындағы Шығыс Жерорта мемлекеттері тарихының кезеңі **эллинизм** (эллиндер – гректер өздерін осылай атайды) дәуірі деп аталады.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, «эллинизм» термині, тек гректер мен грек мәдениетінің Шығысқа енуі көптеген қалалар салу арқылы және жергілікті халықты қанаудың гректік формасының таралуын білдіреді.

Кейбір ғалымдар Александрдың жаулап алу кезін, одан кейінгі уақытты дамудың жаңа кезеңінің бастауы деп санайды, оған шығыстық және гректік қанаудың үйлесу ерекшеліктері, яғни жер өңдеуші халықты қанаудың шығыстық формасы мен гректердің қалалардағы қанау формасы тән.

Грекия эллиндік кезеңде бірқатар мемлекеттерді өзінің құрамына қосып алды, осының нәтижесінде жергілікті дәстүрлер грек және македон дәстүрлерімен араласып кетті. Бұл мемлекеттер *шығыстық деспот пен полистік жүйелердің бірігуінің* өзіндік ерекшелігінің көрінісі болды. Мұндай биліктің басында монарх тұрды, оның көлемді жері мен тұрақты әскері және орталықтанған әкімшілік билігі болды. Қалалар өзіне тиесілі селолық аймақтарда өзін-өзі басқару билігін сақтап қалды. Алайда полистың өз бетінше, дербес сыртқы саясат



жүргізу құқығы болмады, ал оның ішкі істері патша тағайындаған шенеуніктің бақылауында болды.

### Назар аударыңдар!

Б.з.б. III–I ғасырларда Шығыс Жерорта теңізіндегі мемлекеттердің әлеуметтік-саяси ерекшеліктері грек және шығыс өркениетінің өзара әрекеті нәтижесінде пайда болды.

**Эллиндік қоғамның саяси өмірі мен құндылықтар жүйесі.** Эллиндік мемлекеттердің ішкі саяси жағдайы тұрақты болған жоқ. Уақыт өте келе бұл мемлекеттерде династиялар арасындағы соғыстар, қала ақсүйектері мен патша әкімшілігі арасындағы жанжалдар көрініс беріп, толық автономия алу үшін таласқан қалалар мен төменгі әлеуметтік таптың салық жүйесіне қарсы шығуы секілді қайшылықтар жиілей бастады. Б.з.б. III ғасырда берік орныққан Рим өркениеті эллиндік әлемді өзіне сіңіріп, оларға қарасты мемлекеттерді бірінен кейін бірін жаулап ала бастағанда, жағдай тым ушығып кетті.

Әлеуметтік және саяси алапат өзгерістер адамның дүниетанымына әсер етпеуі мүмкін емес еді. Адамзат дәуірдің дағдарысы мен өз тағдырының баянсыздығын ерекше сезіне бастады. Осындай тұрақсыз әлемде адамның орнын, оның болмысын анықтауға ұмтылу, философиялық мектептердің пайда болуына әкелді.


### Назар аударыңдар!

Түрлі мектептің философтары (стоиктер, эпикуршылдар, киниктер) қандай жағдайда болмасын ішкі үйлесімді сақтайтын жаңа этникалық қағидалар ойлап табуға ұмтылды.

**Стоиктер** егер адам байлыққа, атаққа және сый-құрметке ұмтылмаса, қайырымдылық жасап, қоғам алдындағы өзінің борышын атқарса онда бақытқа жетеді деп санады.

**Эпикуршылдар** адам өз тағдыры мен ажалы алдындағы қорқынышты жеңе білуі керек. Бақытқа өзін-өзі жетілдіру жолы арқылы жетуге болады, бұл сабырлылық пен жанға тыныштық береді, ол үшін белсенді өмірден бас тарту қажет деп санады. «Елеусіз өмір сүр. Кімнің аз нәрсеге қанағаты болмаса, оған бәрі аз көрінеді», – деп тұжырымдады Эпикур.

**Киниктер** қоғамда белең алған әділетсіздіктерді сынап, кедейлікті насихаттады, өз сөздерін өздерінің өмірлері арқылы дәлелдеді. Полистағы идеалды азамат болып, рухани күшті тұлға, данышпанның бейнесі таныла бастады, ол адамдардың қамқорлығы мен күйзелісін сырттай қарау мүмкіндігіне ие ретінде сипатталды.



Эпикур  
(б.з.б. 342/41–  
271/70)



Эллиндік әлем біртіндеп Рим империясына сіңіп кетті. Б.з.б. 196 жылы Рим гректер арасында әйгілі болған, монархиялық құрылым – ұрандарды жойып, грек полистеріне «бостандық» жариялады. Бұдан кейін римдік гарнизондар эллиндік мемлекеттердің ірі қалаларына шоғырланды. Рим бұл мемлекеттердің шегарасын айқындап, полистердің ішкі істеріне араласты. Полистер одағы таратылды, демократияның орнына олигархия үстемдік құрды. Құлдық қатынастар қанат жайды, құл саудасы өркендеді, басқа елдерден құлдар көптеп тасылды. Б.з.б. 30 жылы рим әскерлері Египетті жаулап алды – бұл өз тәуелсіздігін сақтап қалған соңғы эллиндік мемлекет болатын.

Эллинизм дәуірінде *адамзат тарихында тұңғыш рет* Шығыс пен Батыс арасында тұрақты, берік қатынас орнады. Олар көптеген салаларда көрініс берді: сауда байланысы артты, мемлекеттіліктің жаңа формалары қалыптасты, мәдени өзара ықпалдастық орнады. Эллинизм адамзат тарихында үлкен маңызға ие болды, ғылым мен білім өркендеп, мәдениет дамыды, осы салалардағы жаңалықтар адамзат құндылықтарын арттырды. Эллиндік мәдениет жетістіктерін Византия империясы мен арабтар мұраға қабылдап, кейіннен осы құндылықтар бүкіләлемдік мәдениет жауһарларының алтын қорына енді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Отарланудың Грекияның ішкі өмірі үшін қандай нәтижесі болды?
2. «Полис» ұғымына анықтама беріңдер.
3. Шығыс қауымының Ежелгі Грек қауымынан басты айырмашылығы неде болды, түсіндіріңдер.
4. «Азаматтық қоғам» ұғымының мазмұны неде?
5. Полистің барлық тұрғындары оның азаматтары болды ма?
6. Неліктен грек демократиясын барлығына ортақ демократия емес деп атайды?
7. Шығыстағы құлдар мен Грекиядағы құлдардың айырмашылығы неде болды?
8. Грекия тарихының қай кезеңі эллиндік деп аталады?
9. Эллинизмдік мемлекеттер бекіткен басқару формасын атаңдар.
10. Гректер өздері жаулап алған Шығыс елдерінің өмірлеріне қандай өзгерістер әкелді және өздері Шығыс өркениетінің қандай дәстүрлерін сіңірді?
11. Эллинизм дәуірі кезеңінде қандай философиялық жүйелер пайда болды және эллиндік Грекия философтары өмірдің қандай жаңа идеалдарын ұсынды?
12. Эллинизмдік дәуірдің Батыс пен Шығыс тарихының әрі қарай дамуына қандай маңызы болды?

## §9. ЕЖЕЛГІ РИМ ӨРКЕНИЕТИ

Ежелгі Римнің тарихы 3 кезеңге бөлінеді: патшалық (б.з.б. 753–509 жж.), республикалық (б.з.б. 509–27 жж.), императорлық (б.з.б. 27 ж. – б.з. 476 ж.).

**Ежелгі Рим қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымы.** Қаладағы қауымдар Римнің ежелгі тұрғындарынан құралды, олар патрицийлер



деп аталды. Отбасының басындағы әке «патер» деп аталып – оның билігі шексіз болды. Ол өзінің отбасы мүшелерін сатуға, құлдыққа беруге, тіпті жазаға тартуға құқылы еді. Жер барлық қауымның ортақ меншігіне айналды. Жекелеген отбасылардың аздаған жері (бау-бақшасы) бар мекенжайы болды.

Бірнеше патрицийлік отбасылар қауым атанды. 10 қауым *курияны* құраса, 10 *курия трибаны* құрады. Барлығы үш триба болды. Патрицийлік тұқымдардың ақсақалдары сенат немесе ақсақалдар кеңесінен тұрды, оның құрамында 300 адам болды. Барлық ер-азаматтар курияның жиналысына қатысты, онда: көсемді сайлау, соғыс жариялау, бейбіт келісімге келу секілді маңызды сұрақтар шешілетін. Б.з.б. 753 жылы құрылған мемлекеттің басында тайпа көсемі немесе патша болды. Ол әскерге қолбасшылық етті, Жоғарғы сот және абыз саналды.

Патрицийлік туыстар қауымына кірмейтін Рим тұрғындары **плебей** деп аталды. Бұлар Римге қосылған немесе оған бағынышты тайпалардың өкілдері болды. Плебейлер азат саналды, бірақ азаматтық құқықтары болмады: олар халық жиналыстарына қатыспады, әскери қызметке алынбады, патрицийлердің діни жөн-жоралғыларына жіберілмеді; олардың патрицийлермен құрған некелері заңсыз болып саналды. Плебейдің қауымның жерін пайдалануға құқығы болмады.

Құқықтарының болмауы плебейлердің өмірлерін қиындатты, әсіресе дәулеттілеріне қиын соқты. Ал плебей кедейлерінің жағдайлары ауыр, жері аз әрі қарыздан көз ашпады. Мерзімінде қарызын қайтармаған борышкерді, қарыз беруші тұтқындап, өз үйінде 60 күн бойы бұғауда ұстауға құқылы еді. Егер бұл жағдайдан кейін де қарыз қайтарылмаса, борышкерді басқа аймаққа құлдыққа сатып жіберуге болатын.

Деректер бойынша Римнің патшалық кезеңінде жеті патша билік құрған. Оның алғашқысы Римнің негізін қалаған Ромул болды. Патшалар кезінде плебейлердің қарыздық құлдыққа қарсы және азаматтық құқық пен жер үшін күресі басталады. Б.з.б. VI ғасырда Сервий Тулий патша плебейлер үшін маңызды реформа жасады: олар әскери қызметке алынды және бірқатар саяси құқықтар иеленді.

### Бүгінгі сабақта:

- Ежелгі Рим қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымы; Республикалық Рим; ағайынды Гракхтар реформасы; Рим империясы; Батыс Рим империясындағы дағдарыс пен оның құлауы туралы оқимыз.

### Кілт сөздер:

патрицийлер, курийлер, трибтар, сенат, плебейлер, патша, пролетарийлер, центурийлер, консул, халық трибуны, вето, Сенат, республика, нобилитет, цезаризм, принцепс, империя, өкілдер, варварлар



## Назар аударыңдар!

Сервий Тулий Римнің барлық тұрғындарын (патрицийлерді де, плебейлерді де) бес мүлкілік бөлініске бөлді. Бұл бөлініс кластар деп аталды. Бес кластың ешқайсысына еңбеген азаматтар, пролетарийлар («мүлкі жоқтар») деп аталды. Әрбір тап белгілі бір мөлшердегі әскер шығаруға, ал дәулеттілер одан да көп әскер шығаруға тиіс болды.

Осыған орай жауынгерлер жиналысында жүздіктер (центурия) бойынша байлар басым дауысқа ие болды.

**Республикалық Рим.** Жетінші патша Тарквиний Горд билік құрғанда патша билігі құлады. Ол зорлық-зомбылық пен жазалау арқылы патрицийлердің қарсылығын туғызады, б.з.б. 509 жылы олар көтеріліске шығып, патшаны тақтан тайдырады.

Тарквинийді қуып жіберген соң, мемлекетті басқаруды патрицийлер өз қолдарына алады. Жоғарғы билік *Халық кеңесіне* тиесілі болды, оның құрамына азаматтар мен жоғарғы лауазымға сайланған тұлғалар енді. Жыл сайын Халық кеңесіне патрицийлерден біржылдық мерзімге екі консул тағайындалды, олар жоғарғы азаматтық және әскери билікке ие болды, әскер қатарына қабылдаулар жүргізді және жаңа заңдар ұсынды.

Патрицийлер мен плебейлер арасында күрес жүріп жатқан уақыттың өзінде, плебейлер өздерінің жиналыстарында лауазымды тұлға – *халық трибунын* сайлау құқығына қол жеткізген болатын. Трибунда *вето* (лат. – тыйым саламын) құқығы болды, оның консулдың жарлығына, Кеңестің шешіміне, дауыс беру заңына тыйым салу құқығы болды.



Римдегі Колизей



Трибун мәртебесі ерекше жоғары болды, оны өлтіру аса ауыр қылмыс болып саналды. Плебейлер патрицийлермен теңескен құқықтарға қол жеткізген соң да, халық трибунын сайлауды жалғастыра берді, енді ол плебей жиналыстарында емес, Халық кеңесінде өтті.

Плебейлер мен патрицийлер арасындағы күрес барысында **сенат** тәртібіне толықтырулар енді. Оған енді бұрынғы консулдар, халық трибундары және өзге де лауазымды тұлғалар сайлаусыз мүше болды. Олардың барлығы өмірлерінің соңына дейін сенат мүшесі болды. Сенатқа 300 адам мүше болды. Сенат шексіз билікке ие болды: қазына істерін жүргізді, әскер енгізу жоспарын дайындады, басқа мемлекеттермен келіссөздер жүргізді.

### Есте сақтаңдар

Мұндай басқаруды римдіктер **республика** (лат. – қоғамдық іс) деп атады.

Республикаға өту патрицийлердің билігін нығайтты. Плебейлер Римнің толыққанды мүшелеріне айналды. Б.з.б. 326 жылы борыштық құлдыққа тыйым салу плебейлер үшін аса маңызды болды.

### Есте сақтаңдар

Римдегі билік іс жүзінде бай патриций мен плебей отбасылары тобында, неке арқасында патрицийлермен теңескен – нобилитеттерде (лат. – ақсүйек) болды. Нобилдер консул сайлауында, сенат пен Халық кеңесінде бір-бірін қолдап отырды.

**Ағайынды Гракхтар реформасы.** Б.з.б. III–II ғасырлардағы Римнің Жерорта теңізіндегі жаулау жорықтары Италиядағы жер өңдеу шаруашылығының күйзелісіне әкелді. Легионерлердің ұзақ уақыт жорықта жүруі, олардың шаруашылықтарының толық қирауына себеп болды. Шаруашылықтарын қайта қалпына келтіруге мүмкіндігі болмаған олар, оны бай көршілеріне төмен бағаға сатты. Кейде көршілер жер өңдеушілердің жерін күшпен тартып алып отырды. Жерінен айырылған мыңдаған кедейлер Римге жиналып, кездейсоқ табыстармен күнелтті.

### Есте сақтаңдар

Жер өңдеушілердің күйзеліске түсуі Римнің әскери қуатын кемітті: әскерге мүлкі жоқтарды алмады. Римде кедейлердің қалың тобының шоғырлануы, билікке қауіп төндірді.

Қалыптасқан жағдайға орай жекелеген Рим ақсүйектері кедейленген шаруаларға жер таратуға шешім қабылдайды, осы арқылы шағын шаруашылықтарды сақтап, мемлекет пен әскерді нығайтуды көздейді. Алайда бұл мемлекет жерін заңсыз басып алған ірі мүлік иелерінен тартып алу арқылы ғана жүзеге асатын еді. Жер реформасы үшін күресті



ағайынды Тиберий мен Гай Гракхтар басқарды. Ағайындылардың үлкені Тиберийді б.з.б. 133 жылы халық трибуны етіп сайлайды.

### Назар аударыңдар!

Қызметіне кіріскен Тиберий Халық кеңесіне өз заң жобасын ұсынады. Ол бойынша қоғамдық жер иелерінің 1000 югерден (250 га) артық жер иеленуге құқығы болмады. Осы арқылы жерді босатқан Тиберий жерді шағын бөлікке 30 югерден бөліп, оны кедей азаматтарға сату құқығынсыз, мұрагерлікпен жалға беру ұсынылды. Халық кеңесі кедейлерге жерді беру туралы заңды қабылдады. Жерді бөлу басталды.

Бұған нобилдер келіспей, қарсылық танытты. Б.з.б. 132 жылы олар сойылдармен қаруланған қызметшілерін ертіп, Халық кеңесінің жиналысы өтіп жатқан алаңға келеді, ол жерде Тиберий Гракх сөйлеп жатқан болатын. Қиян-кескі ұрыс басталып, сенаттың қарулы жасағы Гракхтың жақтастарын талқандап тастады. 400 адам қаза табады, оның ішінде Тиберий де болды.

Алайда жер реформасы жалғаса берді, оның маңыздылығын көпшілік түсінген болатын. Қаза болған Тиберийдің кіші бауыры Гай аграрлық өзгерістер күресіне жетекшілік етті. Б.з.б. 123–122 жылдары ол халық трибуны бола отырып, Тиберийдің аграрлық заңын қайта қалпына келтіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар маңызды шараларды да жүзеге асырды. Мыңдаған жер игерушілер жер теліміне ие болды. Сенат пен нобилдер Гайды ұнатпады. Сенат Римге қарулы әскер кіргізді. Қақтығыс кезінде Гай аяғының буынын шығарып алады, жауларына берілгісі келмеген ол, құлына өзін өлтіруді бұйырады. Гайдың 3 мыңға жуық жақтастары жазаға тартылады.

Жалпы, аграрлық реформа жүргізілген уақыт ішінде 80 мыңға жуық адам жер теліміне ие болды.

### Есте сақтаңдар

Гай Гракхтың қазасынан кейін азаматтарға жер беру тоқтатылды, ал таратылған жерлерді сатуға рұқсат берілді. Шаруалар тағы да жерсіз қалды.

**Рим империясы.** Рим аумағының ұлғаюы, жан-жақтан жеткізілетін құлдар санының артуы, қалаларда кедейлердің көбеюі құлиеленушілік құрылымды нығайтуды талап етті. Жыл сайын ауысатын консулдар мен олардың көмекшілері алып мемлекеттегі басқару ісін күрделі жағдайда атқарып отырды, ондағы құлиеленушілер мен құлдар арасындағы жанкешті күрес және кедейлер мен нобилиттер арасында болатын тартыстар қосымша қиындықтар тудырды.



### Назар аударыңдар!

Римдегі тұрақсыз саяси жағдай мен әлеуметтік шиеленістер, құлиеленушілік тәртіпті сақтайтын жалғыз күш әскер мен оның даңқты қолбасшылары ғана екенін нақты дәлелдеді.

Б.з.б. 50-жылдары әсіресе қолбасшы Гней Помпей мен бұрынғы консул, қолбасшы Гай Юлий Цезарьдың ықпалы ерекше жоғары болды. Олардың арасында билікке талас үшін соғыс болып, бұл шайқаста Цезарь жеңіске жетеді.

### Есте сақтаңдар

Б.з.б. 44 жылы Сенат Цезарьды диктатор деп жариялайды, ол шексіз билікке ие билеуші болды әрі өзінің әрекеттері үшін ешкімге есеп бермеді.

«Император» (жарылқаушы) титулы жоғарғы әскери билікті білдірді. Цезарьдың кезінде Халық кеңесі саяси маңызын жоғалтты. Ол Рим державасының жеке-дара билеушісіне айналды.

### Назар аударыңдар!

Әскерге сүйенген Цезарь халықтың түрлі топтарының мүддесін көздеген бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Ол нобилитетті мемлекет басқаруға тартты. Іскер топтар оның экономикалық өмірді жандандыруға және провинциялардағы билеушілердің шексіз әрекеттерін шектеуге бағытталған әрекеттерін қолдады. **Плебс** «Нан және қызықты көрініс!» принциптеріне негізделген аса ауқымды көріністер мен сыйлықтарға риза болды. Цезарь ардагерлерді жермен қамтамасыз етті, оның орнын әскери олжалармен жауып отырды. Өзінің билігінің әлеуметтік негізін нығайту үшін ол Сицилия, Цизальпілік Галлияны, испан қаласы Гадестің тұрғындарына Римнің азаматтық құқығын аямай таратты.



Гай Юлий Цезарь  
(б.з.б. 100–44 жж.)

### Есте сақтаңдар

Аса құдіретті диктатор әлеуметтік топтар арасында ауытқымалы болды, бұл, шынымен де, **цезаризм** саясатының нақты көрінісі болды.

Сонымен қатар Цезарь плебстерге демагогикалық жарамсақтанудан бас тартты. Мемлекеттен азық алатын адамдар қатары екі есеге азайды: қалалық кедейлердің өзіндік саяси клубына айналған кварталдық ұйымдар таратылды.



**Есте сақтаңдар**

Цезарьдың жүргізген саясаты құлиеленушілік мемлекетті нығайтуға бағытталды.

Алайда тұтас мемлекет пен халықты өз бетінше билеуге үйренген нобилитет, өзінің ерекше жағдайының жойылуына және сонымен бірге атақ-абыройы мен табысынан айырылуға көндіге алмады. *Республикалық бағыттағы ақсүйектердің өкілдері мен Римнің түрлі топтарынан құралған халық* Цезарьдың монархияға ұмтылуына алаңдады. Б.з.б. 44 жылдың 15 наурызында Цезарьға қастандық жасалып, ол өлтіріледі. Диктатордың өлімі республиканы қалпына келтіре алмады.

Цезарьдың өлімінен соң билік үшін жаңа күрес басталды. Бұл тартыста Цезарьдың немере інісі Октавиан жеңіске жетіп, б.з.б. 30 жылдан б.з.б. 27 жылға дейін Римнің жеке-дара билеушісі болды. Октавиан сенаторлар тізімінде алғашқы – принцепс болып жарияланды. Ол императорлықпен қоса, Римдегі барлық легиондарға қолбасшылық ететін жалғыз консул әрі жоғарғы абыз болды. Сенат Октавианға Август құрметті атағын берді, бұл «қасиетті» немесе «игілік беруші» деген мағынаны білдірді. Октавиан Август кезеңінен бастап Рим мемлекеті *империя* деп аталды.

**Есте сақтаңдар**

Октавианның жеңісі азаматтық соғыстардың аяқталғанын және Рим тарихының жаңа кезеңі – империя дәуірінің басталғанын білдірді.

I–II ғасырларда Рим империясы құдіретті болды. Тиберий, Калигула, Клавдий және Нерон императорлары басқарған кезде жеке-дара билік нығайды, олар әскерге сүйеніп, халық кеңесін шақыруды тоқтатты, «империяның жауларына» қарсы кек алулар орын алды, империяның аумағын одан әрі кеңейту жүзеге асты.

Император Траян (98–117) билік жүргізген кезде, жалған жазамен жазалау тоқтатылды, аймақтардағы билеушілерге бақылау орнату арқасында ондағы жағдайлар жақсарды, империя аумағының шегарасы ұлан-ғайыр кеңіді.

**Батыс Рим империясындағы дағдарыс және оның құлдырауы.** Б.з.б. III ғасырда империя дағдарысты бастан кешірді. Кезінде өркендеп, дамыған қалалар қаңырап бос қалды және мемлекетке алым-салық төлей алмады. Аймақтармен байланыстар бұзылды, олар экономикалық тұрғыдан бөлектене бастады. Қолөнер саласы дағдарысқа ұшырады, сауда-саттық азайды, қаржылық жүйе бұзылды. Салықтар мен ең-





Карл Теодор фон Пилоти «Цезарьға қастандық». 1865 ж.

бекақы зат түрінде төлене бастады. Мәдениет тоқырауға ұшырай бастады.

Рим біртіндеп орталық мәртебесінен айырыла бастады, 330 жылы император Константин империяның жаңа астанасы етіп Константинопольды (гректердің отары Византияның орнына) жариялады. 395 жылы империя ыдырап, Шығыс және Батыс бөліктерге бөлініп кетті.

III ғасырдан бастап варварлардың шабуылына ұшырады. Германдықтар, готтар және өзге де тайпалар Рим легиондарын қыспаққа алды (олар, негізінен, жалдамалылардан құралды), ақыр соңында Рим оңай олжаға айналды: 410 жылы оны готтар басып алып, тонауға ұшыратса, 455 жылы герман тайпалары-вандалдар басып алды, ал 476 жылы Рим қолбасшысы әрі герман жалдамалыларының көсемі Одоакр Римнің соңғы императоры Ромул Августулды тақтан тайдырады.

Батыс Рим империясы өзінің өмір сүруін тоқтатып, бірнеше мемлекеттерге бөлініп кетеді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Рим қоғамының негізгі әлеуметтік топтарын атаңдар.
2. Рим Республикасындағы билік құрылымы қандай болды?
3. «Цезаризм» дегеніміз не?
4. Цезарьдың өліміне не себеп болды?
5. Рим империясының күдіреті неде болды?
6. Рим империясында дағдарыстың пайда болуының себептерін атаңдар.



## § 10. АФРИКА ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

- Бушмендер, Нубия, Гана, Мали, Сонгай дәстүрлі өркениетімен танысамыз.

### Кілт сөздер:

тайпа, отарлаушылар, христиандық, исламдық, мәдениет

**Бушмендер.** Африканың оңтүстігінің жергілікті тұрғындары болып ежелден бушмендер саналады. Олар шебер аңшылар, терімшілер, көшпелілер, керемет ізшілер, бишілер, суретшілер, жылан мен жәндіктер, өсімдіктер әлемінің нағыз білгірлері болды. Африкада табиғатты тану жөнінде олармен ешкім де таласа алмайды.

### Назар аударыңдар!

**Бушмен** – оңтүстікафрикалық бірнеше тайпаның жалпы атауы. Жаңаша деректер бойынша, олар адамзаттың алғашқы өкілдері болып саналады.

Бұл жерге алғашқы еуропалық адамдардың табаны тигенше бушмендер жабайылық жағдайында өмір сүрген. Олар лашықтарда немесе бұталар мен шөптердің астында тіршілік еткен. Осы өмір салтына орай олар «бушмен» деп аталды, бұл ағылшын тілінен аударғанда *бұта арасындағы адам, бұтақтағы адам* (ағылш. bush – *бұтақ, бұта өсетін жер*) деген мағынаны береді. Ал бушмендердің өз арасында жалпы атауы жоқ, олар өздерін белгілі бір тайпаға қатысты атайды.

### Назар аударыңдар!

Бушмендерде ешқашан да патша, көсем, сот пен абыз болған емес. Олар өз тарихында қоғамның арқасында күн көретін биліктің бюрократиялық аппараты мен дін дегенді білмеген. Мұның себебі аптап шөлде азық іздеп ылғи да жылжып отырған тайпаның өмір сүру салтында жатыр.

Оларда көсемдерді ақылды және тәжірибелі жасы үлкендер ру ішінен таңдап алған. Осыған қарамастан олар ешқандай материалдық артықшылыққа ие болмаған. Тайпаның өміріне қатысты барлық шешімдер жалпы басқосуда, болмаса, дауыс арқылы қабылданған. Осы шара өткенде тайпаның әрбір мүшесі бір дауысқа ие болған. Олар әлі күнге дейін тайпалық немесе отбасылық демократияда өмір сүріп келеді. Бұл адамзат тарихындағы ең ежелгі демократия екені даусыз.

Бушмендер тайпасы ертеректе Африканың Оңтүстік-Батысындағы Намибия шөлінің басым бөлігін мекен еткен. Шамамен бір жарым мың жыл бұрын олар солтүстіктен келген малшаруашылығымен айналысатын банту халқымен қақтығысқа түсті. Осының салдарынан жергілікті тұрғындар өздерінің аңшылықпен айналысатын жерлерінен айырылып, Калахаридің аптап шөліне ығысты.



Еуропалықтар Оңтүстік Африкаға келе бастаған XVII ғасырдың ортасында бушмендер тас дәуіріндегі секілді жағдайда өмір сүрген. Жергілікті тұрғындар отарлаушыларды аса жақтыра қойған жоқ. Өйткені оларда өз аймақтарында тіршілік еткендердің барлығына бәрі ортақ, тиесілі деген түсінік қалыптасқан. Сол себепті олар жабайы жануарларға да, қараусыз қалса, көршілерінің малдарына да шабуыл жасаған. Осыған орай бушмендер африкалық көршілерімен де, өздерінің жеріне қоныстанған отарлаушылармен де сыйыса алмады. Мұндай қатынасқа төзбеген отарлаушылар бушмендерге қарсы аяусыз соғыс ашып, оларды біртіндеп жоя бастады. Бушмендер қарсылық көрсеткілері келгенімен, шамалары жетпей, аяусыз қырғынға ұшырады. Осы қырғынның нәтижесінде миллиондаған халықтан, кейбір деректер бойынша 100 немесе 50 мың, тіпті 7 мыңға дейін ғана адам қалған.

**Нубия.** Нубия – Ніл аңғарындағы тарихи аймақ. Бұл атау көне египеттік «nub» деген сөзден шығуы мүмкін, ол *алтын* деген мағына береді. VI ғасырда христиандық қабылданғаннан кейін Нубия шіркеуі Египеттің мәдени және діни ықпалына түсе бастады. Нубия орта ғасырлардың соңына дейін ғана христиан аймағы ретінде саналды. VII–XIV ғасырларда мұнда бірнеше нубилік христиан мемлекеттері болған. Кейіннен бұл жерлерге ислам діні таралып, араб тайпалары біртіндеп қоныстана бастады. Нубия құлдар мен табиғи байлықтардың (алтын мен піл сүйектерінің) орталығы ретінде аты шықты.



Бушмен аңшыларының олжасы (С. Ястржембскийдің фотосы)





Нубия пирамидалары

Нубияға исламның қанат жаюының басты себебі: X ғасырдан бастап елдің солтүстігіндегі құнарлы жерлерді египеттік арабтардың сатып ала бастауы еді. Бұл, ең соңында, осы жерлердің орталық биліктен қол үзуіне әкелді. Біртіндеп араб мұсылман қоныстары оңтүстікке қарай созыла бастады. Жергілікті тұрғындар арасында аралас неке көбейді де, соңында мұсылмандар басымдыққа ие болып, ислам аймақтағы негізгі дінге айналды. Нубиядағы ең ірі патшалық Макурияның билеушісі 1323 жылы ислам дінін қабылдайды. Халық өз билеушісінің таңдауын қолдайды. XVI ғасырдың басында Нубия толығымен ислам билеушілерінің бақылауына өтті. Осылай ежелгі патшалық араб және ислам әлемінің бөлінбес бір бөлшегіне айналды.

**Гана.** Біздің заманымыздың 1-мыңжылдығында Батыс Африка алғашқы қауымдық құрылыстан өтіп, аймақтағы көптеген халықтарда жоғарғы деңгейдегі қоғамдық құрылыс формасы қалыптасты. Адамзат қоғамы темірді танып, оны қорытып, пайдалана бастағаннан-ақ жаңа кезеңге қадам басты.

### Есте сақтаңдар

Батыс Африка аймағындағы ең ежелгі мемлекеттік құрылым Гана мемлекеті болды. VIII ғасырдағы араб деректерінде ол «Алтын мемлекеті» деген атпен кездеседі.

IX–X ғасырларда Гана қарқынды дами түсіп, алғашқы таптық қоғамда мемлекеттіліктің дамуы айтарлықтай алға жылжыды. Бұл кезеңде Гана Атлантикалық жағалаудан Оңтүстік Мавританияға қарасты Сахараға дейінгі жерді қамтыған болатын. Берберлік лемтун тайпаларының көсемдері оларға алым-салық төлеп тұрған. Алайда мұндай ауқымды аймақты бағындыру, көбінесе шартты түрдегі сипатқа



ие еді, ол салықтың уақытылы төленбеуіне немесе жеке мүддеге байланысты ауысып отыратын.

Әлеуметтік-экономикалық жіктелу жүріп, халықты билейтін басқарушы топ пайда болып, мемлекеттік институттар мен билік органдары құрылды. Алайда олардың ықпалы шектеулі жерлерге ғана тарады. Өйткені бұл жерлерде билеуші династия мен ақсүйектердің де билігі жүрді. Арабтық автор әл-Бәкір Гана патшалығының астанасын былай бейнелейді: «Патшаның қаласы әл-Ғаба деп аталады. Ол құрылыстары тастар мен акация ағашынан жасалып, үздіксіз жалғасқан тұрғын үйлер кешенінен тұрады. Патшада сарай мен күмбезді жаппа бар, барлығы әйнек тектес қоршаумен қоршалған».

Гана – монархиялы басқарудағы мемлекет. Патша алым-салық және өзіне бағынышты көптеген тайпалардан кедендік салық алды. Сонымен қоса Гана билеушілері алтын өндіретін кен орындарына ертерек бақылау орнатып, оның пайдасын өздері көретін.

### Назар аударыңдар!

*Мемлекеттің негізгі қызметтерінің бірі Африканың өз ішіндегі сауда мен сахарааралық байланыстарды қамтамасыз ету болатын.*

Әсіресе алтын мен құлдарды Солтүстік африкадан жеткізілетін тұз бен қолөнер бұйымдарына айырбас жасау жолға қойылды. Құрылыс қанат жайды, сауда жолдары мен базарларды күтіп ұстауға көңіл бөлінді, сондай-ақ осы табысты салаларға билеуші ақсүйектер тарапынан жеке-дара бақылау орнатылды. Сыртқы саудада арабтар, берберлер, еврейлер секілді өзге этникалық саудагерлер үлкен күшке ие болды. Бірақ олар елдің ішкі экономикалық және әлеуметтік жағдайына айтарлықтай ықпалын тигізбеді және өз мүдделеріне орай қатынастар жүргізбеді. Ганада патриархалдық-туыстық қатынастардың көптеген сарқыншақтары сақталып әрі таптық жіктелу дәстүрі жойылмаған еді. IX ғасырдан бастап Гана өзінің солтүстік шегарасында көшіп-қонып жүрген бербер тайпаларымен соғысуға мәжбүр болды, өйткені олар тұз кен орындарына бақылау орнатып, Марокко – Аудагост – Гана транссахаралық сауда жолын өз қолдарына алуға әрекет етіп жүрген болатын. Алайда Гана үшін Альморавид мемлекеті үлкен қатерді төндіріп тұрған еді. 1054 жылы альморавидтер Аудагост сауда орталығын өз қарамағына алды. Олар исламды қабылдаған жақтастарының қолдауымен және Гананың көршілерінің көмегімен Гана мемлекетін бағындыруға бет алады. Кескілескен соғыс болып, Гана он жыл бойы қарсыласады, ақыры 1076 жылы альморавидтер оның астанасын басып алады. Гана халқы альморавидтерге алым-салық төлеуге мәжбүр болады. Мемлекет ең бай аймақтарынан айырылады және бұған дейін саудагерлер мен бірқатар ақсүйектер арасында ғана таралған ислам



дінін Гана билеушілері қабылдауға мәжбүр болады. Альморавидтердің билік құруы бар-жоғы 11 жылға созылады да, Гана қайтадан дербестігін алады. Бірақ оның күдіреті бұрынғыдай салтанат құра алмады. Альморавидтер мемлекетінің жаулап алуы тайпалар мен династиялар арасындағы алауыздықты күшейтіп, олардың жеке билікке ұмтылуына ықпал етті. Нәтижесінде бірқатар провинциялар бөлініп кетті. XIII ғасырдың басында тәуелсіз сосо тайпасы Гананың астанасын жаулап алады. Бұдан кейінгі жылдары Мали билеушісі даңқты Сундиат Кейт Гананы жаулап алып, өзінің империясына бағынышты етеді.

**Мали мемлекеті.** XI ғасырдың өзінде-ақ Нигер және Бакой өзендерінің аралығында шағын ғана тайпалық Мали князьдігі құрылды. Кейіннен Гананың билігіне бағынышты болды. Көршілерімен болған соғыстарда шыңдалған әскербасылары өз биліктерінің этникалық және саяси негізін қалайды және алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, саудаға үстемдіктерін орнатты. Өздеріне қарасты аумақты кеңейтіп, мемлекеттік ұйымдарын күшейтеді. Осы істердің басында Мали мемлекетінің іргесін қалаушы даңқты билеуші – Сундиат тұрды. Ол 1235 жылы Крина елді мекені маңында болған шайқаста, Сосо көсемін және Гана билеушісін өлтіріп, астанасын талқандап, өзінің жаңа ордасын тікті. Ол өзінің патшалығына бәрінің басын қосып, ежелгі Гананың аумағындай аса ірі мемлекеттің негізін қалады.

Жаңа мемлекет үшін бұрыннан алтын өндіріп отырған кен орындары мен қиыр түпкірдегі жаңа алтын кендерін өз қарамағына алу аса маңызды болды. Осының нәтижесінде алтын өндіру көлемін бірден ұлғайтты. Сундиат кезінде мемлекеттік ұйымдардың тәртібі жолға қойылды, салық жүйесі мен оларды жинау жетілдірілді. Оның бұйрығымен ормандар оталып, егістік жерлер ұлғайтылды, жерді өңдеудің жаңа әдістері енгізілді және бұрын белгісіз болып келген мақта өндірісі қолға алынды. Патша қолөнердің дамуына да ерекше көңіл бөлді. Оның ізбасарлары да жаулап алу жорықтарын жалғастырып, мемлекет аумағын ұлғайтып отырды.

### Назар аударыңдар!

Мұса мансаның кезінде Гао, Томбукту және Дженне қалалары тек қана сауда және қолөнер орталығы ғана болып қойған жоқ, мұсылман ғылымының да орталығына айналды. Гаодағы үлкен мешіт және Томбуктудағы салтанатты безендірілген сарай андалуздық сәулетші әс-Сахилидің ғажайып туындылары болды. Сәулетшімен манса Мұса Меккедегі қажылық кезінде танысқан еді. Мұса мансаның кезінде ислам діні ерекше өркендеп, мемлекеттегі жоғарғы билік пен маңызды мәдени білім орталықтары кең қолданысқа ие болды.

Ал ең зор атаққа 1307–1332 жылдар аралығында патшалық құрған манса (патша) Мұса ие болды. Оның билігі кезінде Мали өте үлкен аумақты қамтып, аса қуатты күшке айналды және өз мәдениетінің



шыңына жетті. Мали Египет мен Арабия түбегінің билеушілерімен бейбіт қатынас ұстанды. Мали патшалығының байлығы мен құдіреттілігі туралы даңқ, тіпті Еуропаға дейін жетті. XIV ғасырдағы географиялық карталардың деректерінде «Мали королінің» меншігі туралы жиі қайталанады.

Алайда Мали мемлекеті негізі берік емес көптеген ерте таптық қоғамдағы мемлекеттік бірлестіктер секілді жауынгер көшпелілер мен көршілес тайпалар шабуылының салдарынан әлсіреп, біртіндеп ыдырай бастады.

**Сонгай.** Сонгай мемлекеті XV ғасырдың басында құрылып, Әли соннидің (билеушінің титулы) басқаруында біршама жетістіктерге жетті. 1464–1492 жылдар аралығында билік жүргізген Әли билеуші «ұлы» деген атақты иеленеді. Ол 1468 жылы Томбуктуды басып алып, туарег пен моси тайпаларының шабуылын тойтарады.

Осы жылдары Мали мұрасы үшін кескілескен шайқастар жүрді. Сонгай билеушісі осы үздіксіз соғыстарда өзінің үстемдігін көрсетіп, билігін қалыптастырды. Әли Сонни өте дарынды қолбасшы болатын. Ол сонгайлықтардың барлық ішкі әскери күшін әрі шаруалардан жасақталған жасақтарды пайдалана отырып, қуатты империя құрады. Сондай-ақ оның кезінде ішкі басқару реттеліп, орталықтандыру күшейтілді. Женьді жаулап алу арқылы Сонгай билеушісі Піл Сүйегі жағалауы мен Жоғарғы Вольта аймақтарындағы алтын кен орындары шығатын аймақтарды, қазіргі Гананы өзіне қаратып, бақылауын орнатты.

Мемлекеттің нығаюы, негізінен, 1493–1528 жылдар аралығында билік құрған I Мұхаммед кезінде арта түсті.

Орталық билік бірыңғай шаралар мен салық жүйелерін енгізіп, сауда мен қолөнерді өркендетті және оларға үлкен артықшылықтар берді, жаңа ауылшаруашылық дақылдарын енгізіп, жер өңдеудің әдістерін дамытты (Нигердегі жер суландыру каналдары, Туат жазирасындағы еврей бақташыларын қоныстандыру). Қоғамдық құрылымның негізі ауылдардағы қауымдар мен еркін халыққа салық салу және құлдардың еңбегі арқасында іске асты. Басыбайлы құлдар патша әулеті мен шенеуніктері, дінбасылары сарай адамдарының жерлеріндегі арнайы орындарда өмір сүрді.

Ол жетілдірілген орталық басқаруды мақсат етті. XVI ғасырда Сонгай мемлекеті дамып, өз шегарасын батысқа қарай – Сахара-Анра шегарасына дейін, ал солтүстік-шығыста – Борнудың батыс қиырына дейін соза бастады. Содан бастап Сонгай билеушілері тұз бен мыстың мол өндірісін өз иеліктеріне алды.

Сонгайдың әскери жетістікке жетуіне I Мұхаммедтің осы салада жүргізген маңызды өзгерістері негіз болды. Ол халық жасақтарының орнына құлдар мен әскери жауынгерлерден жасақталған тұрақты әскер құрды. Мемлекеттің барлық аймағында мықты гарнизондар



құрылды, жаңа шегаралық бекіністер салынды, елдің шетінде қорғаныс күшейтілді. Әскер елдің ішкі тәртібіне де жауапты болды. Тіпті Нигерде сонгай флоты құрылды.

I Мұхаммед мәдениеттің дамуын қолдады. Діни мектептер көптеп ашылып, ислам діні қанат жайды. Ел астанасындағы жоғары оқу орындарында Құран оқу және діни ілімдермен қоса әдебиет, тарих, жағрафия, математика және астраномия (жеті еркін өнер) пәндерін оқытуға көңіл бөлінді. Осы кезеңде көптеген ғылыми еңбектер, тарихи жылнамалар және әртүрлі тақырыптарға арналған қолжазбалар жазылды, өкінішке орай олардың басым бөлігі XVI ғасырдың соңында мароккалықтардың шапқыншылығы кезінде жойылып кетті. I Мұхаммед мұсылман дінінің басшыларына ерекше қолдау көрсетіп, ислам дінін мемлекеттің қуаттылығын арттыруға бағыттады. Ислам идеологиясы мен оның қағидаттары негізінде құрылған заң шығару жүйесі бұған дейін қалыптасқан ескі таптық қоғамның жойылуында маңызды рөл атқарды.

Ислам дінін қабылдаған ел билеуші ақсүйектер Құран көрсеткен құндылықтарды бойына сіңіріп, елді де осы бағытта басқаруға көшті.

XVI ғасырдың екінші жартысында Сонгайда өзара қырқыс пен династиялық бөлінулер және бағыныштылардың қарсылығы жиі болып тұрды. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттің әлсіреуіне әкелді. Сонымен қоса XVI ғасырдың соңында Сонгай мароккалықтардың экспансиясына ұшырай бастады. 1584 және 1591 жылдары мароккалықтар Сонгайдың бірқатар қалаларына шабуыл жасады.

Біраз уақыттан кейін билік басына келген Нұх, мароккалық әскерлерді әлсіретеді, тіпті кейбір бөлімшелерін жойып та жібереді.

Сонгайлықтар жеңіске жеткенімен, баяғы құдіретті кезіндегідей дәрежеге жете алған жоқ. Сонгайға амалсыз бағынып тұрған көптеген тайпалар мен мемлекеттік бірлестіктер осы жағдайды пайдаланып, өз алдарына жеке бөлініп кетті.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Неліктен Африканың оңтүстігіндегі жергілікті халық «бушмендер» деп аталды?
2. Бушмендердің өмір салттары мен әлеуметтік қатынастары туралы не білесіңдер?
3. Бушмендердің көрші тайпалармен және еуропалықтармен келіспеушіліктерінің себебін айтыңдар.
4. Нубияда қандай діни сенім кең таралды?
5. Нубияда ислам діні қашан таралды, оның нәтижелері туралы не білесіңдер?
6. IX–XIII ғасырлардағы Гананың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы қандай болды?
7. Мали мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси жағдайы қандай болды?
8. Сонгай мемлекетін Сонни Өли мен I Мұхаммед басқарған кезеңдердегі саяси-экономикалық және саяси дамуы қалай болды?
9. Сонгай мемлекетіне ислам дінінің таралуы мен өркендеуінің себебі неде?



## § 11–12. АМЕРИКА, АУСТРАЛИЯ ЖӘНЕ МҰХИТ АРАЛДАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТ

**Америка өркениеті.** Америка материгіне ең алғашқы адамдар 30 мың жыл бұрын Азиядан қос құрлықты жалғап жатқан шағын мүйіс арқылы өтіп келген. Кейіннен осы мүйісті мұхит суы басып қалып, Америкаға келген тайпалар басқа әлемнен бөлініп қалады. Осындағы бос жатқан кең далаға қоныстанған олардың ұрпақтары кейіннен үндіс деген атауға ие болды, өз мемлекетін және ерекше мәдениет қалыптастырды.

Америка халықтарының ішінде *майялықтар, инктер, ацтектер* ерекше өркениет қалыптастырды. Олардың жетістігі сол орта ғасырлардағы Батыс пен Шығыс өркениетімен астасып жатты.

### Бүгінгі сабақта:

- Америка, Аустралия және Мұхит аралдары халықтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымен танысамыз.

### Кілт сөздер:

полинезиялықтар, гавайлықтар, майялықтар, таитилықтар, аустралиялықтар, инктер, ацтектер

### Назар аударыңдар!

Үндістер басқа халықтарға белгілі болған көптеген жетістіктерден бейхабар болды. Олар темір қорытуды білмеді, дөңгелек жасамады және жүк артатын жануарларды асырамады. Атқа мінуді білмеді. Өйткені Америкаға еуропалықтардың табаны тигенше жылқыны көрмеді. Олар еңбек құралдарын тастан, ағаштан және сүйектен жасады. Тек кейбір тайпалар ғана қоладан бұйым жасау үшін мысты балқытып, оны қалайымен қорытуды білді. Ал тасты қырнап, өздеріне белгілі материалдарды өңдеуді шебер меңгерді.

**Майя өркениеті.** Майялықтар – Америкада жазба ескерткіштерін қалдырған жалғыз ғана халық. Майялықтар Орталық Америкадағы Юкатан түбегін мекендеген және өздерінің жазуымен, өнерімен, сәулетімен, математика және астраномиясымен белгілі.

Майя елінде кен орындары кездеспегендіктен, металлургия өндірісі болмады. Негізгі өндірістері жер өңдеу болды. Жерді ағаштардан отап, өртеп тазартты. Орманды тазалауда тас балталар қолданды. Ағаштың қабығын сыпырып, сол арқылы тамырын құрғатып құлатып отырды. Құрғақ әрі құлаған орман ағаштарына от қойылып, өрт жаңбыр жауғанша жанып жатты. Жаңбырдың алдында тазартылған алаңдарға дән сеуіп тастайтын. Жер иелері қарабайыр құралдарды қолданып-ақ құнарлы жер мен жүгерінің жоғары сұрпы арқылы мол өнім алатын. Майялықтар аңшылықпен әрі балық аулаумен шұғылданды. Ал үй жануарларын өсірген жоқ.

Майялықтар мен көршілес халықтар арасындағы айырбас саудасы қызу жүрді. Мексика, Панама, Колумбия және Перуден оларға қарулар, өнер бұйымдары мен әшекейлер – қымбат тастар, бақалшақтар мен



металдан жасалған бұйымдар әкелінді. Теңіз жағалауынан тұз бен балық, түбек орталығынан жүгері, бал, жемістер келді. Құлдар айырбасы да жүрді. Жалпы ақша орнына какаоның бұршағы қолданылды, тіпті несие жүйесі де болды.

Маталар мен ыдыстар, негізінен, жер өңдеушілердің қолынан шыққанымен, мұнда қолөнерші-шеберлер, әсіресе зергерлер, тас өңдеушілер, кестешілер тобы да болған. Майялықтар тігін құралы арқылы мақта талшықтарынан немесе агавадан (қояншөп тұқымына жататын өсімдік) мата дайындады. Өте алыс жерлерден тауар әкелетін саудагерлер де болды, олар өз заттарын жүк тасымалдаушылардың көмегімен су мен құрғақ жол арқылы жеткізді. Мысалы, Колумб өз сапары барысында Гондурас жағалауынан маталар мен какао және металл бұйымдарын артқан, Юкатанда ойып жасалған кемені кездестіреді.

Майя қоныстарының тұрғындары көршілес қауымнан құралды: оның мүшелері әртүрлі әулеттен болатын. Жер қауымға тиесілі болды. Әрбір әулет орманнан тазартылған аймақтардан жер алды, үш жыл сайын өз иелігіндегі жерлерін басқа жермен ауыстырып отырды. Өнімді әр әулет өздері жинап сақтады. Омарта мен көпжылдық өсімдіктер жекелеген отбасылардың тұрақты меншігінде болды. Ал аңшылық, балық аулау, тұз өндіру секілді жұмыстар ортақ атқарылды, бірақ өнімді бөлісіп отырды.

Майя қоғамы азат адамдар мен құлдарға бөлінді. Құлдардың басым көпшілігі әскери тұтқындар болды. Олардың бір бөлігі құдайларға құрбандыққа шалынды, қалғандары құлдыққа салынды. Қылмыскерлерді де құл ретінде пайдаланды. Тайпаластары қарызға батқан адамды да құлдыққа салды, оның борышын туыстары өтеген соң ғана босатты.

Құлиеленуші ақсүйектер, әскерилер мен абыздар жоғарғы тап өкілдеріне жатты. Олар өздері пайдаланған жерлерді жекеменшікке алуға құқылы болды. Ауылдық жердегі қауымдар ақсүйектер мен абыздарға міндетті болды: олардың жерін өңдеді, үйлері мен жолдарын жөндетті, оларға түрлі керек-жарақтары мен бұйымдарын жеткізіп отырды, сонымен қоса әскери жасақты асырап, жоғарғы билікке алым-салық төледі. Қауымда жіктелу орын алып, өте ауқаттылар мен тақыр кедейлер пайда бола бастады.

Майя өркениеті жиырмаға жуық мемлекетті қамтыды. Қала-мемлекеттің жоғарғы билеушісі «халач-виник» (ұлы адам) деп аталды. Оның билігі шексіз болды және мұрагерлікке қалып отырды.

### Назар аударыңдар!

Майяның абыздары ғарыш аңыздарымен астасқан күрделі дін жүйесін құрды: өз пантеондарын жасады, ғибадат жоралғыларын қалыптастырды.



Аспан бейнесіндегі Ицамна құдайлар құдіретінің шыңы саналды, онымен бірге құнарлылық құдайы да қатар қойылды. Ицамна майя өркениетінің жарылқаушысы саналды, жазу соның құдіретінен пайда болды деп есептеді. Майя абыздарының пікірінше, құдайлар әлемді кезекпен басқарып, билікті бір-біріне ауыстырып отырады. Бұл аңыз рудағы билік ауысу институтының дәл сипаты секілді болды. Абыздар о дүние туралы да ілімдер қалыптастырды, оны майя қоғамының әлеуметтік бөлінісі секілді сипаттады. Абыздар өздерін айрықша үшінші аспанның иелері ретінде көрді. Дінде болжаушылар, әулиелер, сәуегейлер басты рөл атқарды.

Майялықтардың *өз есептеу жүйесі* болды: олардың есепшоты жиырмалықтан тұрды. Бұл адамның қол-аяғындағы жиырма саусақ (20 саусақ) негізінде пайда болды. Майялықтар *астрономияда* да айтарлықтай жетістікке жетті. Жылдың ауысуын олар дәл минутына дейін есептеп шығарды. Майя астраномдары күннің тұтылу уақытын да білді, оларға Ай мен ғаламшардың айналу мерзімі де белгілі болды. Абыздар астрономиямен қоса, метрологияның бастапқы негіздерімен, ботаникамен және бірқатар өзге де ғылымдармен таныс болды. Майяның күнтізбесі абыздардың қолында болды, соның негізінде жыл маусымындағы жер өңдеу жұмыстарының жүйесі жасалды. Есептеу бойынша уақыт 13 күндік аптаға, 20 күндік айға және 365 күнді қамтыған жылға бөлінді. Жыл санау бойынша 52 жылдық цикл – «күнтізбелік айналым» құралды.

Біздің дәуіріміздің I ғасырында пайда болған майя мәдениетінің жоғары жетістігі – *буындық жазумен* бірге дамыған тарихы болды. Жазу таңбалары толықтай абыздардың қолында болды, олар онымен аңыздарды, құдай сөздерінің мазмұнын және дұғаларды, сондай-ақ тарихты, эпикалық мәтіндерді жазды.

Біздің уақытымызға дейін сақталып жеткен майяның үлкен қалаларының қалдығы бізге олар туралы, олардың қайталанбас сәулеті мен құрылыстары туралы түсінік береді. Кезінде олардың гүлденген қалалары түбектегі адам өте алмайтын тропикалық ну тоғайлардың барлық түпкіріне дейін созылып, өзара мықты тасжолдармен жалғасып жатты. Майяның барлық қалалары бір-біріне ұқсас болды, өйткені мемлекеттегі қалалардың бәрі бір жобамен салынды. Барлық қаланың орталығында бас алаң болды, оны үлкен тастан салынған ғибадатханалар, ақсүйектер мен абыздардың сарайлары қоршап жатты.

Құрылыстардың ішіндегі ең ғаламаты баспалдақты, жалпақ төбесі бар пирамидалар болды. Онда билеушілердің сарайлары мен құдайлар ғибадатханалары орналасты. Бұл орыннан қаланың барлық айналасы түгел көрінетін. Оған тік әрі биік тастан қаланған баспалдақтар арқылы ғана көтерілді. Дәл осында мереке және салтанатты күндері түрлі



діни жоралғылар жасалып, құдайға құлшылық ету шаралары өтті. Олар көбінесе адамды құрбандыққа шалу рәсімімен жалғасты. Оларды бақылау үшін қаланың барлық тұрғындары жиналатын.

### Есте сақтаңдар

Майя пирамидалары Египет пирамидаларымен шамалас. Егер Хеопс пирамидасы өзінің аса зор көлемімен таңғалдырса, үндістердің бірқатар пирамидалары одан қалыспайды, сыртқы ерекшелігі мен әдемілігі жағынан одан асып түседі.

**Инктер мемлекеті.** Оңтүстік Американың батыс жағалауын бойлай мыңдаған шақырым аралықта инктер империясы созылып жатты. Аңыз бойынша оның негізін салғандар Күннің балалары. Олар адамдарға жер өңдеу мен қолөнерді үйрету үшін әрі олардың өмірін бақытты ету үшін жерге түскен.

**Аңыздан.** *«Адамдар ол уақытта жабайы аңдар секілді өмір сүрген. Ешқандай дін және тәртіп, қауымдасу мен үй салу, жер өңдеу мен егіншілік болмады. Киініп, өз денелерін жаппады, өйткені олар мақта өсіріп, жіп иіруді, одан киім дайындауды білмеді. Адамдардың осындай жағдайын көрген Күн әкей оларға өз қамқорлығын ұсынды. Ол аспаннан Жерге өзінің ұлы мен қызын жіберді, олар адамдарға Күн әкейге табынудың, оны танудың жолын көрсетті. Олар өсиеттер мен заңдар қалыптастырды, үй салу мен жер өңдеуді, дән өсіру мен мал бағуды үйретті».*



Инктердің Мачу-Пикчу қаласы



## Назар аударыңдар!

*Инк* термині әртүрлі мағынаны қамтыды: Перу мемлекетінде билік құрған топ, билеушінің титулы және халықтың жалпы атауы. Алғашында *инк* атауы мемлекет құрылғанға дейін Куско алқабын мекендеген белгілі бір тайпаға ғана тиесілі болды.

Инктердің тарихи аңызы инктің соңғы жоғарғы билеушісі – Атауальпанің алдында болған 12 билеушінің атын атайды да, олардың көршілес тайпалармен соғысын баяндайды. Алайда инктер туралы нақты тарих тоғызыншы билеуші – Пачакутидің (1438–1463) әрекеттері арқасында басталады. Осы уақыттан бастап инктердің дәуірлеуі басталады: мемлекет қалыптасып, бірден іргесін бекітеді. Соңғы жүзжылдықта инктер Анд аймағындағы Оңтүстік Колумбиядан орталық Чилиге дейінгі барлық тайпаларды жаулап алып, өздеріне бағындырды. Шамамен есептегенде, сол уақытта инктер мемлекетіндегі халық саны 6 миллион адамға жеткен.

Инктер мемлекеті *Тауантинсуйу* (төрт біріккен өлке) деп аталды. Әрбір өлкені арнайы тағайындалған билеуші басқарды. Ал аймақтардағы билік жергілікті билеушілердің қолында болды. Мемлекет басында «Инк сапасы» мәртебесін иеленген инктердің жеке-дара билеушісі отырды. Ол әскер мен азаматтық қоғамды басқарды. Инктер басқарудың орталықтанған жүйесін құрды. Жоғарғы билеуші мен жоғарғы лауазымды тұлғалар Кускода (қала) отырып, мемлекетті өздерінің өкілдері арқылы басқарды. Жергілікті билеушілер мен қорғандар арасында тұрақты байланыс жұмыс істеді. Хабарлар жол бойында орналасқан байланыс бекеттерінде кезек күтіп отырған шабарман-жүгірушілер эстафетасы арқылы берілді.

Мемлекет билеушілері бағынышты тайпаларға билігін арттыру әрі олардың көтерілістерінің алдын алу үшін инктердің үстемдігін қорғайтын заң шығарды. Инктер мемлекеттегі барлық адамдарды бір тілде – *кечуа тілінде* сөйлеуге міндеттеді.

**Ацтектер.** 1248 жылы олар Мехиконың солтүстік алқабына Чапультепекте келіп қоныстанды. 1325 жылы ацтектер аралдағы Тескоко өзені маңында Теночтитлан елді мекенінің негізін қалайды. Ол берік астанаға айналады. XV ғасырдың басында олардың әскери қуаты артты. 1428 жылы Ицкоатль көсемнің басқаруымен көршілес тайпаларға жасаған жорықтарда жеңіске қол жеткізіп, олармен одақ құрып, үш тайпаның бірлестігін құрады. Бірлестік өздерінің айналасындағы қарсылас тайпалармен аяусыз соғыс жүргізеді. Олардың билігі Мехико аңғарынан да артып, өзге жерлерге жетеді. XV ғасырдың екінші жартысынан кейін ацтектер қоғамының дәуірлеуі мен мәдениетінің көркеюі басталады.

Ацтектер тіршілігіндегі негізгі өндіріс саласы жерді суландыру болды. Олар кішкентай жасанды аралдар – жүзбелі бақ жасап шығарды.



Өзеннің батпақты жағалауындағы балдырлы сұйық топырақтардың тұнбаларын тобымен жинақтап, оларды қамыстан жасалған салға жинап, ағаш отырғызды. Осындай жерлерге тамыр жіберген ағаштар аралдардың кеңейуіне әсер етті. Осы әдіс арқылы пайдасыз жатқан батпақты кеңістіктер су жүйесімен байланысқан бақшаға айналды.

Еуропа Орталық Америка халықтары, әсіресе ацтектер арқылы бұршақ, какао, томат өсімдіктерімен танысты, каучуктің қасиетін білді. Ацтектер түйетауық, қаз, үйрек асырады. Үй жануарларынан тек итті ғана ұстады. Олардың өмірінде аңшылық маңызды рөл атқарған жоқ.

Еңбек құралдары ағаш пен тастан жасалды. Әсіресе тау жынысынан алынған әйнек тастардан оқтың ұштары мен өткір жүздері жақсы өңделді. Олар шақпақтастан жасалған пышақтарды пайдаланды. Басты қарулары садақ пен жебе және қысқа сапты найза болды.

Ацтектер темірді білмеді. Табиғи күйінде алынған мысты өңдеуді: балауыз қалыптар арқылы қорытып, қақтауды меңгерді. Осындай әдіспен алтынды да өндірді. Қорыту мен қақтау, алтынға өрнек соғу өнері бойынша ацтектер өте үлкен шеберлікке жетті. Қола Мексикада кеш пайда болды да, ғибадат пен салтанат бұйымдарын жасауға пайдаланылды. Ацтектерде тоқыма мен кесте өнері дамыды. Әсіресе ацтектердің қауырсыннан жасайтын кестелері үлкен сұранысқа ие болды. Олар күрделі геометриялық оюлармен безендіріп керамика жасауда да, тасты ойып, нефрит, бирюза секілді асыл тастарға мозаика салу өнерінде де үлкен жетістіктерге жетті.

Ацтектерде айырбас саудасы жақсы дамыды. Испан жауынгері Берналь Диасдель Кастильо өз жазбасында Теночтитландағы басты базар туралы жазып кеткен. Оны базардағы халықтың көптігі мен бұйымдардың молдығы таңғалдырған. Базарда барлық тауарлар арнайы қатарларға ретімен орналасқан. Базардың шетіндегі ғибадатхана пирамидаларының маңында алтын құмдарын сатушы саудагерлер жайғасқан, олар тауарларын қаздың қанатының ішіне сақтаған. Қанаттың белгілі бір ұзындығы айырбастау қызметін атқарған.

Ацтектердің астанасы Теночтитлан төрт ауданға бөлініп, оның әрқайсысын ақсақалдар басқарды. Сол әрбір аудан ішінен 5 бөлікке бөлінді. Әрбір ауданның жеке кеңесі болып, оған сайланған ақсақалдар енді. Ақсақалдар мен бірлескен тайпалардың көсемдері тайпалық кеңес немесе көсемдер кеңесін құрды. Оған ацтектердің «ержүрек көсем» және «шешен» деген екі атағы бар бас әскери көсемі кірді. Үйде бірнеше ұрпаққа жалғасқан үлкен патриархалдық әулет – отбасылық қауым тұрған. Тайпаның иелігіне жататын жерлер жеке телімдерге бөлініп, қауымдағы отбасыларға пайдалануға берілді. Әрбір қоныста абыздарды, әскербасыларды асырауға арналған арнайы жерлер болды. Сонымен қоса «әскер жерлері» деген егіс алқаптары да болды. Одан алынған өнім



жауынгерлердің қажеттілігін қамтамасыз етуге жіберілетін. Ацтектер қоғамы маялықтар тәрізді *азат адамдар* мен *құлдар* табына бөлінді. Құлдықта тек тұтқынға түскен әскерилер ғана емес, қарызға кіргендер де (өз қарыздарын өтегенше), сондай-ақ өздерін немесе балаларын сатқан байғұстар да, қауымнан қуылғандар да болды. Жаулап алынған жерлерден әскер басшылары олжа ретінде өз меншігіне алым-салық жинаушы алды, оның жағдайы басыбайлы *шаруа-тламайти* (сөзбе-сөз – жер қолы) сияқты болды.

Өз еңбектерімен жасаған бұйымдарын сататын ерікті қолөнершілер тобы да пайда болды. Олар өз рулық ауданында өмір сүріп, үйдің жалпы шаруашылығымен де айналысты.

### Назар аударыңдар!

Қауымдық қатынастар сарқыншақтарының сақталғанына әрі жерге жекеменшіктің болмауына қарамастан, құлиеленушілік орнады: жерден алынған өнім мен қолөнер, сондай-ақ құлдар жекеменшікте болды.

Ацтектердің дініне туыстық-тайпалық құрылымнан таптық қоғамға өту процесі ықпал етті. Олардың пантеонында табиғаттың күшін (жауын құдайы, бұлт құдайы, жүгері құдайы, гүлдер құдайы) бейнелеумен қатар, қоғамдық күштерді бейнелеу де орын алды. Уицилопочтли – теночтықтардың жебеуші құдайы әрі Күн құдайы және соғыс құдайы саналды. Жыл сайын оған арнап мыңдаған тұтқын мен құлды құрбандыққа шалып отырды. Ацтектерде төлтектердің<sup>1</sup> әсерімен жазу қалыптасты. Ол пиктографиядан иероглифқа ауысты. Тарихи аңыздар мен күнтізбелер шынайы суреттермен, ішінара символдық белгілермен бейнеленді. Ацтектерге жылнамалық санау мен күнтізбелер төлтектер арқылы жетті, оларға бұл майялықтардан қалған мұра болатын.

Ацтектердің маңызды сәулет туындысы деп біздің заманымызға дейін жеткен баспалдақты пирамидаларын және барельефпен безендірілген ғибадатханаларын айтуға болады. Мүсін өнері, оның ішінде бейнелеу, ацтектердің үздік тарихи ескерткіштерінде тамаша көрініс тапқан. Олар ацтек мәдениетінің нақты тұрмысынан көрініс береді. Ацтектер империясында жас буынды тәрбиелеу мен оқытуға үлкен көңіл бөлінген. Теночтитланда ақсүйектің балалары мен қарапайым адамдардың балалары оқитын мектеп болған. Ақсүйектің балаларын жазу мен оқуға, есепке, астраномияға, тарих пен поэзияға оқытса, қарапайым ортадан шыққан балаларды қолөнер мен әскери істерге үйретті. Жоғары мәдениет пен қатаң әдет-ғұрыптың үйлескен қағидалары ацтектер өркениетінің ерекше сипатының негізі болды.

<sup>1</sup> Төлтектер – юто-ацтек семьясынан шыққан үндіс халқы.



**Аустралия және Мұхит аралдары өркениеті.** Аустралия континенті Оңтүстік жартышардағы көптеген жерлер ашылғаннан кейін ғана еуропалықтар тарапынан анықталып зерттелді. Ол өзінің атауын XVI ғасырдың екінші жартысындағы географтардың қате пікірінің салдарынан иеленді. Олар Жаңа Гвинея мен Магеллан ашқан Отты Жерді, ауқымды бір материктің солтүстіктегі төбесі (Terra australis in cognita – белгісіз Оңтүстік Жер) деп санады. Аустралияның тұрғылықты халқы материкке 40–50 мың жыл бұрын Оңтүстік Шығыс Азиядан келген болатын.

*Мұхит аралдары* – Тынық мұхитының орталық және оңтүстік батыс бөлігіндегі аралдар құрамы үш географиялық аймаққа: *Меланезия, Микронезия және Полинезияға* бөлінеді.

**Полинезиялықтар.** Полинезиялықтардың шығу тегі туралы негізгі екі теория бар: біріншісі – олардың тегі Азиядан десе, екіншісі – Америкадан деген пікірде. Алайда полинезиялықтардың Америкадан шыққаны туралы ешқандай дәлел жоқ. Ал лингвистикалық деректер мен полинезиялық аңыздар олардың тамыры Азиядан екеніне дәлел болады.

Ертедегі Хань дәуірі (біздің дәуіріміз басталар тұста) кезінде қытайлықтардың Янцзы өзенінен оңтүстікке жылжуы полинезиялықтардың бабаларын Оңтүстік Қытай мен Үнді-Қытайдан кетуге мәжбүрледі деп болжауға болады. Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырында қытай қоныстанушыларының қысымы артты да, полинезиялықтардың бабалары жаңа аралдар іздеуге мәжбүр болған.



Пасха аралындағы моаи мүсіндері



Алысқа жүзу сапарлары үшін бірнеше жүз адам сыятын үлкен құрастырмалы кемелер қажет болды. Кеме ескек арқылы басқарылды. Оларда болжаушы абыздар болды. Олар теңіз ағысы мен желдің бағытын және жұлдыздар арқылы дәл болжам жасай білді. Полинезиялықтар ондаған кемелерден құралған флотилия арқылы сапар шекті, кемелер желкен арқылы жүзді, жолдағы аралдар олардың, әйтеуір, біреуінің көзіне түсетін. Мұндай түрде ұйымдасқан сапар айға созылуы да мүмкін, бұл Полинезия аралдарының арасындағы кеңістікті толығымен жүзіп өтуге жеткілікті еді.

Қара дүрсін қарапайым құралдармен Полинезияны игеру нағыз ерлікке тән қадам еді. Полинезияның Жаңа Зеландиядан басқа барлық аралдарында металл табиғи күйінде де, кен түрінде де кездеспейді. Осыған орай полинезиялықтарға қаруды көне үлгі бойынша жасауына тура келген. Материалдар ретінде олар тас пен сүйекті жаңаша әдіспен өңдеп, жетілдірген. Ондаған ғасыр аралығында полинезиялықтар Тынық мұхитындағы аралдарға қоныстанып қана қойған жоқ, жаңа өмірдің сынағын да бастан өткерді. Олар темірдің орнына ағаш, тас және сүйекті қолдануды үйренді, қыш өңдеу мен тігіншілікті ұмытты. Алайда бұл тоқырау емес еді. Олар мұхит аралдарына бейімделген құралдар мен шаруашылықтар жасауды меңгерді.

Мұхит аралдары мен Аустралиядағы барлық халықтардың ішінде тек полинезиялықтар ғана өздерінің өткені туралы естеліктерді сақтап қалған. Ғылыми деректер, әсіресе жаңазеландиялық ғалым Те-Ранги-Хироаның (Питер Бак) зерттеуі, бұл халықтың тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Полинезиялықтарда қоғамдық еңбек жүйесі, қолөнершілер, жауынгерлер мен абыздар тобы, жекеменшік ертерек дамыды. Таптар мен құл иелену пайда болып, таптық жіктелу кейбір аралдарда дәулетті мемлекеттік форманың құрылуына әкелді.

Полинезиялықтардың діні таптар мен мемлекеттің қалыптасуы туралы қиял-ғажайыпты баяндайды. Олардың ұғымы бойынша барлық қоршаған әлем екі категорияға бөлінеді: моа (қасиетті) және ноа (қарапайым). Моаға қатысы бардың барлығы құдайлар мен патшаларға, ақсүйектер мен абыздарға тиеселі, қарапайым пенделер үшін құпия саналады, яғни тыйымға жатты. Полинезиялық «тыйым» сөзі *айрықша белгіленген* деген мағына береді. Бұл кейбір әрекеттер мен оларға қатысты қандай да бір дүниелерді пайдалануға тыйым салынғанын білдіреді: діншілдердің ұғымынша тыйымды бұзу ауыр зардапқа соқтырып, құдіретті күштер тарапынан сөзсіз жазалануға ұшыратады.

Полинезиялықтардың діні алғашқы мемлекеттік форманың нығайып қалыптасуына ықпал етті. Полинезиялықтардың күрделі діни жүйесін көне египеттік немесе көне үнділіктермен бір қатарға қоюға болады.



Ал олардың қоршаған орта, теңіз бен жел бағыты, аспан жұлдыздары туралы танымдары ғылыми деңгейде болған. Тіпті Полинезияның бір бөлігінде – Пасха аралында жазулар таңбасы бейнеленген тақтайша табылған. Полинезиялықтар сыртқы келбеттері бойынша биік бойлы, сарғыш белгілері бар қоңыр түсті, толқын шашты австралоидтық пен моңғолоидтік аралығындағы полинезиялық аз текке жатады. Тілі бойынша Индонезия халықтарының тілдерімен туыстық байланысы бар.

Ғалымдар полинезиялықтар туралы нақты тарихты олардың Индонезияға қоныстанған кезеңінен бастау керек, олар аралдарда теңізші халыққа айналды деген пікірде.

*Таитиліктер* полинезиялық халықтар тобына жатады. Олар Таити мен оған жақын аралдардың жергілікті халқы болып табылады. Бұл халықтың өз аты *маохи* деп аталады. Таитилердің бабалары біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығында Мұхит аралдарын қоныстанған. Екінші мыңжылдықта мұнда тайпалық одақ қалыптасып, VIII ғасырда этникалық топтасу аяқталды.

Таитилік мәдениет пен дәстүр жалпы полинезиялық дәстүрге негізделген. Дәстүрлі шаруашылықтары жер өңдеу мен малшаруашылығы және балық аулау болды. Қайық жасау, ши тоқыма дайындау, ағаш ою секілді қолөнер түрі жақсы дамыды. XIX ғасырдың басында Таити мен оған жақын аралдарда алғашқы мемлекеттік құрылым қалыптасып, оны кейіннен еуропалықтар жаулап алды.

Таитиліктерде музыка, би, фольклор жақсы дамыған болатын. Олардың басты музыкалық құралы барабан мен флейта болды.

**Гавайлықтар.** Аралға ең алғашқы еуропалықтар келгенге дейін осында XIV ғасыр бойы өмір сүрген жергілікті гавайлықтар, полинезиялықтар болып саналады.

Гавай аралдарына қоныстану тарихы туралы әлі күнге дейін біртұтас нақты байлам жоқ. Кең таралған болжамға сүйенсек, ең алғашқы полинезиялықтар Маркиз аралдарынан, шамамен біздің дәуіріміздің 300 жылдары келген, олардың ізімен шамамен 1300 жылдары Таитиден қоныстанушылар келді. Олар алғашқы қоныстанушыларды бағындырып, аралда күрделі діни және әлеуметтік жүйе қалыптастырды.

Гавай аңыздарында таитилік абыз Паао 1125 жылы Гавай аралдарына келіп жетеді де, жаңа діннің негізін қалайды. Паао жауыз әрі рақымсыз жергілікті билеушіге қарсы күресу үшін таитиліктердің көсемі – Пилиді көмекке шақырады. Олар бірлесіп жауыз билеушіні тақтан түсіріп, оның орнына Пилиді король сайлайды. Пили таққа отырған соң, Гавай бірнеше ғасыр бойы полинезиялық басқа халықтармен барлық байланысын үзіп, әлемнен оқшауланған аймаққа айналды. Гавай тарихындағы бұл ұзақ кезең жергілікті көсемдердің жаңа жер мен билік үшін болған өзара тоқтаусыз күрестерінен тұрды.



Осындай тартыс салдарынан корольдық төрт мемлекетке бөлініп кетті. Оларды аралдарда орналасқан жергілікті билеушілер басқарды. Ұзақ уақыт жергілікті билеушілер барлық аралдардың басын қайта біріктіруге әрекеттер жасағанмен, оның барлығы нәтижесіз аяқталып отырды. Бұл мақсат тек I Камехамаха корольдың кезінде ғана жүзеге асты. Пили Гавай корольдығының негізін қалаған I Камехамаханьң бабасы болған деп саналады, ал Пааоның ұрпақтары оның кезінде жоғары билеуші абыздар болған. Гавай аралдарында діни құқық немесе *капу*, яғни тыйымдар туралы жүйе қалыптасқан. Оны бұзғандар ерекше қатаң жазаланды. Қүдіретті билікке ие жоғарғы көсем болған жерде қарапайым адамның тік тұруына және оның киіміне қол тигізуге тыйым салынды. Капу жүйесі тек жоғарғы деңгейдегі көсемнің ғана емес, одан төменгі барлық деңгейдегі көсемдердің мүддесін қорғады. Халықтың басым бөлігі теңізді жағалай қоныстанды, өйткені олардың негізгі тамағы осы теңізден ауланатын балық болды. Гавайлықтар тәжірибелі балықшылар еді. Олардың теңізде жүзетін негізгі қайықтары каноэ болды. Гавайлықтар отты ерекше құрметтеді: от қасиетті саналды және отты ағаштың екі бұтағын бір-біріне үйкелеу арқылы тұтататын.

Гавайлықтардың ас мәзіріне балықтан басқа тародан (тароның сыртқы түрі картопқа келеді, ол да түйнек түрінде өседі) жасайтын тамақ та кірді. Тароны өсіру үшін суландыру жүйесі қолданылды, ал егістік алаңы қазіргі күріш өсіретін жерге ұқсайтын. Бұдан өзге тәтті картоп, нан ағашы, ямс, кокос пальмасы, қант қызылшасы мен теңіз балдырлары секілді ауылшаруашылық дақылдары өсірілді. Шошқа мен құс асырады. Ағаштан, тастан, ұлу қабықшаларынан және жануарлардың сүйектерінен аса әдемі әшекейлер жасайтын. Денелерін түрлі түсті суреттермен безендірді. Ең ғажабы, кішкентай ғана құстардың қанатынан баскиімдер, тіпті сырткиімдер де тігетін.

Гавайлықтар тек еңбекке ғана емес демалысты жақсы өткізуге де үлкен мән берді. Олар суда жүзу мен ағаш тақтайларда жүзуді ұнататын (қазіргі замандағы серфингке ұқсас). Бокс, қол күрестіру және жүгіру кең таралған спорт түрлері болды. Әсіресе әскери шерулер ерекше тартымды көрініс беретін.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Майядағы қала-мемлекеттердің тіршілігі қалай сипатталады?
2. Инктер мемлекеттік құрылымы туралы не білесіңдер?
3. Ацтектер өркениетінің ерекшелігі қандай?
4. Полинезиялықтар мен таитиліктердің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы туралы не білесіңдер?
5. Гавай аралдары тұрғындарының шаруашылық және саяси құрылымы қалай болды?



## § 13. ЕЖЕЛГІ ДІНИ НАНЫМДАР

### Бүгінгі сабақта:

- синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

синто, ками, удзигами, тэнно, микадо, догматика, цуми, ведалық дін, брахманизм, сансар, карма, мокша, дхарма, монотеизм, синагога, раввин, жақсылық, жамандық, дайвтар, жарық, түнек, мессия, дао, әрекетсіздік, ажалсыздық

**Синтоизм** – VI–VII ғасырларда қалыптасқан жапондықтардың ұлттық діні.

### Есте сақтаңдар

«**Синто**» дінінің атауы екі иероглифтен тұрады: «син» және «то». Алғашқысы «құдіретті» және «ками» деген атауға ие болса, екіншісі «жол», яғни «синто» тікелей аударғанда – «құдай жолы» деген мағынаны білдіреді. Синтоизмнің негізін табиғат құдіреті мен бабалар культі құрайды.

Синтоизм Жапонияда Яматоның орталық провинциясында қалыптасқан культтер маңына, жекелеген аймақтарына таралған нанымдардың бірігуі нәтижесінде пайда болды және император үйінің бабаларының құдіреттерімен байланысты делінді.

### Есте сақтаңдар

Синто ілімі бойынша, адам өзінің шығу тегін сансыз көп рухтар мен құдайлардың (ками) бірінен алады.

Жапониядағы VII–VIII ғасырларға жататын мифологиялық ескерткіштер синтоистік культтер жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Мұндағы маңызды орынды өмірден өткен бабалар культі иеленеді, олардың ішіндегі ең бастысы, ең алғашқы бабалар тегі – удзигами саналады, ол тайпа мүшелерінің бірлігі мен ұйымшылдығының үлгісі болып табылады.

Табынушылық негізі болып жер мен дала, жаңбыр мен жел, ормандар мен таулар және т.б. саналды.

Синтоизмнің дамуы түрлі тайпалардың діни, мифологиялық нанымдарының күрделі жағдайдағы бірлесуі негізінде қалыптасты. Нәтижесінде нақты діни жүйе қалыптаспады.

Мемлекеттің дамуы мен император мәртебесінің артуына орай, әлемнің пайда болуы мен ондағы Жапонияның орны, бұл әлемдегі оның билеушісі туралы жапондық нұсқа қалыптасты.

Жапондық мифология бойынша ең алғашқы болып Аспан мен Жер жаралды, кейіннен алғашқы құдайлар пайда болды, олардың қатарында ерлі-зайыпты Идзанаги мен Идзанами да болды, олар жапон аралдарын жаратты деп санайды. Идзанами өмірден өткен соң, оның жұбайы Идзанаги әйелін құтқарудан үміттеніп, өлгендер патшалығына барады, бірақ ойы орындалмайды. Кері оралған ол арылу салтын жасайды, өзінің сол көзінен Күн құдайы – Аматерасуды, оң көзінен Ай



құдайын, мұрнынан жаңбыр құдайын жасап, елге су тасқынын жібереді. Тасқын кезінде Аматерасу үңгірге кетіп, жерді жарықсыз қалдырады. Барлық құдайлар оны қайтадан шығып, Күнді қайтаруға үгіттеп көндіреді. Синтоизмде бұл оқиға көктемнің келуі ретінде мереке мен дәстүр түрінде аталып өтіледі.

Мифология бойынша, Аматерасу өзінің немересі Нинигиді адамдарды басқару үшін жерге жібереді. Жапон императорлары өздерінің тектерін содан бастайды, ол тэнно (аспан билеушісі) немесе микадо деп аталады. Аматерасу оған құдіретті дүниелер береді: айна – адалдық белгісі, яшмалық әшекей – аяушылық, қылыш – данышпандық белгісі. Бұл қасиеттердің бәрі император тұлғасында толық көрінісін табады.

Синтоизмде магия, тотемизм (жекелеген кейбір жануарларды жарылқаушы ретінде санау), фетишизм (амулеттер мен талисмандрдың тылсым күшіне сену) секілді ежелгі наным формалары әлі де кездеседі. Басқа көптеген діндерге қарағанда синтоизм өзінің негізі болған – адам мен құдіретті нақты атай алмайды. Бұл дінде адамдар мен камилер арасында нақты айырмашылық жоқ. Адамдар камиден пайда болды, олармен бір әлемде өмір сүреді және өмірден өткен соң камилер дәрежесіне түсуі мүмкін. Сондықтан синтоизм басқа әлемде құтқаруға уәде бермейді, адамның қоршаған ортамен рухани бірлікте өмір кешуін идеал деп санайды.

Синтоизмнің тағы бір ерекшелігіне ұзақ ғасырлардан бері еш өзгеріссіз сақталып келе жатқан көптеген салт-дәстүрлер жатады. Уақыт өте келе континенттердегі діни ілімдердің араласуы әсерінен жекелеген діни қызметшілер догматтар қалыптастыруға тырысты. Алайда нәтижесінде будда, дао және конфуций идеяларының синтезі пайда болды. Ол синтоизм дінінен дербес өмір сүрді, олардың негізгі мазмұны бүгінгі күнге дейін салт-дәстүр болып саналады.

Басқа діндермен салыстырғанда, синтоизмде моральдық қағидалар жоқ. Мұнда «жақсылық» пен «жамандық» ұғымдарының орнын *таза* және *таза емес* деген түсініктер алмастырған. Егер адам лайықсыз іс



Жапониядағы Синтоизм храмы



Синтоизм дінін ұстанушылар



жасаса, онда ол тазару салтынан өтуі тиіс. Синтода нақты күнә болып, әлемдік тәртіп «цумидің» бұзылуы саналады, мұндай кінәсі үшін адам өлгеннен кейін жауап беруге тура келеді. Ол Түнек еліне жіберіліп, онда жаман рухтар қоршауында ауыр тіршілік кешеді. Алайда синтоизмде арғы әлем туралы жетілген ілім жоқ. Ажал – өмірлік күштердің міндетті түрде сөнуі және ол қайтадан тіріледі деп қарастырылады. Синтоизм ұстанушылары үшін барлық маңызды оқиғалар осы өмірде болады әрі бұл әлем басқалардан ең жақсы болып саналады.

**Индуизм** – б.з. 1-мыңжылдықта қалыптасқан діни және діни-философиялық жүйелердің кешенінен тұратын дін. Өзінің қалыптасуы барысында индуизм үш кезеңнен өтті.

Үндістанның діни нанымының алғашқы кезеңі *ведалық дін* болды, ол б.з.б. 2-мыңжылдық бұрын қалыптасты. Ол Үндістанға арийлік тайпалар арқылы енді. Оның негізін Ведалар (санскр. – білім, қасиетті білім) – қасиетті мәтіндер құрады. Ведалар төрт бөліктен тұрады: Ригведа – әлемнің пайда болуы мен басты құдіреттер туралы айтылатын аңыздар мазмұнындағы, ежелгі гимндер жиынтығы; Самаведа мен Яджурведа – ғибадат құлшылықтары мен әдет-ғұрыптар жиынтығы; Ахтарваведа – діни әндер мен тылсым құлшылық жинақтары. Веда дінінде басты орында құрбандық шалу болды. Берілген құрбандығы үшін адам құдіреттен өзінің тілегінің орындалуын талап етуге құқылы болды. Жоғарғы құдай болып күн күркіреуі мен найзағайдың жебеушісі Индра саналды.

Индуизмнің қалыптасуының екінші кезеңі *брахманизм* болды. Алғашында оның негізін культ пен құрбандық шалу туралы ілім құрады, сосын сансар туралы идея пайда болды, ол бойынша қандай да



Индуизм – бір ғана діни дәстүр емес, діни философиялық ілімдердің кешені





Индуизмдағы Пантеон

бір жаратылыстың жаны шексіз қайта туылу ағымына ұшырайды. Бұдан келіп Карма туралы түсінік пайда болды. Бұл адамның тірі кезінде жасаған жақсы және жаман әрекеттеріне, жаны қайта туылғанда (реинкарнация) жауап береді деп есептелінді. Осы ұстанымдардың құрамдас бөлігі болып мокша саналады, яғни жер әлемнің сапарынан босау. Бұл ілім философиялық және діни негізін Упанишададан (санскр. – қасиетті ілім) – Веда туралы түсініктен алды, бұл сол дәуірдегі басты діни-философиялық шығарма болды.

Бұл кезеңде адамның дұрыс өмір салты қағидалары мен оның діни ғұрыптарды атқаруын анықтайтын «Ману Заңы» құрылды. «Ману заңына» сәйкес, егер *дхарманы* (заң, парыз) мүлтіксіз сақтаса, қасиетті Веданы құрметтесе, әлемді жаратқан, құдіретке (дэвамға) табынса, адамның өзі шыққан және өзінен басталатын тектер «әкелер тегі» – питарларды оқыса, адам шексіз туылу мен өлу шеңберінен шығады.

Индуизмнің қалыптасуындағы *соңғы үшінші кезең* б.з.VI–V ғасырларға сай келеді, онда брахманизм дін ретінде өзгеріп, *индуизм* атауын алған болатын.

Оның ілімінің ерекшелігіне үшбірлікті құдіретті абсолют ұғымы – Брахма, Вишна және Шива құдайлары бейнесіндегі құдіреттіліктің үш жақтылығының пайда болуы жатады. Брахма (жаратылыстың бастауы) барлық әлемді жарату, Вишна (бастапқыны сақтау) Брахма қалыптастырған әлемді қорғау. Миллиард жыл өткен соң әлем Шиваның «биінен» (қираудың басы) жойыла бастайды, бірақ кейіннен Брахма әлемді қайта жаратады және барлығы қайтадан қайталаанады.

Әрбір дінге сенетін үнді үшін жоғарғы мақсат қайта туылу шынжырынан босау мокша болып табылады. XX ғасырдың соңында әлемде индуизмді ұстанушылар саны 800 миллион адамды құрады. Индуизмді Үндістан мен Непал халқының басым бөлігі ұстанады.



**Иудаизм.** «Иудаизм» термині еврейлердің Иуда тегінің атауынан шыққан, Давид патша да осы текке жатады. Оның кезінде б.з.б. XI ғасырдың соңы мен X ғасырдың бірінші жартысында Израиль-Иудей мемлекеті аса қуатты елге айналды. Бұл жағдай иудейлердің басымдылықта болуына ықпал етті. *Иудей* термині көбінесе *еврей* сөзінің баламасы ретінде де қолданылады.

### Назар аударыңдар!

Тар мағынада қарасақ, иудаизм б.з.б. 1-мыңжылдықта Палестинада еврейлер арасында пайда болған дін деген түсінік бар. Ал, кең мағынада қарасақ, иудаизм – бұл еврейлердің өмір салтын анықтайтын, құқықты моральды-этикалық, философиялық және діни ұстанымдар жиынтығы.

Б.з.б. 2-мыңжылдықта еврейлер политеистер болды, түрлі құдайлар мен рухтарға сенді. Әрбір қауымның өзінің басты құдайы болды. Осындай қауымдағы құдайдың бірі Яхве (бұл «ақиқат» деген мағына берді) болды. Біртіндеп Яхвенің культі алғашқы орынға шықты. Давидтың ұлы Соломон б.з.б. X ғасырда Яхве құдайының құрметіне Иерусалимде ғибадатхана тұрғызды. Б.з.б. 621 жылы иудей патшасы Иосий бір құдайдан басқаларға табынуға тыйым салды, монотеизмнің ресми басталуы туралы жарлық шықты.

Иудаизмнің келесі қалыптасу кезеңі Моисейдің есімімен байланысты болды. Библияға сәйкес Моисей еврейлерді египеттіктердің құлдығынан құтқарып, оларға Яхве құдайының Өсиетін аманаттайды.

### Назар аударыңдар!

**Иудаизмнің басты идеясы** – еврейлердің құдай таңдау идеясы.



Иудаизм дінін ұстанушылар





Ашо Фарохар – зороастрий сенімінің символы

Иудаизм бойынша құдай жалғыз және ол бір ғана халықты – еврейлерді, оларға көмектесу үшін, өзінің бұйрығын олардың пайғамбарлары арқылы жеткізу үшін таңдады. Ежелгі көне өсиеттердің барлығында Яхве Израильдің жалғыз құдайы деген уағыз кездеседі.

### Есте сақтаңдар

Иудаизмнің орталық доктринасы өлмейтін, құдіретті және шексіз бір құдайға деген сенім болды. Ғибадат бойынша, Құдай Моисей арқылы иудаизмнің негізгі 10 өсиетін түсірген. Олар діни жарлық ретінде сипатталады: басқа құдайға табынбау, құдайдың атын бекерден-бекер атамау, жұмыс істеуге болмайтындықтан, сенбі күнгі ережені сақтау, сондай-ақ моральдық қағидаларды да орындау: әке-шешені құрметтеу, еш нәрсені өлтірмеу, ұрламау, зинақорлық жасамау, жалған куәлік етпеу т.б.

Иудаизм еврейлерге тамақ ішу тәртібіне шектеулер қояды: тамақ кошерлі (жеуге болатын) және трефты (жеуге болмайтын) болып бөлінеді.

Еврейлердің қасиетті жазбасы *Танах* деп аталады. Оған *Тора* (Ілім) немесе *Бескітап* кіреді, бұл кітаптың авторы Моисей пайғамбар болып саналады; *Нэвиим* (пайғамбарлар) – 21 кітап діни-саяси және тарихи-хронологиялық сипатта, *Кэтувим* (жазбалар) – 13 кітап түрлі діни жанрлар. Танахтың ең ежелгі бөлігі б.з.б. X ғасырға жатады деп есептелінеді. Қасиетті жазбаның қағидаға айналдыру жұмысы ивритте б.з.б. III–II ғасырларда аяқталды.

Еврейлердің римдіктермен болған соғыста жеңіліс табуы, б.з. II ғасырында еврейлердің Палестинадан жаппай қоныс аударуына соқты-



рып, олардың әлемге кең таралуына ықпал етті. Бұл кезеңде маңызды қоғамдық-діни фактор болып синагога саналды, ол тек ғибадат үйі ғана емес, сонымен қатар халықтың бас қосуы өтетін орынға айналды. Еврей қауымдарына жетекшілік ету заңды түсіндіретін дін қызметкерлеріне өтті, вавилондық қауымдар оларды *раввиндер* (ұлылар) деп атады. Кейіннен еврей қауымын басқаратын иерархиялық институт – *раввинат* қалыптасты.

II ғасырдың соңы мен III ғасырдың басында Торадағы көптеген түсініктер негізінде Талмуд (ілім) құрастырылды, ол дінді ұстанатын еврейлер үшін заң шығару мен сот істерін жүргізетін және моральды-этикалық кодекс болды.

**Зороастризм** – оның негізін қалаған адам Зороастра (иран. Заратуштра) пайғамбардың атымен аталатын дін б.з.б. 1-мыңжылдықта қалыптасты, ежелгі кезеңде және ерте орта ғасырларда Иранда, Ауғанстанда, Орталық Азияда және басқа аймақтарда таралды.

Заратуштраның қасиетті кітабы болып Авеста саналады. Зороастр Авестаның ежелгі бөлігі – Гатуды құрады. Оның негізінде гаталар (*gatta* – ән) – дұғалар жатыр.

### Назар аударыңдар!

**Зороастризмнің негізгі қағидалары:** біртұтас Ахурамазда құдайына сену; екі мәңгілік бастаулардың – жақсылық пен жамандықтың; бітіспес күресі туралы ілім, құдайға сиыну ерекшелігі, оның мақсаты осы әлемдегі жамандықты жою; құрбан шалу әрекетінен бас тарту; физикалық және рухани тазалықты сақтауды талап ету.

Ахурамаздаға жақсылық пен жамандықты қатесіз айыру тән болды. Ол үш бастаудан құралды: *қасиеттілік, тазалық және әділеттілік.*

Әлемді жаратқан Ахурамазда мен оның Спента-манью (қасиетті рух) рухы жақсылық күштерінің бастауын құрады, діншілдікті қолдады және барлық табиғатты сақтады.

Ахурамазданың құдіреттілігін алғашында жауыз күштер шектеді, оны қиратушы рух Анграман (Ахриман) басқаратын. Ол *дайвтардың* жауынгерлері – жауыздық, азап және кедейлік жындарын басқарды. Оған адамдардың кемшіліктеріне үстемдік жүргізетін жындар, сайтандар және құбыжықтар бағынды. Дайвтар жерасты әлемін мекендеді, қандай да бір тіршілік иесінің көңілін көтеретін, түрлі бейнелерге ене алды. Дайвтардың басты мақсаты әлемге



Авеста



үстемдік жүргізу болды. Бұл үстемдікті олар түрлі апаттар тудыру арқылы табиғаттан бастады. Дайвтардың ұмтылған басты нысанасы адамдар болды. Тақуа адамдарды жою үшін Ахриман 9999 түрлі ауру түрлерін жіберді. Ол өлімді ойлап тапты. Ол барлық адамзатты емес, тек Ахурамаздаға берілген адамдарды құртуды мақсат етті, сондықтан да жақсы және ержүрек адамдар ерте әрі көптеп қайтыс болады.

Ахурамазда Ахриманмен тұрақты түрде соғыс жүргізіп отырды, оның нәтижесі адамдар әлемде қаншалықты жақсылық жасауына байланысты болды. Адам таңдаудың толық еркіндігінде болды, бұл күресте ол қалаған жағына шыға алатын. Алайда ақиқат дінді ұстанушылардың біріккен күштерінің арқасында, ақыр соңында жақсылық жеңіп шығуына әкеледі. «Жақсы ой» «жақсы сөз», «жақсы іс» – жамандыққа қарсы күресер басты қарулар осылар болды. Зороастризмде ерекше маңыз материалдық игіліктердің артуына (мал өсіруден ірі кәсіпкерлікке дейін) және ұрпақ қалдыруға берілді, бұл жақсылық әскерлердің артуына себеп болды. Ахурамазда Ахриманды түпкілікті жеңеді, ал өмір сүрушілер жетіледі және ажалсыз болады.

Бүгінде ең үлкен зороастрийлік қауымдар Үндістанда өмір сүруде. Сондай-ақ зороастрийлік қауымдар Иранда да тіршілік етеді.

**Манихейлік.** Иранның ресми дініне айналған зороастризм, сектанттық-діни қозғалыстардың қалыптасуының негізіне де айналды. Олардың қатарындағы ең белгілісі және әлемге кең таралғаны манихейлік – Манидің (216–277 жж.) ілімі болды. Иранда қоныс теуіп, өзінің ілімінің негізіне зороастризмді алған Мани барлығын қамтитын діни жүйе құруға тырысты, ол өзі игерген ілімдердің (зороастризм, христиандық, гностицизм) ішіндегі ең маңызды тұстарын қабылдап алды.

Осы мақсаттарға жету үшін нағыз манихей – «таңдамалы» тақуалық өмір салтын ұстануы қажет, жеке дүниесі, отбасы, баспанасы болмауы керек, ет жеп, шарап ішпеуі тиіс, азық болатын шөпті жұлмауы керек. Олар өздерінің тақуалығы үшін, шын сенушінің жаны жарық патшалығына баруы үшін айналма кезеңінен өтіп, жерге қайта-қайта келіп, өзі де «таңдаулыға» айналғанша ғибадат етті.

Зороастризм мен христиандықтағы секілді манихейлік ілімде де Соңғы сот пен құтқарушы – мессия идеясы болды. Маниді ұстанушылар Будданы, Зороастраны және Христті мойындады, ал Маниді олар соңғы ақиқат жеткізуші деп санады. Маниді қолдаушы Иран билеушісі I Шапура қайтыс болған соң, манихейлік дінбұзар



Қытай фрескасы Мани



деп жарияланды, ал Манидің өзі жазаға тартылды. Ираннан қуылған манихейлік қауымдар бүкіл әлемге тарап кетті, олар орта ғасырлардағы Еуропа пен Азиядағы сектанттық қозғалыстар секілді кейбір діни-философиялық тұжырымдарға ықпал етті.

### Назар аударыңдар!

Мани жүйесінің маңызы мынаған құрылған, бізді қоршаған орта – екі бастаудың қатаң күресінің алаңы: олар жақсылық пен жамандық, жарық пен түнек. Жарық пен жақсылықтың әлемі рухани бастаумен сипатталса, жауыздық пен түнек әлемі – материалдық дүниемен байланыстырылды. Адам жүрегінде жарық патшалығы мен түнек патшалығы арасындағы күрес қайталанады, өйткені адамда осы қарама-қайшы патшалық біріккен. Әлемдік мақсаты түнек билігінен қашып, адам жанына тығылған жарықтың бөлігін құтқаруға негізделді.

**Даосизм.** Б.з. II ғасырда Чжан Дао-Лин Лао-цзының (б.з.б. VI–V ғғ.) дао – даналық жолы философиялық іліміне сүйене отырып, қытайлық дін – даосизм – үйлесімділік жетістігі жолының негізін қалады. Даосизмде маңызды орынды ажалсыздық ілімі иеленеді, бұл оның «әрекетсіздік» тұжырымынан бастау алады. Әрекетсіздік – бұл әрекеттен бас тарту емес, өзіңмен жүргізетін үлкен жұмыс, оның соңғы мақсаты мыналар болып табылады: 1) адам мен ғарыш үйлесімділігінің жетістігі, 2) ажалсыздық.

Ажалсыздық туралы ілім – бұл, ең біріншіден, физикалық ажалсыздық, дәстүрлі қытай мәдениетіне жанның өлмеу сенімі тән емес болатын. Рух материалды-энергетикалық субстанция – ци, ретінде түсіндірілді, ол бойынша дене өлген соң табиғатқа сіңіп кетеді. Даосизмде жануарлар мен ой иелерінің жанының көптігіне сенді. Дене осы жандарды біріктірді. Дененің өлуі бөлінуге және жанның өлуіне әкелді. Сондықтан басты мақсат физикалық өмірді жалғастыруға негізделді.

Даосизм физикалық өмірдің жалғасу идеалын қанағат тұтпады. Ол нағыз даостық (сянь, шэньсянь) ажалсыздық жолындағы қозғалыс процесінде өзінің денесін өзгертуге, ауада ұшу қабілетін меңгеруге, көрінбейтін болуға, бір уақытта бірнеше жерде болуға және уақытты тоқтата алады деп сенді. Ажалсыздыққа апаратын жол деп үнді йогасы секілді күрделі әдістемелік ерекше психофизикалық жаттығуларды санады. Ол дене мен рухты жетілдіруді ұсынды. Рухты жетілдіру медитация жаттығулары, дао пайымы мен әлем бірлігі, әлеммен бірлесу және дао арқылы жүзеге асты. Денені жетілдіру организмдегі энергетикалық үйлесімділікті қалыптастыру үшін арнайы гимнастикалық (дао инь) және дем алу (син ци) жаттығулары арқылы қалыптасты. Даосизмге сәйкес, даос медитациясымен айналысу кезінде күрт өзгерістерге сенім иесінің санасы ұшырайды: ажалсыз барлық болмысымен және даомен бірлікті сезінеді (біртұтас денелілікті).



## Назар аударыңдар!

**Даосизм** – бұл ақыл мен әрекет, рух пен материя, сана мен өмір біртұтас бірлікке жинақталған, өмір сүру жолы.

## Білімдеріңді тексеріңдер

1. Синтоизм қалай пайда болды және оның негізін не құрайды?
2. Синтоизмге тән ерекшеліктерді баяндаңдар.
3. Индуизмнің қалыптасу кезеңдерін атаңдар және олардың маңызын айтыңдар.
4. Индуизмдегі жауапқа тартылу (карма) заңының маңызы неде?
5. Индуизмдегі басты құдайларды атаңдар.
6. «Иудаизм» ұғымының мағынасын түсіндіріңдер.
7. Иудаизмдегі басты идеяны және орталық доктринаны баяндаңдар.
8. Иудаизмдегі қасиетті кітапты атаңдар.
9. Зороастризмдегі негізгі қағиданы баяндаңдар.
10. Зороастризмдегі этникалық бағыт несімен ерекшеленеді?
11. Мани діни жүйесі өзімен бірге нені қамтиды?
12. Манихейлікке сәйкес әлемдік процестің мақсаты мен оның жетістікке жету жолы қандай?
13. Манихейлік моральдың өсиеттерін атаңдар.
14. Даосизмдегі ажалсыздық ілімі өзімен бірге нені қамтиды?
15. Даосизм бойынша рух пен дененің жетілуі неден құралады?

## § 14. КӨНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЛІМДЕР

**Философия** (көне грек. даналыққа құштарлық) – табиғаттың жалпы даму заңдылықтарынан бастау алған, жүйелі білім арқылы өңделген, әлем мен адамзат қоғамын танудағы ақыл-ойдың ерекше формасы.

**Философияның негізгі зерттеу нысанына мыналар жатады:**

- 1) әлем мен қоғамның жалпы даму заңдылықтары;
- 2) таным мен ойлану процесі;
- 3) адамгершілік категориялары мен құндылықтары.

Ал философияның басты сұрақтары: «Әлемді танымыз ба?», «Ақиқат дегеніміз не?», «Адам дегеніміз кім?», «Қайсысы бірінші: материя ма, әлде сана ма?» және т.б.

### Бүгінгі сабақта:

- Сократ, Платон, Аристотель, Конфуций, Лао-Цзы философиялық ілімдерімен танысамыз.

### Кілт сөздер:

материя, идея, заттар, таным, сана, болмыс, диалектика, дао, этика, дүние, жан

## Есте сақтаңдар

Философия әлемдік дүниетанымға негізделіп, барлық болмысқа жалпы таным тұрғысынан сындарлы қарауға бағытталған.





Сократ (б.з.б. 470–399 жж.)

Философия ойшылдардың әртүрлі философиялық ілімдерінде кездеседі. Философия жеке ілім ретінде б.з.б. VII–VI ғасырларда әлемнің әр қиырында: Қытайда, Үндістанда, Грекияда – пайда болып, дамыды. Философияның пайда болуы мен дамуының ортақ элементі – белгілі бір ілім бағытының ізбасарларынан тұратын философиялық мектептерді қалыптастыруы.

*Сократ* – көне грек философы. Оның табиғат пен әлемге деген көзқарастары философияда бетбұрыс жасады. Сократтың пайымдауынша, адам өз құзырындағыны ғана тани алады, ал оның құзыры – сыртқы табиғат, әлем емес, ішкі жаны. Сондықтан нағыз ақиқат ілім тек адамның жүрегінде ғана болады.

### Назар аударыңдар!

**Танымның басты міндеті** – өзін-өзі тану (Сократ ұстанымы).

Сократ «білім – жалпы бірқатар заттардың анықтамасы» деген. Сондықтан білімде зат туралы түсінікті қолжетімді түрде анықтау қалыптасқан. Білім дегеніміз – ой, жалпылық туралы түсінік. Түсінік зерттелу арқылы анықталады. Сократтың пайымы бойынша философия – бұл қалай өмір сүру туралы ілім. Ол адамгершілікті біліммен теңестіреді. Адамның мінез-құлқы оның қайраты мен игіліктерінің көрсеткіші болады: бір нәрсені жақсы істейтінін біліп тұрып жаман істейтін адам болмайды. Сондықтан Сократ барлық жаман әрекеттер мен адасушылықты білімсіздіктен, ал даналықтың мәнін кемел білімнен іздеді. Ол ақиқатты жетекші сұрақтар мәнінен іздейтін диалектикалық әдістің негізін қалаушы саналады.



Платон  
(б.з.б. 428/427–348/347 жж.)

*Платон* – көне грек философы, Сократтың шәкірті. Платонның философиялық ілімі мынадай маңызды мәселелерді қамтиды: идеялар мен дүние, тұрмыс, әлем және оның пайда болуы, жан мен таным, қоғам мен мемлекет, еңбек бөлінісі, тәрбие, өнер және т.б.

### Назар аударыңдар!

Платонның пайымдауынша, идея (оның ішіндегі ең жоғарғысы – игілік идеясы) – мәңгілік және өзгермейтін ақылға қонымды нәрсе; дүние – идеяның үйлесімділігі мен бейнесі. Идеялар



әлемі әлемдік дүниеден әрі адам ойынан тыс жеке мәнге ие. Ол сезімтал әлемнен бөлек, кеңістіктің ерекше аймағында болады. Яғни, адам тіршілік ететін дүниеден бөлек, нақты мәнге ие: сезіммен емес, түйсікпен танылатын адам сезімінің мәні.

Платон *кемел мемлекет* туралы еңбек жазды. Оны біртұтас үйлесімді бүтін қалыпта сипаттайды. Платон: «Кемел мемлекетті философтар басқарады, ал оны қорғау мен сақтау жауынгерлердің міндеті» деген. Барлығы мемлекет үшін өмір сүріп, ылғи да оның тұрақты бақылауында болады. Платонның көзқарасынша, тең құқықты адамдардың осы қоғамдық тобында отбасы, жекеменшік болмайды, барлығы ортақ болады. Ол философтар мен жауынгерлерді қамтамасыз етуді қолөнершілерге де жүктеді. Платонның саяси ілімі – қоғам құрылысы мен мемлекет құрылымы туралы тарихтағы ең алғашқы қоғамдық утопия.

**Аристотель** – көне грек философы, Платонның шәкірті. Оның шығармалары сол дәуірдегі барлық саланы қамтыған.

Әлемнің алғашқы жаратылысы туралы Аристотельдің пайымы Платоннан өзгеше болды. Ол барлық жаратылыс өздігінен пайда болды, оған ойдың (идея) қатысы жоқ деген ұстанымда болды. Аристотель: «Ой (форма) – біртұтас дүние, ішкі қозғаушы күш. Қозғалыс негізі және тұрмыс өзгергіштігі – мәңгілік және өзгермейтін ақыл, нус (алғашқы қозғаушы)», – деді.

Ол табиғат құбылыстарын шексіз әлем, өсімдіктер, адам деп бөлді. Адамның жануардан айырмашылығы ақылында.

Аристотель нағыз білімге түйсік немесе тәжірибе арқылы емес, ақиқатты танудағы қабілетіне байланысты ақылдың арқасында жетуге болатынын айтты. Ақылдың бұл қасиеті адамға туғаннан берілмеген. Ол оның әлеуетіне қарай қалыптасады. Мұндай қабілеттілік қалыптасу үшін жүйелі мақсатта деректерді топтастырып, фактілердің маңызын зерделеп ойды жинақтау қажет. Сонда ғана нағыз ақиқат білімге қол жеткізуге болады.

Ақылдан басқа ешқандай таным ғылым сияқты нақты емес. Аристотель таным туралы ақиқатқа жету үшін сұхбат, пікір алмасулар мен таластардың маңызын жоғары бағалады және таным туралы жаңа идеялар мен принциптер ұсынды. Аристотельге дейін ғылым жалпы болған. Ол алғашқы болып олардың бағыттарын айқындады. Ғылымды ол үш бағытқа жүйеледі: **теоретикалық**: оған физика, математика және философия жатады; **практикалық**: мұнда саясат басты маңызға ие; **поэтикалық** ғылым басқа түрлі пәндерді қамтиды.



Аристотель  
(б.з.б. 384–322 жж.)



Аристотельдің философиясы болмыстың маңызы мен негізгі мына бағыттарына басымдылық берген: мүмкіндіктер мен жүзеге асу, форма мен материя, нақты себептер мен мақсаттар. Аристотель бойынша, **болмыс мәні** – нақты кезеңнің ғана емес, сонымен қатар болашақтың болмысы. «Мән – бұл негіз, ол бір бағыттан – материя, ал екінші бағыттан – таным мен идея, ал үшіншіден материя мен идеядан қалыптасқан» деп пайымдайды. Аристотель: «Материя тек форманың көмегі арқылы ғана айқындылықты қабылдайды», – деді. Формасыз материя тек мүмкіндікке ие, ол тек түрге енген соң нақты іске көшеді. **Мемлекет құрылысы** туралы жетілген жобаны Платоннан кейін Аристотель өмірге келтірді. Мемлекетте кім «сот пен халық кеңесіне қатысса», ол қайраткерлік пен ізгілікке бейімделіп, соған қызмет етеді. Олар ненің пайдалы әрі әділетті екенін талқылып, шешім қабылдайды, мемлекетті басқаруға қатысады, саясатпен және әскери істермен айналысады. Барлық азаматтар кезекпен және жекелеп билік құрады және бағынады. Азаматтығы жоқ саудагерлер, қолөнершілер, жан бағып жүргендер – еркін адамдар. Олардың еңбектерінсіз мемлекет болуы мүмкін емес. Аристотельдің мемлекетінде құлдар да бар, олар ауыр жұмыспен, негізінен, жермен айналысады. Бұл мемлекетте байлар мен кедейлердің мәселесі болмайды. Философтың ойынша, ең дұрысы орташа тұрмысты орта тап, барлық игіліктің ең жақсысы орташа табыс, мемлекеттің ең ұлы құндылығы – өз азаматтарының *орташа тұрмысы*, бұл оларға ақылдың көрінісі саналады. Аристотель **этикасының** басты негізі – ақылды тәлім мен ұстамдылық. Егер адам адамгершілік қасиеттерге ие болса, онда ол жетілудің биігіне жетпек. Адамгершілік қасиеттері жоқ адам арсыз әрі жабайы тіршілік иесі болмақ.

**Конфуций** – ежелгі қытай философы, саяси-этикалық конфуцийлік ілімнің негізін салушы. Ол «әрбір адамға ең әуелі ізгілік тән, Көк аспан – ең жоғарғы билік» деген дәстүрлі діни көзқарастарға сүйене



Конфуций  
(б.з.б. 551–479 жж.)

отырып, өз ілімін адамдарға үндеп, «адамның өмірі тағдырына байланысты, ал байлық пен атақ көктен» деген ұстанымын білдірді. Конфуций философиясының негізі – *тәрбие мәселесі*. Ол: «Барлық адамдар табиғатынан бір-біріне жақын, тек тәрбиесіне байланысты бөлек», – дейді. Философ жақсы қоғамдық қатынастың үлгісін үлкендері кішілерін жақсы көріп, оларға қамқорлық көрсеткен, ал кішілері сондай мейірімді махаббатпен жауап беріп, адал болған ізгілікті отбасылық қатынастардан көреді. Конфуций әсіресе балалардың өз міндеттерін орындауына ерекше тоқталды. Ол Қытай салтындағы бабаларға табыну



дәстүрін қолдады, осы арқылы ата-анаға, туыстары мен мемлекетке, барлық тірілер мен өлілерге құрмет көрсетілуі тиіс екенін жеткізді. Конфуциандықтың идеалы ретінде әр тұлға өз міндетін атқаратын *үйлесімді қоғам* құру саналды. Үйлесімді қоғам идеясы адалдық негізінде құрылды. Ондағы басшы мен бағыныштының ашық қатынасы, қоғам мен ондағы үйлесімділікті сақтауға бағытталуы тиіс. Дана басшы өз бағыныштыларын адамгершілік қағидаттары арқылы тәрбиелеп, басқару арқылы зорлық-зомбылықтан қашық болуы керек.

Мұндай мәселені шешу үшін Конфуций адамдар мінезіндегі ұстамдылық пен сабырсыздық арасындағы «алтын орта» идеясын жүзеге асыруды ұсынды. «Алтын орта» қауіптен қашып, «орта жолмен» жүруге, іс-әрекеттің мәнін айқындауға және нақты міндеттерді орындауға мүмкіндік береді. Конфуций бұдан өмірдің терең мәнін көрді. Ол: «Билеуші – билеуші, ал қызметші – қызметші болуы керек, әке – әке, бала бала болуы керек», – деп үндейді. Өз философиясында Конфуций «Жэнь» (адамды сүйу) ұстанымына сүйенді. Яғни, адамды құрметтеуге шақырып, ізгілікті үндеді. Билеуші ізгілік пен адамды құрметтеу негізінде басқара білуі қажет.

### Назар аударыңдар!

**Конфуций философиясының негізгі ұстанымы** – мемлекет пен отбасының, адамның өмірін үйлестіру. Мемлекеттегі қарым-қатынас жақсы отбасындағы қатынас секілді болуы керек.

**Ізгілік пен адамгершілік.** Ізгілік әртүрлі жолдармен жетіледі: «Егер сен үшін тазалық пен адалдық маңызды болса, сен әділдікке ұмтылсаң, онда мейірімділікке жетесің». Конфуций адам мінез-құлқының әр алуан қалыбын дұрыс деп есептеді.

Конфуцийдің пікірінше, егер адам жағдайды бақылауында ұстағысы келсе, өз талабын уысында ұстауы керек. Осыған орай әр жас кезеңінің өз ерекшелігі бар. Осыларды көрсеткен Конфуций, жастық шақта рақаттан, ересек жаста даудан, қартайғанда сараңдықтан сақ болуға шақырады. Егер адам қанағаттану жолына түссе, ол адамгершілікке ғана жетіп қоймайды, өз өмірін де жеңілдетеді. Жастық шақта алдағы мақсатқа жету жолындағы ең басты кедергі – шексіз рақатқа берілу, ал егде жаста – жақын адамдармен, айналаңмен жанжалдасу, қартайғанда сараң болу адамды туыстарынан алыстатып, оны қартайғанда жалғыз қалдырады.

**Өзіңе тілемегенді басқа адамдарға жасама.** Адам басқа адамды танымаған соң, онымен қатынаста қиындықтар пайда болуы мүмкін. Мәселені «Егер саған бір нәрсе ұнамаса, ол өзгеге де ұнамауы мүмкін»



деген адамгершіліктің алтын қағидасы шешуі мүмкін. Сондықтан өзінді тыңда, сені не мазалайтынын біл, басқа адамдармен қатынаста оны қолданба. Осы арқылы адамдармен қатынаста болатын үлкен келеңсіздіктердің алдын алуға болады, бұл – ізгілік жолына бастар қадам. Конфуций ізгілік пен адамгершіліктің байланысын көрсете отырып, былай деді: «Адамгершілікке ұмтылу барлық жамандықтың алдын алады». Ол әрі адамның сабырлылық қасиетін насихаттап, оны жетілдіруге ұмтылды. Конфуцийдің пікірінше, адамгершілік – бұл адамдар арасына барғанда маңызды тұлғаны қарсы алған секілді, ал халықты басқаруда маңызды құрбандық салттарын атқарғандай болуы керек, өзіне нені қаламаса, өзгеге де соны істемейтін; мемлекетке наразылық танытпайтын, өз отбасында да наразылық танытпайды. Адамгершілікке қалай жетуге болады деген сауалға Конфуций «Қандай да бір мемлекетте өмір сүрсең, ондағы қызметкерлерден де артық қызмет жаса және ең ақылды азаматтарымен дос бол» деп жауап берген. Бұл – адамгершіліктің негізі.

**Лао Цзы** – ежелгі қытай философы. Дао – *даосизм* ілімін қалыптастырушы. Даосизмнің негізгі мәні бойынша табиғат пен адам өмірі «аспанның еркімен» басқарылмайды, даоның табиғи жолымен анықталады. Дао – бұл дүниенің өзі туралы жаратылыс заңы, *цидің* түпкі мәнімен (ауа жеңілдікпен) әлемнің негізін құрайды. Әлемде барлығы қозғалыста және өзгерісте болады, осының нәтижесінде барлық дүние өзінің қарама-қайшылығына енеді. Адам жаратылыстың дамуына араласпауы керек. Кім бұл бағытты өзгерткісі келсе, ол өзінің бұл әрекетімен зиянын тигізеді, міндетті түрде сәтсіздікке ұшырайды. Осыдан келіп даосизмдегі әрекетсіздік бейнесі (*у вэй*) келіп шығады. Олар: жол берушілік, бағынушылық, күрес пен талаптан бас тарту. Данышпан билеушінің басты ұстанымы – ештеңе істемеу. Дао бойынша мәселені



Лао-Цзы  
(б.з.б. VI–V ғғ.)

шешудің ең басты негізі – бұл өшпенділіктен бас тарту, көнбістік. Бұл берілу мен бағынышты болуға шақыру дегенді білдірмейді, тек аз күш салып, жағдайды бақылауда ұстау қажеттігін ұқтырады. Лао Цзы әлсіздер түбінде күш алып, мықтылар әлсірейтініне, даоның әділетті заңы түбінде үстемдік құратынына сенді. Философ атаққұмарлыққа қарсы болып, адамдарды артық ысыраптан арылуға, табиғатпен үндесе тіршілік етуге шақырды. Ол дана билеуші сән-салтанаттан бас тартып, соғысты тоқтатып, халықты қарапайымдылыққа, тазалық пен тыныштыққа, мәдениет пен өсиет қалыптасқан ежелгі қалпына қайтару қажет деп санады.



## Білімдеріңді тексеріңдер

1. Философияда Сократ қандай бетбұрыс жасады?
2. Сократтың ілімінің мәні неде?
3. Сократтың этикасының мәні қандай?
4. Платон іліміндегі идея мен мән туралы не түсіндіңдер?
5. Платон танымда неге сүйенеді?
6. Платонның кемел мемлекеті туралы не білесіңдер?
7. Аристотель мен Платонның әлемнің алғашқы негізі туралы ілімдерінде қандай өзгешеліктер бар?
8. Аристотельдің пайымынша ақиқатты білімге қалай жетуге болады?
9. Аристотель табиғаттың қандай бағыттарын айқындады?
10. Аристотель қандай дифференциалды ғылымды ұсынды?
11. Аристотельдің жақсы мемлекеттің құрылымы туралы ұстанымына келісесіңдер ме?
12. Аристотельдің этикасының мәні неде?
13. Неге конфуциандық этикалық-саяси ілімге жатады?
14. Конфуций философиясының негізгі танымының мазмұны қандай?
15. Лао Цзының ілімі жайлы не түсіндіңдер?

## § 15-16. ӘЛЕМДІК ДІНДЕР МЕН ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ДАМУЫ

### А. Буддизм

Буддизм б.з.б. 1-мыңжылдықта Үндістан аумағында пайда болды. Буддизм пайда болуының шартты мерзіміне б.з.б. 543 жылы үнділік ханзада Гаутаманың санасына нұр түскен уақытты алады. Аңыздарға сәйкес, ханзаданың рухани төңкерісіне төрт кездесу әсер етті. Алғашында ол қаусаған шалды, сосын алапес ауруынан зардап шегушіні, ақырында жерлеу рәсімін көреді. Осылайша Гаутама кәрілікті, ауруды және өлімді барлық адамның жазмышында бар деп біледі. Сонан кейін ол өмірден еш нәрсені қажет етпейтін өлім аузындағы кедей шалды көреді. Мұның барлығы ханзаданы таңғалдырып, адамдар тағдыры туралы ойлануға мәжбүр етті. Ол отбасын және сарайды жасырын түрде тастап, 29 жасында тақуа болып, өмірдің мәнін іздейді.

#### Бүгінгі сабақта:

- буддизм;
- христиандық;
- ислам туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

нұрланған, оянған, Будда, нирвана, Трипитакада, хинаяна, махаяна, өсиеттер, Иисус Христос, Евангелия, Қасиетті Үштік, Інжіл (Библия), құпиялылық, ханиф, умма, халиф, Құран, сүннет, шариғат, сүнниттік, шейіттік

#### Есте сақтаңдар

Өзге діндермен салыстырып қарағанда Буддизмде әлемді жаратушы – құдай жөнінде түсінік жоқ. Буддизм адам өмір сүріп отырған әлемді, тоқтаусыз бейнет ретінде қабылдайды.





Будда

Терең ой кеше отырып, 35 жасында ол Буддаға айналады. 45 жасында Будда төрт ізгілікті ақиқатты құрайтын ілімін насихаттай бастады. Әрекеттерін бақылай отырып, Будда адамдардың азап шегуіне олардың өздері кінәлі екенін айтады.

Азап әлемінен арылып, шынайы еркіндікке жету үшін өзіндегі нысапсыз құмарлықты жеңіп, күнделікті күйбең тіршілік әлемінен бас тарту қажет. Сонда ғана рухани

дүние тазарып, *нирванаға* – мәңгілік рақат қалыпқа енесің. Адамның бір ғұмырын келесі ғұмырымен жалғастыратын барлық құмарлықтары мен құштарлықтары толық сөніп, қайта туылу тізбегі үзіледі, сәйкесінше азап та тоқтайды. Көптеген адамдар бір өмірдің барысында нирванаға жете алмайды. Будда көрсеткен, құтқарылу жолымен жүрсе де, адам қайта-қайта өмірге келе беретін болады. Бірақ енді бұл жоғары даналыққа жетелейтін жол болмақ. Оның биігіне жеткен адамның рухани дүниесі тазарып, тұрмыстың тауқыметінен арылып, қайта туылу тізбегін үзеді.

### Назар аударыңдар!

Ілім догма болып табылмайды және оның нәтижесі адамның өзіне байланысты. Будда ілімді қабылдау үшін адам жеке тәжірибесі арқылы тексерістен өткізіп алу қажеттігін көрсетті: «Менің ілімімді сенім немесе маған деген құрмет үшін қабылдамаңыздар. Базардағы саудагер алтынды сатып алар кезде тексеріп алатыны секілді, менің ілімімнің ақиқатына көз жеткізген кезде ғана оны қабылдаңыздар!»

Бенарес қаласында Будда нұрға бөленген соң, келтірілген өз уағызында ол өзінің ілімін «*төрт ізгілікті ақиқатқа*» негіздеді:

1. Өмір – бұл азап.
2. Азаптың себептері болады.
3. Азаптан арылуға болады.
4. Азаптан арылуға апаратын жол бар.

Бұл жол «сегіздік» деген атауға ие болды, өйткені ол мыналарды ұсынды:

1) дұрыс көзқарас – әлем бейнетке толы болғандықтан, өзіндегі құмарлықты өшіру қажеттігін түсіну керек;

2) дұрыс ой – шешімді түрде өз жолыңды анықтау керек және құмарлық пен ұмтылысты шектеу қажет;



3) дұрыс сөз – ол шыншыл әрі мейірімді және зұлымдық жасамау керек;

4) дұрыс іс-әрекет – ізгілікті істер атқару қажет және теріс әрекеттерден сақтану керек;

5) дұрыс өмір салты – адал жолмен тіршілік ету қажет және тірі жанға жамандық істемеу керек;

6) адал еңбек ету – өз ойыңның бағытын дұрыста және барлық жамандықты ойларыңнан алып таста;

7) ізгі нәрселерді ойға сақтау – өмірдегі құмарлықтар адамның еркіндікке жетуіне тек қана кедергі келтіретінін ылғи да есте сақтау қажет;

8) дұрыс пайымдау – ақиқаттың мәнін табу мен ішкі жан дүниенің тыныштығын қалыптастыру үшін өз ойыңды жұмылдыру қажет;

«Сегіздік жолды» тағы да «орта» деп те атайды, өйткені оны ұстанған адам екі қажеттіліктен алшақ болуы тиіс: сезім рақатынан және шектен шыққан тақуалықтан.

Буддизм ілімі бойынша, адам өз тағдырын өзі қалыптастырады. Адамның қайта туылу формасы оның әрекеттерінің қаншалықты ізгілікті немесе берік болуына байланысты болмақ. Адамның ізгілікті істерінің құны оның кармасына әсер етуі мүмкін.



Ұлы Ашок патша

### Назар аударыңдар!

Буддист 5 моральдық өсиетті сақтауға, яғни қандай да бір тіршілік иесін өлтіруден, ұрлықтан, өтіріктен, жарына адал болмаудан және ішімдікті пайдаланудан бас тартуы тиіс.

Басқа діндер секілді буддизмде де қасиетті өсиеттер бар. Буддаға қатысы бар деректерді жинауға бірнеше жүз жыл кетті. Б.з.б. 29 жылы жиналған деректер жинақталып, ежелгіүнділік пали тілінде пальма қағазына жазылды. Олар ерекше себетке салынып, сақталды. «Трипитака» («Үш себет даналық») деген атауға ие болған, буддалық қағида осылай пайда болды.

Буддизм екі жарым мың жыл ішінде өзіне көптеген діни нанымдар мен салт-дәстүрлерді қабылдады. Буддизмді ұстанушылардың кейбірі медитация арқылы өзін-өзі тануға басымдылық берсе, басқалары – игілікті істерге ұмтылады, ал үшіншілері Буддаға табынуды мақсат етеді.

Буддизмде этикалық бағыт үлкен маңызға ие. Адамның болмысында адамгершілік қағидалары ерекше орында болуы тиіс. Шындық жолына сәйкес, адам өзіне ғана сенім артуы тиіс, сырттан көмек, қорғаныш және жәрдем іздемеуі керек.



Будданың өзі мен шәкірттері брахманизмнің қалыптасқан қасиетті өсиеттерін ұстаным етті: сансара – қайта туылу принципі, карма – сауапты істер идеясы, дхарма – дұрыс жол.

Буддизмде дербес ұмтылысқа басымдылық беріледі. Адам өзінің жеке «дұрыс» жолын түсініп, қалыптастырғанда ғана, тағдырына ықпал етіп, жақсылыққа қарай өзгереді.

### Назар аударыңдар!

**Буддисттің мақсаты** – қайта туылу тізбегінен құтылу.

Буддизм қауымдардың болуы мен әлеуметтік теңсіздіктерді Будда көрсеткен жолға адамдардың адамгершілік жақындығының кезеңі ретінде түсіндіреді. Олар адамның адамгершілігі мен өзін-өзі жетілдіру барысында адам үшін өзгеруі мүмкін.

Жаңа дінді қолдаушылар көп болды, солардың бірі үнділердің патшасы Ашок (б.з.б. III ғасыр) буддизмді мемлекеттік дін етіп жариялап, оны насихаттады.

### Назар аударыңдар!

Будданың ізбасарлары ілімді одан әрі дамытып, оны қарапайым әрі түсінікті етуге ұмтылды. Осыдан келіп буддадағы екі бағыт пайда болды – хинаяна және махаяна (кіші және үлкен дөңгелек – тар және кең жол).

**Хинаяна** – ертедегі буддизмге жақындау. Азат болудың ең сенімді жолы тақуалық пен монахтар қоғамы – сингхедегі өмір деп санады.

**Махаяна** – адамды ерекше еркіндікке жібереді, түрлі тыйымдарға төзімділік көрсетіп, ведалық құдайларға табынатын, адамдардың әрекеттеріне сабырлылық танытады. Махаянаға сәйкес, құтылу тек тақуаларға ғана емес, миряндықтарға да мүмкін; нирвананың алдында жер бетінің барлық рақаты болатын жұмақ бар.

Үндістаннан тыс жерлерге тарала бастаған буддизм, өзінің ілімін басқа елдерге де жая бастады. Бұған бірнеше ғасыр бойы Солтүстік Үндістан мен Орталық және Орта Азияның біртұтас Кушан державасының құрамында болуы да ықпал етті. Буддизм осы Орталық Азия арқылы Қиыр Шығысқа жетіп, екінші өмірін бастады. Буддизм Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай және Жапонияның өркениетіне айрықша әсер етті. Бүгінгі күнде зерттеушілер есебі бойынша 800 млн-нан 1,3 млрд-қа жуық адам буддизм дінін ұстанады.



## Ә. Христиандық

Б.з. I ғасырында Рим империясының провинциясы – Иудеяда пайда болды. Христиандықтың негізін Иисус Христос қалады. Библия бойынша құдай мен Мария қыздың ұлы саналатын ол иудейлік қала Вифлеемде дүниеге келді. Иисус шоқынуды уағызшы Иоаннан қабылдап, өзін құдайдың ұлы әрі құтқарушы (мессия) деп жариялады. Халыққа уағыз айтып, қауымдарды жақсылыққа үндеді. Оның соңынан шәкірттері – апостолдар (грек. *apostolos* – елші) ерді. Иисусты өзінің шәкірттерінің бірі – Иуда Искариот билікке ұстап беріп, оны иерусалимдік алғашқы дін қызметкерлерінің кеңесі, өзін патша деп атағаны және мессия деп жариялағаны үшін айыптады. Рим прокураторы Иудея Понтий Пилат, Иисусты кінәсіз деп тауып, оны босатпақ болады. Алайда ызалы тобырдан қаймыққан ол Иисусты кінәлі деп тауып, оны жазаға кесуге мәжбүр болады. Иисус крестке керіледі.

Қасиетті жазбаға сәйкес, жазаланған соң үш күннен кейін ол тіріледі, өзінің шәкірттеріне келіп, ақыр заманның қарсаңында, құдайдың алдында өтетін Соңғы сотта, өздерінің әрекеттеріне жауап беру үшін, барлық өлгендерді тірілту үшін оралуға уәде береді. Күнәһарлар өздерінің күнәсі үшін тозақтағы мәңгілік азапқа түссе, ізгі жолда жүргендер аспан патшалығына барып, жұмақтағы мәңгілік өмірге жіберіледі. Осы өсиеттен соң Иисус аспанға ұшып кетті.

Христиандық өзінің қалыптасуы барысында төрт кезеңнен өтті:

**Алғашқы кезең** (б.з. I ғ. басы.) – Христостың өсиет жүргізу әрекеттерінің уақыты.

**Екінші кезең** (30–136 жж.) – алғашқы христиандық қауымдардың және олардың идеялық ұстанымдарының қалыптасуы. Христиандық



Иса пайғамбар аспан әлеміне жол ашуда



дәстүрде бұл кезенді Христостың шәкірттерінің немесе апостолдарының миссионерлік қызметтерімен байланыстырады.

**Үшінші кезең (136–313 жж.)** – епископтық шіркеулердің пайда болуы. Ол түрлі тармаққа бөлінген христиандық қауымдардың орталықтанған шіркеу ұйымдарына біріге бастауымен белгілі болды.

**Төртінші кезең (313 ж. – VI ғ.)** – христиандықтың Рим империясының ресми дініне айналуы.

Христиандықта адамның басты ұстанымы болуы тиіс 10 негізгі өсиет бар. Тас тақтадағы ізгі мазмұнды мәтінді құдай Моисейге Синай тауында түсірген және Көне өсиетте жазып қалдырылған:

1. Мен құдаймын Жаратқан Иемін ... Сенің менен басқа құдайларың болмайды.
2. Өзіңе пір ойлап таппа.
3. Құдайдың атын бекерге айтпа.
4. Жетінші күнді құдайыңа, Жаратқан Иеге арна.
5. Ата-анаңды құрметте.
6. Өлтірме.
7. Зинақорлық жасама.
8. Ұрлық жасама.
9. Жақыныңа жалған куәлік берме.
10. Жақыныңа жамандық тілеме.

Христиан түсінігі мен өмірдегі көшбасшылық үшін Иисус Христостың Таудағы (Нагорная) уағызының маңызы өте зор. Мұнда ол халыққа ізгілікті өсиет айтады: «Рухы төмен бақытты, өйткені оларда Аспан асты патшалығы (Царство Небесное) бар», «қайғырғандар бақытты, өйткені олар жұбанады», «момын адамдар бақытты, өйткені олар жерге ие болады».

*Таудағы өсиетінде христиандықтың моральдық-діни принциптері түйінделіп берілген:* «Өздеріңнің жауларыңды жақсы көріңдер, сендерді қарғағандарға рақым етіңдер, сендерді көре алмайтындарды кешіріңдер және сендерді қарғағандарға дұға етіңдер. Кінәламандар, кінәлі болмайсыңдар. Сұраңдар, сонда сендерге беріледі. Іздеңдер сонда табасыңдар. Адамдар сендерге қандай әрекет жасағанын қаласаңдар, сен де оларға солай жаса, өйткені пайғамбарлардың заңы осылай.»

Христиандық адамға құдайдан берілгендігі туралы христиандардың басты кітабы – Евангелияда<sup>1</sup> (грек. игілікті хабар) айтылады.

### Назар аударыңдар!

Христиандық біртұтас дін ретінде қалыптасып, бүкіл Рим империясына таралды.

<sup>1</sup> Игілікті хабарды адамдарға Христос жеткізді, оларға Құдай патшалығына жақындығы туралы баяндап, адамдар арасында мессия әрекеттері арқылы жүзеге асыратынын жеткізді.



Алайда 1054 жылы Рим Папасы жетекшілік ететін христиан шіркеуі мен Константинопольдік патриарх басшылық жасайтын византия шіркеуі арасында келіспеушілік туындады. Осыдан келіп екі христиандық конфессия – *католиктік және православтық* пайда болды. XVI ғасырда Еуропадағы реформация нәтижесінде христиандықтың үшінші бағыты пайда болды, ол *протестанттық* деген атауға ие болды. Христиандықтың бұл үш тармағы қазіргі кезге дейін өмір сүруде.

Христиандықтағы талқылауға жатпайтын және ақиқатына күмән келтірмейтін қағидаларды нығайтуда 325 жылы Рим императоры Ұлы Константиннің ұсынысымен Никея қаласында өткен Бірінші Бүкіләлемдік шіркеулерінің соборы маңызды орынды иеленді. Бұл жерде маңызды құжат қабылданып, ол *Сенім нышаны* деп аталды. Ол құдайдың үш бірлігін жариялады. Христиандықта құдай үш бейнеде (ипостась) көрініс тапқан: Құдай-Әке, Құдай-Ұлы (баласы) және Құдай-Қасиетті Рух. Христиандық діни ілімнің іргетасы болып саналатын, Қасиетті Үштік осылай бекіді.

*Евангелия* – Иисус Христос туралы баяндайтын ертехристиандық кітап; шіркеу канондық деп танып, төрт евангелияны жаңа өсиетке қосты: Матфейден, Марктан, Лукиден және Иоаннан; канондық Евангелия – христиандық діни ілім мен культтің ең басты негіздері.

***Христиандық сенім іліміне мынадай негізгі принциптер тән:***

1. Құдайды жоғарғы және жетілген құдіретті рухани болмыс, жазаламайтын, махаббатқа бөлеуші деп қабылдау. Христостың жердегі басты міндеті физикалық тұрғыдан емес, рухани тұрғыдан құтқару болды. Ол әлемге адам мен адамның арасындағы махаббатты және барлығын кешіруге болатын үздік үлгіні көрсетті.

Христиан дінін көбінесе махаббат діні деп те атайды. «Құдай дегеніміз – махаббат». Бұл христиандық: «Өз Жаратушы құдайыңды бар жүрегіңмен, бар жаныңмен және өзіңдегі бар ақыл-ойыңмен сүй, «Өз жақыныңды, өзіңді сүйгендей сүй» деген өсиеттерде көрініс береді.

2. Қасиетті Үштік туралы ілім.

3. Христиандықтың негізін қалыптастырушы принципі болып құдай адам – Иисус Христостың бейнесі саналады.

4. Тәннің баянсыздығы мен жанның өлмейтін жағдайы.

5. Әрекетіне жауап беру идеясы – өлімнен кейінгі өмір, ол бойынша дұрыс жолда жүргендер мәңгілік жұмақта болады, ал күнәлілер – мәңгілік тозақ азабын тартады. Мұндай шешім Соңғы сотта қабылданады. Католиктер доктринасы, бұл өмірде дұрыс өмір сүруге талпынып, алайда соңына дейін оны ұстай алмағандардың жанының тазартудан өту (чистилице) мүмкіндігін айтады.

Дін ілімінің негізгі мазмұнын білдіретін, иудейлік және христиандық қасиетті кітап жинақтарында; құдайға құлшылық ету, *Библияда* (грек.



biblia кітаптар) көрсетілген. Ол екі бөліктен тұрады – *Көне өсиет* және *Жаңа өсиет*. Көне өсиетте Христың келерінің алдындағы кезеңдер туралы еврейлердің мәтіндері баяндалған. Көне өсиет иудаизмде де, христиандықта да Қасиетті жазба болып табылады. «Жаңа өсиет» атауы Иеремия пайғамбардың библиялық кітабынан бастау алады, онда болашақ Өсиет – құдайдың таңдаулы халықтар, яғни еврейлермен келісетін жаңа келісімі жайлы айтылады. Жаңа өсиетті тек христиандар ғана мойындайды.

### Назар аударыңдар!

Христиандар өздерін «Жаңа өсиеттің қауымдары» санады. Христиандар таңдаулы халық деп Иисус Христосқа сенетіндердің барлығын атай бастады. Сондықтан да еврейлердің қасиетті кітабын Көне өсиет (ескі, бұрынғы келісім), ал христиандардікін Жаңа өсиет деп атады.

### Есте сақтаңдар

Христиан дінінің символы крест болып табылады.

Крест христиандарда Иисус Христостың азапты өлімінің естелігі ретінде саналады. Кресті христиан ғибадатханаларын безендіруге және дін қызметшілерінің киімдері мен шіркеу әдебиеттеріне пайдаланады, сонымен қоса христиандық рәсімдерді атқаруға да қолданады. Сонымен қатар кресті дінге сенушілер (көбінесе шоқынғандар) өздерімен бірге тағып жүреді.

### Назар аударыңдар!

Христиандықта құдай ана (Богородицаны) құрметтеу маңызды болып саналады. Оның құрметіне көптеген ғибадатханалар тұрғызылып, икондар жазылды.

Бүгінгі таңда БҰҰ дерегі бойынша әлемде 1,5 млрд адам христиан дінін ұстанады, ал ЮНЕСКО деректері бойынша олардың саны – 1,3 млрд-ты құрайды.

## Б. Ислам

Ислам (араб. бағыну, мойынсыну) – ең жас, соңғы әлемдік дін, VII ғасырдың басында Батыс Арабияда, Меккеде пайда болды.

Исламның негізі ханифизмнен бастау алды. Арабияда кезбе уағызшыларды ханифтер деп атаған, олар көпқұдайшылықты айыптап, бір ғана құдайға – Рахманға (мейірімді) құлшылық етуге шақырды. Ханифтер араб тайпаларының саяси бірігуіне ықпал етті. Ғалымдар исламның негізін салушы Мұхаммедтің де ханиф болғанын жоққа шығармайды.



## Назар аударыңдар!

Жаңа дін объективті тарихи күштер әсерінен пайда болды, оған араб халқының өміріндегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер негіз болды. Ру-тайпалық құрылымдардың ыдырауы, сауда саласында дағдарыстардың орын алуы, тұрақсыз халықаралық жағдайға орай экономикалық ахуалдың құлдырауы, араб қоғамындағы халықтың мүддесін қорғау үшін бірігуге және саяси мемлекеттік құрылым жасауға ұмтылыс туғызды. Бұл ұмтылыс тайпалық политеизм (көпқұдайшылдық) орнына келген, монотеистік дін – исламнан идеологиялық көрініс тапты.

## Есте сақтаңдар

Мұхаммед Меккеде шамамен 570 жылы дүниеге келген.

Ол құрайыштар тайпасына жататын хашим руынан шықты. Оның әулеті ауқатты емес болатын, жас бала кезінен ата-анасынан ерте жетім қалып, алғашында өзінің атасы Әбді Мүттәліптің, кейіннен әкесінің ағасы Әбу-Тәліптің қолында тәрбиеленеді. Мұхаммед еңбекке ерте араласады.

Мұхаммед 40 жастан асқанда өзінің Алланың елшісі ретінде тайпаластарына бір құдайға ғана құлшылық етуді уағыздауға шақырған дауыстар ести бастайды. Ол Алланың әмірін орындап, Меккеде жаңа дінді тарата бастайды. Бұл дін *ислам* деп аталды. Ол адамдарды бір құдайға ғана сенім білдіруге шақырып, дінге сенушілердің бір-бірімен бауыр екенін айтты, адамгершіліктің қарапайым қағидаларын насихаттады. Алайда Меккенің тұрғындары Мұхаммедтің өсиетіне өшпенділікпен қарады, оны келемеждеп, түрлі қорлықтар көрсетті. Осындай қиындықтардан соң, ол *622 жылы* өзінің жақтастарымен Ясриб қаласына қоныс аударады.

## Есте сақтаңдар

Бұл қоныс аудару Хижра деген атауға ие болды және мұсылмандық күнтізбенің бастауына айналды. Кейіннен Ясриб қаласының атауы Мұхаммедтің құрметіне орай Мәдинат ән – Нәби – «Пайғамбар қаласы» немесе Медине деген атауға өзгертілді.

Мединеде Мұхаммед мұсылмандардың ең алғашқы қауымын құрды, олар өздерінің қағидаларын қалыптастырып, дін саласы мен жөн-жоралғыларды және күнделікті өмірге қажетті алғашқы заңдар мен ережелерді дүниеге әкелді. Исламды ұстанушылар өздерін мұсылманбыз (араб. Мүсілім – бағынушы, құдайға берілген) деп атады.

Сегіз жыл бойы Мединедегі мұсылмандар мен Меккедегі көп құдайға табынушылар арасында кескілескен тартыстар өтті. Өсімқорлық пен адамдар арасындағы теңсіздікті айыптаған Мұхаммед пайғамбардың



өсиеті халық арасында кең қолдау тауып, исламның қанат жаюына ықпал етті.

### Назар аударыңдар!

630 жылы Мекке халқының басым көпшілігі ислам дінін қабылдады, Мекке ислам дінінің орталығы мен мұсылмандардың қажылық ететін орнына айналды. Мұхаммед пайғамбар өзі дүниеден өтерінен бұрын Меккеге қажылық сапар жасайды және халыққа өзінің соңғы өсиетін айтады, бұл «Қоштасу» деген атауға ие болды.

Онда Мұхаммед пайғамбар дін ұстанған мұсылмандарды бір Аллаға ғана сенуге, өзара жауласу соғыстарынан бас тартуға, қан төкпеуге, тұтқындарға зәбір көрсетпеуге, өсімқорлықпен айналысуды тоқтатуға, әділетсіз істер жасамауға шақырды.

632 жылы Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткен соң, *теократиялық* мемлекет – Халифат құрылды. Халифтардың қолына қоғамдағы діни және зайырлы биліктің барлық тармақтары шоғырланды.

### Есте сақтаңдар

Мұсылмандық діннің негізі мен қағидалары Құранда, сүннеттерде және шарифатта баяндалды.

**Құран** (араб. – оқу) – Мұсылманның қасиетті кітабы Алладан түскен сөздерден құралған, ол Мұхаммед арқылы адамдарға жеткізілген. Мұхаммед бұл жазбаларды өзі жазбаған. Бұл жазбалардың барлығы Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткен соң Оспан халифтың (644–656 жж.) кезінде жинақталды. Сондай-ақ сахабалардың баяндауларымен қағазға түскен. Жинақталған Құран сүрелері мұқият зерттеліп, қасиетті деп танылды. *Құран 114 сүреден тұрады, онда 6219 аят бар.*

Жазбаға сәйкес, Мұхаммедтің дүниеге келерін Ибраһим (Авраам) айтып кеткен. Ислам діні де, христиандық және иудаизм секілді авраамдық дінге жатады, бұлардың барлығының негізі патриарх Авраамнан бастау алады. Сондықтан да мұсылмандар пайғамбарлардың көне өсиеті мен Исаны да құрметтейді.

**Сүннет** – Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеттері мен сөздерінен құралған мұсылмандарға арналған өсиет.

**Шарифат** (араб тілінде шарифат – тура жол) – Құран мен сүннеттер негізінде пайда болған, мұсылмандар құқығының қағидалары. Ол мұсылмандардың қоғамдағы өмірі мен іс-әрекеттерінің үлгісін көрсетеді.

### Есте сақтаңдар

*Исламның бес парызы (тірегі) бар, оны әрбір мұсылман білуі тиіс және міндетті түрде орындауы керек.*



1. *Күәлік сөзін айту* (араб. – *шәхада*), «Лә иләһа иллаллаһ Мухаммад Расулаллаһ» деген сөз. Мағынасы: «Алладан басқа жоқ тәңір, Мұхаммед оның елшісі» деген. Ол исламның екі маңызды қағидасы – бір құдайға құлшылық ету (тәу ету) және Мұхаммедтің Алланың елшісі екенін мойындаудан тұрады.

Исламның басты қағидасы – аспан мен жерді, адамды жаратқан Алланы жалғыз құдай деп тану. Алла жалғыз және туылмаған, мәңгілік және құдіретті, көрінбейді және оған ешкім тең емес.

2. *Бес уақыт намаз оқу* (араб. – *салат*, парсы. – *намаз*) бетін Меккеге (құбылаға) қаратып құлшылық ету. Тәулігіне бес рет намаз оқудың өзіндік шарттары бар. Жұма мұсылмандар үшін қасиетті күн саналады, бұл күні мұсылмандар жиналып, *жұма намазын* оқиды.

3. *Ораза ұстау* (араб. – *саум*, түрік. – *уораза*, парсы. – *рузе*). Ай күнтізбесі бойынша тоғызыншы ай – рамазанда (рамадан) мұсылмандар таң сәріден, күн батқанша ауыз бекітеді. Бұл уақытта су ішіп, тамақ жеуге болмайды. Рамазан айының соңында Ораза Айт мерекесі атап өтіледі. Исламда ораза кезіндегі шектеулерден өзге мұсылман өмірінің барлық саласын қамтыған: ішімдік ішпеу, шошқаның етін жемеу, құмар ойындарын ойнамау, өсімқорлықпен айналыспау (риба) сияқты тыйымдар бар.



Меккеде ғибадат етушілер



4. **Қажылық** (араб. – *хадж*.) Меккедегі исламның басты қасиетті орны Қабаны жеті рет айналып құлшылық ету. Қажылық Құрбан Айт мерекесімен аяқталады, ол Ибраһимның Аллаға құрбандыққа мал шалуынан (Авраамның құрбандық шалуы) шыққан.

5. **Зекет беру** (араб. – көбею, өсу, тазалық деген мағынада) міндетті салық түрі, ол қауымның қажеттілігіне жұмсалады және кедейлер мен жағдайы төмендерге беріледі.

Сонымен қатар әрбір дінге сенуші *садақа* (араб.) беруі – ерікті түрде құрбан шалуы немесе қайырымдылық жасауы қажет.

Шариғатта адамның оянғаннан бастап ұйқыға жатқанға дейінгі құлшылық етуінің көптеген қағидалары бар. Жалпы, адамның туылғаннан өмірінің соңына дейінгі барлық жағдайларына діни сипат берілген.

Негізгі құлшылықтар мешіттерде (араб. *масджид* – құлшылық орны) атқарылады. Мешіттің кіреберіс есігіне қарама-қарсы төргі қабырғасы Меккеге қарап бағытталады. Мұсылмандар намазды осы құбылаға қарап оқиды. Мешітте әйелдердің намаз оқитын орны бөлек болады.

Мешітте мұнара болады (араб. *минара* – жарқырайды). Ол мұсылмандарды намазға шақыратын орын.

**Мерекелер.** Мұсылмандардың негізгі *Ораза Айт*, *Құрбан Айт* мерекелері бар. Мәулет – Мұхаммед пайғамбардың туған күні (ислам діні пайда болғаннан кейін 300 жылдан соң атап өтіле бастады) және Миғраж – Мұхаммед пайғамбардың көкке көтерілуі. Жаңа жыл – Хижра (араб. – қоныс аудару) мұсылман күнтізбесі бойынша мұхаррам айының 1-жұлдызында болады. Мұхаррам<sup>1</sup> айы қасиетті саналады. Бұл күндері ізгілік істер (садақа беріп) көптеп жасалып, қайырымдылық астар беріледі. Мұхаррам айының 10 күні Ашура деп аталды. Мұсылман-шейіттер үшін Ашура – тәубеге келіп, тілек тілейтін күн.

Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткен соң, оның ізбасарлары Халифаттағы билік пен үстемдікке таласып, өзара күрес бастады. Осының нәтижесінде исламда – сүнниттік мен шейіттік деген екі бағыт пайда болды. Сүнниттік – исламдағы басым бағыт. Оны ұстанушылар Құранмен қатар сүннеттерді оның барлық шарттарын қабылдайды және алғашқы төрт халифтың қасиетін мойындайды.

*Шейіттер* деп (араб. «шиа» – топтар, ағым) Мұхаммед пайғамбардың ағайындас бауыры және күйеубаласы, төртінші халиф Әлиді өзінің көсемі деп санайтын мұсылмандарды атайды. Олар тек Әли мен оның ұрпақтары туралы баяндалған сүннеттің хадистерін ғана мойындайды.

<sup>1</sup> Мұхаррам (араб. қасиетті) – мұсылмандардың хижра бойынша жыл санауының алғашқы айы.



Бүгінгі таңда әлемде 1,55 млрд-тан астам мұсылман бар деп саналады. Олар әлемнің 120-дан астам елінде өмір сүруде. 28 мемлекетте ислам мемлекеттік немесе ресми дін болып есептеледі. Мұсылмандардың басым бөлігін (85–90%) сүнниттер құрайды.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Буддизмнің негізін салушы кім?
2. Буддизмнің негізгі белгілерін атаңдар.
3. Христиандықтың қалыптасуының негізгі кезеңдерін баяндаңдар.
4. Христиандықтың 10 өсиетін сипаттаңдар.
5. Христиандықтың негізгі принциптерін атаңдар.
6. Христиандардың қасиетті кітабын атаңдар.
7. Исламның пайда болуының себебін баяндаңдар.
8. Құран, сүннет және шариятта не баяндалады?
9. Исламның бес парызын атаңдар.
10. Сүнниттер мен шейіттер арасындағы ұқсастық пен айырмашылық қандай?

## § 17. ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

**Қоғамдағы діни бейімделуге әсер ететін факторлар.** Қазіргі таңдағы әлемдік діндердің даму бағытын зерттей келе, дінтанушы ғалымдар осы процесті анықтайтын факторларға назар аударуда. Олар бұған *секуляризация, модернизация және экуменизмді* жатқызады.

**Секуляризация** (лат. – зайырлы, әлемдік) алғашында діни институттар меншігінің (жер, ғимараттар) мемлекет меншігіне өтуін білдірді. Қазіргі заманда секуляризация бұл зайырлы мүдделердің діниліктен басымдылығын білдіреді.

**Қоғамның секуляризациялануына ықпал ететін бірқатар факторлар бар:**

1. Теологиялық түсінікті алмастыратын ғылыми-жаратылыстану ғылымының дамуы бұл діннің идеялық ықпалының әлсіреуіне әкеледі.

2. Зайырлы мемлекеттің дамуы, одан шіркеудің бөлектенуі, тіпті діннің рөлі әрқашан да маңызды саналған мемлекеттер үшін де діннің ықпалының азаюына әкеледі.

3. Бұрын діни орындар орындаған қызметтерді атқаратын институттар мен ұйымдардың дамуы. Мысалы: білім беру, медицина (психологиялық көмек), зайырлы мәдени ұйымдар (театрлар, кітапханалар және т.б.).

### Бүгінгі сабақта:

- қоғамдағы діни бейімделуге ықпал етуші факторлар;
- қазіргі әлемдегі және діндегі өзгерістер;
- Қазақстанның әлемдегі конфессиялық келісімге қосқан үлесі;
- дәуір бетбұрысындағы діндер туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

секуляризация, модернизация, экуменизм, реформаторлар, консерваторлар, аджорнаменто, христиандық, ислам



**Модернизация** – қоғамда орын алған өзгерістердің көрінісі болып табылатын, діни наным-сенімдер мен салттардың өзгеруі. Мысалы, II Ватикан соборының шешімімен, католиктік ғибадатханаларда органды ғана емес, басқа да музыкалық аспаптарды пайдалануға рұқсат берілді.

Дегенмен көптеген әлеуметтанушылар шіркеулердің қоғамға ықпалының тұрақтанғанын атап өтеді. Ал бірқатар зерттеушілер: «Дінге сенушілер мен шіркеуге барушылар қатары бұрынғы қалпында, тіпті көбеюде, өйткені адамдар өздерінің күнделікті өмірлерінен мән іздеуде...» – деді.

**Экуменизм** – түрлі конфессиялардың тығыз ынтымақтастыққа әрі өзара түсіністікке ұмтылуы. Экуменизм себептерінің тағы бірі – секуляризация процесіне конфессиялардың реакциялары, өйткені өздерінің ресурстарын біріктірген діни ұйымдар, өмір сүруге анағұрлым бейім болып келеді. Экуменизмнің нәтижесі болып, маңызды гуманитарлық қызмет атқаратын – Бүкіләлемдік шіркеу кеңесі ұйымының пайда болуы жатады. Экуменизмнің радикалдық нұсқасы да кездеседі, ол христиан шіркеулерін (барлығының, болмаса мысалы католиктер мен протестанттарды) біріктіруге немесе әлемдік діндердің басын қосуға ұмтылады. Бұл қозғалысқа қарсылар да аз емес, олар мұндай бірігулердің соңы, жағымсыз әрі ауыр мәдени зардаптарға соқтыруы мүмкін деп санайды.

**Қазіргі замандағы өзгерістер және дін.** Соңғы жүзжылдықтағы өзгерістер: ғылым мен білім маңызының артуы, қоғамның секуляризациясы (мемлекетке бет бұруы) нәтижесінде атеизмнің кең таралуы, экономикалық қанау мен әлеуметтік теңсіздіктер, әскери қанды қақтығыстар мен экологиялық ортаның бұзылуы діннің бұрынғы ықпалын азайтты. Мұның барлығы дінге сенушілердің кері реакциясын туғызып, түрлі діни конфессиялар тарапынан жауапсыз қалған жоқ.

### Назар аударыңдар!

Әртүрлі дін өкілдері діни салаға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешімге келді. Бұл өзгерістерді қай дін иелері жасаса да, ол сенім иелеріне түсінікті әрі сол сенімдегі негізгі ойдың маңызын жоймауы қажет.

Діннің ішкі мазмұнына еш өзгеріс әкелмей жаңа жағдайға бейімдейтін мұндай екіжақты күрделі мәселе түрлі тарихи кезеңдерде әлемдік діндердің алдынан шығып отырды. Мысалы, мұндай метаморфоза христиандықта иудей әлемінен грек-рим кезеңіне өткенде, бұдан кейін ерте орта ғасырлардағы «варварлық әлемге» ауысқанда байқалды. Мұндай жағдайды буддизм Үндістаннан өзге елдерге тарағанда, осындай өзгерістерді бастан кешті.



Жаңа жағдайға бейімделу қажеттілігі дін өкілдері алдына діннің қағидаттарына байланысты күрделі мәселелерді туындатты, бұл үшін, тіпті өзгертін элементтердің өзін сақтап қалу міндеті тұрды.

Бұл тұрғыдан қарағанда, діни ағымдарды шартты түрде: қалыптасқан діни өмір формасын өзгертпей сақтауға тырысатын – *консерваторлық* және оны жаңартып отыруды жақтаушы – *реформаторлық* деп бөлуге болады.

### Назар аударыңдар!

Діни консерваторлар, көбінесе саяси консервативті негіз еткен қозғалыстармен одақтас болып келеді. Діндегі радикалдық реформаны жақтаушылар кейде радикалды әлеуметтік реформаларды да қолдап отырды.

Мынаны есте сақтау керек, *консерваторлар мен реформаторлардың* салыстырылуы қандай да бір қозғалыстың мәнін түсінуге жеткілікті болмайды, себебі ол нақты бір дін аспектілеріне қатысты консервативті, радикалды да болуы мүмкін.

Діни өмірдегі радикалдық жаңару діни емес зайырлы әлемдегі идеялармен және ондағы құндылықтармен сәйкес келе бермейді. Керісінше ол санғасырлық бұрмалаушылықтармен бұркемеленген алғашқы мазмұндағы дінге оралуды көздейді. Бірқатар дін мамандарының пікірінше, қазіргі заманда шіркеу алғашқы христиандық кездегі секілді өзімен-өзі болуы керек. Қазір дін мемлекетпен одақта болуға мұқтаж емес, ол бұрынғыдай мемлекеттік бақылауда болып әрі мемлекеттің саясатын діни тұрғыда насихаттауға міндетті емес.

Бұдан былай христиандық адамдарды өзге конфессиялардан артықшылығы бойынша емес, сенім ретінде қызықтыруы мүмкін. Мысалы, жағдайға орай қоғамда артықшылығы бар орынды иеленуі, барлық құқықтарға ие болуы және мемлекеттік қызметті атқаруы. Христиан-



Рим Папасы XVI  
Бенедикт



Бүкіл Ресей және Мәскеу патр-  
иархы Кирилл



Қазақстанның Бас  
мұфтиі Серікбай  
қажы Ораз



Израиль Бас  
раввины Давид  
Лау



дардың түрлі топтары назар аударған бетбұрыстар қазіргі заманда әртүрлі өзгерістермен жүзеге асуда. Заманауи байланыс құралдарын қолданады, тіпті діни рәсімдерді телеарна мен ғаламтордан тікелей тарату мүмкіндігіне ие болды. Ал бірқатар діни топтар миссионерлік насихат барысында жаңа ақпарат құралдарын жүйелі қолданады. Сонымен қоса өзгерістер діни оқулар мен құлшылық қызметінде де болуы мүмкін. Мысалы, XIX ғасырдағы либералдық протестанттық дін оқуының өкілдері ежелгі жазбаны қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысына бейімдеп, жаңаша түсіндірді. XX ғасырда бірқатар протестанттық шіркеулерде әйелдер мен ерлер құқықтары бойынша теңесті. Кейде әйелдер діни рәсімдерді атқаратын *пастор* да болды.

Католиктік шіркеу II Ватикан Соборынан (1962–1965 жж.) жаңа дәуірге аяқ басты, бұл кезең *аджорнаменто* (итал. – заманға сәйкестену) деп аталды. Шіркеу өркениетті әлеммен кең ауқымды диалог орнатуы тиіс болатын.

Ислам дінінде реформаторлар пайда болды, олар дінді тиімді етіп, заманауи өмірге икемдеуге тырысты. Кейбір мұсылман мемлекеттерінде шарифатты жаңадан түсіндіру, іс жүзінде көп әйелалушылыққа тыйым салуға және ажырасуда әйел адамның құқығының қорғалуына әкелді. Азия мен Африканың кейбір елдеріндегі мұндай діни-реформаторлық қозғалыстарға батыстың ықпалы болды және бұл әсер осы елдердегі экономикалық-саяси және мәдени элита өкілдерін толығымен қамтыды.

Өзгерістер әлемдік және ұлттық-мемлекеттік діндерге әсер етті. **Иудаизмде** Еуропадағы иудеилердің азаматтық эмансипациясы (азат болу) нәтижесінен және олардың арасында таралған түсініктен жаңа реформаторлық ағым пайда болды. Мұндай түсінік бұған дейін тек көзі ашық еуропалықтарға ғана тән болатын. Бірқатар **индуист** реформаторлар үнділерге тән көпқұдайлыққа сиынуды тоқтатып, бір ғана құдайды мойындайтын дінді қабылдауға шақырды. Сондай-ақ олар касталарды жойып, әйелдерді діни қоғамның толыққанды мүшесіне айналдыруды талап етті.

**Қазақстанның** әлемдегі конфессияаралық келісімге қосқан үлесі. Діндер арасындағы өзара байланыстар арта түсуде. Бұл процеске Қазақстан Республикасы аса зор үлес қосты. 2003 жылы 13 ақпанда Алматыда Халықаралық бейбітшілік және келісім конференциясы өтті. Бұл басқосуға 5 мемлекеттен келген мұсылман, христиан, иудей және басқа да конфессия өкілдері қатысты. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен әр үш жыл сайын Нұр-Сұлтан қаласында әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшылары қатысқан съезд өтіп тұрады. Алғашқы съезд 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде өтті.



Мұндай маңызды шараны өткізу үшін Бейбітшілік және келісім сарайы салынды.

**Дәуірлер бетбұрысындағы дін.** XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында кейбір ойшылдар «мемлекеттің діннен бөлектенуі қарқынды жүреді, дін өзінің маңызын жоғалтады, ал өркениетті қоғамда діншілдік біртіндеп тоқтайды» деп санаған болатын. Алайда XX ғасырдың екінші жартысында керісінше үрдіс байқалды, дін қоғамдағы бұрынғы ықпалын қайтаруға ұмтылуда.

XX ғасырдың 70–80-жылдары АҚШ-та протестанттық ықпалдың артқаны байқалды. Осы уақыттан бастап АҚШ президенттігіне үміткер кез келген кандидат сайлаушылардың діни құндылықтарымен санасуға мәжбүр болды. Бұл уақытта Еуропада өздерін христиан санайтын адамдар мен шіркеуге тұрақты түрде баратын христиандар қатары азайып, керісінше Латын Америкасы мен Африка және Азия елдеріндегі христиандардың қатары артты.

II Ватикан соборы реформаларынан шабыт алған католик шіркеуіне келетін адамдардың саны бұл елдерде жылдан-жылға арта түсті. Егер XX ғасырдың басында Африкада 10 млн-ға жуық христиан болса, ғасыр соңында олардың қатары 300 миллионнан асты.

80–90-жылдары Үндістанда діннің рөлі анағұрлым артты. Елдегі билік өкілдері индуизм құндылықтарына көп басымдылық берді, бұл жағдай үнділер мен діни азшылықтар арасындағы қатынастың нашарлауына әкелді.

Кеңестер Одағы тарап, Шығыс Еуропадағы социалистік лагерьлер ыдыраған соң атеистік насихат әлсіреп, жаңа билік маркстік идеологиядан бас тартты. Бұрынғы әлеуметтік бағыттарынан айырылып, абдырап қалған кейбір адамдар дінді тануға ұмтылды.

### Назар аударыңдар!

Бүгінде Шығыс Еуропа елдері мен бұрынғы КСРО республикаларында дін күнделікті өмірде ерекше маңызға ие болды.

Түрлі дін орындары: православ шіркеуі, католиктердің костелдері, мешіттер, синагогалар және басқа да діни мекемелер көптеп салына бастады. Діни газеттер басылып, телеарналарда діни хабарлар пайда болды, діни мектептер қайтадан жанданды. Мұның барлығы өркениетті қоғамда діннің ықпалы азаяды деген болжамдарды жоққа шығарды.

Керісінше халықтар арасында дінге бет бұрудың артқаны байқалады. Бұл процесс күрделі әрі көптеген факторларға тәуелді екенін білуге тиіспіз. Сонымен қатар Жер шарындағы адамдардың әрбір алтыншысы атеист немесе дін ұстанбайтынын да ескеруіміз қажет.



## Білімдеріңді тексеріңдер

1. Діни бейімделуге ықпал ететін факторларды атаңдар және көрсетіңдер.
2. Бүгінгі қоғамның өркениеттілік жағдайының әсері түрлі конфессияларға қалай ықпал етті?
3. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында әлемдегі негізгі діндерді ұстанушылар қатарының санын атаңдар.

## § 18. ҚАЗІРГІ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ ҰЙЫМДАР МЕН АҒЫМДАР

### Бүгінгі сабақта:

- дәстүрлі емес культтердің пайда болуы және таралу кезеңдері;
- діни фундаментализм, консерватизм және радикализм;
- жаңа діни қозғалыстар;
- деструктивті діни ағымдардың белгілері туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

дәстүрлі емес культтер, фундаментализм, консерватизм, радикализм, жаңа діни қозғалыс, деструктивті діни ұйымдар

Дәстүрлі емес культтердің (наным-сенімдердің) пайда болуы мен таралу кезеңдері. Көптеген «жаңа діни қозғалыстар» (ЖДҚ) XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды.

### Назар аударыңдар!

Мұндай құбылыстың орын алуы ертеден басталды. Дінтанушы-ғалымдар ЖДҚ-ның қазіргі әлемге таралуын үш кезеңге бөледі.

**Алғашқы кезең** XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басын қамтиды. Бұл кезеңде ЖДҚ-ның пайда болуы модерн дәуірінің орнауымен байланысты болды, бұл адамзаттың дамуындағы терең сапалы өзгерістерге сай келетін, діннің жаңаша дамуына жол ашты.

**Екінші кезең** XX ғасырдың 50–60-жылдарын қамтиды және индустриалдық қоғамдағы құрылымдық бетбұрыстар әсерінен пайда болған жастардың наразылық қозғалысымен байланысты болды. Мемлекет тарапынан қатаң соққы алып, өздерінің әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылып, таратылған жастар қозғалысынан соң, әлемнің жастары *діни сипаттағы бейресми бірігу* жолына түсті.

**Үшінші кезең** XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында әлемде ғаламдық өзгерістерге жол ашқан жаһандану мен ақпараттандыру әсерінен ЖДҚ-ның белсенділігі азая бастады. Қазіргі заманда ЖДҚ өзгеріске түскен әлемде адамдардың бейімделу жолдарының мүмкіндіктерін іздеуде, олар бұл ізденіске мистикалық сипат береді.

Жалғыздық сезімі, өмірдің мәнсіздігі, технократиялық қоғамдағы құндылықтардан және әлеуметтік қиыншылықтарға «жауапты» дәстүрлі діндерден көңілі қалу – осының барлығы әлеуметтік-психологиялық



фактор ретінде әсер етіп, жаңа құндылықтар жүйесін іздеуге мәжбүр етеді. «Дәстүрлі емес культтер», «Жаңа діни қозғалыстар», «Жаңа ғасыр діндері», «Баламалы (альтернативті) культтер», «Жастар діндері», «Деструктивті діни ұйымдар» – Еуропа, АҚШ және кейбір Шығыс елдеріне таралған діни қозғалыстар мен ұйымдардың бірқатары осылай аталады. Бұл қозғалыстың жетекшілері қоғамдық көңіл күйді дөп басып, «күнәһар әлемнің» азаптарын бірден әшкереледі, өздерін қиындықта қалғандарды құтқарушылар деп жариялады. Деструктивті діни ұйымдар мен қозғалыстың соңынан ерушілердің басым көпшілігі жастар және өмірдің ауыр сынағына ұшыраған жандар болды. Оларға бұл ұйымдардағы мықты тәртіп пен жолға қойылған ережелер, ондағы адамгершілік қағидалар, рухани пастырдың орнына үміткер көшбасшының авторитаризмі ықпал етті.

«Дәстүрлі емес культтер» қатаң, иерархиялық құрылымы бар, харизматикалық көшбасшының қатаң авторитаризмі және қатал тәртібі бар жаңаша түрдегі ұйым болып табылады. Оларда көбінесе қалыптасқан діни оқу жүйесі болмайды.

«Баламалы (альтернативті) культтер» ресми құндылықтар мен идеалдарға, ортодоксалды діни ұйымдарға қарама-қайшылықта болады. Оларда ерекшелену мен бірлесу жақсы жолға қойылған, ұжымдық культ мақұлданған, психотерапияны қолданады.

«Жаңа ғасыр діндері» ірі бизнеспен айналысатын қуатты ұлтаралық корпорациялар ретінде әрекет етеді. Олардың әлемнің көптеген елдерінде бөлімшілері бар.

Жалпы, мұндай ұйымдардың барлығы тоталитарлық сипатқа ие. Барлық дәстүрлі діндердің ортодоксалды діни қызметшілері оларды секталар қатарына жатқызады.

Кейде мұндай ұйымдар садомазохистік, экстремистік, мемлекетке қарсылық, сепаратистік және лаңкестік сипатта болады. Негізінен, деструктивті ұйымдар әртүрлі алаяқтық жолдар арқылы ақша табу мақсатында құрылғандықтан, оларға алаяқтық тән. Мұндай бағыттағы ұйымдарға психологиялық жағынан ауытқуы бар адамдар жетекшілік еткен жағдайлар да кездесті.

«Деструктивтілік» ұйымдар термині француз тілінде пайда болып, XIX ғасырда Францияға тарай бастады. XX ғасырда бұл атау Англияда қолданыла бастады. Бұрынғы КСРО аумағына деструктивті діни ұйымдар 1990 жылдардың басында келді, олар КСРО ыдыраған соң қалыптаса бастады.



Қазіргі экстремизм



Посткеңестік елдер үшін мұндай ұйымдардың (көрсетілген факторлардан басқа) пайда болуына жаңа биліктің КСРО секілді атеистік үгіт-насихат жүргізбеуі де себеп болды.

**Діни фундаментализм, консерватизм және радикализм.** Алғашында бір-біріне мүлдем қатысы жоқ сияқты көрінетін бұл діни бағыттардан, бірқатар дінтанушылар өзара ұқсастықты байқайды. Ең алғашында «Фундаментализм» термині протестанттарға байланысты қолданылған, кейіннен ол діннің негізін алғашқы кезеңдегі қалыпқа қайтаруды мақсат еткен өзге де ағымдарға қатысты да айтыла бастады.

### Есте сақтаңдар

Діни фундаментализм қандай да бір діннің базалық деп санайтын қағидаттарына сәйкес қоғамға радикалды реформалар жасауға ұмтылуымен байланысты болады.

Мұның жарқын мысалы ретінде 1979 жылы Иранда болған Ислам революциясын атауға болады, олар исламның фундаменталды құндылықтар ақиқатына оралуды мақсат етіп, мемлекет діннен бөлектенген Батыс әлеміне жаулық қатынас ұстанды. Бұдан өзге мысал ретінде 1990 жылдары Ауғанстанда билік құрған «Талибан» қозғалысын атауға болады, ондағы «ваххабиттердің» шектен шыққан кейбір топтары өздерін XVIII ғасырда өмір сүрген арабтың ойшылы Мұхаммед ибн Абд әл-Ваххабтың ізбасарлары ретінде жариялады.

### Есте сақтаңдар

Діни консерватизм әрқашан зорлық-зомбылыққа шақырмайды, бірақ ол діннің тазалығын сақтау жолында батыл әрекет етеді.

### Назар аударыңдар!

Діни радикализм бүгінгі заманның бір бөлшегіне айналды, ол кейде лаңкестікке де соқтырады.

Ол әсіресе түрлі діни топтардың өкілдері арасындағы жанжалдардан туындап отырды: оған мысал ретінде Үндістандағы мұсылмандар мен индустар, Солтүстік Ирландиядағы протестанттар мен католиктер, Шри Ланкадағы буддистер мен индустар, Палестинадағы иудейлер мен мұсылмандар, Судандағы, Нигериядағы, Индонезиядағы, Босниядағы, Косоводағы христиандар мен мұсылмандар арасындағы соғыстарды келтіруге болады.

Бұл орайда мынаны басты назарға алу қажет, діни радикализмде көбінесе шешуші рөлді олардың діни шығу тегі емес, жанжалдасушылардың саяси мүддесі атқарады. Көбінесе радикалды топтар өз әрекеттерін ақтап алу үшін діни құндылықтарды басшылыққа алады. Сондықтан



мұндай жағдайда «лаңкестік діннен пайда бола ма, әлде қылмыскерлер өз әрекеттерін ақтау үшін діни идеялар мен белгілерді пайдаланып, «Құдайдың атын жамыла ма» деген даулар толастамай келеді.

Бүгінгі таңда Азия мен Африка елдерінде орын алып отырған діни радикализм жаһандануға деген қарсылықтан туындауда, олар бұл үрдісті бүкіл әлемге батыстың саяси әрі экономикалық ықпалының артып, батыстық өмір салттарының таралуы деп қабылдауда.

### Есте сақтаңдар

Барлық діндердің дін ғұламалары мен діни қызметшілері зорлық-зомбылыққа қарсылық танытып, лаңкестікті айыптайды.

**Жаңа діни қозғалыстар (ЖДҚ).** Деструктивтілік – қоғам өмірін тұрақсыздандырып, мемлекеттің тұрақты дамуын тежейтін факторлардың бірі. Деструктивті ұйымдар өз ілімдері, культ формасы, ұжымдық қағидалары бойынша түрлі бағытты болып келеді.

### Назар аударыңдар!

Жаңа діни қозғалыстардың басын қосатын ерекшеліктердің бірі оның ұстанушылары, бұл діннің алғашқы буыны болып табылады. Олардың арасында, негізінен, жастар көп кездеседі.

Жаңа діни қозғалыстың негізін қалағандар, олардың ресми емес жетекшілері болып табылады. Бұл ұйымдар, көбінесе техникалық құралдарды пайдалану мен экономикалық кәсіпкерлікке бейім болады. Жаһанданудың арқасында жаңа діни қозғалыстар кең таралып, қанат жаюуда.

Кейбір діни қозғалыстар қазіргі әлемді тұтастай ластанған, жойылуға жақын ретінде сипаттап, өздерінің мүшелерін қоршаған әлемнен қорғануға шақырады. Олардың ілімі адамды өз еркінен айырып, оны үнемі қорқынышты қалыпта ұстауға бағытталған. Ұйым мүшелерін аштықпен, ұйқысыздықпен және ессіздікке түсіру арқылы сынайды.

Мұндай идеяларды Сан Мен Мун іргесін қалаған «Кришналық таным қоғамы» мен «Бірігу шіркеуі» қорғап отырады.

Ал «Сайентология» және «Трансцендентальдық медитация» секілді өзге де деструктивті ағымдар өздерін қоршаған әлемнің моральдық құндылықтарын сырттай қабылдап, оларды игерудің кешенді әдістерін ұсынады. Олар Жер мен ғарыш арасындағы байланыстарды және ғарыштық ақыл-ойды насихаттайды. Бұл культтер физикалық құбылыстарға мистикалық мән беріп, әлі сыры ашылмаған табиғат құбылыстарын мистикалық тұрғыдан түсіндіреді. Осы діни-нанымның насихатшылары өздерінің үгіт-насихаттары арқылы бағыныштылардың басын айналдырып, оларды виртуалдық әлемге бағыттайды.



Дәстүрлі емес діндер арасынан пұтқатабынушылық қозғалысты бөліп қарастыруға болады. Олар көптеген христиан елдерінде христиандыққа қарсы бағытта пайда болды және христиандыққа дейінгі табиғат құдайларына оралуға шақырады.

### Есте сақтаңдар

Кейбір «жаңа діни қозғалыстардың» іс-әрекеттері көптеген адамдардың өміріне қауіп төндіруде.

Өкінішке орай, деструктивті діни нанымдар Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Қазақстан аумағына енген деструктивті діни ұйымдар, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруде. Олардың жаңа жаһандық идеологияның дәнін сеуіп, дәстүрлі құндылықтардан, ұлттық салт-дәстүрден қол үзіп, қоғамдық еңбектен бас тартуға үндейді, бұл халыққа физикалық және психологиялық тұрғыдан кері әсер етіп, көптеген отбасылардың бұзылуына соқтырады.

Дәстүрлі емес діни ағымдарды ұстанушылар қатарының көбеюі, бір жағынан, қоғамның рухани-адамгершілік қажеттіліктерінен туындаса, екінші жағынан, жаңа діни ұйымдардың белсенді әрекет ететінінен болуда. Қазақстанның діни бағытында қалыптасқан қазіргі жағдайы радикалды діни ұйымдардың болуы және ЖДҚ-ның (басымдылық, негізінен, жастарға беріледі) әлеуметтік негізінің артқанын байқатады. Қазақстанның қауіпсіздігіне қатер төндіретін тағы бір фактор – ислам дінінің атын жамылған түрлі радикалды экстремистік топтардың пайда болуы.

Деструктивті діни ағымдардың белгілері:

1. Діннің ерекшелігі, діни догматтар туралы идеялардың бар болуы.
2. Зайырлы тәртіптерді, сонымен қатар заңдар, билік пен басқару органдарын жоққа шығаратын ұстанымдары бар.
3. Діни алауыздық пен араздықты туындататын, азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, қағидаларына немесе құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін ұстанымдар бар.
4. Діни догманы ғылыми түсіндіруді жоққа шығару, «мазхабтарды» (исламдағы діни мектеп) жоққа шығару, оның ішінде Орталық Азия мұсылмандары үшін дәстүрлі Әбу Ханифа мазхабын сынап, қабылдамау.
5. Адамдарды шынайы дін ұстанушылар, діни жолдан тайғандар және адасқандар деп бөлу.
6. Халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан бас тарту, оларды мүлдем ұстанбауға шақыру.
7. Діни сенушілердің мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысып, теледидар көруін, әсіресе ойын-сауық және музыкалық бағдарламалар мен бағдарламаларды көрулерін шектеу.



8. Әйелдердің киімді еркін таңдауына шектеу қою, әйелдерді және кәмелеттік жасқа толмаған қыздарды айрықша діни ерекшеліктері бар немесе басқа елдер мен халықтарға тән киімдерді киюге мәжбүрлеу.

9. Некені дін талаптары мен салт-рәсімдері бойынша қию және бұзу туралы ұстаным.

10. Ұлттың тілі мен мәдениетіне нұқсан келтіретін арнайы атаулар мен сөздерді қолдану ұстанымы.

11. Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті және заманауи жағдайларды ескермей, арнайы келбетті қалыптастыру және арнайы киім кию ұстанымы:

ер адамдар үшін:

- күтімсіз, жөнсіз өсірілген сақал, мүрт қойып;
- шалбарлары қысқа, тобықтан жоғары, кең шалбар кию (жабысып тұратын киім киюге болмайды).

Әйелдер үшін:

- денені толық немесе толықтай жабатын, кең киім (бетперде, бурка, паранжа, химар, хиджаб) көбінесе қара немесе қоңыр түстер (қара қоңыр, қара көк, сұр).

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Дәстүрлі емес культтердің пайда болу себептерін ашыңдар.
2. Діни қозғалыстардағы фундаментализм мен радикализм нені білдіреді?
3. XX ғасырда пайда болған діни қозғалыстар мен бірлестіктер туралы айтыңдар.
4. Деструктивті діни ағымдардың белгілерін атаңдар.
5. Қазақстанға деструктивті діни ұйымдар мен қозғалыстардан қандай қауіп-қатерлер бар?



## 3-ТАРАУ

ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА  
ӘРЕКЕТТЕСУІ§ 19. ӨРКЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ  
САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАСЫ**Бүгінгі сабақта:**

- өркениеттер өзара әрекеттестігіндегі сауда-экономикалық саланың дамуы;
- Ұлы Жібек жолы туралы, Халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы; Халықаралық валюта қоры; Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы; Шанхай ынтымақтастық ұйымы; Еуразиялық экономикалық одақ туралы білеміз.

**Кілт сөздер:**

халықаралық экономикалық қатынастар, халықаралық сауда ұйымы, несие, квота, кеден салығы, аймақтық экономикалық интеграция

Өркениеттер өзара әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы. Ұлы Жібек жолы. Ежелгі және орта ғасырлардағы өркениеттерде сауда-экономикалық өзара әрекеттестігінің үлгілі көрсеткіші Ұлы Жібек жолы болды. Бұл – б.з.б. II ғасыр мен б.з. XVI ғасырда Қытай мен Алдыңғы Азияны, VIII–IX ғасырларда Балтық жағалауларын байланыстырған сауда керуен жолдарының жалпы атауы. Жолдың ұзындығы 7 мың шақырымнан асқан. Ұлы Жібек жолы Қытайдан бастау алып, Ниса мен Бағдат арқылы Шығыс Жерорта теңізінің айлақтарына жетті. V–VI ғасырларда Ұлы Жібек жолының басым бөлігін иран мен соғды көпестері бақылауда ұстады. VII ғасыр Араб халифаты құрылғаннан кейін бұл бақылау арабтардың қарамағына көшті. VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырда Ұлы Жібек жолының судағы екі бағыты Шығыс Еуропа арқылы өтті. Бір тармағы Каспий теңізі арқылы Жайыққа, одан әрі Балтық жағалауларына, екіншісі – Сирия мен Кавказ арқылы Еділ мен Солтүстік Донецке жетті.

**Есте сақтаңдар**

Ұлы Жібек Жолы ұзақ уақыт бойы Батыс пен Шығыс өркениеттерінің арақатынасындағы өзара тиімді, оңтайлы сауда-экономикалық байланысқа айналды.

Еуропаға Ұлы Жібек жолымен асыл бұйымдардың сан алуан түрі жетті. Қытай экспортының ең басты тауары – жібекпен қоса,



қолөнер бұйымдары, фарфор ыдыстар, дәмдеуіштер, кілемдер, Дамаск болатынан соғылған қарулар болды. Керісінше Еуропадан Араб елдеріне бағалы терілер, бидай және кәріптас (янтарь) тасымалданды.

### Назар аударыңдар!

Ұлы Жібек жолының арқасында әртүрлі халықтар жаңа тұтыну тауарларымен танысты.

Осы байланыстан, негізінен, Еуропа елдері көп пайда көрді. Түрлі дәмдеуіш қоспалар дәрілер мен азық-түлік түрлерін дайындауға пайдаланылды. Тері мен папирус орнына қағаз қолданып, кітап жазу ісін жеңілдетті. Жаңа тауар түрлерімен Шығыс елдері де танысты. Қытайлықтар Орта Азиядан асылтұқымды жылқы, жоңышқа (жылқыға беретін шөптің тұқымы) және жүзімнің түрлерін алдырды. Кейіннен олар керуен саудасының арқасында үрмебұршақ, пияз, қияр, сәбіз секілді мәдени дақылдарды пайдалануды үйренді.

Қытайда оқ-дәрі пайда болса, Еуропада оқ-дәрімен атылатын жаңа қару – зеңбірек пайда болды. XIV ғасырдың бірінші жартысында отты қару Англия мен Италияда қолданыста болды. XV ғасырда Еуропа мен Қытайға дейінгі мемлекеттер артиллерияны пайдалана бастады.

### Назар аударыңдар!

Ұлы Жібек жолымен тек тауарлар ғана емес, оларды дайындау тәсілдері де тарала бастады.

Алғашқыда жібек Қытайда ғана өндірілді, кейіннен б.з. I–II ғасырларда жібек өндіру Шығыс Түркістанға жетті, ал V ғасырда



Ө.Дүзелханов. Ұлы Жібек жолы



Иранда пайда болды. VI ғасырда Византия императоры жібек өндіруді Грекияда қолға алды. Алғашында қағазды шығыстың көпестерінен сатып алған еуропалықтар XIII ғасырдан бастап оны Қытай мен Орта Азия үлгісі бойынша өздері жасай бастады.

Ұлы Жібек жолы сауда-экономикалық даму байланыстары арқылы Батыс өндірістік жетістікке жетсе, Шығыс ауылшаруашылығын дамытты. Шығыстың батыстан техникалық жағынан артықшылығы XVIII ғасырға дейін созылды, бұдан кейін Еуропада өндірістік төңкеріс басталған болатын.

XV ғасырдың соңында болған ұлы географиялық ашылулар нәтижесінде Ұлы Жібек жолының әлемдік саудадағы маңызы бірден төмендеді. Әлемдік өркениеттердің сауда мәдениетінің өзара байланыстары тоқырап, енді оның орнын еуропалық державалардың экспанциясы басты.

Бүгінде Ұлы Жібек жолының тарихы алуан түрлі халықтар мен елдердің өзара тиімді сауда және бейбіт мәдени араласуының маңызды тәжірибесі ретінде қарастырылуда. 1987–1997 жылдары ЮНЕСКО-ның «Жібек жолы диалог жолы» атты бағдарламасы жүзеге асып, бұл Ұлы Жібек жолын жаңғырту жобаларына дайындықтың бастауы болды. Қазіргі таңда өркениеттің сауда-экономикалық өзара байланысы арнайы халықаралық ұйымның құрылып, жүзеге асуымен орындалады.

**Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ).** XIX ғасырда әлемдік сауда рөлінің өсуі индустриалды елдерді халықаралық деңгейде кеден салығын шектейтін қауымдастықтар құруға мәжбүрледі. 1929 жылы кенеттен басталған әлемдік экономикалық дағдарыс пен кейбір дамыған елдердің шетелдік импорттарға жоғары баж салығын салу арқылы ішкі нарығын тікелей қорғау жолымен дағдарысты еңсеруге әрекет жасауы, өсіп бара жатқан сыртқы сауда-саттықта институционалдану мен ұлттық реттеу қажеттігін көрсетті.

Әлемдік сауданы бақылайтын халықаралық ұйымдарды құру идеясы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталмай тұрып пайда болған еді. АҚШ пен Ұлыбританияның негізгі бастамасымен 1944 жылы Бреттон-Вудс конференциясында БҰҰ валюталы-қаржылық мәселелері бойынша *Халықаралық валюта қоры және Халықаралық қайта құру және даму банкісінің негізі* қаланды.

1947 жылы Тарифтер мен сауда жөнінде Басты келісімге (GATS) қол қойылды. Алғашқысында келісім барлығын тегіс қамти алатын келісімнің бір бөлшегі ретінде қарастырылды. Келісім 1948 жылы 1 қаңтарда күшіне еніп, бастапқыда ешқандай қоғамдық құрылымсыз қызмет ете бастады. Кейіннен ДСҰ осы құрылымның орнын басты.

ТСБК құрылғаннан кейін тиімді жүйеге айналды. 1940 жылдардың ортасында келісімге қол қойылғанға дейін орташа кеден салығы



40 пайызға дейін төмендесе, 1990 жылдардың ортасында 4 пайызға дейін азайды. Тікелей кедендік баж салығын азайту және шетелден жасырын жолмен «тарифсіз» өнім тасымалына шектеу қою мақсатында ТСБК шеңберінде мүше мемлекеттер арасында келіссөздер жиі жүргізіліп отырды.



Ұзақ келіссөздер нәтижесінде 1994 жылы *Дүниежүзілік сауда ұйымын (ДСҰ)* құру туралы келісімге қол қойылды. 1995 жылы 1 қаңтарда келісім күшіне енді. Мүше мемлекеттер осы ұйым аясында тек саудасаттықты ғана реттеп қоймай, постиндустриалды қоғамда дамып келе жатқан қызмет көрсету сапасының әлемдік саудада өсуіне байланысты (XXI ғ. басында – 20%) қызмет сапасын реттеуде де келісімге келді. Осы келісімдер аясында зияткерлік меншікке қатысты құқықтың сауда мәселелерін реттейтін және ДСҰ-дың ажырамас құқықтық іргелі бөлшегі болып саналатын Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша келісім (TRIPs) қабылданды.

### Есте сақтаңдар

**ДСҰ-дың мақсаты** – халықаралық сауданың жалпы принциптерін орнату.

Халықаралық ұйымдарды құру әрекеті мен ТСБК уақытша құрылымының сәтсіз аяқталуынан кейін 50 жыл өткен соң, сыртқы сауда мәселелерін бақылаушы – ДСҰ 1995 жылы 1 қаңтарда жұмысын бастады.

ДСҰ жұмысы мынадай басты негіздерге құрылған:

- **Тең құқық.** ДСҰ-дың әрбір мүшесі өзге барлық мүшелерге саудада неғұрлым қолайлы режим (НҚР) ұсынуға міндетті.
- **Өзара келісім.** Екіжақты сауда шектеулеріне бастайтын қадамдар өзара келісім арқылы болуы тиіс.
- **Ашықтық.** ДСҰ мүшелері өздерінің сауда ережелерін толық жариялауы тиіс және ДСҰ-дың басқа мүшелеріне жеткізілетін ақпаратқа жауапты орган болу қажет.
- **Қолданыста болатын міндеттерді құру.** Мемлекеттердің сауда тарифтері туралы міндеттемелері ДСҰ арқылы реттеледі. Қандай да бір мемлекеттің сауда саласындағы нақты бір секторындағы жағдайы күрделенсе, зиян шеккен жақ басқа сектор бойынша өтемақы талап етуге құқылы.
- **Қорғаныс клапаны.** Кейбір жағдайларда үкімет саудаға шектеу енгізуі мүмкін. ДСҰ мүшелері қоршаған ортаны қорғау, денсау-



лық саласын қолдау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау шараларын қабылдауы мүмкін. Бүгінде ДСҰ-ға (2015 жылдан) Қазақстан Республикасын қосқанда 164 мемлекет мүше.

### Назар аударыңдар!

НҚР принципі бойынша ДСҰ мүшелерінің біріне ұсынылған преференция<sup>1</sup> автоматты түрде ұйымның қалған барлық мүшелеріне таралады. НҚР принципі тек ДСҰ-дың жеңілдік жүйесіне ие дамушы және дамуы төмен елдерге, өңірлік еркін сауда аймақтарына және кедендік одаққа жүрмейді.



**Халықаралық валюта қоры (ХВҚ).** БҰҰ-ның валюталық-қаржылық мәселелері бойынша ХВҚ 1945 жылы 27 желтоқсанда құрылды. Өз қызметін 1947 жылдың 1 наурызында бастаған ХВҚ-ға бүгінде 189 мемлекет мүше. Қор мемлекеттің төлем балансы тапшы болған кезде қысқа және орта мерзімді несиелермен қамтамасыз етеді. Әдетте,

несиелермен қамтамасыз ету бірқатар шарттар мен ұсыныстар арқылы жүргізіледі. ХВҚ-ның Дүниежүзілік банктен айырмашылығы – қысқа мерзімді макроэкономикалық дағдарыстарға бағытталған. Дүниежүзілік банк тек кедей елдерді ғана несиелен қамтамасыз етсе, ХВҚ қысқа мерзімді қаржылай міндеттемелерін жабу үшін шетелдік валютаның жетіспеушілігінен тарыққан, өзіне мүше-елдердің кез келгеніне несиелен бере алады.

#### **ХВҚ-ның алдына қойған міндеттері:**

- халықаралық валюталық-қаржылай мәселелерде бірлесіп жұмыс жасайтын және кеңес беру механизмімен қамтамасыз ететін, тұрақты мекеме ретінде валюталық-қаржылық саланың халықаралық байланысын дамытуға септігін тигізу;
- халықаралық сауданың кеңейуі мен тұрақты дамуына ықпал ету және осы арқылы жетістікке қол жеткізуге жағдай туғызу, жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі мен пайдалы кірісті қолдау, сонымен бірге барлық мүше мемлекеттердің өндіріс ресурстарын дамыту әрі осы әрекеттердің барлығын экономикалық саясаттың бірінші кезектегі міндеті ретінде қарастыру;
- валюта тұрақтылығы мен мүше мемлекеттер арасында бекітілген валюта тәртібіне қолдау көрсету, сондай-ақ бәсекелестікте табысқа

<sup>1</sup> Преференция – артықшылық, жеңілдік



- жету мақсатында валюта иеленуге және валютаның құнсыздануына жол бермеу;
- мүше-мемлекеттер арасында күнделікті ағымдағы операциялар бойынша жан-жақты есептеу жүйесін құруға және әлемдік сауданың өсуіне кедергі келтіретін валюталық шектеулерді жоюға атсалысу;
- мүше-мемлекеттер сенімділіктерін нығайту үшін тиісті кепілдікті сақтау барысында қордың жалпы ресурсымен уақытша қамтамасыз ету арқылы мүше елдердің төлем баланстарындағы сәйкессіздіктерін түзетулеріне ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі әл-ауқат қорына залалын тигізбей мүмкіндік беру;
- мүше мемлекеттер сыртқы төлем баланстарының тұрақсыздық күйін қадағалап, тоқтату және осындай келеңсіз жайттардың ауқымын қысқарту.

#### **ХВҚ-ның негізгі қызметтері:**

- қаржы саясатында халықаралық серіктестікке қолдау көрсету;
- әлемдік сауданың ауқымын кеңейту;
- несиелеу;
- ақша айырбастау курстарын тұрақтандыру;
- борышкер (дебиторлар) елдерге кеңес беру;
- экономика саласында кадрларды дайындауға көмектесу;
- халықаралық қаржы статистикасының стандарттарын жасау;
- халықаралық қаржы статистикасын жинау және жариялау.

**Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (МЭЕУ).** Картель ретінде жиі қарастырылатын Халықаралық үкіметаралық ұйымы мұнай өндіруші елдердің бірігуімен 1960 жылы құрылды. Мақсаты – мұнай шығару үлесін бақылау. 1960 жылдары отарлық бұғаудан босап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуы белең алды. Жаңа пайда болған мемлекеттердің өздеріне тиесілі пайдалы қазбаларын өз бақылауына алып, ұлтының мүддесі үшін оларды пайдалана бастағанда осындай ұйым қажеттілігі туындады. Қазіргі уақытта МЭЕУ құрамына әлемдік мұнай қорының 2/3 мөлшеріне бақылау жасайтын 14 мемлекет кіреді. Олардың еншісінде әлемдік мұнай экспорттың шамамен 35 пайызы бар.



#### **МЭЕУ мақсаттары:**

- ұйымға қатысушы елдер арасында мұнай табысына байланысты қызметтер үйлестіру мен ортақ саясатты әзірлеу;
- мұнайдың бағасының тұрақты болуын қадағалау;



- тұтынушыларға мұнайдың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету;
- мұнай саласындағы инвестицияларды өндіру.

МЭЕҰ-ға мүше мемлекеттердің энергетика және мұнай министрліктері халықаралық мұнай нарығын бағалау мен оның болашақтағы даму ахуалын талқылау мақсатында жылына екі рет бас қосады. Бұл кездесулерде нарықты тұрақтандыру үшін қажетті шешімдер қабылданады. Нарықтағы сұраныстың өзгеруіне сәйкес мұнай табысы көлемінің өзгеруіне қатысты шешімді МЭЕҰ конференцияларында қабылдайды.

1968 жылы МЭЕҰ «МЭЕҰ-ға мүше елдердің мұнай саясаты туралы» Декларациясын қабылдады. Декларацияда барлық елдердің ұлттық мүддесіне байланысты өздеріне тиесілі табиғи ресурстарын игеруіне толықтай құқықтарының бар екендігі көрсетілді.

**Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ)** – 2001 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан бірігіп, негізін қалаған халықаралық ұйым. 2017 жылы ШЫҰ құрамына Үндістан мен Пәкістан теңқұқылы мүше болып енді. Сауда-экономикалық саладағы ұйымның басты мақсаты – экономикалық ынтымақтастықты дамыту, энергетикалық серіктестікті арттыру.

#### **ШЫҰ негізгі мақсаттары мен міндеттері:**

- аймақта бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау және нығайту; әділ демократиялық, ұтымды саясат және экономикаға халықаралық тәртіп орнатуға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты дамыту;
- ортақ мүдде көздейтін саяси, сауда-экономикалық, қорғаныс, құқық қорғау, табиғат қорғау, мәдени, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, кредит-қаржы және басқа салалардағы тиімді аймақтық ынтымақтастықты ынталандыру;
- мүше мемлекеттер халықтарының тұрмыс деңгейін үздіксіз арттырып, жағдайларын жақсарту мақсатында теңқұқылы әріптестік негізінде бірлескен іс-қимыл арқылы аймақтағы жан-жақты және теңдестірілген экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға жәрдемдесу;
- әлемдік экономикаға интеграциялану жағдайында көзқарастарды үйлестіру;
- басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарды қолдау және дамыту;
- ХХІ ғасырда туындайтын проблемалардың шешімін бірлесіп іздестіру.

ШЫҰ қабылдаған алғашқы құжат «Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы Декларация» болды. Ол 2002 жылы ШЫҰ-ға мүше мемлекет басшыларының декларацияға және ШЫҰ-ның базалық ережелік құжаты саналатын Хартияның қабылдануына ықпал етті.





Еуразиялық экономикалық Одақ мүшелері – мемлекет басшыларының 2014 жылы басқосуы

ШҰҰ-ның қалыптасу кезеңі 2003 жылы аяқталып, ол 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз жұмыс механизмі, қызметкерлері және бюджеті бар толыққанды халықаралық құрылым ретінде қызметіне кірісті.

**Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО).** Қазақстан Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 1994 жылы 29 наурызда Ресейге жасаған ресми сапарында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде болып, біртұтас экономикалық кеңістік пен бірлескен саяси қорғаныс негізін қамтыған Еуразиялық Одақ қалыптастыру идеясын алғаш рет айтты. Президент «Еріктігі мен теңдігі қағидаттарында қалыптасқан жаңа үкіметаралық бірлестіктің негізінде біздің еліміз арасындағы қатынастардың сапалы жаңа деңгейіне көшу қажеттілігі бар. Мұндай қауымдастық Еуразиялық одақ болуы мүмкін. Ол ТМД-дан басқа принциптерге негізделіп, жаңа қауымдастықтың негізі екі негізгі міндетті шешуге арналған ұлттықтан жоғары орган болуы тиіс: бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру және бірлескен қорғаныс саясатын қамтамасыз ету» қажеттілігін білдірді.

### Есте сақтаңдар

**ЕЭО** – бұл 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Еуразиялық Экономикалық Одақ жөніндегі Келісімшартқа сәйкес құрылған аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы.





ЕЭО эмблемасы

Ұйым құрамына Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей енді. 2015 жылдың 29 мамырында ЕЭО мен Вьетнам арасында еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қол қойылды. 2015 жылы 21 шілдеде Сирия ЕЭО-ға мүше болуға өтініш білдірді.

ЕЭО-да тауар, қызмет көрсету, капитал және жұмыс күші еркін айналымда болады және экономика бағыты бойынша үйлескен, келісілген және бірыңғай саясат жүргізіледі. ЕЭО жан-жақты жетілу мақсатында кооперацияларды және ұлттық экономикадағы бәсекелестікті арттыру мен ұйымға мүше-мемлекеттердегі халықтың өмір сүру деңгейі көрсеткіштерінің тұрақты дамуына жағдай жасау үшін құрылды.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы неде?
2. Қазіргі замандағы жетекші халықаралық экономикалық ұйымдарды атаңдар, олардың мақсаты мен іс-әрекеттерінің маңыздылығына тоқталыңдар.

## § 20. ӨРКЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЛАСЫ

### Бүгінгі сабақта:

- БҰҰ-ның құрылуы, оның мақсаттарымен және құрылымымен;
- БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі мен Бас Ассамблеяның қызметтерімен және өкілдіктерімен;
- БҰҰ-ның жанжалдар мен халықаралық дағдарыстар және әлемде орын алып отырған жаңа қауіптер туралы әрекеттерімен танысамыз.

Қазіргі әлемде орын алған қандай да бір күрделі мәселені жеке бір мемлекеттің жалғыз әрекет етіп шешуі мүмкін емес. Өркениеттер байланысындағы тарихи саяси қалыптарды реттеу процесінде арнайы органдар мен өркениеттердің дипломатиялық ықпалдастығын танытатын халықаралық қатынастар тәжірибесі ерекше маңызға ие.

### Назар аударыңдар!

Бүгінде өркениеттердің дипломатиялық ықпалдастығының басты алаңы болып құрамында 193 мүше мемлекет бар Біріккен Ұлттар Ұйымы саналады.

**БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптері, құрылымы, негізгі қызметі мен өкілеттілігі.**

БҰҰ – әлемдегі халықаралық қауіпсіздікті нығайтып, оған қолдау көрсету үшін әрі өзара байланысты арттыру үшін тәуелсіз мемлекеттердің ерікті күшімен ұйымдасып құрылған ірі халықаралық ұйым.

БҰҰ – жан-жақты ұйым. Әлемде барлық сала бойынша мәселелер талқылап, оның шешімін шығаратын, халықаралық дипломатиялық



форум. БҰҰ-ға мүшелікке өту ұйымның жарғылық талабын орындайтын барлық мемлекеттер үшін ашық.

БҰҰ-ға мемлекеттерді қабылдау БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы жүзеге асырады. Ағылшын, француз, испан, орыс және қытай тілдері БҰҰ-ның ресми тілдері болып саналады. Осы ресми тілдерден бөлек Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңесі қосымша араб тілін енгізді.

### Кілт сөздер:

халықаралық дипломатиялық форум, халықаралық әлем және қауіпсіздік, халықаралық жанжалдарды шешу, дипломатиялық сақтандыру, бітімгершілік, бейбітшілік

### Есте сақтаңдар

БҰҰ 1945 жылы 24 қазанда құрылған, 51 мемлекет жарғысын бекіткен соң, өз күшіне енді.

Жарғыда бекітілген *БҰҰ-ның мақсаттарына* мыналар жатады:

- халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғау, әлемдегі бейбітшілікке төнер қауіптің алдын алу мен жою және басқыншылық әрекеттерді басу, бейбітшілікке қатер төндіретін халықаралық даулар мен жанжалдарды бейбіт жолмен шешу және реттеу;
- халықтар арасындағы теңдік пен өзін-өзі басқару принциптері негізін құрметтей отырып, ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;
- халықаралық экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы мәселелерді халықаралық байланыстар арқылы жүзеге асыру және барлығының бостандығының негізі ретінде адам құқығын тегі, жынысы, тілі және дініне бөлмей қорғауды жетілдіріп, оны құрметтеу;
- орталықтың рөлін мемлекеттер әрекеті арқылы келісіп, осы бағыттағы жетістікке бағыттау.

БҰҰ-ның мүшелері *мынадай принциптерге* сәйкес әрекет етуге міндеттеледі:

- мемлекеттердің дербес теңдігі;
- жарғы бойынша қабылданған міндеттерді адал атқаруға;
- халықаралық әлемге қатер төндірмей, қауіпсіз және әділеттілікпен халықаралық жанжалдарды бейбіт жолдармен шешу;
- халықаралық қатынастарда күш қолданудан немесе қандай да бір мемлекеттің аймақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін бұзуға, сондай-ақ БҰҰ-ның мақсатына үйлеспейтін амалдардан бас тарту;
- БҰҰ-ның жарғысы бойынша оның барлық әрекеттеріне барынша көмек көрсету және БҰҰ-ға қарсы болып, алдын алу мен мәжбүрлеу шарасын жасаған кез келген мемлекетке көмек көрсетуден бас тарту.





БҰҰ Бас Ассамблеясының алғашқы отырысы. Лондон, 1946 ж.

Жарғыға сай БҰҰ тәуелсіз мемлекеттердің ішкі құзыретіне қол сұғуға құқығы жоқ. Алайда бұл принцип қандай да бір мемлекетке жарғы бойынша мәжбүрлеу шарасын қолдануға кедергі бола алмайды.

### Есте сақтаңдар

БҰҰ-ның бас органы болып Бас Ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Қамқорлық бойынша кеңес, Халықаралық сот және Хатшылық саналады.

БҰҰ-ның құрылымы аса ауқымды. БҰҰ барлық адамзаттың күрделі мәселелерін шешетін орталық болып табылады. Бұл маңызды істер БҰҰ-ның жүйесіне кіретін 30 ұйымның бірлесіп күш салуы арқасында жүзеге асуда. Ұйым жиырмадан астам арнайы мамандандырылған құрылымдар мен бірнеше бағдарлама және БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасы (ПРООН) секілді арнайы қорларды қамтыған. Маманданған құрылымдар жеке ұйым ретінде өз жұмыстарын БҰҰ-ның арнайы келісімдері арқылы оның қызметіне байланысты үйлестіреді. Оған, негізінен, мыналар жатады:

**Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ)** – еңбек шарттарын жетілдіру мен халықты еңбекпен қамту көрсеткішін арттыру, әлемнің барлық елдерінде қолданатын халықаралық еңбек стандарттарын белгілеу, бағдарламалары мен саясатын дайындаумен айналысады.

**Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО)** жалпыға бірдей білім берудің мақсатын, мәдениетті дамыту, бүкіләлемдік табиғи және мәдени мұраларды сақтау,



халықаралық ғылыми байланысты арттыру, ақпарат бостандығы мен коммуникацияны жүзеге асыру міндеттерін атқарады.

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ)** денсаулық сақтау мәселелерін шешуге бағытталған және Жер шарындағы халықтар денсаулығын барынша жақсартуды жүзеге асыратын бағдарламаны үйлестіреді.

БҰҰ әмбебап ұйым болғандықтан, аса ауқымды қызметтерді атқарады, іс жүзінде ықпалы барлық саланы қамтиды, олар: жанжалдарды реттеу үшін бітімгершілік операцияларын жүргізу және шешім қабылдау, еркін әрі әділ сайлау өткізу үшін мемлекеттерге көмек көрсету, дамушы елдер экономикасын дамыту үшін жеңілдетілген займдар ұсыну.

БҰҰ-ның барлық мүшесі **БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына (БА)** ұсынылған. Онда әлемдегі ең өзекті мәселелер талқыланып, барлық мемлекеттер өз пікірлерін білдіре алады. Барлық мүшелер бірдей құқық пен артықшылыққа ие болып, бәріне бірдей міндеттер жүктеледі. Бас Ассамблеяға халықаралық бейбітшілікті нығайту, халықаралық шиеленістерді бәсеңдету, қарулану мен қайта қарулануды тоқтату секілді маңызды қызметтер жүктелген. 1946 жылы Бас Ассамблея қарулану мен қарулы күштерді қысқарту туралы бірауыздан қарар қабылдайды, ал 1947 жылы соғысты насихаттауға қарсы қарар қабылданды. БҰҰ-ның жарғысына сәйкес *Бас Ассамблея мынадай қызметтер мен өкілдіктерге ие болды:*

- халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау істерінде, оның ішінде қарусыздану мен қарулануды реттеуді анықтауда, ынтымақтасу принциптерін қарастыру және мына принциптерге қатысты ұстаным беру:
- халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатысты кез келген сұрақты талқылау және ол туралы ұстаным дайындау (егер бұл даулар мен жағдайлар БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің қарауында болмаса);
- ұлттар арасындағы достық қатынасқа зиян әкелетін кез келген жағдайды бейбіт жолмен реттеу шараларын ұсыну.

**БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі (ҚК)** 15 мүшеден тұрады: 5 тұрақты – Ұлыбритания, Қытай, Ресей, АҚШ, Франция және 10 тұрақты емес мүшелер. Оларды БҰҰ Бас Ассамблеясы екі жылдық мерзімге сайлайды<sup>1</sup>. Қауіпсіздік кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Егер қандай да бір шешімге Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі қарсы дауыс берсе, ол шешім қабылданбайды. Тек Қауіпсіздік кеңесі ғана ұсыныстар мен шешімдерді қабылдауға, ал мүше-мемлекеттер орындауға міндетті. Қауіпсіздік кеңесі бейбітшіліктің сақталуы мен қауіпсіздікке басты

<sup>1</sup> 2017–2018 жж. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды.



жауапкер және бейбітшілікке қауіп төнген кез келген жағдайда шақыртылуы мүмкін. Қауіпсіздік кеңесі агрессия нысаны болып отырған елдер үндеу жолдай алады. Қауіпсіздік кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін БҰҰ-ның қарулы күштерін құруға және қолдануға құқылы.

*Қауіпсіздік кеңесінің міндеті мен өкілдіктері:*

- БҰҰ-ның принциптері мен мақсаттарына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау;
- халықаралық жанжалға соқтыратын кез келген дау мен әртүрлі жағдайларды зерттеу;
- осындай дауларды реттеп, оларды бейбіт шешу амалдарын ұсыну;
- қарулануды реттеу жүйесін құру туралы жоспар жасау;
- бейбітшілікке төніп тұрған қатердің мүмкіндігі мен басқыншылық актісін анықтап, кейіннен қолданар шара туралы ұсыныс беру;
- күш қолдануға қатысы жоқ ескерту мен басқыншылықты тоқтату үшін экономикалық санкция мен басқа да қолданылар шараға байланысты БҰҰ-ның мүшелерін шақыру;
- басқыншылыққа қарсы әскери іс-әрекетті қолдану;
- «Стратегиялық аудандар» қамқорлығы бойынша БҰҰ-ның қызметін жүзеге асыру.

Қауіпсіздік кеңесі осы атқарылған міндеттер мен өкілеттіліктерден басқа өз шешімін де бере алады. Қауіпсіздік кеңесі халықаралық



БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің алғашқы отырысы. Нью-Йорк, 1952 ж.



қауіпсіздікке қатер төнгені туралы ақпарат алғанда, дауды бейбіт түрде реттеу жолдарын қарастырады. Соғыс жағдайында апатты тоқтатуға күш салады. Ол екі жақ келісімге келу үшін немесе қарсыластарды ажырату үшін бітімгершілік миссиясын жіберуі мүмкін. Қауіпсіздік кеңесі өздері қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін мәжбүрлі түрдегі шараларды қолдануы мүмкін: экономикалық санкция салу немесе қару тасымалына эмбарго қою; бұл жағдайда Қауіпсіздік кеңесі мүше мемлекеттерге барлық шараларды пайдалануға, тіпті әскери әрекеттерді қосуға уәкілдік етеді. Мысалы, 1990 жылы тәуелсіз Кувейт аймағын басып алғаны үшін 1991 жылы Иракқа қарсы қарар қабылдап, біріккен әскери қимылдар жасады. Көп жағдайда Қауіпсіздік кеңесінің соғысты тоқтату жөнінде берген нұсқауы маңызды рөл атқарып, әскери қақтығыстардың баяулауына ықпал еткен. Қауіпсіздік кеңесінің 2003 жылы 13 қазанда Ауғанстан жөнінде қабылдаған қарарында «Бейбітшілікті сақтауға жәрдем беретін Халықаралық күштер мандатын кеңейтуге өкілдік береді. Олар Ауғанстанның өтпелі әкімшілігіне және оның заңды мұрагеріне Ауғанстанның аудандары мен Кабулдың айналасын, одан тыс жерлердегі қауіпсіздікті сақтауға қолдау көрсетсін» делінген.

2005 жылы Қауіпсіздік кеңесі лаңкестікпен қоса, 71 кең ауқымды қарар қабылдады. Онда Африкадағы жағдай, Таяу Шығыс пен Ауғанстан мәселелері қамтылған.

**БҰҰ-ның әлемге қауіп төндірген жанжалдар мен жаңа қауіптердің алдын алу әрекеті.** БҰҰ-ның маңызды тапсырмаларының бірі – әлемнің барлық аймағында бейбітшілікті сақтау. Ұзақ жылдан бері БҰҰ халықаралық дағдарыстардың алдын алуда, жанжалдарды реттеуде маңызды рөл атқарып келеді. Ол бейбітшілікті орнату мен қолдауға және гуманитарлық көмек көрсетуге байланысты шараларды жүзеге асыруда. Алайда ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы жаһандану жағдайында әлемде тұрақсыздық пен жаңа қауіптер туындап, әлемдік саясатта жанжалдар пайда болуда. *Бұл жанжалдар мемлекетаралық қана емес, мемлекеттің ішкі сипатына да әсер етуде.* Бұл – этникалық шығу тегіне, нәсіліне, дініне және мәдениетіне байланысты тұрғындар арасында туындайтын топтық жанжалдар. Дәл осындай өзгешеліктер мен өз мүддесін көздеген топтардың себебінен жаңа даулар туындап, ескі жанжалдар мен соғыстар қайта қозады. Осы жағдайларға орай әлемдік көшбасшылар 1992 жылы



Еріктілер Кот-д'Ивуар (Батыс Африка) аймағын күзетуде



БҰҰ-ның Бас хатшысына БҰҰ-ның дипломатиялық алдын алу мен бітімгершілік және бейбітшілікті қолдауда ықпалын арттыру туралы өтініш жолдады. Бұған жауап ретінде БҰҰ-ның Бас хатшысы Бутрос-Гали 1992 жылғы өз баяндамасында бірқатар мәселелерді қамтыған ұсыныстарын білдірді:

- бейбітшілікке төнер қауіпті алдын ала ескертетін жүйе құру;
- соғыс жанжалдары туындауы мүмкін аймақтарға БҰҰ-ның күштерін шоғырландыру;
- егер соғысты тоқтату қажеттілігі туындайтын болса, осы жағдайға қажетті арнайы бітімгершілік әскерлерін құру;
- аймақтардағы ұйымдарды ынтымақтаса жұмыс істеуге, алдын алу дипломатиясы мен бітімгершілікке, бейбітшілікті сақтау істеріне белсенді тарту.

### Есте сақтаңдар

Жанжалдарды реттеу үшін БҰҰ төрт бағыттағы қызмет түрін ұсынды: *алдын алу дипломатиясы, бітімгерлік, бейбітшілікті сақтау және бейбітшілікті қалыптастыру.*

*Алдын алу дипломатиясы* – ықтимал жанжалдарды реттеу мен тоқтату мақсатында мемлекеттер арасында және ішінде болуы мүмкін шиеленіс көздеріне үздіксіз бақылау жүргізу.

*Бітімгершілік* – БҰҰ-ның өкілеттілігіндегі заңдық негіздерді пайдалана отырып, жанжалды реттеу әдісі.

*Бейбітшілікті қолдау шарасы* – азаматтық құрамға маңыз беру. Бейбітшілікті сақтау күштерін тек соғысты тоқтатуға ғана емес, саяси реттеу әрекеттеріне де қолдану. Бұл бейбітшілікті сақтауда мынадай әрекеттерге ықпал етеді: қарусыздандыру, жасақты тарату, сайлауға бақылау және полицияның қалыптасуы мен олардың дайындығына бақылау жасау.

*Жанжалдан кейінгі бейбітшілік қалыптастыру* – күштеу мен зорлықтың негізгі себептерін жоюға бағытталған және бейбіт өмір мен қауіпсіздікті қалыптастыратын жалпы әрекеттердің жүзеге асуын қамтамасыз ету (саяси, құқықтық, әскери, гуманитарлық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени т.б.).

Төрт бағытқа тағы біреуі – барлық аспектілердегі, әсіресе гуманитарлық (қоғамдық) жанжалдарды басқару қосылады.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. БҰҰ-ның мақсатын айтыңдар.
2. БҰҰ-ның қызмет принциптерін сипаттаңдар.
3. БҰҰ-ның құрылымын ашыңдар.
4. Жаһандану жағдайындағы жанжалдардың жаңаша ерекшеліктері неде?
5. БҰҰ-ның жанжалдарды реттеудегі заманауи бағыттағы қызметтерін баяндаңдар.



## § 21–23. ӨРКЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨСКЕРИ-САЯСИ САЛАСЫ

### А. XI–XIII ғасырлардағы крест жорықтары

XI ғасырдың басында Орталық Азиядан Таяу Шығысқа түрік-селжүктердің жаулаушы жорықтары басталды. Олардың бұлай аталуы қолбасшысы Селжүктің есімімен байланысты болатын. Өздеріне қарсы келген арабтардың қолын талқандаған селжүктер көсемі халифаттан өзіне «Шығыс пен Батыс сұлтаны» деген мәртебе беруді талап етті.

Жолындағылардың бәрін бағындырған селжүктер Палестинаны да жаулап алып, христиан әлемінің қасиетті құндылықтары сақталған Иерусалимді де өздеріне қаратты. Олардың ішіндегі ең қасиеттісі құдайдың табыты болатын. 1071 жылы селжүктер Кіші Азияға басып кіріп византиялықтарды тасталқан етіп жеңіп, олардың императорын тұтқынға түсіреді. Византия Батыстағы христиан әлемінен көмек сұрайды. Бұған Францияның Клермон қаласынан қолдау көрсетілді.

#### Бүгінгі сабақта:

- Крест жорығының себептері, барысы мен нәтижелері туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

сұлтандар, түрік-селжүктер, кресшілер мемлекеті, рыцарьлық ордендер, кресшілер мемлекеті

#### Есте сақтаңдар

1095 жылы наурызда Клермон соборында Рим Папасы II Урбан қасиетті орындарды сарайлықтардың (арабтар мен түрік-селжүктердің) езгісінен құтқару мақсатында крест жорығын жариялады.

Осылайша крест жорығына дайындық басталып кетті. Ол жорықтың экономикалық қажеттіліктері де айқындалды: Еуропа жері адамдарды асырауға жеткіліксіз, сондықтан христиан халқын сақтау үшін Шығыстың бай жерлерін жаулап алу қажет. Діни тұрғыдан христианның қасиетті жәдігерлері, әсіресе құдайдың табыты, дінсіздердің қолында қалуы кешірілмес күнә саналды.

**Алғашқы крест жорығы.** Алғашқы крест жорығына уағызшы Петр Амьенскийдің бастауымен шаруалар мен кедей тұрғындар аттанды. Олар 1096 жылы Константинопольге келіп жетеді де, рыцарьлар жасағының көмегін күтпей, Кіші Азияға жорықтарын бастап кетеді. Нашар қаруланған әрі дайындықтары жоқ Петр Амьенскийдің қолын түріктер еш қиындықсыз талқандап тастайды.

Рыцарьлар Папаның селжүктерге де қарсы соғысу насихатына құлақ асады. 1097 жылы көктемде Византия астанасына рыцарь-кресші-





II Урбан Клермон соборында крест жорығын жариялауда

лердің әскерлері жиналады. Алғашқы крест жорығында Францияның феодалдары: граф Раймонд Тулузский, граф Роберт Фландрский, епископ Адемар, Төменгі Лотарингия герцогі – Готфрид Бульонский қатысты. Крест жорығына ондаған мың адам қатысқанмен, олардың ішінде тек бірнеше мың рыцарь ғана жақсы қаруланған еді. Кресшілерге византия әскерінің бөлімдері мен Петр Амьенскийдің аман қалған жасақтары қосылды.

Кресшілердің ең басты қиындығы оларда біртұтас басқарудың болмауы еді. Жорыққа қатысқан герцогтер мен графтарда ауызбірлік болған жоқ, олардың әрқайсысы өздерін артық, даңқты санап, бір-біріне бағынғылары келмеді. 1097 жылы маусым айында кресшілер Никея бекінісін алады да, Киликияға жылжиды. Никея сұлтаны Сүлейман кресшілерге шабуыл жасайды. Бірақ кресшілерге дер кезінде көмек келеді. Түріктер жеңіліске ұшырап, олардың қорғаныстарын жау жағы басып алады. Осы жеңілістен соң түріктер кресшілерге қайта шабуылға шыққан жоқ. Кресшілер үшін тасты, сусыз шөл далада жорықты жалғастыру ауыр сынақ болды. Көптеген жылқы жем мен су болмағандықтан қырылып қалды. Осындай азап көріп, арып-ашқан кресшілер ақыр соңында Киликияға келіп жетеді. Оларды жергілікті тұрғындар – армяндар зор қуанышпен құтқарушылар секілді қарсы алды. Сол жерде кресшілердің ең алғашқы мемлекеті – *Эдесс* графтығы құрылды.



1097 жылы қазанда кресшілер әскері жеті айлық қоршаудан кейін Антиохияны басып алады. Кресшілердің тағы бір мемлекеті – Антиохия князьдігінің негізі қаланады.

Кресшілер әскері 1099 жылы маусым айында египет әскері қорғап тұрған Иерусалимге келіп жетеді. Олар шабуылдаушы құралдардың көмегімен Иерусалимнің бекініс қабырғаларын қиратады. 1099 жылы 15 шілдеде кресшілер Иерусалимді басып алады. Иерусалим корольдығы құрылып, оның басшысы Готфрид Бульонский болады. Кресшілердің басқа корольдықтардағы билеушілері Иерусалим корольдығына бағынышты болды.

Батысеуропалық рыцарьлардың біріккен қолдарының алғашқы крест жорығында жеңіске жетуіне басы бірікпей, бір-бірімен өзара қырқысқан селжүк сұлтандарының әрекеттері себеп болды. Сондай-ақ мұсылман билеушілерінің төніп келе жатқан қауіпті дұрыс бағамдамауы да басты қателіктердің бірі болды.

Палестинада құрылған христиан мемлекеттерін қорғау үшін діни-рыцарлық ордендер құрылды, оның иегерлері жаулап алынған жерлерді иеленді, бұдан кейін алғашқы крест жорығына қатысушылардың басым көпшілігі Еуропаға қайтты. 1119 жылы Тамплиерлер ордені (храм рыцарьлары, франц. Temple – храм) бұдан кейінірек өздерінің қорғаушылары қасиетті Иоанның құрметіне Госпитальер және Иоанниттер ордені, XII ғасырдың соңында Тевтондық орден пайда болды.

**Екінші крест жорығы 1147–1149 жылдары болды және сәтсіз аяқталды.** Бірқатар деректер бойынша оған 70 мыңға жуық адам қатысқаны айтылады. Кресшілерді Франция королі VII Людовик және



Кресшілер





Саладин (Салах ад-Дин)

герман императоры III Конрад басқарды. 1147 жылдың қазан айында, неміс рыцарьлары Дорилейде жеңіліске ұшырайды. Кейіннен Конрадтың әскерінің арасына індет таралады. Император амалдың жоғынан бұған дейін жауласып жүрген Француз королінің әскеріне қосылуға мәжбүр болады. Осы жағдайлар әсерінен герман әскерлерінің бірқатары отандарына қайтуды жөн санады. Француздар 1148 жылдың қаңтар айында Хонами түбінде жеңіліске ұшырайды. Шілде айында кресшілер бес күн бойы қорғанысы күшті Дамаск бекінісіне сәтсіз шабуыл жасайды. 1149 жылы Иерусалим корольдығының жерін кеңейту мүмкін еместігіне көздері жеткен Конрад пен Людовик Еуропаға қайтады.

**Үшінші крест жорығы.** XII ғасырдың соңында кресшілермен жауласқан Египеттің билігіне аса талантты қолбасшы Саладин (Салах ад-Дин) келді. Ол кресшілерді Тивериад өзені маңында тас-талқан етіп жеңіп, 1187 жылы Иерусалимді қайтарып алады. Осыған орай үшінші крест жорығын басқаруды герман императоры I Фридрих Барбаросса, Франция королі II Филипп Август және ағылшын королі Арыстан Жүрек I Ричард өз қолдарына алады.

Кіші Азиядағы өзеннен өту кезінде Фридрих суға батып кетеді де, қолбасшыларынан айырылған әскер тарап, Еуропаға оралады. Теңіз арқылы француздар мен ағылшындар Палестинаға келіп жетеді. Алайда олардың бір-біріне көмектеспей, жекелей жасаған шабуылдары

күткендегідей нәтиже бермеді. Ұзақ уақыт қоршаудан соң, олар Акра бекінісін алады, ал ағылшын королі біраз уақыт бұрын Византиядан бөлініп шыққан Кипр аралын басып алып, мол олжаға ие болады. Ол жерде *Кипр корольдығы* құрылып, бұл маңызды бекініс 100 жылдан астам уақыт кресшілердің шығыстағы қорғаны болды. Бұл үшінші жорықтың ең маңызды нәтижесі еді. Алайда ағылшын және француз феодалдарының өзара тіл табыса алмауы Француз королінің Палестинадан кетуіне мәжбүрледі. Француз рыцарьларының қолдауынан айырылған I Ричард Иерусалимді ала алмады. 1192 жылы 2 қыркүйекте I Ричард Саладинмен бейбіт келісім жасайды.



Арыстан Жүрек I Ричард королі

**Төртінші крест жорығы** Шығысқа жаңадан жорық жасауға III Иннокентий папа үндеу



тастайды. Төртінші крест жорығы 1202–1204 жылдарды қамтыды. Осы жорық нәтижесінде кресшілер Палестина мен Константинопольді және де христиандық Византияның маңызды бөлігін жаулап алады. 1204 жылы 13 сәуірде империя астанасын шабуылмен алады. Қалаға кірген жаулаушылар сарайлар мен храмдарды қиратып, тонауға ұшыратады. Өрт кезінде көне қолжазбалар сақталған орындар жанып кетеді. Константинопольде жинақталған аса бағалы өнер мұралары осылайша жойылады.

### Назар аударыңдар!

Төртінші крест жорығында кресшілердің тонаушылық, жаулаушылық мақсаттары нақты көрініс тапты.

Жаулап алынған Византияның орнына *Латын империясы* құрылды, ол жарты ғасыр ғана өмір сүрді. Осы төртінші крест жорығы ғана үлкен рөлге ие болып, бұдан кейінгі жорықтардың маңызы төмен болды.

**Бесінші крест жорығы 1217–1221 жылдар аралығында** Египетті жаулап алу мақсатында ұйымдастырылды. Оны венгер королі II Андраш пен герцог Леопольд Австрийский басқарды. Андраш пен Леопольд Дамаск, Наблус пен Бейсанға шабуыл жасап, басып алады. Бірақ мұсылмандардың мықты бекінісі Таворды ала алмады. Осы сәтсіздіктен кейін 1218 жылы қаңтарда Андраш еліне қайтады. Венгерлердің орнына Палестинаға 1218 жылы голландия рыцарьлары мен немістің жаяу әскерлері келеді. Нілдің сағасында орналасқан Египеттің мықты бекінісі Дамиеттаны жаулап алуға шешім қабылданады. Бекіністі қоршау 1218 жылы 27 мамырда басталып, жарты жылға созылды. 1219 жылы қарашаның 4-інен 5-іне қараған түні Дамиетта шабуылмен алынып, тонауға ұшырайды. Бұл кезде қорғаныстағы халықтың жартысынан астамы аштық пен ауру азабынан қаза тапқан еді. 80 мың адамнан тек 3 мың адам аман қалады.

1220 жылы шілде айының ортасында Ніл өзені тасып, кресшілердің бекінісін су басады, ал табиғаттың бұл жағдайымен таныс мұсылмандар ертерек қамданып, еш зардап шекпеді. Олар кейін шегінген кресшілердің жолын кесіп тастайды. Жаулаушылар бейбіт келісім сұрайды. Бұл уақытта египет сұлтаны моңғол әскерлерінен қатты қауіптеніп отырған еді. Өйткені қаптаған моңғолдар бұл уақытта Иракқа келіп жеткен еді. Осындай жаңа қауіп туындап отырғандықтан египеттіктер кресшілердің бейбіт келісімін қабыл алады, шартқа орай кресшілер Дамиеттаны тастап, Еуропаға жүзіп кетеді.

**Алтыншы крест жорығы.** 1228–1229 жылдары болған алтыншы крест жорығын герман императоры II Фридрих Гогенштауфен басқарды. Фридрих Иерусалим королінің қызын алған еді, сол себепті ол қаланың билеушісі болғысы келді.





Кресшілердің Константинопольді алуы. Миниатюра  
(XV ғ. Ұлттық кітапхана, Париж)

1228 жылдың жазында Фридрих Сирияға келіп түседі. Ол Сирия әмірлерімен соғыс жүргізіп жатқан Египет сұлтаны әл-Кәмилмен кездесіп, Иерусалим мен корольдыққа қарасты аймақтарды өзіне беру жөнінде келіссөз жүргізеді. Қарымта ретінде сұлтанның барлық жауларына қарсы, олар мұсылман болсын христиан болсын, көмек беретін болып келіседі. Осы келісім 1229 жылы жасалып, 18 наурызда кресшілер Иерусалимге соғыссыз келіп кіреді. Қала кресшілердің қолына өтеді.

**Жетінші крест жорығы** 1248–1254 жылдар аралығында болды. Ол IV Иннокентий папаның ұйымдастыруымен жүзеге асты. Жорықтың мақсаты 1244 жылы сұлтан әс-Салық Аюб Наджм әд-Дин жаулап алған Иерусалимді қайтадан қайтару болды. Олар қаладағы барлық христиан тұрғындарын өлтірді. Крест жорығында Франция королі IX Людовик маңызды рөл атқарды.

1249 жылдың маусым айында кресшілер Египетке келіп түседі де, Дамияттан жаулап алады. 1250 жылдың ақпанында Мансұр бекінісі де жауға беріледі. Бірақ кресшілердің өздері Муазам Тұран шах сұлтанның әскерінің қоршауында қалады. Египеттіктер кресшілердің кемелерін суға батырып жіберді. Людовиктің аштыққа ұшыраған әскері Мансұрды тастап шығып, Дамияттаға бет алады, алайда межелі жерге олардың санаулы бөлігі ғана келіп жетеді. Олардың көпшілігін жолай египеттіктер жойып жіберіп отырды немесе тұтқынға түсірді. Тұтқынға түскендер арасында Франция королі де болды. 1250 жылы мамырда Людовик үшін аса ірі құн 200 000 ливр ақша төленіп, ол тұтқыннан босатылады. Людовик бұдан кейін тағы да төрт жыл Палестинада



қалып, Еуропадан қосымша күш күтеді, алайда көмек келмеген соң, 1254 жылы сәуір айында Францияға оралады.

**Сегізінші крест жорығы.** Соңғы крест жорығы 1270 жылы болды. Бұл жорықта мәмлүктер билеушісі Бейбарыс сұлтанның мерейі үстем болды. 1268 жылы Бейбарыс Яффы мен Антиохияны басып алады. Бұл крест жорығын тағы да IX Людовик басқарып, оған тек француз рыцарьлары ғана қатысты. Бұл жолғы олардың көздеген мақсаты Тунисті жаулап алу болды.

Кресшілер әскерінің саны 10 000 адамнан аспады. Бұл уақытта Еуропада рыцарьлар бұрынғыдай жақсы өмір үшін алыстағы Шығысқа жорыққа аттануды армандамайтын. Олар Еуропада өзара қырқысқан феодалдардың шайқастарынан-ақ артылмады. Людовик Тунисте Египеттің көп әскерлері болмағандықтан, ол жерді қиындықсыз жаулап алатынына сенімді болды.

1270 жылдың шілде айында жағалауға сәтті келген оларды бұл жерде басқа қауіп күтіп тұрған еді. Кресшілер арасында аса қауіпті індетоба таралды. Осы індеттен Людовиктің өзі көз жұмды. Осы жағдайдан кейін Людовиктің бауыры Біріккен Сицилия королі I Шарль крест жорықшыларын тарап кетуден сақтап қалу үшін Туниске жаңа күшпен келіп жетеді. 1 қарашада Тунис әмірі Біріккен Сицилия корольдығына толық көлемде құн төлеуі туралы келісімге қол қояды. Бұдан соң кресшілер Тунисті тастап шығады. Сегізінші жорықтың сәтсіздігінен соң, кресшілердің Палестинадағы жағдайлары да күрделене түседі. 1291 жылы Акра құлайды, оны жермен-жексен етіп өртеп жібереді. Кресшілердің жорықтары жеңіліспен аяқталды.



Сұлтан Бейбарыс ескерткіші.  
Атырау қаласы

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Крест жорықтарының себебі мен оған қатысушылардың әлеуметтік құрамын атаңдар.
2. Крест жорығына кім және қашан шақырды?
3. Төртінші крест жорығы басқаларына қарағанда несімен ерекшеленді?
4. Сегізінші крест жорығының нәтижесі қандай болды?
5. II Урбан халықты жорыққа қандай уәдемен шақырды?



## Ә. XVI–XVII ғасырлардағы отарлық экспансия

### Бүгінгі сабақта:

- Еуропа мемлекеттеріндегі отарлық экспансияның себептері, отарлық экспансияның түрлері мен әдістері, зардаптары, Еуропа мемлекеттеріндегі сауда компанияларының қызметі туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

экспансия, конкиста, конкистадорлар, отар, отар иеленушілер, сауда компаниялары, әлемдік экономика, Ұлы географиялық ашылулар

Крест жорықтары нәтижесіне орай Батыс пен Шығыс арасында тығыз сауда қатынасы орнады, осының арқасында Еуропа тамаққа пайдаланатын түрлі дәмдеуіштерді білді; үнді, араб және парсы маталары, зергерлік бұйымдар мен сән-салтанатқа арналған дүниелерді көрді. Алайда XV ғасырда құрғақтағы керуен жолдары, оның ішінде Константинополь арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы жабық болатын, оны 1453 жылы түріктер жаулап алған еді. Теңіз арқылы жеткізілетін шығыс тауарларының бағасы бірнеше есе қымбат болды, бұл еуропалық көпестердің Шығысқа баратын жаңа жол іздеулеріне себеп болды. Бұған екінші себеп – Еуропада ақша жасайтын бағалы металдардың аз болуы. Бұл ақшалар өзара саудада, Шығыспен жасалатын сауда байланысында да пайдаланылды. Байлықтың көрсеткіші саналатын алтынға құмарлық көпестерге, дворяндарға, еуропаның билеушілері-

не – жалпы бәріне тән қасиет болды. Олар осы байлыққа қол жеткізудің жаңа жолын іздеушілердің идеясын қолдады.

Отарлық экспансияның алғашқы негізін салушылар Пиреней түбегіндегі аумақтарды арабтардан қайтып жаулап алу кезінде (Реконкиста барысында) пайда болған *Испания* мен *Португалия* болды. Реконкиста аяқталған соң, орташа дәулетті испандық және португалдық ақсүйектердің жауынгерлік күш-жігері жаңа қажеттіліктерді талап етті. Португалияда конкиста (Африканы жаулап алу) идеясы дүниеге келді. Оның мақсаты алтын іздеу болды. Алайда 1415 жылы құрғақ жер арқылы басталған конкистердің жорықтары сәтсіз аяқталады, өйткені рыцарьлардың аттары Африканың құмында жүруге икемсіз болды. Енді Африканың жағалаулары арқылы теңіз жолымен жүру шешімі қабылданды. Португалияда жасақталған экспедиция Африканың батыс жағалауын зерттеп, бұл маңнан тек қана алтын емес, сондай-ақ жергілікті билік иелері сататын африкалық құлдарды да кезіктіреді. Португалдықтар XVI ғасырдағы ең алғашқы тірі тауарды тасымалдаушылар болды. 1487 жылы португалдық Бартоломеу Диаш Африканың оңтүстік шетіне жетіп, Атлантикадан Үнді мұхитына құятын өткелді табады. Португалдықтар Үндістанға экспедицияға дайындалады. Бұл сапарға португалдықтар мен қатар испаниялықтар да аттанатын болып дайындық жүргізді. Испан короліне генуялық



Христофор Колумб Үндістанға шығыс арқылы емес, батыс арқылы жету туралы ерекше жоспарын ұсынды. 1492 жылғы экспедиция сапары барысында Колумб еуропалықтар үшін Американы ашты. Америкаға алғаш табаны тиген еуропалықтарды үндістер достықпен қарсы алды.

1498 жылы португалдық Васко да Гама Африканың оңтүстік жағын айналып өтіп, Үндістанға апаратын теңіз жолын ашты. Португалдықтар Үнді мұхитындағы өздерінің жетістіктерін одан әрі нығайтуға кірісті. Олар су жолдары арқылы өтетін сауда байланыстарына өз бақылауларын орнатпақ болды. XVI ғасырдың басында португалдар шығыстан Еуропаға жеткізілетін дәмдеуіштердің негізгі тасымалдаушылары болып, үлкен табыс түсіріп отырды. Шығысқа қарай сапар шеккен португалдықтар Үндістан мен Қытайға жетті.

Теңіз жолдарындағы Испания мен Португалияның бәсекелестігі тарихта тұңғыш рет әлемді бөлісудің басталуына әкелді. 1494 жылы Рим папасының қатысуымен келісім жасалды, ол бойынша Атлант мұхитының батысындағы Азорск аралдарында шартты белгілер орнатылды: келісімге сәйкес аралдың батыс жақ бетінде ашылатын жаңа жерлер мен теңіздер Испанияға тиесілі болды да, шығыс жағы Португалияның иелігі саналды.

1519–1522 жылы португалдық теңізде жүзуші Ф.Магеллан әлемді тұңғыш рет айналып шығады да, осы сапарында Үндістанға апаратын батыс жолын ашады. Осы теңіз сапарынан кейін 1529 жылы Испания



Христофор Колумбтың Америкаға келуі (1492 ж., 12 қазан)



мен Португалия Тынық мұхитта ықпал ететін аймақтарын өзара бөліп алып, арнайы келісім жасайды.

XVI ғасырда Америкаға испандық және португалдық экспедициялар көптеп келе бастайды. Олардың Орталық және Оңтүстік Американы игеруі конкисталық негізде жүргізілді. Конкистадорлардың азғана әскерлері отты қарулары мен аттарының арқасында үндістерден басым болды. Жергілікті тұрғындар өз өмірлерінде жылқыны тұңғыш рет көрді. Конкистадорлардың мақсаты алтынға бай аймақтарды табу болды. Олар мұндай кен орындарында үндістерді қинап жұмысқа салды, қатал қарады. Аяусыз қырып-жоюға ұшыраған үндістердің орнын кейіннен Африкадан әкелінген құлдар басты.

Бразилияның аумағын да португалдық конкистадорлар жаулап алды. Юкатан түбегінде испандық конкистадорлар үнді тайпасына жататын майялықтардың аса жоғары дамыған мәдениетіне кезігеді де, жергілікті мемлекеттерді жазалау арқылы осы өркениеті бағындырады. Ацтектердің жерін де испандықтар басып алады. XVI ғасырдың 30-жылдары испан конкистадорлары Перуге басып кіріп, ондағы инктердің күдіретті державасын жойып, қазіргі замандағы Чили, Парагвай, Боливия, Эквадор орналасқан аумақтарға өз биліктерін орнатады.

XVI ғасырдың 30-жылдарының ортасында Испания Оңтүстік және Солтүстік Америкада аса үлкен аумақты иеленіп, ауқымды отарлық империя қалыптастырды.

XVI ғасырда Солтүстік Американы Франция мен Англия жаулай бастайды. Француздар Канаданы өз иеліктеріне алса, ағылшындар Солтүстік Американың шығыс жағалауын игере бастайды. XVII ғасырда француздар Миссисипи өзенінің су бассейндерін өз иеліктері деп жариялап, бұл аумақты *Луизиана* деп атады. 1607 жылы ағылшындар Солтүстік Американың шығыс жағалауында Вирджиния колониясының іргесін қалайды.

Солтүстік Американы игерген француз және ағылшын отаршыларының әрекеттері испан және португал конкисталарынан өзгеше болды. Англия мен Франциядан қоныс аударғандар бұл жерде ауылшаруашылығы жұмыстарын жүргізді, аңшылықпен және балық аулаумен айналысты. Олардың жергілікті халықтармен қарым-қатынасы, испандықтармен және португалдықтармен салыстырғанда бейбіт сипатта болды. Біраз уақыттан соң отаршылар үндістердің құлдыққа көнбейтінін, олардың өздеріне жұмыс істемейтінін түсінді. Сондықтан олар отарлардағы үндістерді аяусыз қырып-жойып, қуғындауға кірісті. Олардың ұрандары: «Жабайылар кетуі керек!» болды. Солтүстік америкалық отарларда үндістерді қудалау аса қатыгездік сипатта жүрді. Олардың ұрандары: «Жақсы үндіс – өлі үндіс» болды.

Үнді мұхиты мен Африканың айналасындағы теңіз коммуникацияларын өздеріне қаратқан португалдықтар Азияны жаулауды бастады.



1510 жылы Үндістандағы Гоаны иеліктеріне алған португалдықтар оны өздерінің Шығыстағы отарлық империяларының орталығы етті. Бұдан кейін Үндістан, Парсы шығанағы, Малай аралдары, Қытай және Молуккан аралдары мен өзге аймақтардың аумақтары да солардың билігіне өтті. Бекіністер жүйесіне сүйенген португалдықтар жергілікті феодалдарды өздеріне алым-салық төлеуге немесе төмен бағада түрлі дәмдеуіштер беруге міндеттеді.

XVII ғасырдың басында отарлаушы экспансияны Голландия, Англия, Франция және өзге де еуропалық мемлекеттердің сауда компаниялары ығыстырып шығарды.

Жаңадан пайда болған буржуазиялық қоғам бұрынғы феодалдық мемлекеттерге тән әдістерді өзгертіп, отарлық экспансияның жаңа тәсілдері мен формаларын тудырды. Жаңа әдіс бойынша мемлекет отарларды жаулап алу мен қанауға тікелей қатыспады. Ауқымды да қымбат мемлекеттік бюрократтық машинаны жекетұлғалар – отарларды қанаушы компаниялардың үлескерлері ауыстырды. Олардың мақсаты тез баю мен жекебастарының мүддесі болды. Мемлекеттік мүдде мен компания арасындағы тығыз байланыс артып, оларға тікелей әскери көмек көрсетілді және мемлекет тұрғысынан компанияның қызметін қолдаудың неше түрлі тәсілдері қолға алынды. Осылай отарлық жаулап алу шарасы мемлекеттен жеке қолға өтті.

XVII ғасырда пайда болған көптеген сауда компанияларының ішіндегі ең маңыздысы ағылшындық және голландық Ост-Үнді компаниясы болды.

**Ағылшындық Ост-Үнді компаниясы** 1600 жылы құрылып, ағылшындық отарлау саясатында үлкен рөл атқарды. Ол Үндістан мен Қытай арасындағы сауда қатынасында монополиялық құқыққа ие болды. Англияның бәсекелестері Голландия мен Францияға қарсы жасаған соғысына қатысты, өз әскері мен флоты болды. XVIII ғасырда компания үнді князьдігі Майсурды жаулап алу үшін соғыс жүргізіп, оның аумағын өзіне бағындырады. Бұдан кейінгі соғыстарда Пенджабты бағындырып, 1849 жылы бүкіл Үндістанға Англияның құдіретін орнатады. Үндістанда шексіз билік жүргізген компания осында өсетін дүниелердің барлығына иелік етті. Апиын егіп, оны контрабандалық жолмен Қытайға сату компанияның басты қаржылық жүйесін құрады. Компания үнді жауынгері – сипайларды пайдаланып Бирма мен Ауғанстанға және өзге де азиялық елдерге соғыс ашып, басқыншылық саясатын жүргізді.

**Голландық Ост-Үнді компаниясы** 1602 жылы голланд үкіметінің ықпалымен құрылды. Компания құрудағы басты мақсат үнді тауарларын таситын бір ғана кәсіпорынға монополиялық құқық беріп, қалғандарының Үндістанға бару жолына тыйым салу болды. Голландияның Бас штабы Үндістанмен сауда жасайтын бірнеше компа-





Форт Уильям – Ост-Үнді компаниясының алғашқы бекінісі

ниялардың басшыларымен келісімшарт жасап, келісімге келді. Келісім бойынша біртұтас Ост-Үнді компаниясы құрылып, оған Қайырымды Үміт мүйісі шегарасынан – шығысында Магеллан бұғазына дейінгі аралықта кеме жүргізуге монополиялық құқық берілгені және сауда артықшылықтарына ие болғаны туралы көрсетілді. Компания барлық шетелдік кемелерді тұтқындауға, факториялар мен бекіністер салуға, ақша құюға, әскер ұстауға, Голландия үкіметі атынан бейбіт келісімдер жасауға, сондай-ақ өз қызметкерлеріне, жаулап алған аумақтарындағы тұрғындарға сот және әкімшілік билік жүргізуге толық құқылы болды.

XVII ғасырдың ортасында Ост-Үнді компаниясы Португалияның Үндістандағы иелігінің басым көпшілігін жаулап алады да, ірі саяси және әскери күшке айналады. Бұл компанияның қызметі мен бағытының өзгеруіне әкеледі. Енді оның негізгі табыс көзі саудадан емес, мәжбүрлеп жинау мен алым-салықтан түсе бастады.

Америка мен Африканың батыс жағалауын жаулап алып, сауда жүргізу үшін 1621 жылы голландық *Вест-Үнді компаниясы* құрылады. Алайда голландықтардың Оңтүстік Америкадағы жаулау ықпалы Шығысқа қарағанда төмендеу болды. Олар ұзақ уақытқа дейін Бразилияға тұрақтай алмайды. Бірақ Кариб теңізіндегі бірнеше аралды жаулап алып, Суринамда орналасады. Голландықтар Солтүстік Америкада бірнеше компания құрады. Ал Африкада олар бірнеше бекеттерден португалдықтарды ығыстырып шығарып, Кап жерін отарлауды бастайды.

Жаңа материктердің ашылуы мен олармен арадағы тұрақты байланыстар *әлемдік экономиканың* қалыптасуына әкелді. XVI ғасырдың



алғашқы жартысында әлемдік сауданың көшбасшылары Испания мен Португалия болса, XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында көш басына Англия мен Голландия шықты.

### Назар аударыңдар!

Отарлық жаулап алу әлемдегі отарлық бөлудің басталуына және еуропалықтардың Азияда, Африкада және Америкада күш көрсетіп, қанау тәсілдерімен үстемдік орнатуына әкелді. Отарлық саясат жүздеген мың адамның өмірін үзіп, Американың Колумбқа дейінгі өркениетін құлатты, Африка және үнді халықтарының өзіндік мәдениеттеріне орны толмас зардап әкелді.

Еуропалықтардың Азия, Африка және Америка елдерін тонау нәтижелерінде жинаған байлықтары индустриалды қоғам қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі болды.

Көп пайдаға кенелген еуропалық мануфактураның қожайындарын өндіріс көлемі ұлғая түскендіктен, отарлардан жеткізілетін шикізат қатты қызықтырды. XVI–XVII ғасырлардағы ағылшын өндірісінің жетекші саласы – шұға дайындау ісі шеттен жеткізілетін бояғыштарға ерекше тәуелді болды. Әсіресе Үндістаннан жеткізілетін *индиго* – қою көк бояуына сұраныс жоғары болды.

Бұл кезеңде еуропалық мемлекеттерде капиталистік қатынастар жылдам дамып, шапшаң өркендесе, отар елдерде еуропалықтар мен отаршылардың әрекеттерінен өндіріс орындары әлі де құлдық және ежелгі феодалдық қанау түрінде қалды. Бұл елдер арасындағы экономикалық байланыстардың бұзылуына, жергілікті өндірістің Еуропалық сауда капиталына тәуелділігіне әкелді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. XVI–XVII ғасырлардағы еуропалықтардың отарлық экспансиясының себептерін атаңдар.
2. Отарлық экспансияның формалары мен әдістері туралы баяндаңдар.
3. Отарлық экспансияның Батыс пен Шығыс өркениеттеріне тигізген зардабын анықтаңдар.

## Б. Араб-израиль қақтығысы және Палестина мәселесі

1920 жылдан бері Ұлыбританияның басқаруында болған Палестина аумағында арабтар мен еврейлер өмір сүрді. Екі халықтың арасындағы дұшпандық әрекеттер XX ғасырдың 30-жылдары Палестинада екі жеке араб және еврей мемлекеттерін құру идеясының пайда болуына әкелді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң Палестинаны бөлу мәселесі тағы да көтерілді.

### Бүгінгі сабақта:

- Араб-израиль қақтығысының пайда болуы, қақтығыстың ұлғаюы және оның формалары, қақтығысты шешудің жолдары туралы білеміз.



**Кілт сөздер:**

аймақтық қақтығыс, араб-израиль соғысы, Палестинаны азат ету ұйымы, интифада, бейбіт келісімдер, Палестина автономиясы, «Жол картасы» жоспары

1947 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Палестина аумағында екі тәуелсіз араб және еврей мемлекеттерін құру туралы шешім қабылдады. Еврейлік ұйымдар БҰҰ қарарымен келіскенмен, Араб елдері оны мойындамай, Палестинада Араб мемлекетін құру туралы талап қоюды тоқтатпады.

1948 жылы мамырдың 14-інен 15-іне қараған түні Палестинадағы еврей тұрғындарының – Халық кеңесі ұйымының өкілдері – Израиль Мемлекетін жариялады.

Израиль мемлекеті құрылған соң, айналадағы Араб мемлекеттері БҰҰ-ның Палестина аумағын бөлу туралы қарарымен келіспей, Израильге соғыс жариялайды. 1948–1949 жылдарды қамтыған *бірінші араб-израиль соғысы басталады*. Бұл қақтығыста Израиль жеңіске жетіп, Иерусалимнің батыс бөлігін және БҰҰ-ның Араб мемлекеттеріне арнап бөлген аумақтарының бір бөлігін басып алады. 1 млн-дай арабтар көрші мемлекеттерге бас сауғалап, босқындарға айналды.

**Екінші араб-израиль соғысы** Египет мемлекетінің Суэц каналын мемлекет меншігіне алуына және Израиль кемелерінің канал арқылы өтуіне тыйым салуға байланысты болды. 1956 жылы 30 қазанда Израиль әскері Египетке шабуыл жасап, Синай түбегін және Газа секторын басып алады. 31 қазанда Ұлыбритания мен Франция Египетке қарсы әскери іс-қимылдар бастайды. Алайда БҰҰ-ның қарарына сәйкес Египеттегі ұрыс қимылдары 7 қарашада тоқтатылды. Израиль өзінің әскерін Синай түбегі мен Газа секторынан әкетті.

**Үшінші араб-израиль соғысы** 1967 жылы 5 маусымда басталды, ол *«алты күндік соғыс»* деген атақ алды. Соғыс арабтардың жеңілісімен аяқталды. Израиль Египеттің Синай түбегі мен Газа секторын, Иорданиядан – Шығыс Иерусалимді және Иордан өзенінің батыс жағалауын, Сириядан Голан қыраттарын басып алады. Арабтар мен израильдіктер арасындағы соғыс қимылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің араласқаннан кейін арабтар мен израильдіктер арасындағы ұрыс қимылдары тоқтатылды.

«Алты күндік соғыстан» кейін палестиналық арабтар тұратын негізгі аудандардың барлығы Израиль билігінің қол астына қарады. Мұндай жағдайдан кейін палестиналық арабтар ұйымдарының жетекшілері Израильге қарсы жаппай диверсиялық-ланкестік соғыс бастауға шешім қабылдайды. Оған 1963 жылы құрылған *Палестинаны Азат ету ұйымы (ПАҰ)* басшылық етті. Бұл ұйымның мақсаты біртұтас Палестиналықтарды біріктіру болатын. 1968 жылы ПАҰ жетекшілігіне «Фатх» ұйымының (Палестина азаттық қозғалысы) жетекшісі Ясир Арафат келді.



1973 жылы 6 қазанда Египет пен Сирияның қарулы күштері айырылып қалған аумақтарын қайтару үшін Израильге шабуыл жасайды. Осылай **төртінші араб-израиль соғысы** басталады. Үш аптаға созылған ұрыс қимылдарынан соң, Израиль әскері арабтардың әскерін тоқтатып, өздері шабуылға шығады. 1973 жылы 25 қазанда соғыс қимылдары тоқтатылады. 1973 жылы желтоқсанда БҰҰ-ның жетекшілігімен өткен Женевадағы халықаралық конференцияда соғысушы тараптардың әскерін тоқтату» туралы келісімге қол жеткізіледі. 1978 жылы Кэмп-Девидте Египет, Израиль және АҚШ жетекшілерінің кездесуінде Израиль мен Египет арасындағы бейбіт келісімге қол қойылды. Осыған сәйкес 1979 жылы екі мемлекет арасында бейбіт келісімшарт жасалды. Египет Израильмен күресін тоқтатты, ал Израиль Синай түбегіндегі өз әскерін алып кетті, түбек Египетке қайтарылды.

Штаб-пәтері 1970 жылдан бастап Ливанда болған ПАҰ бұрынғысынша Израильдің бітіспес қарсыласы болып қала берді. ПАҰ жасақтары Ливанның оңтүстік аудандарынан Израильге шабуыл жасап отырды. 1982 жылы Израиль әскері ПАҰ әскерлерін талқандап, оларды қуып шығу үшін Ливанға басып кіреді. Осылай **бесінші араб-израиль соғысы** басталады, бұл ұрыс қимылдарында жеңіліске ұшыраған ПАҰ-ның әскери күштері Ливанды тастап шығады, енді олардың штаб-пәтерлері Туниске көшірілді. Израиль Ливанның оңтүстік аймағына өзінің әскери күшін орналастырады да, бұл аумақты қауіпсіздік аймағы деп жариялайды. 1983 жылы Ливан мен Израиль арасында бейбітшілік туралы келісім жасалады, ал 1985 жылы израиль әскерлері Ливаннан шығарылды.

1987 жылы Израиль басып алған Газа секторының аумағы мен Иордан өзенінің батыс жағалауында палестиндік *интифадасы* (жаппай көтеріліс) басталып, ол екі жылға созылды. Оның шартты түрде аяқталуы араб-израиль бейбіт келісімін бастауға мүмкіндік болды. 1991 жылы Мадридте Таяу Шығыстағы жағдайды бейбіт реттеу жөнінде конференция болды, оған Израиль мен қарсы тұрған Араб мемлекеттері және палестиналықтардың өкілдері (іс жүзінде ПАҰ) қатысты.

Бейбітшілікті реттеу негізінде конференцияға қатысушылар «жердің орнына бейбітшілік» қағидасын қабылдау туралы келісім жасады. Палестина жағы Израиль өзі басып алған аумақтан әскерін әкеткен жағдайда ғана, Израильді мойындайтындарын жеткізді, ал Израиль 1967 жылғы соғысқа дейін болған жағдайды қалпына келтіруге әзірміз деп мәлімдеді.

1993 жылы Израиль мен ПАҰ бірін-бірі мойындау туралы келісімге келіп, Газа мен Иерихон секторында палестиналық өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың принциптері туралы Декларацияға қол қояды. Сөйтіп, Израиль тарихи Палестина жерінің бір бөлігін араб-палестиналық





БҰҰ-ның «алты күндік соғыстан» кейінгі  
қорытынды резолюциясы (1967 ж.)

әкімшіліктің бақылауына беруге келіседі. Олар уақыт өте келе бұл аумақта автономия құрылып, жарияланатынын түсінді.

1995 жылы Израиль мен ПАҰ уақытша келісімге келді, келісімде арабтар көп тұратын алты қаладан израиль әскерін шығару мен ол жерде палестин әкімшілігінің сайлау өткізуі қарастырылды. Бұл Палестина автономиясын құруға бағытталған маңызды қадам болды. Алайда ПАҰ жауынгерлері мен Израильдің оңшыл партиясының қақтығысуы салдарынан бұл уақытша келісімді орындау мерзімі созылып кетті, осыған қарамастан Палестина автономиясы бақылауындағы аумақ көлемі біртіндеп ұлғая берді.

2000 жылы ПАҰ экстремистері жаппай қақтығыс ұйымдастырып, оның соңы интифадаға ұласып, палестиндік әскерлер мен израиль әскері арасындағы ұрысқа жалғасып кетті. Бұған жауап ретінде Израиль жетекшілері арабтарға қарсы қатаң саясат ұстанып, араб экстремистерін басу үшін күш қолдана бастады. Израиль мен ПАҰ арасындағы келіссөздер тоқтап қалды.



2003 жылы АҚШ пен Израильдің қысымымен Я.Арафат Палестина автономиясының Махмуд Аббас жетекшілік ететін жаңа үкіметін жасақтауға келісті. Батыс елдері мен Израиль Палестинаның жаңа көсемі ПАҰ-ның радикалды топтарын өзіне бағындырып, олардың лаңкестік акцияларын тоқтататынына сенді және Израильмен Палестина мәселелері жөнінде бейбіт келіссөздер жасайтынына үміт артты.

2003 жылы мамырда АҚШ президенті Дж. Буш, Израиль премьер-министрі А.Шарон және Палестина автономиясы үкіметінің басшысы М.Аббас қатысқан кездесу өтіп, осы кездесуде «Жол картасы» бағдарламасы қабылданды. Оны «квартет», яғни халықаралық келістіруші етуші төрттік – АҚШ, Ресей, Еуроодақ, БҰҰ делегаттары және Израиль мен Палестина автономиясының қатысуымен дайындады. Жоспар бойынша Палестина арабтарының тәуелсіз мемлекетін құру, араб мемлекеттері мен Израиль қатынасын қалпына келтіру және араб-израиль соғысын толық тоқтату қарастырылды.

Жоспар жүзеге асу үшін Израиль арабтарға берілуі тиіс жерлерге орналасқан кейбір израиль қоныстарын бұзуға келісті. Израиль 1967 жылдан бастап өз бақылауына өткен араб жерлерінің басып алынған аймақтар екенін тұңғыш рет ресми түрде мойындап, Газа секторындағы еврей қоныстарын көшіре бастады.

Алайда «Жол картасына» Израильде ұлтшыл партиялар, ал Палестина арабтарынан «Хамас» ұйымы қарсы шықты. Жаппай нара-



Израиль премьер-министрі И. Рабин, АҚШ президенті Б. Клинтон, ПАҰ төрағасы Я. Арафат (Вашингтон, 1993)



зылық жалғаса берді. Әскери қақтығыстарға әйелдер мен жасөспірімдер, израильдік арабтар белсене қатысты. Интифаданың жалғасуы «Жол картасын» іске асырудағы ең үлкен кедергі болды.

2006 жылы араб-израиль қақтығысын реттеу процесі одан әрі қиындай түсті. Палестинада өткен сайлауда «Хамас» тобы жеңіске жетті.

2006 жылдың жазында Израиль Ливанға әскермен басып кірді. **Алтыншы араб-израиль соғысының** тұтануына ливанның шейіттік «Хезболлах» (Алланың партиясы) ұйымы экстремистерінің Израиль қарулы күштерінің әскери блок күзетіне шабуыл жасап, Израильдің үш әскери қызметкерін өлтіріп, екеуін тұтқынға алып кетуі себеп болды. Отыз төрт күнге созылған әскери операция кезінде Израиль әскері Таяу Шығыстағы ең ықпалды лаңкестік ұйым «Хезболлахты» толық талқандау туралы мақсатына жете алмады және ұрланған екі жауынгерін босата алмады. Соғыс БҰҰ-ның араласуымен аяқталып, Израиль мен «Хезболлах» жауынгерлері арасындағы атыс тоқтады.

2009 жылы Израиль билігіне оңшыл күштерге үміт артқан Б.Нетаньяху үкіметі келді. 2010–2011 жылдардағы араб революциясы қарсаңында Таяу Шығыстағы бейбіт келісім мен Палестина мәселесі түйыққа тірелді. 2014 жылы 10 маусымда Израиль президенті болып сайланған Ликуд партиясының мүшесі Реувен Ривлин Палестина мемлекетін құру идеясын қолдамайтынын айтты.

### Назар аударыңдар!

Араб-израиль жанжалын тоқтату, қарсыласушы тараптардың өздері мойындау керектігін, орын алып отырған мәселелерді күш қолдану жолымен шешуге болмайтынын түсінуге байланысты екені даусыз.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Араб-израиль қақтығысының себептерін атаңдар.
2. Палестина мәселесінің маңызы неде және оны шешудің жолдары мен келешегі қалай?

## § 24. МӘДЕНИЕТТЕР ДИАЛОГІ

### Есте сақтаңдар

Мәдениеттердің өзара әрекеттесуі:

а) тікелей қатынастар мен байланыстың ерекше түрі, кем дегенде екі мәдениеттің арасында қалыптасатын және осы қатынастар барысында пайда болатын өзге ықпалдар мен өзгерістер;

ә) жаһандану жағдайында мәдениеттер қызметінің базалық принциптері;

б) мәдениеттердің интеграциялық ағымының әсері мен пайда болуының формасы болып табылады.



Мәдениеттердің өзара әсерлесу процесі ұзақтығы жағынан өте ауқымды болады. Мәдениет диалогі – іштей алуан түрлі ұлттық дәстүрлермен біріктірілген және көптеген түрлерге бөлінетін мәдениеттің өмір сүру формасы. Сондықтан да мәдениет туралы айтқанда: француз, орыс, қытай, жапон т.б. сөздер қосыла айтылады.

Мәдениеттердің өзара әрекетіндегі формалар әртүрлі болады.

**Мәдениеттердің оқшаулануы** – ұлттық мәдениеттің өзге мәдениеттер мен интернационалдық мәдениеттердің қысымына қарсы тұруының бір нұсқасы болып табылады. Мәдениеттердің оқшаулануы онда болатын қандай да өзгерістерге тыйым салуға, бөтен ықпалдарға қарсылық жасауға әкеледі. Мұндай мәдениет тұйықталып, дамуды тоқтатады, соңында жойылады. Түрлі жаттанды ақиқаттардың, мұражай экспонаттарының жиынтығына және халықшаруашылығының көшірмелеріне айналады.

Қандай да болмасын мәдениеттің дамуына өзара байланыс пен диалог қажет. Мәдениеттер диалогі бір-біріне ашықтықты қалайды. Бұл барлық мәдениеттердің теңдігін, әрбір мәдениеттің басқадан ерекшелік құқығы мойындағанда, өзге мәдениетті құрметтегенде мүмкін болады.

Барлық мәдениет басқа мәдениетпен диалог арқылы өмір сүріп дамиды. Бір мәдениет тек басқа мәдениеттің алдында ғана өзін толық әрі терең ашып көрсетеді. Олардың арасында диалог орын алып, ол әрбір мәдениеттің оқшаулану мен біржақтылығын жеңеді. Мәдениеттер диалогін жүргізу үшін *кросс-мәдени сауаттылық* (басқа халықтардың мәдениетін түсініп-білу) қажет. Ол өзіне әртүрлі мәдениеттер арасындағы байланыс пен өз халқының мәдениетіне басқа халықтардың көзқарасымен қарауға үйретеді. Мәдениеттердің өзара байланысында олар сіңіп кетпейді немесе араласпайды, әрқайсысы өзінің даралығын және тұтастығын сақтайды, бірақ олар бірлесе дамиды.

**Мәдени алуантүрлілік** – адамның өзін тануындағы маңызды шарт: ол көп мәдениетті танып, көп елді аралап, көп тіл білген сайын өзін жақсы түсінеді және оның жан дүниесі бай бола түседі.

### Бүгінгі сабақта:

- мәдениеттердің өзара байланысындағы формалар мен деңгейлер, жаһандану жағдайындағы мәдениеттер диалогі туралы білеміз.

### Кілт сөздер:

мәдениет, диалог, өзара әрекеттесу, кросс-мәдени сауаттылық, төзімділік, мәдениеттердің өзара әрекетіндегі этникалық, ұлттық, өркениеттік деңгей, ассимиляция, интеграция, транс-мәдениеттену, геноцид, сегрегация, жаһандану



Алуан түрлі мәдениет



## Назар аударыңдар!

**Мәдениеттер диалогі** – толеранттылық (төзімділік), құрмет, өзара көмек, қайырымдылық секілді құндылықтарды қалыптастырудың негізі және маңызды алғышарты.

Мәдениеттердің өзара әрекеттеріне адамдардың әртүрлі топтары – шағын санды этностардан миллиардтаған халықтарға дейін қатысады. Сондықтан да мәдениеттердің ықпалдастығын үш деңгейге бөледі. Күнделікті өмірде мемлекеттер мен халықтардың араласуы нәтижесінде процестер мен байланыстар өзара сапырылысып жатады, бұл – мәдениеттердің өзара байланысындағы үш деңгейге де тән құбылыс.

**I. Этникалық деңгейдің өзара байланысы** жергілікті этностар, тарихи-этнографиялық, этно конфессионалдық қауымдар арасындағы қатынастарға тән. Бұл өзара әсерлерден екіжақты ағым пайда болады. Мәдениеттер элементтерін бірлесе меңгеру, бір жағынан, интеграциялық процестерге – байланыстардың артуына, екі тілділіктің таралуына, аралас некелер санының өсуіне ықпал етсе, екінші жағынан, этникалық өзіндік сананың нығаюына әкеледі. Мұндайда аз санды және бір тайпалы этникалық топтар өзіндік болмыстарын әлдеқайда жақсы қорғайды.

Этникалық деңгейдегі мәдениеттердің өзара әсері мынадай нәтижелерге әкелуі мүмкін:

- *көбею* – басқа мәдениетпен әсерлесіп, оның кейбір жетістіктерін сіңіріп алатын этнос мәдениетіндегі сандық өзгерістер. Еуропаны жаңа мәдени дақылдар түрімен байытқан Үнділік Американың әсері осылай болған;
- *күрделену* – ежелгі мәдениеттің этнос мәдениетіне тигізетін сапалық өзгерістері: бұл этнос мәдениетінің бұдан кейінгі дамуына ықпал етеді. Мысал ретінде қытай мәдениетінің жапон және корей мәдениетіне ықпалын айтуға болады, олар қытай мәдениетінің еншілесі деп саналады;
- *азаю* – дамыған мәдениетпен байланыс нәтижесінде өзіндік бейнесін жоғалту. Бұл сапалық өзгерістер жазуы жоқ көптеген халықтарға тән сипат және мәдениет дағдарысының басталуы болады;
- *тоқырау (эрозия)* – тұрақтылық күші мен жеке мәдениеттің дамуы болмағандықтан, мәдениеттің ішкі әсерден қирауы. Мысалы, айндар мәдениеті жапон мәдениетіне толығымен жұтылып кетті, ал америкалық үндістер мәдениеті тек резервацияда ғана сақталып қалды.

## Назар аударыңдар!

Этникааралық өзара әсер түрлі этностар мен олардың мәдениетінің бірігуінің (ассимиляция, интеграция) және бөлінуінің (трансмәдениеттену, геноцид, сегрегация) әртүрлі формасына соқтыруы мүмкін.



**Ассимиляция** барысында этнос өкілдері өздерінің бастапқы мәдениеттерін жоғалтып, жаңасын игереді. Ассимиляция жаулап алу арқылы, аралас неке нәтижесінде және аз халықтар мен олардың мәдениетін басқа үлкен этносқа қосу мақсатын көздеген саясат нәтижесінде жүзеге асады. Мұнда мына жағдайлар орын алуы мүмкін:

- *біржақты ассимиляция* – азшылықтың мәдениетін үстем мәдениет ығыстырады;
- *мәдени араласу* – этностардың мәдениет элементтері араласып, нәтижесінде олар тұрақты комбинациялар құрайды;
- *толық ассимиляция* – бір этнос басқа бір этносқа оның тілі мен салт-дәстүрін т.б. меңгеріп сіңіп, өзінің тілі мен мәдениетін және өзіндік бейнесін жоғалтқанда болады. Бұл сирек кездеседі.

Ел немесе аймақ ішіндегі бірнеше этностардың шаруашылық, мәдени қарым-қатынас, саяси байланыстар негізінде ортақ белгілер, соның ішінде жалпыға бірдей сана-сенім қалыптасады, бірақ халықтар мен мәдениеттер өзіндік ерекшеліктерін сақтайды.

Мәдени интеграция формалары былай бөлінеді:

- *тақырыптық* – бір ортақ «тақырыпқа» негізделген адамның іс-әрекетін бағдарлауға бағытталған интеграция. Батысеуропалық елдердің интеграциясы христиандық негізден шықса, ал ислам араб әлемінің негізгі интеграциясы болды;
- *стилистік* – бір стильге негізделген интеграция (экономикалық, саяси, ғылыми, көркемдік), ортақ мәдени принциптерді құруға ықпал етеді;
- *логикалық* – логикалық келісім негізіндегі мәдениет, ғылым мен философиялық жүйенің қайшылықсыз жағдайындағы интеграция;
- *коннективтік* – адамдардың тікелей байланысы нәтижесінде жүзеге асқан, мәдениеттердің өзара әрекеттері деңгейіндегі интеграция;
- *функционалдық* немесе *бейімделгіштік* – адамның және барлық мәдени қауымдастықтардың функционалдық тиімділігін арттыру мақсатындағы интеграция (қазіргі заманға тән әлемдік нарық, әлемдік еңбек бөлінісі және т.б.);
- *реттеушілік* – мәдени-саяси жанжалдарды реттеу мен бейтараптандыру интеграциясы.

### Есте сақтаңдар

Мәдениеттердің өзара байланысының этникалық деңгейінде этностар мен олардың мәдениетінде бөлініс орын алуы мүмкін.

**Трансмәдениеттену** – этномәдени қауымның шағын тобы ерікті түрде немесе зорлықпен қоныс аударып, басқа мәдени ортасы жоқ, әлсіз



немесе мүлде болмаған аймаққа орналасатын процесс. Уақыт өте келе осы шағын топ өзіндік мәдениеті қалыптасқан дербес этносқа айналады. Солтүстік Америкадағы ағылшын отаршылары өзіндік мәдениеті бар Солтүстікамерикалық этностардың қалыптасуының негізі болды.

**Геноцид** – қандай да бір мәдени-этникалық топтарды толық немесе жартылай жою ниетіндегі әрекеттер: осы топ мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардаптар келтіру; бала туудың алдын алуға бағытталған шаралар қолдану; осы топ отбасыларының балаларын тартып алу, толық немесе жартылай жойылуға бағытталған тіршілік жағдайын жасау.

XX ғасырда орын алған 1904–1907 жылдары гереро және нама тайпалары ұшыраған, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде герман ұлтшылдарының еврейлер мен сығандарға жасаған геноцидтерді тарихтан білеміз. Сонымен қатар 1994 жылы Руандада хуту тайпаларының тутсиларға жасаған геноциді, осының салдарынан тутси тайпасының 800 мың адамы қырылды.

**Сегрегация** (лат. *segregatio* – оқшаулау) – этникалық белгісіне қарай қандай да бір халықтың тобын еріксіз оқшаулау саясаты.

**II. Мәдениеттердің өзара әрекетінің ұлттық деңгейі** жүзеге асып отырған этникалық қатынастардың негізінде пайда болады.

### Назар аударыңдар!

Халықаралық тәжірибеде «ұлт» саяси, азаматтық және мемлекеттік қауым ретінде қабылданады.

Ұлттық бірлік моно этникалық немесе саяси этникалық негізде жалпышаруашылық әрекеттер, мемлекеттік-саяси реттеу, мемлекеттік тілдің құрылуы (полиэтникалық мемлекеттерде этникааралық қатынас тілі болып табылатын), идеология, нормалар, салт-дәстүрлер, яғни ұлттық мәдениет арқылы пайда болады.

Ұлттық бірліктің басты элементі – мемлекет. Ол өз шегарасының ішіндегі этникааралық қатынастарды және басқа мемлекеттермен ұлтаралық қатынастарды реттейді. Мемлекетаралық қатынастарда қиындықтар мынадай жерлерде туындайды: мемлекеттік шегаралар адамдардың табиғи орналасуын ескермей, яғни біртұтас этностарды бөлгенде жеке қалған халықтар өздерінің біртұтас мемлекетін құруға ұмтылады, керісінше жауласқан халықтарды бір мемлекетке біріктіру осы халықтардың қақтығысына әкеледі.

Ұлттық-мәдени байланыстар этномәдени байланыстарға қарағанда тұрақты емес, бірақ бүгінде оларсыз мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мүмкін емес.



**III. Мәдениеттердің өзара ықпалдастығының өркениетті деңгейі.** Бұл жағдайда өркениет ортақ тарихы, діні, мәдени ерекшеліктері мен аймақтық шаруашылық байланыстары бар көршілес бірнеше халықтың басын құрау ретінде түсіндіріледі. Жаһандану жағдайында бірінші кезекке өркениеттер арасындағы байланыс шығады, өйткені мемлекеттер шегарасы барған сайын «ашық» болып бара жатыр. Өркениет деңгейіндегі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі рухани, көркемдік және ғылыми жетістіктердің араласуы арқасында маңызды нәтижелерге жеткізуде. Мұндай жағдайға мысал ретінде орта ғасырлардағы еуропалық мәдениеттің ислам әлемімен араласуын, Үндістан мен Қытай мәдениеттерінің байланысын келтіруге болады. Қарқынды байланыс ислам, үнді және Будда аймақтары арасында жүрді.

Ресей мәдениеттанушысы *Г.С. Померанц* өркениетті мәдени байланыстардың түрлерін анықтады:

- *европалық* – мәдениеттер ашықтығы, басқа мәдениеттердің жетістіктерін тез арада игеру, инновация есебінен өз өркениеттерін байыту;
- *тибеттік* – түрлі мәдениет элементтерінің қосындысы және тоқтап қалуы (үнді және қытай мәдениеттерінің қосындысынан пайда болған тибет мәдениетін айтуға болады);
- *явалық* – басқа мәдениетті жеңіл қабылдау әрі тез ұмыту. Явада осылайша полинезиялықтар, үнділіктер, қытайлықтар, мұсылмандық және еуропалық дәстүрлер тарихи түрде бірін-бірі ауыстырды;
- *жапондық* – мәдени тұйықтықтан ашықтыққа өту және өз дәстүрлерін сақтай отырып, бөтен тәжірибені игеру (Жапондық мәдениет қытай және үнді тәжірибелерін игере отырып дамыды, ал XIX ғасырдың соңында ол батыс тәжірибесіне назар аударды).

**Жаһандану жағдайындағы мәдениеттер диалогі.** Жаһандану мәдениеттер диалогін іске асыра отырып жаңа жағдай қалыптастырады, мәдениеттер дамиды. Жаһандану жағдайында мәдениеттердің өзара әрекеттесуіне заманауи ақпараттық-коммуникативтік жүйелер: телеарна, радио, жеке компьютерлер мен компьютерлік жүйелер, спутниктік таралымдар, онлайн желілер мен ғаламтор аса зор ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік жүйелер мәдениеттердің өзара әрекеттесуіне, формасына, оның ішінде диалогке ықпал етеді. Ол мәдениеттердің теңдігін және әрбір мәдениеттің еркіндігін тануға, тиімді жол мен олардың өзара әрекеттесу тәсілдерін табуға негізделген. Әрбір мәдениет және әрбір этнос жаһандану процесінің ырғағына енуде өзінің мәдени ерекшеліктерін сақтаудың әдістерін дамытады.

Жаһандану процесі дәстүрлі әлемге агрессивті түрде басып кіреді. Бұл тұрғыда халықтар қозғалысы және мәдениеттердің өзіндік бірегей-



лігі мен ерекшелігін нақтылау, адамзаттың бірігуінің үйлесімді жолын табу анық байқалады. Ерте ме, кеш пе барлық мәдениеттер жаһандық ақпараттық-технологиялық ағымға түседі. Осыған орай басқа мәдениетпен араласқан адам, өзінің этномәдени (түпкі) бірегейлігінен айырылмағаны өте маңызды.

Адамзат мәдениеті мен халықтардың алуан түрлі қауымдастығын құру идеясының өмірде жүзеге асуы үшін бүгінгі техногендік және дәстүрлі әлемдегі мүдделер келісімі мен құндылықтардың өзара сіңісуі тиіс.

### Назар аударыңдар!

Мәдениеттер диалогі барысында болатын өзара даму адамзат өркениетінің басты жетістігі болып қалады.


### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Мәдениеттердің өзара әрекеттесуіне не қосылады?
2. Мәдениеттердің өзара әрекеттесу формаларын атаңдар және түсіндіріңдер.
3. Мәдениеттің өзара әрекеттесуінің этникалық, ұлттық, өркениеттік деңгейі туралы түсінгендеріңді баяндаңдар.
4. Жаһандану жағдайындағы мәдениеттер диалогінің ерекшелігі неде?



# II БӨЛІМ

## АНТРОПОЛО- ГИЯЛЫҚ, ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОЦЕСТЕР







## АНТРОПОГЕНЕЗ ЖӘНЕ ЭТНОГЕНЕЗ

### § 25. АДАМНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТЕОРИЯЛАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- адамның пайда болуы жөнінде діни, ғарыштық және эволюциялық теориялармен;
- адамның түр ретінде эволюциясының негізгі кезеңдерімен танысамыз.

#### Кілт сөздер:

адамның пайда болуы, дін, креационизм, философия, антропогенез, эволюция, епті адам (*Homo habilis*), ақылды адам (*Homo sapiens*)

Адамның пайда болуы жөнінде екі негізгі көзқарас бар: ғылыми және діни.

**Адамның пайда болуы жөнінде діни көзқарас.** Діни көзқарас дәлелдеуді қажет етпейді, сенім мен аңыздарға жүгінеді. Адамның пайда болуы жөнінде діни түсініктердің негізінде креационизм тұжырымдамасы жатыр.

#### Есте сақтаңдар

**Креационизм** – адам мен бүкіл тіршіліктің тәңірі (немесе құдайдың) тылсым күшінің көмегімен жаратуына сәйкес келетін діни тұжырымдама.

Әлемдік авраамдық діндер<sup>1</sup> – *иудаизм, христиандық және ислам* – креационизм тұжырымдамасын мақұлдайды. Иудей-христиандық «Болмыс кітабына» сәйкес (Бес кітаптың (Тора) алғашқы кітабында және Библияда), 6 000 жыл бұрын әлемді қалыптастыру барысында,

құдай адамды жаратқан. Бұл әлем жаралған алтыншы күннің соңында, «жер бетіндегі жан-жануарлар мен жорғалаушылар» жаратылғаннан кейін болған. Жер бетіндегі алғашқы адам – Адаматаны – құдай топырақтан (балшықтан), ал алғашқы әйел Хауананы – Адамның қабырғасынан жаратқан. Адам мен Хауа күнә жасап, Жұмақтан жерге қуылғанша жұмақ бақтарында өмір сүрген. Адамзат баласы Адамата мен Хауанадан тараған. Құранда әлемнің қалай жаратылғаны туралы, Алланың Адамды топырақтан жаратқаны, оның қабырғасынан – Хауананы жаратқаны туралы бірнеше аятта айтылған. Авраамдық

<sup>1</sup> Иудаизм, христиандық және ислам авраамдық діндерге жатады. Өйткені бұл бірқұдайлық семит тайпасының әйгілі патриархы Авраамнан (исламда – Ибраһим пайғамбар) келе жатқан көне дәстүрден шығады.



діндер қатарына жататын әлемнің соңғы діні саналатын ислам иудаизм мен христиандықтың осы ақиқатын қолдайды.

Заманауи дінтанушылардың бірқатары эволюционистер ұзақ биологиялық эволюция мүмкіндіктеріне сенеді, бірақ эволюцияның бағыттау күшін тәңірінің еркі деп есептейді. Олардың пікірінше, адам деңгейі төмен тіршіліктерден пайда болуы мүмкін еді, дегенмен оның рухы алғашқы жаратылыс сәтінен бастап өзгеріссіз қалды, ал өзгерістер тәңірінің бақылауы мен қалауы бойынша жүзеге асады.



Діндер символы

### Назар аударыңдар!

Батыстық католицизм эволюциялық креационизм бағытын ресми түрде қабылдаған. Бұл мәселеге қатысты иудаизм, протестантизм, православие мен ислам ортодоксалды болып келеді.

Кейбір халықтардың мифологиясы бойынша адамдарды құдайлар немесе жаратушы бір құдай: сазбалшықтан, демнен, ағаштан, өз денесінен және т. б. дүниелерден жасаса, өзге халықтардың түсінігінде «біртұтас ойдан» (рухтың күшімен) жаратты. Ал бірқатар аңыздарда адамдар еш нәрседен пайда болған жоқ, өздері жаратылғаны айтылады. Тотемдік діни көзқарас адамдардың пайда болуын тотемдік жануарлармен байланыстырады.


**Адамның пайда болуы жөнінде ғылыми көзқарас.** Креационизмді ғылыми биогенез теориясы жоққа шығарады – биогенез ғылымы бойынша адамның пайда болуы биогенетикалық өзгерістер нәтижесінде болады. Ғылымда мойындалған теория бақылау мен тәжірибе барысында белгіленген фактілерге сүйенеді. Эволюцияны зерделеумен физикалық антропология мен палеоантропология, сонымен қатар генетика шұғылданады.

### Есте сақтаңдар

**Антропогенез** – адамның пайда болуы және оның түр ретінде эволюциясы. Антропогенез – саналы адамның (*Homo sapiens*), яғни қазіргі адамның пайда болуына алып келген биологиялық эволюцияның бөлімі.

Антропогенезді зерделеудің ғылыми кезеңі XVIII ғасырдан басталды. Алуан түрлі жануарлар анатомиясы мен морфологиясын зерделеу олардың көптеген ұқсастықтары мен өзгешеліктері бір ағзаның екіншісіне – маймылдың адамға – «өзгерісі» туралы ойлануға алып





Ч. Дарвин  
(1809–1882)

келді. Бұл төменнен жоғарғы тіршілікке алып баратын «тіршіліктер баспалдақтары» ретінде түсіндірілді. 1735 жылы шведтік натуралист Карл Линней адамды хайуандар әлеміне жатқызып, өзінің «Табиғат жүйесінде» оны адамтектес маймылдар қатарына қосты. Неандертальдықтың қаңқасы табылғаннан кейін (1856 ж.), қазба организмдер ғылымы – палеонтология дами бастады. Бұл ғылым адамның биологиялық эволюциясы теориясының дамуына фактілер ұсынды.

**Эволюция теориясы** тұңғыш рет 1859 жылы Чарльз Дарвиннің «Түрлердің пайда болуының табиғи сұрыпталу жолы» кітабында жарияланды. Бұл

теорияға сәйкес, біздің бабаларымыз қоршаған табиғаттың бір бөлшегі ретінде сыртқы жағдайдың өзгеруіне орай, олар да біртіндеп өзгеріске түсті, бұл эволюциялық өзгерістер қазіргі адамдардың пайда болуына әкелді. Дарвин эволюцияның негізгі күші деп табиғи сұрыпталуды санады. Ол сұрыпталудың негізгі формаларын сипаттады және өзінің теориясы туралы көптеген дәлелдер келтірді. Дарвиннің пікірлері қызу қолдау да тапты, қатты қарсылыққа да (негізінен, діни ортада) ұшырады.

XX ғасырда, генетика заңдары ашылған соң, Дарвиннің теориясы эволюцияның *синтетикалық теориясы* деп атала бастады.

Синтетикалық теорияға сәйкес, тұқым қуалау ақпараты генде сақталады. Гендер алуан түрлі факторлардың ықпалымен өзгереді, мұндай өзгерістер *мутация* деп аталады. Мутациялар көбіне зиянды немесе бейтарап болады, дегенмен ортаның өзгеріс жағдайларына байланысты индивидке алғашқы нұсқалармен салыстырғанда әлдебір артықшылықтар беруі мүмкін. Алайда орта жағдайларының өзгеруіне байланысты, яғни оған дейін бейтарап немесе зиянды белгілер пайдалы болып табылуы мүмкін. Мұндай белгілерге ие ағзалар тірі қалады және ол белгілер ұрпағында жалғасын табады. Тұқым қуалаудың мұндай өзгерісі, әдетте, өте ұзақ уақытты, көптеген ұрпақ өмірін алады.

### Назар аударыңдар!

Қазіргі кезде эволюцияның синтетикалық теориясымен биологтердің басым көпшілігі шұғылданып келеді. Теория айрықша дәлелді базаларға ие және практикалық тұрғыда барлық биологиялық зерттеулермен, тәжірибелермен дәйектелген.

**Адамның пайда болуы туралы ғарыштық (уфологиялық) теория** ғылыми емес теориялар қатарына жатады. Ол XX ғасырдағы ғылыми-техникалық төңкеріс пен ғарышты меңгеруден соң пайда болды. Бұл теория адамның пайда болуын жерден тыс ақыл иелерінің қатысуымен



болды, яғни өзге ғарыштағылар Жердегі тіршіліктің пайда болуына басынан қатысты немесе кейіннен ұшып келіп, эволюциялық процесстерге араласты деп түсіндіреді. Жердегі тіршілікке өзге ғарыштық өркениеттің араласуын кейбір жұмбақ құбылыстар арқылы түсіндіреді, мысалы, пирамидалар арқылы. Егер бөгде күштер араласпаса, Ежелгі заманда мұндай ғаламат алып нысандарды салатын техника болуы мүмкін емес деген пікірлер келтіреді. Алайда бұл теорияның дәлелді негізі болмағандықтан, ғылым оларға қиял-ғажайып ретінде қарайды.

**Адамның шығу тегінің негізгі кезеңдері.** Адам эволюциясы Африкадан басталды. Шамамен 30 миллион жыл бұрын приматтардың ежелгі түрі *парапитектер* пайда болды, олар ашық далалы жерлерде де, ағаш басында да тіршілік етті. Осы парапитектерден гиббондар мен орангутандар, сонымен қоса *дриопитектер* (12–9 млн жыл бұрын) шықты. Дриопитектер эволюция нәтижесінде үш түрге бөлінді: оның бірінен қазіргі горилла пайда болса, екіншісінен – шимпанзе мен бонобо, ал үшіншісінен – екі аяқпен жүруге қабілетті және миының көлемі шамамен 450–550 см<sup>3</sup> құраған *австралопитек* пайда болды.


Ежелгі австралопитектер 7–4 млн жыл бұрын өмір сүрсе, грацильді австралопитектер – 4–2,5 млн жыл бұрын, ал жалпы австралопитектер (парантроптар) – 2,5–1 млн жыл бұрын тіршілік етті. *Адам тегі / Ното грацильді австралопитектерден шамамен 2,8 млн жыл бұрын пайда болды.* Адамның алғашқы тегі *Homo habilis* (епті адам) болды, ол тастан қарапайым қарулар жасап, аң аулады, шөп түрлерімен және етпен қоректенді. Бұдан кейін эволюция нәтижесінде *Homo erectus* (тік жүретін адам) түрі пайда болды. Бұл түрдің өкілдері 1,8 млн – 400 мың жыл бұрын өмір сүрді, олардың қимыл-қозғалыстары үйлесімді болды, ақыл-естері дамып, сөйлеуді меңгерді, от жағу мен жазық далада тіршілік етуді және ірі аңдарға шабуыл жасауды үйренді. Африкадан *Homo erectus* түрі Еуразияға таралды. Бұл түрге явалық питекантроптар (1 млн – 700 мың жыл бұрын), қытайлық синантроптар (600 – 400 мың жыл бұрын) және *Homo erectus* тектес өзге де түрлер жатты.

Адам эволюциясы барысында бас сүйегі кішірейіп, оның есесіне миының – көлемі артты, әрі күрделі бола түсті. Шамамен 800–700 мың жыл бұрын *Homo erectus* мен *Homo sapiens* (ақылды адам) арасында аралық буын пайда болды. Мұндай жаңа буындардың бірі б.з.б. 130 мың жыл – 28 мың жыл бұрын Еуразияда өмір сүрген неандертальдықтар болды. Неандертальдықтар мұз дәуірі кезінде тіршілік етті, сондықтан олар



Шамамен 3,2 млн жыл бұрын өмір сүрген австралопитек реконструкциясы





Дриопитектен қазіргі адамға дейінгі эволюциялық дамудың қарапайым сызбанұсқасы

шымыр денелі болып, ерекше күш пен асқан төзімділікке ие болды. Олар сапиенстар болып есептеліп, ақылы дамыған Адамның тобынан саналса да, олардың саналары төмен болды. Неандертальдықтар Еуразияда өмір сүрді, ал бұл кезеңде Африкада қазіргі адамның арғы тегі *Homo sapiens sapiens* (170 мың жыл бұрын пайда болды) дамып жатқан болатын. Африкада пайда болған осы сапиенстар бүкіл әлемге таралды. Шамамен 50 мың жыл бұрын олар Еуропаға келеді, мұнда олар кейінгі неандертальдықтармен бірге тіршілік етеді. 35 мың жыл бұрын сапиенстар Беринг бұғазы арқылы Америка құрлығына аяқ басады.

Ғылымда эволюцияның жекелеген буындарына, олардың бір-біріне қатыстылығына байланысты түрлі сұрақтар бар. Эволюция жүйелері сарапталып, адамның алдағы эволюциясына байланысты болжамдар жасалынуда. Әрине, эволюцияның қазіргі жағдайында әлеуметтік мәдени факторлар ерекше маңызға ие екені айқын.

**Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы теория.** Адамның шартты түрде ежелгі приматтардан пайда болуы мен олардың эволюциялары биологиялық тек екендігі туралы ғылымда ортақ пікір болса да әрі ғалымдар жаңа палеонтологиялық жаңалықтарды ашу арқылы бұл ұғымды нақтылай түссе де, Жерде қашан тіршілік пайда болды (шамамен 3,5 млрд жыл бұрын) деген сұраққа нақты бір жауап жоқ. Бұл бағытта бірнеше ғылыми теория бар.

– *Ғарыштық теория* Жерге тіршілік ғарыштан, басқа ғарыштық нысандардан (мысалы, астероидтардан) келді деп болжайды. Соңғы уақыттардағы ғылыми жаңалықтар көрсеткендей, органикалық бірлесулер радиацияны, суық пен судың болмауына да төзімді екенін дәлелдеуде.

– Органикалық емес түзілімдердің органикалыққа айналатыны туралы теория. Алғаш рет бұл теорияны ХХ ғасырдың 20-жылдарында кеңестік биолог А.И.Опарин ұсынып, оған шартты түрде «алғашқы сорпа» («теория первичного бульона») атауын берді.



– *Химиялық эволюция теориясы* бұрынғы тіршіліктің, сыртқы факторлар мен өзінен-өзі ұйымдасқан механизмдер әсерімен қарапайым органикалық заттардың күрделі химиялық жүйеге айналуымен түсіндіреді.

Жерде тіршіліктің пайда болуы туралы өзге де көптеген ғылыми теориялар бар. Адамзаттың озық ақыл иелері осы маңызды мәселенің шешімін табу үшін тынбай ізденіс жасауда.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Креационизмнің мәні неде?
2. Адамның шығу тегі туралы көзқараста қазіргі ғылым қандай ұстанымда?
3. Антропогенез дегеніміз не?
4. Номо тегі қашан пайда болды?
5. Қазіргі адамның негізі қашан және қайда пайда болды?

## § 26. ЭТНОС, ЭТНИКАЛЫҚ, ЭТНОГЕНЕЗ ЖӘНЕ ҰЛТ

**Этнология мен этнография.** Тарихта адамзаттың дамуын жекелеген ғылымдармен зерттеу аспектісі бар. Мұндай ғылымдарға этнология мен этнография жатады. *Этнология* термині қазіргі кезеңде кең таралған дәстүрлі *этнография* терминімен қатар қолданылады. Олардың арасындағы айырмашылыққа келсек, этнология – бұл этностар туралы теориялық ғылым, ал этнография – жекелеген қауымдардың этникалық ерекшеліктерін анықтап, сипаттайтын ғылым болып табылады.

### Бүгінгі сабақта:

- этнология мен этнография нені зерттейді?
- этногенез дегеніміз не деген сұрақтарға жауап аламыз;
- этникалық ұғымымен;
- этнос ұғымымен;
- ұлт ұғымымен танысамыз.

### Есте сақтаңдар

*Этнология* этногенез сұрақтарымен, этникалық бірегейлік мәселелерімен, менталитетпен, тілдер байланысымен және бірегейлікпен т.б. айналысады. Ал **этнографияның** зерттеу өрісінде, этникалық (қалыпты) мәдениет: материалдық (шаруашылық, азық-түлік, киім-кешек, баспана т.б.) және рухани (фольклор, дәстүр, әдет-ғұрып, салт-дәстүр және рәсімдер) болып табылады.

### Кілт сөздер:

этнология, этнография, этникалық қауым, эндогамия, этнос, этникалық, диаспора, этногенез, ұлт

**Этнос және этникалық.** Қарапайым түсінікте этнос – бұл халық немесе ұлт. Алайда бұл түсінік ғылымда мүлдем қолданылмайды, керісінше ғылымда этникалық қауым немесе топтар деген ұғым бар.

### Есте сақтаңдар

**Этникалық қауым** – бұл адамның бір қауымға жататынын өзіндік сезінуі.



Адам өзінің қандай да бір қауымға жататынын білсе, онда ол өзін өте оңай бейімдейді және «Бұл – біз немесе бұл – олар» екенін анық таниды. Белгілі бір қауым мүшелері оны өзі үшін белгілі бір сипаттамалармен анықтайды. Егер адамда осындай өзіндік сезіну болса, онда ол этникалық өзіндік сана-сезімге (бірегейлікке) ие.

Адамның этникалық өзіндік санасы тұқым арқылы берілмейді, белгілі бір мәдени ортада тәрбиелену нәтижесінде пайда болады.

Этникалық қауымның мүшелері өздері үшін маңызды деп санайтын және олардың этникалық өзіндік сана негізінде жатқан ерекшеліктерден этникалық қалыптасады. Бұл ерекшеліктерге мыналар жатады: ортақ атау (этноним), мәдениеттің ортақ элементтері, шығу тегі туралы түсінік, тарихи жадының болуы, тіл, біртұтас дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр және адамгершілік қағидалар, өзіне белгілі бір аумаққа бейімделу және топтық ынтымақтастық сезімі.

Бұл ерекшеліктердің барлығы этникалықтың пайда болуына жекелей тән болуы мүмкін. Қандай жағдайда да этникалықтың негізінде топтардың мәдени өзіндік бірегейлігі болады.

Қоғам қандас туыстардың қатынасынан құралған, алғашқы қауымдық тайпалық қауымдардан ерекшелігі, этнос – бұл, ең біріншіден, мәдени-тілдік қауымдастық. Бабалардың шаруашылық тәжірибесі дәстүр түрінде ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде, ортақ әдеттегі мәдениет – этникалық мәдениет пайда болады. Этникалық мәдениет пен ортақ тіл негізінде біртұтас дәстүр, адамгершілік қағидалары, діни көзқарастар қалыптасады. «Біз олар емеспіз» ұғымы туындайды, этникалық өзіндік сана мен этникалық пайда болады. Белгілі бір аймаққа байланған этникалық мәдени жүйе орнайды. Бұл жағдайда этностың қалыптасуы туралы айтуға болады.

### Назар аударыңдар!

Этностың туындауы үшін аумақ, мәдениет және тілдің ортақтығы өте маңызды.

Этностың мәдени-тілдік қауымдастық ретінде қалыптасуы, эндогамия есебінен болатын этникалық популяцияның қалыптасуымен негізделеді, бұл некені өзінің этникалық қауымынан тыс бекітудің нормативтік қағидалары. Эндогамия қалыпты қағидаға айналмайынша, тайпалар мен халықтардың араласуы стихиялы түрде жүреді.

### Есте сақтаңдар

**Этнос** – адамдардың тұрақты бірлесуінің тарихи қалыптасуы, шығу тегі, материалдық және рухани мәдениеті, шаруашылық жүргізу түрлері, тіл, аумақ, сыртқы бейне, менталитет және өзіндік сана (бірегейлік) секілді белгілеріне орай бірігуі.



**Этнос белгілерінің өзгергішке бейімділігі.** Этностың міндетті және аса міндетті емес белгілері кездеседі. Мысалы, техниканың дамуы мен модернизацияланудан шаруашылық түрлері өзгеруі мүмкін. Бұрынғы аграрлық этностар, шаруашылығын тастап, индустриалды немесе постиндустриалды еңбекке өтуі мүмкін. Әңгіме тек қана жекелеген адамдардың кәсіптерін ауыстыруы (мысалы, шаруаның немесе балықшының баласы қалаға көшіп, жазушы болуы секілді) туралы ғана емес, тұтас халықтың шаруашылық-мәдениет түрінің өзгеруіне байланысты болуда.

Этностың тіл секілді белгісі этникалық өзіндік сана сақталғандығына қарамастан да (Африка, Азияда таралған көрініс) жойылуы мүмкін. Көптеген этностар әртекті болса да (араб халықтары; Тәжікстан мен Ауғанстандағы тәжіктер; ағылшындар, аустралиялықтар және американдықтар және т.б.), бір тілде сөйлеуі мүмкін. Бірқатар этностар үшін (мысалы, еврейлер) тіл мүлдем анықтаушы фактор болып саналмайды.

Егер халық көшіп-қонып немесе оны еріксіз түрде басқа жерге қоныстандырса, аумақты (отанды) жоғалтып алуға болады, бұл жағдайда отан «тарихи» болып қалады. Ортақ отан барлық уақытта біртұтас этносты қалыптастырмайды (мысалы, Кавказда мыңдаған жылдар бойы көптеген этностар тіршілік етеді). Бүкіл әлемге шашырап кеткен этностар да бар (еврейлер, сығандар). Өте үлкен диаспоралары бар этностар да кездеседі (мысалы, армяндар).

### Есте сақтаңдар

**Диаспора** – өзге елде өмір сүріп, тұрақты этникалық топ қалыптастырған этностың бір бөлігі.



Этностар



Көптеген *материалдық мәдениеттің* элементтері өзгеріске бейім – мысалы, баспана немесе киім. Урбандалу (қала халқының өсуі) дәстүрлі баспана түрлері мен киімдерден бас тартуға әкелсе, жаһандану – ғаламның барлық тұрғындарының бірдей футболка мен джинсы киіп, чипсы мен гамбургермен тамақтанып, бірдей музыканы тыңдап және бір киноны көруіне апарады.

*Сыртқы түр* (антропологиялық бейне) – өзгеріске бейім тағы бір белгі. Ірі этностардың өкілдері арасында айрықша антропологиялық айырмашылықтар жиі байқалады. Бұл жағдай этностың қалыптасу барысында өзіне түрлі антропологиялық бейнедегі тайпаларды немесе топтарды қабылдауымен байланысты болады. Этнос ішіндегі антропологиялық әртүрліліктің жарқын үлгісі болып, мысалы, АҚШ-тағы американдықтар мен бразилиялықтар саналады.

*Рухани мәдениет* элементтері басқа халықтармен оңай араласады. Дін мен мәдени дәстүрлердің ортақтығы, олардың бір және сол халық екендігін білдірмейді. Ислам, христиандық секілді түрлі этностардың арасына таралған. Үндістанда бір дін (индуизмді) ұстанатын және



Бразилиялықтар



Жапондықтар – әлемдегі урбандалған этностардың бірі. Олар этникалық мәдениетін сақтай отырып, дәстүрлі тағамдарын жеуде, таяқша қолданады.

өзара араласпайтын, жүздеген тілдер мен этностар өмір сүреді. Оңтүстік Америкада испан тілінде сөйлейтін және католик дінін ұстанатын халықтар бір этнос болып саналмайды.

*Этностың тұрақты белгілеріне этникалық мәдениет, менталитет және ортақ шығу тегі жатады.* Еңбек пен тұрмыс саласын басым түрде қамтыған *этникалық мәдениет*, архаикалық бейнесін ұзақ сақтайды және мейлінше тұрақты сипатта болады. Этникалық мәдениеттің сипаттары азық-түлік пен киімнен, салт-дәстүр мен фольклордан, халықтың кәсібі мен қолөнерінен байқалады. Әлемнің көптеген халықтары урбанизация мен көшіп-қонуға қарамастан, өздеріне тән белгілі бір азық-түлікке немесе киімге деген тұрақтылықтарын сақтап отыр.

**Этногенез** – қазіргі замандағы этностар шығу тегін жоғарғы палеолиттен алады. Сол кездің өзінде адамдар әртүрлі тілдерде сөйледі және тайпалар бір-бірінен өзара айырмашылықта



болды. Тілдік айырмашылық тайпалардың біртіндеп өзіндік мәдени ерекшеліктерін қалыптастыруы үшін маңызды болды. Тағы да маңызды жағдайлардың бірі табиғи фактор болды. Әрбір қауым өзінің экологиялық аймағында – теңіз жағалауында болсын немесе орманның қиырында, тауда немесе шөлде болсын, өмір сүру мәселесін шешті. Табиғатқа және ландшафтыға бейімделу барысында ол жерді игеру әдістері де қалыптасты. Бұл этникалық мәдениеттің негізгі ерекшелігін анықтады. Ландшафтыны игеру барысында этникалық мәдениеттің қалыптасуы, бұл этногенез процесі болып табылады.

### Есте сақтаңдар

**Этногенез:** 1) қандай да бір этностың этникалық тарихының басталу процесі; 2) этностардың пайда болуы мен тұтастай этноәлеуметтік ағзалар және олардың этникалық мәдени жүйелерінің қалыптасуына дейінгі тарихи процесі.

Этногенезді зерттеу – болжамдарға құрылған, гипотезалы және қателесуі көп күрделі іс. Жазба деректердің болмауынан, қандай да бір этникалық қауымның қайдан пайда болғаны, қазіргі өмір сүріп жатқан аумақта қашан және қандай жағдайда қалыптасқанын анықтау өте қиынға соғады.

**Жаңа этностардың қалыптасу әдістері.** Этнос өзінің этникалық мәдениетіне тұтас ағза ретінде қалыптасқанда, ол бөлшектене бастауы мүмкін, сол кезеңде оның құрамынан жаңа этникалық топтар бөлініп шығады. Сондай-ақ этнос өзінің құрамына өзге этникалық қауымдарды сіңіріп алуы мүмкін.

Жаңа этностар этникалық процестер барысында түрлі тәсілдермен пайда болады. Көбінесе бұл бірігу немесе сіңіп кету, **интеграция жолымен** іске асады. Бұл түрлі тайпалардың (қазақтар) бірігуі, жаулап алушылардың жергілікті тұрғындармен араласып кетуі (түріктер, испандықтар), иммигранттардың түрлі топтарының сіңіп кетуі (АҚШ, американдықтар) және т.б. болуы мүмкін. Жекелеген топтардың біртұтас этносқа интеграциялануы түрлі факторлардың ықпалынан болады. Бұл біртұтас мемлекет аясында, ортақ діннің әсерінен, сыртқы қауіпке немесе агрессияға бірлесе қарсы тұру нәтижесінен болуы мүмкін.

Тағы бір тәсіл жіктеліс (дифференциация) әдісі болып табылады, бұл ірі этнос тарағанда (үндірандықтар үндіарийліктерге және ирандықтарға бөлінген секілді) немесе өзінің құрамынан оқшауланған бөлімдерді бөлгенде (аустралиялықтар ағылшындардан бөлінген) орын алады.

Үшінші әдіс – **трансформация**, бұрынғы этнос тарихи жағдайлар әсерінен жаңа этносқа айналады (эллиндіктер византиялыққа, ал византиялықтардың бір бөлігі – бүгінгі гректерге).



**Ұлт.** Көптеген ірі этностардың қалыптасуы орта ғасырларда аяқталып болды. Жаңа уақытта индустриалдық қоғамның құрылуымен бірге жаңа мемлекеттер мен ұлттар қалыптаса бастады.

Ғылымда ұлт туралы біртұтас түсінік жоқ. Көптеген ғалымдар ұлт дегеніміз басқа еш нәрсе емес, этностың жоғары деңгейде дамуы деп санайды. Алайда ұлтты әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси және рухани полиэтникалық қауымдастық деген ұғым көбірек қабылданады. Қандай да бір мемлекеттің барлық азаматтары ондағы ұлтты құрайды.

### Есте сақтаңдар

**Ұлт** – белгілі аумақты мекен еткен, өзіне тән шаруашылығы, өзінің тарихи салт-дәстүрі, тілі, мәдениеті бар адамдар қауымдастығының тарихи қалыптасқан бірлестігі.

### Назар аударыңдар!

**Ұлттың ерекшелігі** оның полиэтникалығында болып табылады.

Қазіргі замандағы ұлттардың басым бөлігі полиэтникалық болып табылады. Британ ұлты, мысалы, ағылшын, шотланд, валли, ирланд секілді этностарды, сондай-ақ Ұлыбританияны өздерінің жаңа отаны санайтын барлық иммигранттарды біріктіреді. Американдық ұлт, тәуелсіздік үшін болған күрестен қалыптасып, әртүрлі иммигранттардан құралды және өзінің құрамына жергілікті халықтың ұрпақтары мен африкалық құлдардың ұрпақтарын қосты. Үндістан мен Пәкістан ұлты алуан түрлі үлкен этностың басын біріктіреді. Үндістан мен Пәкістан арасындағы бөлініс діни ерекшеліктер бойынша орын алса да, әртүрлі тілде сөйлейтін ондаған миллион мұсылмандарды, Үндістанда өмір сүріп, үнді азаматтарының қатарын құрайды. Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африканың көптеген мемлекеттері мен ұлттары полиэтникалық болып саналады. Парсы шығанағындағы араб елдерінің 40-тан 80 пайызға дейінгі құрамын иммигранттар құрайды, оның басым көпшілігі араб емес. Тіпті ортағасырлық империя құлап, оның орнына қазіргі мемлекеттер құрылған жерде де, оның құрылу процесінде этникалық мәдениетке деген үлкен қызығушылықпен ерекшеленеді (мысалы, Финляндияда) қалыптасушы ұлт полиэтникалық сипатқа ие. Этникалық қатынастарда біртектес ұлттар өте сирек кездеседі.

### Назар аударыңдар!

Ұлтты құрушы этникалық қауымдар, жанама түрде ұлттық этникалық мәдениетті қалыптастыра отырып, өздерінің қандай да болмасын этникалық мәдениеттегі ерекшеліктерін сақтап қалуды жалғастыруда.



## Білімдеріңді тексеріңдер

1. *Этнос* дегеніміз не? Этносты зерттеумен қандай ғылымдар айналысады?
2. Этнос этникалықтан несімен ерекшеленеді?
3. Этностың қандай белгілері тұрақсыздау, ал қандай белгілері тұрақтырақ болып табылады?
4. *Этногенез* дегеніміз не? Этногенез қандай жолдармен қалыптасады?
5. *Этнос* пен *ұлт* ұғымының айырмашылығы неде?

## § 27. ЭТНОСТЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТЕОРИЯСЫ

Ғылымда этнос туралы нақты түсінік жоқ. Сонымен қоса батыс антропологтері этностың бар екенін жоққа шығарады, олар тек жекелеген мәдениеттің этникалылығы және этникалық сипаттары ғана бар деп санайды. Тіпті этносты «мойындайтын» кейбір ғылыми мектептердің өзінде де бұл туралы түрлі көзқарастар бар.

**Широкогоровтың этнос теориясы.** «Этнос» ұғымы мен этнос туралы алғашқы теорияны қалыптастырушы автор, орыс ғалымы С.М. Широкогоров болды. Ол этносты биологиялық популяция тұрғысынан қарастырды және этностың пайда болуын нақты географиялық ортаға бейімделген популяциямен, ал олардың бұдан кейінгі дамуын – екінші (мәдени) ортаның қалыптасуымен және этникалық ортамен (этникалық қоршаумен) байланыстырды.

Ғалым этностың дамуы мен тоқырауы және жойылуы туралы заңды қалыптастырды, ол этнос санының мүшелеріне, аумағына және орта мен мәдениеттің өзгеруіндегі түрлі «әсерлерге» байланысты қалыптасты.

**Этнографиядағы эволюционизм.** Көптеген ғалымдар этносты адамдардың өзгеріске ұшырамайтын «қандық» белгілері арқылы, өзінің этникалық ерекшелік сипатын жоғалтпай ғасырлар бойы дами береді деп қарастырды. Этнографияда қадам эволюционизммен байланысты, ол бойынша барлық халықтар «жабайылықтан» «өркениетке» бағыт алып, бәріне ортақ бір заңдылық арқылы, желілі түрде дамиды.

Широкогоров және басқа да ғалымдар этностардың дамуы сызықты түрде болмайтыны, этностар, негізінен, бір бағытта (мысалы: тіл, дін, өнер) дамып, басқаларға зардап (мысалы, техникаға) шектіретінін анықтады.

### Бүгінгі сабақта:

- Широкогоров пен Бромлейдің теориясы;
- Лев Гумилевтың этнос туралы теориясы;
- этнос дамуының жоғары сатысы – ұлт екені;
- жасанды конструкт тұрғысындағы ұлт жайында білеміз

### Кілт сөздер:

популяция, этнос, эволюционизм, формация, этникос, этноэлеметтік организм, пассионарлық, ұлт





С.М. Широкогоров  
(1887–1939)



Ю.В. Бромлей  
(1921–1990)

Кеңестік кезеңде отандық ғылымда қоғам дамуының формациялық теориясы үстемдік етіп тұрғанда, әрбір-қоғамдық-тарихи формация өзінің этникалық қауымына сай болады деген түсінік қалыптасты. Мысалы, алғашқы қауымдық құрылыста – тайпалар, құлиеленуші және феодалдықта – халықтық, капиталистік және социалистік құрылыста – ұлт болды (әлеуметтік-экономикалық немесе мәдени-саяси қауым ретіндегі емес, этникалық қауым түріндегі ұлт). Осы түсінікке орай ұлт – этникалықтың жоғары дамыған түрі болды.

**Ю.В.Бромлейдің этнос теориясы.** 1960–1970 жылдары кеңес этнографы Ю.В. Бромлей примордиалистік этностың дуалистік теориясын қалыптастырды. Ол этносты жан-жақты бағыттағы этникалық процес заңдары арқылы дамитын нақты тіршілік етуші қауым ретінде түсінді.

Дуалистік теорияның мәні бойынша, этникос – тарихи кезеңдер бойы сақталып келе жатқан, тұрақтылығымен ерекшеленген этностың ядросы. Дәл осы этникос – этноним, тіл, материалдық мәдениет, менталитет, мінез-құлық қағидалары, этникалық өзіндік сана секілді өзгермейтін сипаттарға ие. Ю.Бромлейдің пайымдауынша, этнос кең ауқымдағы мемлекет аясындағы айрықша әлеуметтік-экономикалық тұтастықты білдіретін,

этноәлеуметтік организм ретінде түсіндіріледі. Этноәлеуметтік организм, этникосқа қарағанда, өзгеріске бейім және тайпалық даму кезеңінен ұлттық қалыптасуға өтеді. Сонымен қоса Бромлей метаэтносты (этникалықтан тыс бірігулер, мысалы, «кеңес халқы») және субэтносты (этнос ішіндегі этникалық топтарды) анықтады.

### Есте сақтаңдар

Этностың дуалистік теориясы іштей өзгерістерге ұшыраған, дамушы этноәлеуметтік организмде (ауқымды мағынада алғанда, этнос), тұрақты түрде өзгермейтін ядро *этникос* (тар мағынада алғанда, этнос) болады деп санайды.

Ю. Бромлей этникалық тарихтың объективті процесі барысында, ұлт бойынан этностың жоғары деңгейдегі дамуын ұлттың шығуын этномемлекет секілді ұлттық мемлекеттің пайда болуымен байланыстырады. Мұндай жағдайда ұлт этногенез бен бүкіл этника тарихының нәтижесі болып табылады. Кейбір Ю.В.Бромлей ізбасарлары ұлт бастапқы кезеңде «ортақ тағдырға» біріккен, мәдени-психологиялық қауым ретінде



көрініс береді деп санайды. Ал бірқатар ғалымдар ұлттың жалпы-экономикалық өмірін негізге алады. Олар бәрібір де ұлтты этностың сипаттарына жақын тарихи ерекшеліктерімен қалыптасқан деп санайды:

### Назар аударыңдар!

Ю.В.Бромлей ізбасарларының көзқарасы тұрғысынан қарағанда ұлт – өзара ортақ тіл, аумақ, белгілі бір менталитет және өзіндік сана-сезім арқылы тарихи жағдайда қалыптасқан адамзаттың бөлігі.

**Л. Гумилевтің теориясы.** Л.Н. Гумилев ерекше этногенездің пассионарлық теориясын қалыптастырды.

### Назар аударыңдар!

Гумилевтың пайымынша, этнос – әлеуметтік емес, табиғи құбылыс.

Этнос биологиялық жүйе секілді, *ландшафтыда* (табиғи ортада) орналасқан және басқа этностармен байланыста болады. Сонымен қоса этнос кейінгі бағыттағы этникалық жүйе болып табылады, одан жоғарғы сатыда суперэтнос (мысалы, еуропалық) орналасса, ал төменде – субэтнос (мысалы, орыс этносындағы дон казактары) орналасқан. Этнос тіл, дін ерекшеліктерімен қоса, өзіндік саяси және әлеуметтік құрылымға ие болуы мүмкін немесе мүлде болмауы да мүмкін. Гумилев бойынша этностың маңызды ерекшеліктері болып, оның мүшелерінің өзара *сәйкестігі* саналады, олар өздерінің бірлігіне байланысты қалыптасқан, ортақ мінез-құлықтар стереотипін түйсінеді. Суперэтностың стереотиптік әрекеті дүниені қабылдау болып табылады және ол өмірге деген ерекше философиялық қатынастан туындаған.



Л.Н.Гумилев  
(1912–1992)

Этногенездің бастауын Гумилев адамдардың пассионарлығын тез қалыптастыратын, мутациялық әдіспен (биологиялық секілді) байланыстырды.

### Назар аударыңдар!

Пассионарлық басымдылыққа идеал үшін өзін құрбандыққа шалатын қуатты ерік-күштің болуы, жігерлілік, әлемді өзгертуге деген ұмтылыс пен қабілет болуы керек. Жоғарғы пассионарлық қасиетке ие адамдарды *пассионарлар* деп атайды.

Пассионарлықтың қауымдасу көлемі белгілі деңгейден асқанда, қауым қозғалысқа еніп, көші-қон, жаулау, басқа қауымдарды ассимиляциялау әрекеттері басталады.



Пассионарлық қуаттың нәтижесінде этникалық пассионарлық әсер пайда болады, ол жаңа этностардың қалыптасуын бастайды.

Этнос – өзгермелі түрдегі тұйықталған жүйе. Ол бірыңғай қуат көзіне ие болып, оны таратады және тең жағдайға ауысады немесе бөліктерге бөлінеді. Этногенездің тең жағдайдағы ықпалы барысында этнос бірнеше кезеңді бастан өткереді, бұл кезеңнің ерекшелігі, алғашқыда пассионарлық дамып, кейіннен бәсеңдейді (жарылу кезеңде тез және кейінгі екі кезеңде баяу). Гумилевтің тұжырымынша даму кезеңінің ықпалы мен кері кетуіне дейін дағдарысқа ұшырағанша, мыңдаған жыл, ал толық тоқтағанша, шамамен 1500 жыл өтеді.

**Ғылымның пайда болуын конструктивтік тұрғыдан қарау.** Бұл бағытқа сәйкес этникалық сезім мен онымен байланысты ұстаным сындарлы интеллектуал болып табылады, оны жазушылар, ғалымдар, саясаткерлер қалыптастырған. Конструктивтік бағытты ұстанушылардың дәлелдері жасанды қалыптастыру мен ұлтты құру барысындағы этникалық дәстүрлерді енгізуге негізделді. Конструктивистер бұл құбылыс (ұлт секілді) терең саяси жағдайға байланысты, ал этникалық (тіл, этникалық мәдениет секілді) белгілер, адамның басынан өткеріп отырған саяси және экономикалық жағдайына байланысты деп атап өтті.

Бұл орайда олар этникалық өзіндік ерекшеліктерді қалыптастыруда шешуші символды атқарушы ретінде тілдің маңызын аса жоғары бағалайды. Конструктивистердің ойынша ұлт дегеніміз – ұлтшыл бағыттағы үкіметтің арнайы мақсаттары әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады, билік әрқашан өз әрекеттерін саяси (мемлекеттік) және ұлттық (халық) бірлікпен байланыстыруға тырысады. Олардың түсінігінде ұлт – бұл мемлекет, ал оның халқының этностық айырмашылығы жоқ.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. С.М.Широкогоров пен Л.Н.Гумилевті этнос мәселесінде қандай көзқарастар біріктіреді?
2. Этнографиядағы эволюционизм дегеніміз не?
3. Эволюциондық қадамның этносқа деген маңызын түсіндіріңдер.
4. Ю. Бромлейдің қандай этнос теориясы ұлтты анықтайды?
5. Конструктивистердің көзқарасы бойынша ұлт қалай қалыптасады?

## § 28–29. ӘЛЕМНІҢ ЭТНИКАЛЫҚ КАРТАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

**Әлемнің этникалық картасы дегеніміз не<sup>1</sup>?** Әлемнің этникалық картасы этникалық топтардың орналасу картасы болып табылады. Әрбір ұлы дәуір кезеңінде бұл карта әртүрлі сипат ала отырып, сол кезде

<sup>1</sup> Этнос дүниетанымын білдіретін «әлемнің этникалық сипатымен» шатастырмау керек.



болған этникалық үдерістерді, этникалық топтардың пайда болуы мен жойылып кетуін, кейбіреулердің ыдырауын және басқаларды біріктіруін көрсетеді. Ежелгі этникалық картаны қалпына келтіру, этникалық аумақты анықтау және көші-қон жолдарын жүргізу тарихшы үшін қызықты міндеттердің бірі болып табылады. Этникалық картаны қалпына келтіруге жазбаша дереккөздері және қосымша тарихи пәндер көмектеседі.

**Әлемнің көне этникалық картасы.** Жер бетіндегі Homo sapiens қоныстану кезеңі соңғы мұздықтармен және соңғы палеолит дәуірімен (40–12 мың жыл бұрын) тұспа-тұс келді. Соңғы палеолит дәуіріндегі адамзаттың этникалық ұжымдасу белгісі беймәлім болып отыр.

Ең алғашқы болып ойкумендер (адамдар мекен еткен аумақ) маңында өмір сүріп жатқан, қазіргі шағын халықтар сөйлеп жүрген тіл пайда болуы мүмкін. Бұл тілдер алуан түрлі, оларды жіктеу қиынға соғады (американдық үндістердің<sup>1</sup> тілдері, сібірдің Солтүстік халықтары, аустралиялықтар, Жаңа Гвинеяның папуастары, Африкадағы бушмендер мен кейбір халықтар).

### Есте сақтаңдар

Лингвистердің мәліметтерінен тілдік семьялық қалыптасулар неолитте басталғанын және қола дәуіріне (10-4 мың жыл бұрын) дейін жалғасқанын білуге болады. Ол неолиттік революциямен байланысты болды, оған малшаруашылығының пайда болуымен, тайпалардың көші-қонының артуы себеп болды.

Әлемнің адамдар мекендеген аймақтарының орталық аудандарында ірі тілдік семьялар қалыптасты. 4-мыңжылдықта Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада афразиялық (бұрынғы атауы семит-хамит) тілдер таралуы тарихта орасан зор рөл атқарады. Афразиялық тілдер ежелгі египеттіктердің, вавилондардың, ассирияның, яһудилердің және финикияның тілдері, сондай-ақ солтүстікафрикалық берберлер, Эфиопия семиттері және арабтар болды. Африкада афразиялықтардың

### Бүгінгі сабақта:

- әлемнің этникалық картасы дегеніміз не?
- әлемнің этникалық картасын қалай құруға болады?
- біздің заманымызда қандай этникалық үдерістер жүріп жатыр деген сұрақтардың жауабын білеміз.

### Кілт сөздер:

этнос, этникалық процестер, этногенез, тіл, тілдік отбасы, көші-қон, ассимиляция, интеграция, иммигранттар

<sup>1</sup> Американың ежелгі этникалық тарихы туралы мәлімет аз. Үндістердің ата-бабалары Аляскадан, Отты Жерге дейін 15 мың жыл бойы таралып орналасты. Сондықтан саналуан тіл семьялары мен топтарына бөлініп кетті.





Әлемнің этникалық картасы

көршілері нигер-конго (оның ішінде, банту) тілдерінде сөйлейтін халықтар болды. Олар біртіндеп Оңтүстік Африкаға тарады. Солтүстік афразиялық тілдер Кавказ тілдерін қалыптастыра бастады.

Үндіеуропалық семьялардың тілдері, шамамен 6 мың жыл бұрын өмір сүрген (Еуразия аумағында олардың нақты өмір сүруі анықталмаған).

### Назар аударыңдар!

Ең кең тараған гипотезаға сәйкес, үндіеуропалық тілдердің негізгі тамыры Солтүстік Қара теңіз аймағының далалары мен орман далалары болып табылады. Бұл тілдер б.з.б. 3–2 мыңжылдықта бүкіл Еуропа бойынша таралды.

Даламен шығысқа қарай жылжыған үндіиран халқы осы аймақты мекендеп, кейіннен оңтүстікке бет алып, Орта Азияға қоныстанады. Б.з.б. 1-мыңжылдық кезеңінде олар *ирандықтар* және *үндіарийліктер* болып бөлінеді. Ирандықтар Иран бөгетін мекен етіп, оған өздерінің атын береді, кейінгілері Үнді өзені аңғарына дейін жетіп қоныстанады, кейіннен бүкіл Солтүстік Үндістанға таралады. Бірқатар үндіеуропалық



тілдер уақыт өте келе қолданыстағы тілдер қатарынан шығып, тек әдеби ескерткіштер, қасиетті діни жазбалар мен құдайға құлшылық ету жоралғыларында ғана сақталып, біздің заманымызға дейін жетті. Мысалы, санскрит пен латындық «Авеста» тілі осындай жойылған құндылықтар қатарына жатады.

Шығысеуропада ежелгі үндіеуропалықтар, ең алғашқысы, үнді-ирандықтар б.з.б. 3–2-мыңжылдықта Орал тілдері – финн-угорлар және самодий тайпаларымен байланысқа түскен. Оның қалыптасуы Батыс Сібірде басталды. Осы жерден финн-угор тілдерінің тасымалдаушылары Шығысеуропа жазығының солтүстігіне және Балтық теңізіне тарады. Финно-угорлықтардың оңтүстік және оңтүстік-шығыс көршілері Орталық Азияда қалыптасқан Алтай халқы болды. *Алтай тілдеріне: түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон-корей тілдері кіреді.* Алтай көне тілдерінің ыдырауы шамамен б.з.б. 5-мыңжылдықта болған. Б.з.б. 4-мыңжылдықтың ортасында түркі және моңғол билеушілері арасында көне түркі-моңғол тілі ыдырады. Түркі тілінің ыдырауы біздің дәуіріміздің басында орын алған. Осы кезде тұңғыс халықтары бұғы шаруашылығының дамуына байланысты Солтүстік Мұзды мұхит жағалауларына дейінгі аймақтарға таралды. Түркі және моңғол көшпелі малшылары, батыс бағытында Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, ал оңтүстік-шығыста Солтүстік Қытайға дейін жеткен.

Орталық және Шығыс Азиядағы ежелгі түріктердің, моңғолдардың және тұңғыс маньчжурларының көршілері бастапқыда Батыс және Орталық Қытайда тұратын Сино-Тибет отбасыларының халықтарының ата-бабалары болды. Ал 3-мыңжылдықта бұл отбасының түрлі тайпалары оңтүстікте орналасып, біртіндеп Тибет аумағын, оңтүстік Қытай мен Үндіқытайдың бөліктерін игерді. Олардың оңтүстігіне Аустразиялық және Аустронезиялық тайпалар орналасты. 2-мыңжылдықта аустразиялықтар Үндіқытайға қоныстанып, Шығыс Үндістанға жетті. Аустронезиялықтар Тайваньға, Филиппиндерге және барлық ежелгі тайпалардың ассимиляцияланған аймағы Индонезияға қоныстанды. Сонымен қатар аустронезиялықтардың қонысы Мұхит аралдарының (Тынық мұхиттағы) сансыз аралдарынан басталды.

Тайпалар арасында миграциялық процестердің болып жатқан уақытында этникалық топтардың өте тығыз байланыстары мен өзара әрекеттесуі, этникалық бөліну процестері мен этникалық бірлестіктер, этникалық топтардың жойылуы және басқалары қалыптастыру процестері орын алып жатты. Еуропадан және Азиядан қоныс аударған мигранттар Хомо сапиенс қоныстану дәуіріндегі белгісіз тілде сөйлейтін көне халықты (Палеоеуропалық, Палеоазиаттық және т.б.) кездестірді. Шығыс Еуропаның солтүстігінде палеоеуропалық тайпалар, негізінен, финн-угор халықтарымен ассимиляцияланды. Енисейдің шығысында юкагирлер, негізінен, тұңғыстармен, ал кейінірек (1-мыңжылдықтың





соңында) ата-бабалары Байкал аймағында өмір сүрген түркітілдес якуттармен қарым-қатынасқа түскен.

### Назар аударыңдар!

4–2-мыңжылдықта Ніл, Тигр, Евфрат, Үнді, Ганг және Хуанхэ (Сары) өзендерінің бойында, сондай-ақ бірқатар көрші елдерде ең көне ауылшаруашылық өркениеттері пайда болды.

Үлкен өркениеттер осы өркениет аймақтарында, әртүрлі элементтерді қалыптастыра бастады. Бұл өркениетті қалыптастыруда әртүрлі (оның ішінде, белгісіз) тілдік өкілдер болды: Месопотамия шумерлері және Маргуш маргиандықтары, Хараппа және Мохенджо-Даро тұрғындары (генетикалық байланыстары әлі күнге дейін белгісіз); аккадий және афразиялықтарға тиесілі ежелгі египеттіктер; үндіеуропа тіл тобында сөйлейтін Кіші Азиядағы хеттіктер, хорезмдік, соғдылар және бактриялықтар болды.

Кейінірек, б.з. 1-мыңжылдықта этникалық бірлестіктер орталықтарының рөлін Вавилония, Ассирия, Элам және Ежелгі Парсы, Оңтүстік Кавказдағы Урарту, Орта Азиядағы Соғды, Хорезм және Бактрия, Солтүстік Үндістандағы Ганг өзені, Ежелгі Грекияда (Эллада), Үндістанның алдыңғы және Орта Азия, Ұлы Александр империясының қираған жерлері атқарды және, ең соңында, Жерорта теңізі елдерінің басым бөлігін біздің заманымыздың басында біріктірген Рим болып табылады.

Көне жазба деректерінен бізге Еуропаның ежелгі дәуірдегі этникалық картасы мәлім болды. Ежелгі грек және рим авторлары сол заманда



өмір сүріп, кейіннен тарих сахнасынан кеткен кельт, герман, славян және үндіеуропалық тайпалары туралы нақты баяндады. Сол уақыттағы финн-угор тайпалары туралы толық деректердің болмауы, бұл этникалық картаның нақты толықтырылмауынан деп түсіндіріледі.

Далалы және жартылай шөл далаларында қоныстанған ауылшаруашылық мемлекеттері мен ежелгі өркениеттердің көршілері Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Батыс Азияда семит-хамит тілдерін сөйлеген Ливия (Бербер), Кушит, еврей және ежелгі араб тайпаларына жататын көшпелі малшылардың тайпалары болды. Ұлы далада ашық аймақ, қарқынды нәсілдік және этникалық байланыстар болды. Сонымен қатар көшпелілер үнемі орнықты әлеммен мәдени диалог жүргізді.

### Назар аударыңдар!

Еуразияда Дунайдан Маньчжурияға дейінгі Ұлы дала белдеуінде үндіеуропалық (ирандық) этнос (скифтер, сармат және сақтар) және Орта Азияның түркі-моңғол этносын – ғұндар, сяньби және басқаларын біріктіретін дала көшпелі өркениеті пайда болды.

**Бірінші мыңжылдықтың этникалық процестері.** Үндістанда б.з.б. 1-мыңжылдықта және біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында *дравидтер*, (Хараппа мен Мохенджо-Даро өркениетінің негізін қалаушылар) *мундалар* (Үндістанның жергілікті халқы) және үндіарийлер арасында тығыз қарым-қатынас жүріп жатты. Мүмкін осы аймақтың басқа байырғы тұрғындары толығымен ассимиляцияға ұшырады. Кейінгі ғасырларда көптеген жаулаушы халықтардың үлкен толқындары осы аймаққа келе бастады, олардың ішінде Қазақстан аймағынан көшіп кеткен сақтар да болды. Осылайша Үндістанның этникалық құрамына басқа этникалық топтар қосыла бастады. Олардың жергілікті халықпен



1-мыңжылдық соңындағы Ұлы даланың этникалық картасы.

- 1 – Қырғыз қағанаты; 2 – Қимақ қағанаты; 3 – Аландар; 4 – Селжүктер мемлекеті;  
5 – Венгрия; 6 – Еділ бұлғарлары



араласуы нәтижесінде гуджар, раджпут, джат секілді т.б. да жаңа этностар қалыптасты.

### Назар аударыңдар!

Үндістанның ежелгі және ортағасырлық мемлекеттерін құруға әртүрлі семья тілдерінде сөйлейтін түрлі халықтар қатысты.

Тұтастай алғанда, Үндістанның солтүстігі – үнді-еуропалық, ал оңтүстігі – дравидтіктер болды. 1-мыңжылдықтың соңында солтүстіктен Үндіқытайға жылжыған бирман және тай мемлекеттері қалыптасты. Оңтүстік-Шығыс Азияның материктік бөлігінің этникалық құрамы ала-құла болды, ал аралдың (Индонезия мен Филиппиндер) бөлігінде халықтардың көпшілігі бір аустронезиялық тілдерінде сөйледі. 1-мыңжылдықта аустронезиялықтар Мұхит аралдарына қоныстанды.

Американың ежелгі этникалық тарихы туралы бізге жеткен мәліметтер аз. Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында Орталық Америкада майялар мен ольмектер пайда болды. II–III ғасырлардан бастап Мексика аумағында, алдымен төлтектер мемлекеті, кейіннен ацтектер мемлекеті пайда болды. Анд аймағында I ғасыр соңы мен II ғасырдың басында Колумбия аумағына чичба халықтары және қазіргі Перу, Боливия, Эквадор мемлекеттерінің аумағына кечуа халықтары шоғырланды. XIII–XV ғасырларда инк тайпасы көрші тайпаларды бағындырған күшті мемлекеттің басшысына айналды.

### Назар аударыңдар!

Еуропа, Азия және Солтүстік Американың этникалық тарихы үшін IV–VII ғасырларда болған «Халықтардың Ұлы қоныс аударуының» үлкен маңызы болды.

IV ғасырда қытай шегарасынан ығыстырылған көшпелі ғұн тайпалары өздерімен бірге басқа да түркі тайпаларын ілестіре отырып, батысқа бағыт алды, оларға сол далада мекен еткен ирантілді тайпалар біртіндеп сіңіп кетті. Кейбір ирантілді тайпалар оңтүстікке қоныс аударды. IV ғасырдың соңында ғұндар Дунай аймағына қоныс теуіп, өз мемлекеттерін құрды.

Кейіннен Шығыс Еуропаға хазар, авар, бұлғар, печенек, қыпшақ сияқты түркі тайпалары келді. Бұлғарлардың бір тобы шуваштар мен татарлардың этногенезінде маңызды рөл атқарса, ал басқа тобы Шығыс Еуропаның оңтүстігіне өтті және өз этнонимін болгар этносына беріп, славяндар арасына таралып кетті. VIII–IX ғасырларда Оңтүстік Оралдан Дунайға тілі жағынан угорлық – ханты және манси халықтарына туысқан венгрлер (мадиярлар) қоныс аударды.



**Назар аударыңдар!**

Түркілер 1-мыңжылдықтың соңына қарай даланы толығымен түркілердікі жасап, еуразиялық далалық белдеудің ирандық тілде сөйлейтін халқын толығымен ассимиляциялады.

1-мыңжылдық Орталық Азияның тереңінен түркі тайпаларының жаппай қоныс аудару уақыты болды. Түркі тайпаларының қозғалысы Ұлы даланың аумағында жүрді. Осы аймақта 1-мыңжылдықтың ортасында бірін-бірі алмастырған тайпалық одақтар, мемлекеттер, соңында, тек түркі тайпаларын ғана емес, сонымен қатар басқа да этникалық бірліктерді біріктірген қағанаттар пайда болды.

«Халықтардың Ұлы қоныс аударуы» барысына орай германдықтардың Орталық және Солтүстік Еуропаға таралып, Британ аралдарына жетуі орын алды, бұл жерде бұрын кельттер өмір сүретін.

**Есте сақтаңдар**

Бұрынғы Рим империясының кейбір провинцияларында романдық нәсілді халықтың «варварлық тайпалармен», әсіресе германдықтармен араласуы нәтижесінде романдық этнос қалыптасты.

Мысалы, француздардың этногенезіне кельттер (галлдар), үндіеуропалыққа дейінгі жергілікті халық (иберлар), римдіктер, сонымен қоса франктар бастаған герман тайпалары қатысты. Ал ежелгі француз тілінде сөйлейтін аз санды гал-римдіктер, өз тілдерін франктар мен өзге де германдықтарға енгізіп кетті. Испандықтардың этногенезінде иберлар, римдіктер, герман тайпалары вестготтар және свевтар, ең соңында – арабтардың да қатысы бар. Ағылшын этносы аралдағы ежелгі кельт халқының (олардың тікелей ұрпақтары ирландықтар, валлиліктер және шотландықтар болып саналады) және герман жаулаушылары ангол, сакс, фриз және юттардың негізінде қалыптасты. Бұл дәуірде славяндардың үш тармағының Шығыс Еуропаға қоныстануы мен Киев Русінде ежелгі орыс этносының қалыптасуы орын алды.

**Назар аударыңдар!**

VII ғасырдың басында ислам діні мен Араб мемлекетінің (халифаттар) пайда болуымен қатар арабтардың жорықтары басталды. Сонымен қатар арабтардың Азия мен Солтүстік Африка аймақтарына қоныстануы және арабтардың жергілікті халықты ассимиляциялауы жүріп жатты.

Этнос үстемдігіне және дініне сеніп арабтар өздерінің тілі мен этнонимдерін көптеген жаулап алынған халықтарға таратты, нәтижесінде бір араб этносының орнына бірнеше араб этносы қалыптасты.

Африка мен Азияның, сонымен қоса Аустралия, Мұхит аралдары және Американың тропиктеріндегі ежелгі халықтардың этникалық тарихы



туралы деректер өте аз кездеседі. Солтүстік Африкада б.з.б. I мың жыл бұрын дербес бірнеше мемлекет болды: Финикиядан шыққандар негізін қалаған, семит тілінде сөйлейтін Карфаген; Ливиялықтар құрған Мавритания мен Нумидия. Б.з. 2-мыңжылдығында Батыс Суданда бірқатар (Гана, Мали, Сонган және Борн) мемлекеттер қалыптасты, кейіннен олар Чад (хаус халықтарының мемлекеті) өзенінің батысындағы Гвиней жағалауындағы мемлекеттер бірлестігіне (Ашанти, Дагоми, Конго және басқалар) бірікті. Бұл мемлекетті құрушылар әр алуан тілді топтардан құралған, этникалық қауымдар болды, осылайша Африкада ірі этностардың қалыптасуы басталды, бұл этностар қазірге дейін тіршілік етуде.

**2-мыңжылдықта этникалық картаның өзгеруі.** Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда 1- және 2-мыңжылдықтың басында кәрістер мен жапондардың этникалық және мемлекеттік бірігуі аяқталды. Қытайлықтар (хань халқы) жергілікті халықты ассимиляция жасай отырып, үлкен аймақты біртіндеп игере бастады. Олар бір-бірінен қатты ерекшеленетін жергілікті топтарға ыдырады. Үндіқытайда вьетнамдықтардың, бирмалықтардың және тайлықтардың этникалық аумағы кхмерлер мен индонезиялықтардың есебінен ұлғайды. Малайзиялықтар Малакканы игерді, ал кейіннен туысқан индонезиялық топтармен әрекеттесе отырып, бүкіл Индонезия аумағына таралды.

### Назар аударыңдар!

2-мыңжылдықтың бірінші жартысында Азия мен Еуропаның этникалық тарихына басқа халықтарды жаулап алған XIII ғасырлардағы моңғолдардың шапқыншылығы үлкен әсер етті.

Моңғол шапқыншылығы нәтижесінде шыққан тегі әртүрлі халықтардың араласуы күшейді және Орталық, Орта және Алдыңғы Азияда, Кавказда Шығыс Еуропада қазақ, татар, башқұрт, ноғай, өзбек, қырым татарлары және т.б. сияқты жаңа этностардың құрылуына алғышарттар пайда болды. Кейінірек, Кавказ, Кіші Азия және Балқан аймағына қазіргі түрікмендерге туысқан оғыз тайпалары келді. Олар жергілікті халықпен араласты және әзірбайжан, түрік секілді басқа да халықтардың пайда болуында маңызды рөл атқарды. XV ғасырдың соңында Азия, Еуропа және Африкада бүгінгі күнгі барлық этностар қалыптасады.

### Назар аударыңдар!

Бүкіл әлемнің этникалық тарихында Ұлы географиялық ашылулармен байланысты XVI–XIX ғасырларда Америка, Аустралия және Мұхит аралдарына еуропалықтардың қоныс аударуы үлкен рөлге ие болды.



Бұл қоныс аударудағы басты рөлді, алдымен испандар мен португалдар, содан кейін голландиялықтар, француздар және ағылшындар атқарды. Миграциялар басқа жаңа этностардың бастамасы болды. Кейбір этностардың қалыптасуында (мексикалықтар, боливиалықтар, перулықтар және Орталық және Оңтүстік Американың кейбір этностары) негізгі рөлді осы аймақтың байырғы тұрғындары – үндістер атқарды. Кейбір жағдайларда осы аймақтың байырғы тұрғындары толығымен қырылды, аумақтардан жасанды түрде оқшауланды немесе өздерінің этникалық аймақтарынан ығыстырылды және жаңа этностардың барлығы дерлік тек қана шеттен келгендер есебінен қалыптасты. Этникалық дамудың бұл жолы Канада, АҚШ, Аргентина, Уругвай, Аустралия, Мұхит аралдарының көптеген аралдарына тән. Кейбір америкалық мемлекеттерде, әсіресе Кариб теңізі жағалауларында, Венесуэла, Бразилия мен Гаянаның этникалық тарихында еуропалық иммигранттармен және үндістермен бірге африкадан шыққан құлдардың ұрпақтары үлкен рөл атқарды. Африканың оңтүстігінде голландтық қоныс аударушылардың ұрпақтарынан голланд тіліне жақын ерекше «африкаанс» тілінде сөйлейтін африканерлер деген жаңа этнос пайда болды. XVI ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы маңызды этникалық процестер қатарына орыстардың Сібірге, сонымен қатар Кавказ, Қазақстан мен Орталық Азияға қоныстануы жатады.

**Қазіргі дәуірдегі әлемнің этникалық картасы.** XX ғасырдың басында әлемнің қазіргі этникалық картасы негізгі ерекшеліктерімен қалыптасты. Әлемнің түрлі өңірлерінде этникалық процестер жалғасуда. Олар этнос қалыптастыру үдерісі әлі аяқталмай қалған дамушы елдерде белсенді жүріп жатыр.

Латын және Орталық Америкада жеке мемлекеттердің аумағында әртүрлі ұлттармен этникалық топтардың әлеуметтік мәдени бірігуі жалғасуда. Африка континентіндегі этникалық процестердің жағдайы этникалық қиындығымен сипатталуда. Бұл этникалық құрамның айрықша күрделілігімен, елдің экономикалық жағдайының қарама-қайшылығы, этностардың бірігу процесі дамуының өте төмен деңгейімен анықталады. Африкада барлық әйгілі этникалық топтар миллиондық этностардан әлеуметтік қарым-қатынастардың көнерген формаларын сақтаған аңшылар мен терімшілердің тайпаларына дейін бірге өмір сүреді.

Азияның көпұлтты мемлекеттеріндегі этникалық процестер дәл осындай кемшіліктермен және қайшылықтармен сипатталады. Мұнда басым этникалық топтарды топтастыру және шағын этникалық топтар, аз ұлттар мен байырғы халықты және иммигранттарды ассимиляциялау процесі қарқынды дамып келеді. Дегенмен ірі иммигранттар қауымы өздерінің қандай да бір этносқа этникалық тиістілігін сақтап қалуға



тырысады. Иммигранттық емес және ассимиляциялау жолымен жүрмеген аз этникалық топтар бірігіп, өздерінің этникалық тәуелсіздіктерін алуда.

Америкалық қоғамның өсуі, жаңа иммигранттардың профессионалдық базасы бірігу мен ассимиляция жолымен дамып жатқан Америкадағы этникалық процестерді жеделдетеді. Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі этникалық процестер өз ерекшеліктеріне ие. Аймақтық диалектілерді және этнографиялық нұсқаларды жоюда көрініс табатын этносаралық бірігу процесі жалғасуда. Сонымен қатар әрбір этномәдениетті интернационалдандыру процесі қарқынды дамып келеді, ағылшын тілі халықаралық байланыс құралы ретінде таралуда. Жергілікті этникалық азшылықтар бар елдерде екі процесс де осындай азшылықтарды ассимиляциялау арқылы толықтырылады. Сонымен қатар Испаниядағы каталондық қозғалыс, Италиядағы аз ұлттардың қозғалысы, Шотландияның Ұлыбританиядан бөлінуін көздеген референдум және осы секілді көптеген фактілер Еуропадағы интеграциялық және ассимиляциялық процестер қарсы күштерге тап болып жатқандығын көрсетеді.

Еуропадағы этникалық процестерге иммиграцияның әсер етуі екіжақты болып табылады. Еуропалық елдерден келген иммигранттар, әдетте, азаматтықты қабылдау және аралас неке арқылы негізгі этникалық орталарына белсенді түрде ассимиляцияланады. Еуропада тұратын азиялық және африкалық иммигранттар еуропалықтармен араласуға тырыспайды, ең басты себебі – діндегі айырмашылық (иммигранттардың көп бөлігі – мұсылмандар). XX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа халқының этникалық құрамының өзгерісін сипаттау үшін «мультикультурализм» термині қолданылады. Қазір көптеген еуропалық мемлекеттердің астаналарының халқының үштен бір немесе төрттен бір бөлігін иммигранттар құрайды және олардың көп бөлігі – Азия мен Африка мемлекеттерінен келген шетелдіктер.

Әлемнің этникалық бейнесі әртүрлі, ал этникалық қатынастар күрделі және қайшылықты болып келеді. Адамның этникалық тиістілігін сақтау оның психологиялық қажеттілігі болып табылады, себебі ол адамға қоршаған ортада өз орнын табуға көмектеседі.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Әлемнің этникалық картасы дегеніміз не?
2. Басты тіл семьялары қашан қалыптасты?
3. Еуропаның этникалық картасының өзгеруіне «Халықтардың Ұлы қоныс аударуының» қандай маңызы болды?
4. Еуразияның этникалық картасының өзгеруіне моңғол шапқыншылығының қандай маңызы болды?



## § 30. ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

«Бірегейлік» ұғымының алдымен ғылыми ортада, сосын көпшілік қолданысқа енуіне, американдық психолог ғалым Э.Г. Эриксонның өткен ғасырдың ортасында жүргізген психологиялық және антропологиялық зерттеулері себеп болды.

*Бірегейлік дегеніміз не?* Қарапайым сөзбен айтсақ, бұл адамның: «Мен кімін?» деген сұрағына берілген жауабы секілді. Бірегейлік – бұл адамның өзін кім деп тануы мен өзін кімдерге жатқызатындығы.

### Бүгінгі сабақта:

- бірегейлік дегеніміз не деген сұраққа жауап іздейміз;
- этникалық сәйкестік проблемалары;
- этникалық бірегейлік;
- ұлттық бірегейлік туралы оқып білеміз.

### Есте сақтаңдар

**Бірегейлік** – бұл адамның өзін-өзі тануы, осы арқылы өзінің белгілі бір текке, этносқа, ұлтқа, нәсілге, қоғамға, дінге, мамандыққа және т.б. жататынын түйсінуі. Адамның бірегейленуі көп түрлі болады.

**Этникалық бірегейлік.** Этникалық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің құрамдас бөлігі болып саналады. Этникалық анықталу тегі мен туған жері, тілі мен мәдениеті ата-ананың қай этникаға жататыны секілді бірқатар объективті себептер арқылы белгіленеді. Этникалық бірегейліктің маңызды үш құрамы бар – өз этносының ерекшелігін білу, этносқа қатыстылығын мақтан тұту және мүшесі ретінде өзін көрсету.

### Кілт сөздер:

бірегейлік, өзіндік сана-сезім, этникалық, ұлттық, аймақтық, конфессионалдық

### Назар аударыңдар!

Өзінің бір этникалық қауымға – этносқа қатыстылығын біліп, өзге этностардан бөлектену – этникалық даралық *бірегейлік* деп саналады.

Көптеген адамдар бір ғана этнос өкілі болып табылады. Егер адамның ата-анасы бір этнос өкілі болса, онда ол бір этнос құндылығын бойына сіңіріп, сол тілде сөйлеп, бір мәдениет, бір дәстүрде, әдет-ғұрыпта тәрбиеленеді, адамның жетілуіне еш кедергі болмайды. Өз этносының толық мүшесі болып, бойына этникалық бірегейлікті сіңіреді. Егер ата-анасы түрлі этнос өкілдері болса, мысалы, «орыс-украин» адам біреуінің ғана мәдениетін бойына сіңіреді. Адам халықаралық қарым-қатынас кезінде өзінің этникалық бірегейлігін ерекше сезінеді. Тек сонда ғана оған «өзінікі» мен «бөтеннің» арасындағы мәдени айырмашылық нақты байқалады. Адам ана тілі, мәдениет, дін, тарихи жады, «ұлттық» сипат арқылы ғана өз халқын (этносты) «бөтеннен» айыра алады.



**Этникалық өзіндік бірегейлену мәселелері.** Егер аралас некенің ұрпақтары өздеріне қатысы бар осы екі этностың да өзіндік ерекшеліктерінен хабардар болатын болса, өздерінің олармен байланысын сезінсе және осы этнос өкілдерімен болған қарым-қатынас кезінде өздерін жақсы жағынан көрсетсе, онда бұл қос бірегейлікке әкеледі. Егер адам этникалық қарым-қатынаста өзінің нақты бірегейлігін білмесе, өзінің «қандас» жақыны болып келетін, қандай да бір этностың этникалық ерекшеліктерін толық танымаса, ешбір этностың тұрмыстық және адамгершілік қағидалары мен тілін, мәдениетін білмесе, ол этникалық бірегейлік тұрғысынан дүбәрә болып саналады. Дүбәрә адам ешбір этносқа да өзін жатқызбайды.

Егер адам өзін әлеуметтік, әсіресе этникалық топтық тұрғыдан бірегейлендіре алмаса, онда ол туыстық байланыстарынан, достарынан, отанынан айырылып, «елден аластатылған», «ешкім де емес, біреуге айналып» далада қалады. Қазақ қоғамында қандай да бір себептермен рудан (жүзден) аластатылған адамдар, елден қуылған болып саналды.

Бірегейліктің жоғалуына адамдарды күштеп басқа ортаға қоныс аударту мен балалардың ата-анасынан айырылып жетім қалып, өз халқынан бөтен ортада тәрбиелену жағдайлары себеп болады. Жастайынан жетім қалған бала өзін асыраған қоғамның мүшесі ретінде сезініп, жаңа бірегейлікте өседі. Бірақ ол өзінің алдыңғы бірегейлігінде ұзақ өмір сүрсе, онда бұрынғы бірегейлікті жоғалтудан пайда болған зардап өмір бойы сақталады. Кеңес кезінде аралас некелердің көп болғаны соншалық, бұл процесс этникалық бірегейлікті күрделендіріп жіберді де, халық арасында этноссыздану үрдісі жүрді: «заманға сай» және «кеңестік» идеология этникалықты ығыстырды.

Көбінесе этникалық дүбәрәлік жетім балалар мен балалар үйінде тәрбиеленген жеткіншектер арасында босқындар мен көші-қон лагерьлерінде қоныстанғандарда кездеседі. Бұған босқындар лагерьлерінде өскен ауған тәліптері нақты мысал. Тәрбиешілер олардың бойына конфессионалды (діни) бірегейлікті сіңірді, ал этникалық (пуштундық) бірегейлік оларда қалыптаспады. Тәліптер пуштун тілінде сөйлесе де, олар пуштунның салттары мен дәстүрлерін ұстанбайды, яғни енді олар пуштун емес.

Өзге елге қоныс аударған иммигранттар қиын жағдайды бастан кешіреді. Оларға өз «Мен»-ін ішкі және сыртқа деп бөлуге тура келеді. Сыртқы «Мен»-і өзін қабылдаған ортаға тән болып, солардың заңы мен тәртібін сақтауға, сайлауларға қатысуға, көршілері мен әріптестері арасында өзге сол тілде қарым-қатынас жасауға мәжбүрлейді, ал «ішкі Мен»-і өз үйінде, сыртта қалған өз еліндегідей өмір сүруге мүмкіндік береді. Адамға өз Отаны мен естеліктерін ұмыту мүмкін емес, сол себепті ол бұрынғы өмірбаяны мен жадын жоғалтпауға барын салады. Осы себептен Еуропа және солтүстік Америка елдерінде еврей квар-





Этникалық алуантүрлілік

талдары мен қытай қоныстары, үнді және араб қалашықтары пайда болған. Бөтен елге, өзге өркениетке қоныс аударған адамдар өз жерлестері мен жақындарына көрші тұрып, бұрын үйінде ішкен асын ішіп, тыңдаған әуенін тыңдағысы келеді. Мысалы, АҚШ-қа ондаған жылдан бұрын қоныс аударып, ағылшын тілін білмей тіршілік кешіп жатқан адамдарды көптеп кездестіруге болады. Иммигранттардың балалары «екі орындықта отырғандай» күй кешуде. Олар жаңа жағдайға бейімделуге ұмтылып, өздерін қабылдаған ортаға сіңіп кетуге тырысады, егер олар сыныбында азшылықта болса, бұл үрдіс жылдам жүреді. Ал ата-аналар балаларын өз орталарында тәрбиелеуге тырысып, туыстарымен жиі араластырып, өзара үйлендіріп те жатады. Жергілікті бірегейлікке сіңбей осылай қос мәдениеттің ортасында қалған балалар түрлі топтарға бөлініп, тұрмыстың төмендігін әлеуметтік теңсіздіктен көріп, экстремист – арандатушылардың оңай олжасына айналуы мүмкін. Азия және Африка елдерінен Еуропа мен Солтүстік Америкаға қоныс аударушылар легін ескере отырып, иммигранттардың бірегейлік мәселесі күрделене беретінін байқауға болады.

**Ұлттық бірегейлік.** Ұлттық бірегейлік – тарихи, империялық және саяси бірегейлікті, азаматтықты, патриотизмді қамтыған көпмағыналы ұғым. Ұлттық бірегейлік қоғам бірлігі мен мемлекеттің қалыптасуына тікелей қатысты болады. Ұлттық бірегейлік – қоғамның өзін танудағы «айнасы». Адамдарды біртұтас ұлтқа «қоғамның келбеті» біріктіреді: олар – аумақтық тұтастық, ұрпақ, тарих, мәдениет қағидалары, заңдық ұғымдар. Ұлттық бірегейлік – ұлттық мемлекет пайда болғанда қалыптасады.

### Назар аударыңдар!

**Ұлттық бірегейлік** – өзінің белгілі бір саяси ұлтқа (мемлекеттегі-ұлтқа) жататынын сезіну.

Ұлттық бірегейлік мынадай құрамдардан тұрады:

1) әлеуметтік немесе ұлттық-азаматтық (күнделікті тіршілікпен және іс-әрекетте тілмен, мәдениетпен, экономикамен, сәйкестендіру);



2) саяси немесе ұлттық-мемлекеттік (мемлекеттік билікпен, оның институттарымен және белгілерімен – шегарасы, әскері, мемлекет басшысы, азаматтығымен, әнұраны, туы, елтаңбасымен сәйкестендіру).

Ұлттық бірегейліктегі үлкен айырмашылықтар, мемлекеттік тұрақсыздыққа, ұлттың бөлінуіне әкеліп соқтырады.

### Есте сақтаңдар

**Этникалық бірегейлік** – этносқа қатысты екенін сезіну, ал ұлттық бірегейлік – саяси ұлтқа (мемлекеттегі ұлтқа) қатысты екенін сезіну.

Ұлттық мақсат пен ұлттық бірегейлік бір елдің азаматтарын біртұтас мемлекеттің халқына айналдырады. Бұл бір ортақ аумақта ұлттың ортақ діни және зайырлы құндылықтарын қалыптастырып, жалпыұлттық қатынас тілін құруымен байланысты. Бұл біртұтас және біртекті қоғамның қалыптасып, (француздар, испандар, британдықтар және өзге де Еуропа халықтары; аргентиндықтар, бразилиялықтар және өзге де латынамерикалық халықтар; Азия мен Африканың құлдықтан босаған халықтары) бәрінің басын қосқан ұлттық мемлекет құруға көмектеседі. Кейбір мемлекеттерде халықтардың әртүрлі мәдениеті мен аумақтық байланыстарының нашарлығынан мұндай процестер өзгеше жүрген. Сондай жағдайда ұлттық мемлекеттің орнына империя орнап, империялық, ұлттық үстемдік, этникалық үстем бірегейлік қалыптасады. Империялық бірегейлік те ұлттық секілді рөл атқарады, тек империяда өз халқын өзге этникалық халықтар мен мемлекеттерге қарағанда артық бағалау басым болады. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда, көбінесе соғыстардың да ықпалы болды, әсіресе тәуелсіздік үшін күрес, азаттық, сенім, осы жолда пайда болған күрескерлер,



Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы патриоттық тәрбиенің маңызы



халықтың «туған жер» үшін күресінде патриоттық сезімді айтарлықтай нығайта түседі.

Мемлекет барлық ресурстық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, (мемлекеттік рәміздер, оқулықтар, БАҚ, әдебиет және өнер т.б.) бірлескен әлеуметтік саяси сәйкестікті қалыптастыратын бірегейлік саясатын жүргізуде. Бұл қоғам мен мемлекеттің топтасуы үшін өте маңызды.

Егер алдыңғы кезекке ұлттық бірегейлік шықса (мысалы, Францияда, АҚШ-тағы «өңдеу пеші» секілді, Латын Америкасы елдеріндегідей), онда этникалық бірегейлік азайып, тіпті мүлде жойылады. Тарихи тұрғыдан қарасақ ұлттық мемлекет қалыптасатын кезеңде этникалық бірегейлік ұлттық бірегейліктің тасасында қалады. Ал бірұлтты «немесе азшылықтары ұлттар өте аз пайызды құрайтын» мемлекеттерде этникалық және ұлттық бірегейлік арасындағы шегара жойылып, саясатты құрап отырған ұлт басты этнос өкіліне айналады (қазақтардың басынан өткені секілді, олардың этногенезінің қалыптасуына көптеген этникалық топтар қатысқан, олардың шоғырлануы алғашқы қазақ мемлекеті құрамында өтті). Бұл – өте ұзақ жүретін әрі қарама-қайшылыққа соқтыратын үрдіс – аз ұлттардың өз болмысы мен мәдениетін сақтап қалуға, тіпті аймақтық автономия талап етуіне дейін соқтыратын күрделі процесс.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Бірегейлік дегеніміз не?
2. Этникалық бірегейлік дегеніміз не?
3. Этникалық және ұлттық бірегейлік арасындағы айырмашылық қандай? Қазақстаннан мысал келтіріңдер.
4. Қандай мемлекетте ұлттық бағыттағы бірегейлік қалыптасады? Мысал келтіріңдер.

## § 31. ЭТНОСТАР АССИМИЛЯЦИЯСЫ. АЗ ХАЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

**Этностардың ассимиляциялануы.** Кейде адам өзіне жат (шығу тегі) этникалық топқа бірегейленеді. Бұл жағдай адамның өз шыққан тобынан өзге топ үстем болғанда немесе сыртқы әсер ықпал еткенде болады. Шағын этнос өкілдерінің өзге күшті әрі мықты этносқа толық бірегейленуі ассимиляцияға – бір этносты екінші этностың сіңіріп алуына соқтырады. Мұндай жағдайлар ірі мемлекеттерде, империяларда жиі орын алады, ондағы шағын этностарды ірі мемлекет құрушы этностар өздеріне сіңіріп алады. Ассимиляция кезінде, алдымен шағын ұлттар маргиналдауға (тіршілік етуге негіз болған, өз бірегейлігін

### Бүгінгі сабақта:

- «ассимиляция» ұғымы;
- ассимиляция себептері және аз халықтардың жоғалуы жайында;
- аз халықтардың мәселелері туралы анықтаймыз.



**Кілт сөздер:**

ассимиляция, деградация, эволюция, әлемдік карта, тұжырымдамалар, аннексиялар, титулдық ұлттар, кіші халықтар, байырғы халықтар, халықаралық құқық

жоғалтады) ұшырайды, үлкен этносқа сіңеді, кейде жаңа этнос қалыптасады. Ал шағын этносты өз бойына сіңіріп алған үлкен этнос оның кейбір қасиеттерін де қабылдайды, ал шағын этнос (ассимиляцияланған этнос) бәрібір өз бірегейлігінен айырылып, жойылады.

Адамзаттың этникалық тарихы барысында жойылып, тарих қойнауына кеткен талай ірілі-ұсақты этностар болған (Қазақстан аумағында өмір сүрген сақтар, сарматтар, үйсіндер, ғұндар, қимақтар, соғдылар секілді).

Көптеген этникалық этнос алаңында этникалық процестерге кедергі келтіріп, өркендеу дәуірін сақтап қалған аралдар бар. Осындай халықтардың үлгісі басктар мен албандар, Кавказ этникалық топтары және Солтүстік Америкадағы ирокездердің тұрақты этносы бола алады. Орталық және Солтүстік Американың жойылған немесе ассимиляцияланған тайпаларының көпшілігінен айырмашылығы, ирокездер тілін және барлық мәдени-генетикалық кодын сақтап қалған. Көне этностардың қалдықтары көп. Олардың кейбіреулері жойылады, кейбірі басқа этникалық топтармен ассимиляцияланады, ал кейбіреулері ирокездер сияқты өздерінің сана-сезімін және тұрақты санын сақтап қалады.

**Есте сақтаңдар**

**Ассимиляция** (лат. *assimilatio* – ұқсас) – этнос ерекшеліктерінің жоғалуы және оларды басқа этностардан алынған ерекшеліктермен ауыстыру болып табылады. Ассимиляция –



Американың тұрғылықты халқы – үндістер



тіл, дін немесе мәдениет тұрғысынан өзгеше болатын белгілі бір әлеуметтік топтың өзін-өзі тануындағы этномәдени бір ауысым.

**Шағын этностарды еріксіз түрде ассимиляциялау.** Ассимиляция ерікті түрде және басқа этникааралық, конфессияаралық неке нәтижесінде, ықпалды (беделді) мәдениетке ерекше қызығушылық танытудан орын алуы мүмкін. Сонымен қоса бірегейлену еріксіз, мәжбүрлі түрде де жүзеге асады. Біртекті мәдени-тілдік орта қалыптастыру үшін үстемдік етуші билік, шағын халықтардың мәдениеті мен тілін ассимиляцияға ұшырататын заңдар енгізуі мүмкін.

### Назар аударыңдар!

Адамзат тарихында ірі (сіңіруші) этнос, мәдени-тілдік біртектілікті қалыптастыру мақсатында, шағын халықтарға қатысты мәжбүрлі және адамгершілікке жат әдістер қолданды.

Мұндай тәсілдер қатарында:

- тіл мен мәдениетке тыйым салу;
- депортация (қоныстандыру немесе қоныс аудару);
- геноцид (жаппай жою);
- дискриминация (әділетсіз қарым-қатынас және кейбір құқықтарын шектеу);
- сегрегация (резервацияларға оқшаулау, жеке «аудандарға» қоныстандыру) болды.

Шағын этникалық топтардың жойылуы этносты құрайтын адамдардың өлуі емес олардың тұтастығының жойылуы мен басқа этностардың араласып кетуі. Адамдар қалады, бірақ этностың жүйелі тұтастығы жоғалып кетеді. Адамзат тарихындағы қазіргі заманғы өркениетті көзқарас әрбір этникалық топтың, ұлттың және өркениеттің бірегей мәдени ерекшеліктеріне ие. Осы ерекшеліктер этностың кез келген күрделі тарихи жағдайда, оның бірегейлігін сақтап қана қоймай, оның өмірі үшін жауапты болмақ.

Бірегей мәдени сипаттар жаңа ұрпаққа осы этносқа кіретін адамдардың өзін-өзі тануы мен рухани әлемін айқындайтын ата-бабаларынан тілдегі кодталған мифтік және мәдени символдық ақпарат түрінде беріледі. Өзіндік мәдениетті жоғалту – басқа бөтен мәдениетке араласып, оның жойылуына әкеледі. Сондықтан әрбір этносқа өзіндік мәдениет пен дәстүрді сақтау әр ұлт болашағының кепілі болады.

**Аз халықтардың мәселелері.** Аз халықтар мәжбүрлі ассимиляциядан ғана емес, өмірлеріне дендей енген индустриалды араласудан да зардап шегуде. Олардың көпшілігі өз аумақтарындағы жаппай өндірістік басқыншылықтан, олардың әлеуметтік және экологиялық салдарынан жойылып немесе мәдениеттерінен айырылу алдында тұр. Солтүстік Америкадағы тұрғылықты халық тек отаршылдықтан ғана емес, өндірістің дамуы салдарынан толық жойылып кетті. Сібірді өндірістік тұрғыдан игеру осы аймақтағы шағын халықтардың құрып кетуіне себеп болды: олар ассимиляцияға ұшырап немесе жойылудың



алдында тұр. Бұл олардың өздері үшін де, жалпы адамзат үшін де орны толмас қасірет болды. Тек автономия ғана шағын этностарға өз мәдениеті мен тілін, салт-дәстүрлерін, яғни құндылықтарын, сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Кішігірім мемлекеттер арнайы мемлекеттік қорғау мен көмекке мұқтаж. Сондай-ақ кішігірім ұлттар тілдерінің тұрақты тозуы ескерілуі тиіс. Халықтар басқа тілді меңгеру аймағындағы тарихи жағдайларға байланысты ата-бабаларының мәдени контекстіне оралу мүмкіндігін жоғалтады. Шағын тілдердің деградациясы ұлттың мәдени контекстінің сарқылуына әкеледі. Қауіп төнген тілдерді сақтау және дамыту – бұл жалпыұлттық маңызы бар мәселе.

**Аз халықтар және олардың құқығын қорғау.** Әдетте, аз халықтар деп тарихи тұрғыдан анықталған аумақта өмір сүретін жергілікті халықтарды айтамыз. Халықаралық құқықта әлі күнге дейін «жергілікті халықтар» түсінігінің нақты және жалпыға танылған тұжырымдамасы жоқ. Дегенмен жергілікті халықтарға тән кейбір белгілер қалыптасты. *Біріншіден*, бұл олардың қазіргі тұрғылықты жерімен тарихи байланысының болуы (сабақтастық). *Екіншіден*, бұл солардың қатарынан өзін-өзі тану. Жергілікті халықтар өздерінің автохтонды екенін айтады және өздерін халықтың қалған бөлігінен өзгеше деп есептейді. Үшіншіден, өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін және өмірін толық немесе ішінара реттейтін әлеуметтік-экономикалық және саяси институттардың болуы. Төртіншіден, өздерінің этнос ретінде өмір сүру үшін жерін және этникалық сәйкестігін сақтап қалуға ұмтылуы.

Отарлық және отарлық кезеңнен кейін жергілікті халық «аборигендер», «түземдіктер», «жат жерліктер» (ағылш. natives, aborigines) деген атауға ие болды және мешеу қалған, дамуға мұқтаж жағдайда сипатталды. Мұндай түсініктер олардың құқығын қорғау үшін тұжырымдар, заңдар, сонымен қоса халықаралық шешімдер қабылдауға ықпал етті.

Халықаралық деңгейде жергілікті халықтардың құқықтарын қорғау бетбұрысты 1970 жылы бастады. Біріккен Ұлттар Ұйымының кемсітушіліктің алдын алу жөніндегі комиссия қорғау және аз байырғы халықтары кемсітулер туралы жан-жақты зерттеу ұсынылады. Осы зерттеулердің нәтижелері қоғамдық пікірге күшті әсер етті және 1982 жылы БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес байырғы халықтар жөніндегі БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссияның шеңберінде құрылды.

1990 жылы БҰҰ *Бас Ассамблеясы* 1993 жылды Дүниежүзілік байырғы халықтардың *Халықаралық жылы* ретінде жариялады. Кейіннен Бас Ассамблея әлемнің байырғы халықтарының екі халықаралық онжылдықты: 1995 жылдан 2004 жылға дейін және 2005 жылдан 2014 жылға дейін құрды. Онжылдықтың мақсаты адам құқықтары,



қоршаған орта, білім, денсаулық сақтау, экономикалық және әлеуметтік даму сияқты байырғы халықтар алдында тұрған проблемаларды шешу үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту болды.

2007 жылдың 13 қыркүйегінде Бас Ассамблея *байырғы тұрғындардың құқықтары туралы Декларация* қабылдады. Декларация «байырғы халықтар» ұғымының анықтамаларын қамтымайды. Декларацияға сәйкес іргелі критерий байырғы халық ретінде этнос туралы өзін-өзі ақпараттандыру болып табылады. Декларацияда байырғы халықтар өздерінің немесе этникалық топтарын өздерінің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне сәйкес анықтауға құқығы бар.

Декларация байырғы тұрғындардың негізгі құқықтары мен негізгі бостандықтарын – бостандық пен теңдік құқығын таниды; олардың саяси мәртебесін еркін анықтау және олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыру; мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтауға және жандандыруға; білім беру жүйесін құру және бақылау құқығын; олардың құқықтарына, өміріне және тағдырына әсер етуі мүмкін мәселелер бойынша барлық деңгейлерде шешімдер қабылдау процесіне қатысу құқығы; жер учаскелеріне, аумақтар мен ресурстарға және олардың құралдарын кепілдендірілген пайдалану құқығын, олардың болуын және дамуын қамтамасыз ету.

Соңғы онжылдықта декларацияны ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде жүзеге асыруда айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Осыған қарамастан, байырғы халықтар арасындағы ресми тану мен іс жүзінде өз құқықтарын жүзеге асыру арасындағы айырмашылық бар. Нәтижесінде байырғы халықтар әлеуметтік шектен шығып, маргинализациядан зардап шегеді және өздерінің негізгі құқықтарын жүзеге асыруда елеулі проблемаларды бастан өткеруде. БҰҰ мәліметтері бойынша әлемнің 90 елінде 370 млн адам тұрады. Олар әлем халқының 5% -ын құрағанымен, әлемдегі ең кедей адамдардың 15 пайызы соларға түседі. Байырғы халықтар – бес мың түрлі мәдениеттер мен әлем тілдерінің басым көпшілігі, олардың жалпы саны шамамен 7 мың адам.

Бүгінгі күні ЮНЕСКО шағын этникалық топтардың мәдениетін сақтау жөніндегі іс-шараларды қолдау үшін айтарлықтай қаражат бөлді, өйткені адамзат өркениеті өзінің алуантүрлілігі, әр адамы мен тілі бірегей екендігін түсінді.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. *Ассимиляция* дегеніміз не?
2. Ассимиляцияның қандай түрлері бар?
3. Шағын елдерді ассимиляциялауға және жоғалтуға қандай себептер бар?
4. 70-жылдарға дейін шағын мемлекеттерге деген көзқарас қандай болды?
5. Біріккен Ұлттар Ұйымының әлемнің байырғы халықтарының қорғауына қатысты жұмысы туралы айтып бере аласыңдар ма?



## ӘЛЕМ ТАРИХЫНДАҒЫ ЭТНИКААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР



### § 32. ЭТНИКААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- этникааралық қатынастар мен оларға әсер ететін факторларды;
- этностардың өзара қатынасын;
- ұлттық мәселені;
- ұлттық саясат туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

этникааралық қатынастар, ұлт, ұлттық сұрақ, ұлттық саясат

**Этникааралық қатынастар.** Полиэтникалық (көпұлтты<sup>1</sup>), бірнеше ірі және шағын этностар мен этникалық топтар өмір сүретін мемлекетте, ұлттар арасында өзара белгілі бір қатынастар орнап, дамиды.

#### Есте сақтаңдар

Полиэтникалық мемлекетте этностар мен этностық топтар арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынас *этникааралық қатынастар* деп аталады. Оларға этностардың экономикада, саясатта, әлеуметтік сала мен мәдениеттегі өзара әрекеттері мен түрлі этносқа («ұлтқа») жататын адамдардың өзара жеке қатынастары да жатады.

Өзара қатар өмір сүріп жатқан этностар арасындағы қатынастардың қай тұрғыда қалыптасуына көптеген факторлар ықпал етеді.

*Біріншіден*, бұл тарихи факторлар, оған жаулапалушылық, еріксіз қосып алу, депорта-

ция, геноцид, халықты мәжбүрлі түрде ассимиляцияға ұшырату жатады. Этностың тарихи жадында өткен қайғылы оқиғалары еш ұмытылмайды, ол тіпті тым ертеде болса да, сақталады. Бір этнос басқа этностан зиян шексе немесе одан құқығы тапталса, онда олардың арасындағы қатынас күрделі жағдайда қалыптасады.

*Екіншіден*, бұл саяси факторлар: мемлекеттің қайсыбір ұлттарға ұстанған саясаты, мысалы, шағын этностарды дискриминацияға ұшыратуы мүмкін. Сондай-ақ бұл факторлар тобына саяси элитаның түрлі этностарға деген ұстанымын да қосуға болады.

*Үшіншіден*, бұл әлеуметтік факторлар: қоғамда этникалық пен әлеуметтік *стратификацияның* өзара қалыптасуы. Мысалы, АҚШ WASP

<sup>1</sup> Күнделікті орыс тілінде «полиэтникалық» сөзінің орнына қолданылған сөз.



(«ақ түсті ағылшын-саксондық протестанттық» халық) көп уақытқа дейін жоғары әлеуметтік артықшылықтарға ие болды, ал католиктік Еуропа елдерінен келгендер немесе азиялықтар мен афроамерикандықтар, «латындықтар» (Латынамерикасы елдерінен шыққандар) және өзге де WASP категориясына жатпайтындардың әлеуметтік жағдайлары төмен болды, мұның зардабы әлі күнге дейін білінеді. Ал Біріккен Араб Әмірлігіндегі жоғарғы әлеуметтік игіліктерге осындағы жергілікті 20 пайыз араб тұрғындары ғана ие, ал елдегі түрлі этникалық топтан шыққан иммигранттар мемлекеттегі барлық ауыр жұмыстарды атқарады, оларға төмен жалақы төленеді. Түрлі этностар мен этникалық топ өкілдерінің әлеуметтік айырмашылықта болуы, әсіресе білім алу мен еңбекке орналасуда (мысалы, тілдік кедергілерге ұшырауы), этникааралық қатынастарға өз әсерін тигізеді.

Төртінші топты *мәдени және өркениеттілік факторлары* құрайды – олар қауым немесе түрлі діндер, дәстүрлер, құндылықтар мен этникалық қағидалар және тіл. Айталық, Еуроодақта көптеген полиэтникалық ұлттарды біріктіріп отырған «байырғы» еуропалық-христиандар, бұрындары көптеген еуропалық христиандармен аралары жақсы болмаса да, Азия мен Африкадан келген мұсылман иммигранттарына христиан ретінде өз қарсылығын, наразылығын көрсетеді.

Қандай да бір этникааралық қатынастардың қалыптасуына психологиялық және жағдаяттық факторлар ықпал етеді. Онда этностардың дәстүрлі мәдениетіне негізделген стереотиптің маңызы зор. Бұл орайда басқа этностармен өзара қатынасты қалыптастыратын жағымды немесе жағымсыз анықтама орнайды.

Этностар арасындағы өзара қарым-қатынастар үнемі үйлесімді әрі бейбіт көршілік жағдайда қалыптаса бермейді. Тарихтан этникалық (ұлттық) жанжалдар мен өзара түсініспеушіліктерді, сенімсіздіктерді, тіпті этносаралық қақтығыстарды көптеп кездестіруге болады. Осы келіспеушіліктердің ішіндегі ең күрделілері аумақтық және саяси мәселелер болып табылады. Сонымен қоса этникалық қайшылықтарға үлкен этнос пен кіші этнос арасындағы, оның ішінде тұрғылықты этностағы («ұлттық азшылықтағы») келіспеушіліктер жатады.

### Есте сақтаңдар

Этностар немесе этникалық топтар арасында пайда болған келіспеушіліктер этникааралық қайшылықтар деп аталады.

Полиэтникалық мемлекеттегі этникааралық қайшылықтардың күрделенуіне екі ағымның қақтығысы негізгі себеп болады – оның біріншісі – этностардың өзіндік этномәдени болмыстарын сақтауға тырысуы, екіншісі – қазіргі жаһандану жағдайында ортақ құндылықтардың қалыптасып, халықтың болмысынан ажырай бастауы. Тағы



бір себеп тарихи тұрғыда қалыптасқан дәстүрлер мен мәдениетті, оның ішінде дінді сақтауға байланысты туындайды.

**Этностардың өзара әрекеттесуі.** Этникааралық қатынастардың кең мағынада қолданылуы этностардың саясатқа, экономикаға, мәдениет пен әлеуметтік салаға қатынасы барысында жүзеге асады. Бұл орайда саяси аспекті ерекше маңызды болып саналады. Оған этностың өз тағдырын өзі шешуі: этносқа өзін-өзі реттеу құқығының берілгендігі, оның өзін-өзі басқаруына, автономиялылығына немесе өз тілдерінде білім алу, ана тіліндегі БАҚ секілді қандай да бір мәдени даралануына мүмкіндіктің жасалғандығы жатады. Саясат бағытына этностар теңдігі, этникалық және этникааралық мүдделердің ескерілуі, билік құрылымдарында этнос өкілінің болуы, барлық тілдер мен мәдениеттердің дамуына бірдей жағдай жасау болып табылады. Ал этностардың экономикадағы өзара байланысы саясатқа қарағанда жеңіл қалыптасады, бұл бағытта прагматизм үстемдік етеді, яғни экономикада әрбір этнос өзінің тарихи қалыптасқан саласында басымдылықта жұмыс атқарады. Орталық Азияда сауда-саттықты соғдылықтар жүргізгенін, ал түркілер, негізінен, малшаруашылығымен айналысқанын білеміз. Үндістанда әрбір варна мен кастаның экономикалық бағытта өздерінің атқаратын арнайы салалары бар және бұл дәстүр мыңдаған жылдардан бері бұзылмай сақталып келеді. Бүкіл этностың тарихы мен мәдениетін зергітеп қарасақ, әрбір этностың экономикалық бағытта өз дәстүрлі саласы, арнайы қызмет атқаратын шаруашылық түрі бар екеніне көз жеткіземіз.

Этникааралық қатынастар сөзінің тар мағынада қолданылуы – бұл әртүрлі этностардағы адамдар арасындағы жеке қарым-қатынас процесінен туындап: тұрмыста, жұмыста, сабақ кезінде немесе демалыста қалыптасқан қатынастар. Бұл – адамдардың күнделікті өмірдегі қатынастары. Полиэтникалық мемлекетте әсіресе қалаларда, барлық адамдарға жұмыстарына байланысты түрлі этнос өкілдерімен араласуға тура келеді. «Мемлекеттегі барлық этностардың құқықтары мен теңдіктері қаншалықты сақталады, бір этнос басқа этностың құқығын бұзған жоқ па?» деген секілді этникааралық қарым-қатынастар жеке мақсаттағы байланыстарға өз әсерін тигізеді.

### Назар аударыңдар!

Тарихи жадыны мәдени және әлеуметтік факторлармен сабақтастырған қазіргі саясат, түрлі этнос өкілдерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың қалайда сақталуына ықпал етеді.

Әрине, тілдік, мәдени, психологиялық және өзге де кедергілер тұрмыстық деңгейдегі этникааралық өзара байланыстарды күрделендіреді, алайда полиэтникалық мемлекетте этностарды жақындастыратын (бірлесіп еңбек ету, білім алу, көрші тұру) факторлар пайда болады.





Шотландиядағы тәуелсіздік жолындағы қозғалыс

**Ұлттық мәселе<sup>1</sup>.** Егер қандай да бір мемлекеттердегі этностар мен этникалық топтар арасындағы қатынастарда құқықтық теңсіздік орнаса және этностардың экономикалық саласы мен мәдени дамуында кемшілік орнаса, онда «ұлттық мәселе» пайда болады – этникааралық араздық, өзара сенімсіздік, тіпті этностар арасында қақтығыстар орын алады.

### Есте сақтаңдар

Ұлттық мәселе саяси және әлеуметтік себептерден пайда болады. Құқықтық және әлеуметтік-экономикалық теңсіздік бір этносты басым жағдайға жеткізсе, екінші этносты құқығы бұзылған жағдайға апарады.

Ұлттық мәселе, мемлекет тарихына және онда қоныстанған этностарға, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, саяси және мәдени факторларға, оның ішінде тілге, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге орай туындайды.

Ұлттық мәселе кең ауқымды этникааралық жанжалға соқтырмауы үшін мемлекет ұстамды ұлттық саясат жүргізуі тиіс.

**Ұлттық саясат.** Мемлекеттің ұлттық мәселелерді шешуде қолға алған шаралары ұлттық саясат деп аталады. Егер этностар мен этникалық топтар арасында қайшылық болса, мемлекет әрбір этностың мүддесін

<sup>1</sup> «Ұлттық мәселе», «ұлттық саясат», «ұлтаралық қатынас», «ұлттық тіл» терминдері дәстүрлі болып саналады. Бұл ұғымдардың барлығы «ұлт» сөзін этнос деп қабылдаған уақыттан бастап пайда болды. Қазір бұл терминдер ғылыми қолданыстан шығуда, алайда құжаттар мен БАҚ-та жиі қолданылады.





Канададағы мультимәденилік

қорғай отырып, басқа этностың мүддесіне зиян келтірмей отырып бұл қайшылықты шешеді. Мемлекет жанжалдардың алдын ала отырып, әртүрлі этностардың мүддесін үйлестіреді. Ол жекелеген этностардың мүдделерінің өзара қақтығысып қалмауын жіті бақылайды және этникааралық қатынастарды арнайы қағидалар мен ережелер және нормалар арқылы басқарып отырады.

### Есте сақтаңдар

**Ұлттық саясат** – бұл қоғам өмірінің барлық саласындағы этностар арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекеттің саяси қызметінің құрамдас бөлігі.

Ұлттық саясат әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, мәдени, тілдік және мемлекеттің көші-қон саясатымен байланысты.

### Назар аударыңдар!

Ұлттық саясаттың мәні әрбір этностың мүдделері мен олардың дер кезінде жүзеге асуына байланысты қалыптасады.

Ұлттық саясаттың мақсаты ұлттық бірлік, этникааралық жақындық (интеграция) және этностардың бірігуі болуы мүмкін. Қоғам мен экономиканың тұрақты жағдайы, этностар арасындағы тату көршілікке негізделген ұлттық саясат, оларды жақындастырып, интеграциялық процестерді кеңітеді, саяси ұлттық бағытта түрлі этностардың рухани бейнесін қалыптастырады.



Этникааралық интеграцияның үлгісіне, мультикультурализм саясаты жатады, ол соңғы ондаған жылдан бері Канада мен Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде жүзеге асып келеді, бұл елдерге әлемдік отарлау жүйесі құлаған соң Азия мен Африкадан шыққан иммигранттар тасқыны ағылған болатын. Бұл – жекелеген мемлекеттің емес, мәдени/этникалық айырмашылықтағы қазіргі саяси ұлттардың тұтастай әртүрлі мәдениеттерінің<sup>1</sup> сақталуы мен бірлесе дамуына және өзара араласа өркендеуіне негізделген саясат. Алайда қазіргі уақытта мультимәденилік саясаты жиі сынға ұшырауда, мұнда иммигранттардың емес, оларды қабылдаушы (байырғы еуропалықтардың) этностардың мүдделері зиян шегуде.

Кейде ұлттық саясат этникалық даралануға, этникалық «тазалауды» қолдауға, қандай да бір (көбінесе басым немесе «басқарушы») этностың мүддесін қорғауға бағытталуы мүмкін. Мұндай ұлттық саясатты ұлтшылдық бағыт деп сипаттауға болады.

Ұлттық саясат жүзеге асу формасы мен әдісіне қарай толерантты (күш қолданбайтын) немесе репрессиялық (күштеу арқылы) деп сипатталады. Еуропалық және канадалық мультимәденилік – толерантты ұлттық саясаттың үлгісі. Сталин кезеңіндегі халықтардың депортациялануы – репрессиялық ұлттық саясаттың үлгісі.

### Назар аударыңдар!

Толеранттылық барлық этностан шыққан адамдарға құрмет көрсету мен халықтар ынтымақтастығы мен интеграциясын қалыптастыру.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Этникааралық қатынастарға анықтама беріңдер.
2. Этникааралық қатынастардың саяси факторларын атаңдар.
3. Полиэтникалық мемлекетте этностардың жақындасуына қандай факторлар ықпал етеді?
4. Ұлттық мәселе дегеніміз не?
5. Ұлттық саясат дегеніміз не?
6. Неліктен мультимәденилік саясатын мозаикамен салыстырады?

## § 33. ЭТНИКААРАЛЫҚ ЖАНЖАЛДАР: СЕБЕБІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Егер жанжалда түрлі этностар мүддесі қақтығысса (қандай да бір мемлекеттің ішінде бір-біріне жақын қоныстанған), онда жанжал *этникааралық* болып аталады. Ұлтаралық жанжалдардың

<sup>1</sup> Еуропада бұл сөз «этноспен» бірге қолданылады.



**Бүгінгі сабақта:**

- этникааралық жанжал дегеніміз не деген сұрақтың жауабын білеміз;
- этникааралық жанжалдардың себептерімен және формаларымен;
- этникааралық жанжалдарды шешу амалдарымен танысамыз.

**Кілт сөздер:**

жанжал, этносаралық жанжал, мүдде, аумақтық дау, ксенофобия

негізі, этносаралық өзара байланыс процесстерінен туындаған мәселелер мен қарама-қайшылықтар. Этносаралық жанжалдың туындауы мен оның өткірлігі, негізінен, көпұлтты мемлекеттің құрылымы мен оның ұстанған ұлттық саясатына байланысты болады.

**Назар аударыңдар!**

Көпэтностық мемлекетте әрбір шешімін таппаған сұрақ ұлғая келе этникалық сипат алады.

**Есте сақтаңдар**

**Этносаралық жанжал** – этностық негізіне байланысты қарама-қарсы мүдделері бар топтар арасындағы топтық жанжал түрі.

**Этникааралық жанжалдар себебі.** Этникааралық жанжалдардың себептері мынадай түрлерге бөлінеді:

1. **Аумақтық дау.** Ерте кезеңдегі сансыз көші-қон мен жаулап-алушылық, әрбір этностың қоныстанған аймағын талай өзгеріске ұшыратты, мемлекеттер шегарасы мен олардың аумағы да өзгерді. Осыған орай аумақтық мәселелер де туындайды: дауласушы тараптың бірі қазірде өзгелер мекендеп отырған аймақтың өздеріне тиесілі екендігін, өйткені кезінде бұл жердің өздерінікі болғанын алға тартады. Даулы аймақтың қай уақыттан бастап этникалық иелікте болғанын, әрбір тарап өз еркімен таңдайды. Аумақтық даулар күрделі, субъективты әрі шешімін табу мүмкін емес болып келеді.

2. **Саяси себептері.** Халықтың тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылу жолында туындайды. Этностардың көпшілігінің жеке тәуелсіз ұлттық-мемлекеттік құрылымы жоқ. Халықтың өзін-өзі тану танымының артуына орай, тәуелсіз ұлттық мемлекет құру жолында ұлттық қозғалыстар жанданады. Бұл әсіресе мынадай жағдайларда жиі кездеседі, егер этностың кезінде мемлекеті болып, ол одан айырылып қалған болса. Жанжалдың басқа саяси себебі саяси-құқықтық теңсіздіктің туындауы, этникалық негізіне байланысты бостандығы мен саяси және жеке құқығының шектелуі.

3. **Экономикалық себептері.** Бұл – халықтың материалдық ресурстар мен жекеменшікке, әсіресе жер мен қазбалы байлықтар секілді құндылықтарға ие болу жолындағы күресі. Әрбір жанжалдасушы тарап жер мен табиғат байлығын пайдалануда өзінің де «заңды» құқығы бар екенін дәлелдеуге тырысады. Көпұлтты мемлекеттерде



кейбір этностарды үлессіз қалдыратын теңсіздіктің орын алуы, даму барысында жанжалдың туындауына себеп болады. Түрлі этностар арасындағы экономикалық теңсіздік, этникалық негізіне байланысты ұжымдық кемсіту секілді сезіледі.

4. *Әлеуметтік себептері (әлеуметтік шиеленіс)*. Егер қоғам әлеуметтік-экономикалық дағдарыста болса, онда әлеуметтік-саяси қайшылықтар мен даулар, этносаралық жанжалдар қалыптаса бастайды. Әлеуметтік мұқтаждық мәселелері, өмір сүру теңсіздігі, жұмыссыздық, жақсы жұмыстарға орналасудағы түрлі кедергілер этникалық сипат алады.

5. *Этномәдени және тілдік мәселелер*. Халықтың этномәдени сұрақтары қанағаттандырылмаған жағдайда, ана тілін қолдану мен пайдалануға жағдай жасалмаса, тілдік шовинизм пайда болады, бұл этносаралық шиеленіс пен жанжалға әкеледі.

6. *Этнодемографиялық себептер* – көші-қон салдары мен халықтың табиғи өсуінің әртүрлілігіне байланысты ықпалдасатын этностық құрам санының өзгеруі.

7. *Конфессионалдық себептер және діни фактор*. Өзара қайшылықтағы этностардың түрлі діни көзқараста болуы этносаралық қайшылықтарды күрделендіреді. Діни сипат алған этносаралық жанжал аса күрделі жағдай тудырады. Идеологиялық жағдайдан туындайтын жанжалда діннің ықпалы өте жоғары.

8. *Нәсілдік кемсітушілік*. Этникалық сипатына байланысты кемсітуге нәсілдік қорлау қосылса, этносаралық қайшылық күрделене түседі.

### Назар аударыңдар!

**Нәсілдік кемсіту** – ұлтына және түсіне байланысты түрлі топтарға бөлу, қысымдар мен шектеулер көрсетіп, кемсіту.

9. *Тарихи себептері* – халықтардың бұрынғы байланыстарының әсері, соғыс, тең емес келісімдер, жаулап алу, отарлық езгі, халықты күш-





пен жер аудару, шегараны еріксіз жабу жағдайлары. Мұндай ауыр жағдайлар тарихта ұмытылмайды және халық жадында ұзақ сақталады.

### **Этникааралық жанжалдарды шиеленістіруші факторлар.**

- *Әлеуметтік-психологиялық факторлар.* Этникалық шиеленіс жалпыпсихологиялық жағдай секілді, эмоционалдық әсерге психикалық сендіру мен еліктеуге негізделген. Этносаралық шиеленіс көптің жүйкесінің тозуы секілді психологиялық жағдайда сипатталады.
- *Инерциялық фактор* – этносты жат санаушылықтың дамуы, ксенофобия (басқалардың барлығын жек көру).
- *Элитаның мүддесі.* Жанжалдардың барлығы тұтас этностардың қатысуымен бола бермейді, келіспеушіліктер мен жанжалдарға бір топ немесе бір бөлік қана себеп болып қатысуы мүмкін. Аймақтық, аумақтық даулардың көпшілігі, негізінен, саяси элита мен үкіметтен, қозғалыстардан шығады.

**Этносаралық жанжалдардың формалары.** Этносаралық жанжалдың формасын анықтаудың ең жеңіл жолы – олардың қарулы немесе қарусыз болуы. Қарулы қақтығыс – бұл аймақтық соғыс және қысқа мерзімді қарулы қақтығыс. Қарусыз қақтығыс – бұл институционалды (құқықтық мәртебесін көтеруге), манифестті (бұқараның митингілер мен демонстрацияларға қатысуы) және идеологиялық (ақпараттық алаңдағы қақтығыстар, идеялар күресі) болып табылады.

**Жанжалдарды реттеу амалдары.** Жанжалдарды реттеудің әдістері мен мүмкіндіктері көптеген факторларға тәуелді: олардың қаншалықты таралғандығына, қандай (сапалы) аумақты иеленгені, дауға қандай тұрғындардың қатысқаны, жанжалдың шығу мерзімі мен белсенділігіне байланысты.

Жанжалдың белсенді дамуы (ашық қақтығыс) мынадай көмектер арқылы тоқтауы мүмкін: жанжалға қатысушы күштердің ыдырауымен; түрлі санкциялар қолданумен символикалықтан бастап әскериге дейін; латентті фазаға ауыстыру («уақытша тоқтатылған»), яғни тараптарды келісім арқылы қанағаттандыру және талап етілгеннің бір бөлігін болса да, қанағаттандыру; жанжал себебін тауып жою. Егер жанжалдың себебі (себептері) жойылмаған болса, онда тіпті ашық қақтығыстар мен идеялар шиеленісі болмаса да, жанжал біткен болып саналмайды. Ол жасырын дамуға көшеді де, қандай да бір себеп табылса, субъекті факторлар рөл ойнауы мүмкін «мысалы, жаңа идеолог пайда болуы немесе ұлттық қозғалыс көсемі» секілді, онда тағы да бастау алады.

**Ұлтшылдық және оның түрлері.** Ұлтшылдық бірнеше түрге бөлінеді:

*Саяси (азаматтық) ұлтшылдық* адамды өз ұлтынан азаматтыққа теңестіріп қабылдайды. Ұлттық мемлекет мынадай құқықтық институттар арқылы сайлаулар, референдум, ашық қоғамдық пікірталас және т.б. арқылы ұлттың еркін білдіреді. Азаматтарды ортақ құнды-



лықтарға және мәдениетке бейімділігі, ұлттың саяси өміріне белсене араласу, тең саяси мәртебе біріктіреді. Мұндай ұлтшылдық еуропалық мемлекеттерге және өздерінің мультимәдени идеяларымен (барлық этникалық азшылықтарды қолдау ұлтқа сәйкестену шартымен) Үндістан секілді көпұлтты мемлекетке тән.



*Этникалық ұлтшылдық* этносты ұлтпен теңестіреді. Ол бойынша әрбір ұлттың этникалық негізі бар және өзінің назарын табиғатынан мәдени немесе генетикалық болмысқа ие болуы мүмкін, ұлтты қалыптастыратын «органикалық бірліктегі» тұлғаларды жасауға арнайды. Осы ұстанымға сәйкес ұлттың мүшелерін ортақ мұралар біріктіреді, тіл, дін, дәстүр, тарих, туыстық байланыс, жерге деген ыстық ықылас, осылардың барлығы бірлесе келе, бір ұлтты құрайды. Этникалық ұлтшылдық өз ұлтына адалдық және берілгендікті, саяси тәуелсіздік, ұлттың мәдени және рухани дамуын насихаттайды.

Ұлттық қозғалыстардың идеясы болып қоғамдық бірліктің ең жоғарғы формасы және мемлекет негізі тек этнос-ұлт болуы тиіс деп санайтын этникалық ұлтшылдық саналады. Бірқалыпты этникалық ұлтшылдық этникалық және діни төзімсіздікті айыптайды.

**Әсіре ұлтшылдық.** Әсіре ұлтшылдықтың шектен шыққан түрі – шовинизм, нәсілшілдік, фашизм, нацизм – экстремизмге айналады да күрделі ішкі немесе мемлекетаралық жанжалдар мен соғыстарға соқтырады.

### Назар аударыңдар!

**Шовинизм** – ксенофобияның бір түрі, адамдарды этносына қарай кемсіту, қысым көрсету мақсатында бір этносты өзге этностардан жоғары қою.

Көптеген мемлекеттерде, әсіре ұлтшылдық әлеуметтік қауіпті жағдай деп танылып заңмен тыйым салынған.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Неге аумақтық дауларды шешу қиын болып саналады?
2. Этносаралық жанжалдардың саяси және экономикалық себептері қандай?
3. Қандай этномәдени және тілдік мәселелер этносаралық жанжалдарға соқтыруы мүмкін? Мысал келтіріңдер.
4. Этносаралық жанжалдарды қандай факторлар қиындатады?
5. Этносаралық жанжалдардың негізгі формасын атаңдар.
6. Жанжалдың латентті фазасы дегеніміз не? Латентті формадағы этносаралық жанжалдарды мысалға келтіріңдер.
7. Саяси және этникалық ұлтшылдықтың арасында қандай айырмашылық бар?



## §34. ЭТНОСТАРДЫҢ БЕЙБІТ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТӘСІЛДЕРІ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ)

### Бүгінгі сабақта:

- саяси жүйедегі халықаралық ұйымдардың рөлі;
- маңызды халықаралық ұйымдардың негізгі міндеттері мен қызметінің бағыттары жайында оқимыз.

### Кілт сөздер:

интеграция, халықаралық ұйым, ЕО, декларация, Бас Ассамблея, конференция, ИЫҰ, Түріксой заң шығарушы актілер

Қазіргі әлемдік саясаттың басты субъектілері мемлекеттер мен мемлекет топтары (одақтар) болып табылады. Бірақ қазіргі халықаралық *интеграция* шеңберінде саяси-экономикалық және мәдени байланыстарда халықаралық қатынастарды арттырудың объективті тенденциясы белгіленді. Халықаралық қатынастардың маңызды субъектілері ретінде *халықаралық ұйымдардың* маңызы артып келеді.

Қазіргі халықаралық ұйымдар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Бұл ұйымдардың басты мақсаты: дүниежүзілік соғысты болдырмау; барлық аймақтық әскери жанжалдарды тез арада тоқтатуға және ұлттаралық, мемлекетаралық жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге атсалысу; әлемдегі мемлекеттер және жекелеген аймақтар арасында саяси қарым-қатынасты орнатуға атсалысу; халықтар арасындағы экономикалық және саяси интеграцияға үлес қосу.

Қазіргі кезде халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды рөлді Біріккен Ұлттар Ұйымы атқарады. Ол мемлекеттер арасында бейбітшілікті сақтау мақсатындағы қарым-қатынасының, халықтардың экономикалық және мәдени прогресінің тарихтағы алғашқы механизміне айналды.

**Қосылмау қозғалысы.** Қосылмау қозғалысы «қырғиқабақ соғыс» және Батыс пен Шығыс мемлекеттерінің әскери блоктарға біріккен кезінде пайда болды. Ол 120 мемлекетті әскери блоктарға кірмеу принципімен (әуелі НАТО және Варшава келісімі ұйымдарына мүшеліктен бас тартуға негізделген) біріктіретін халықаралық ұйым. Қосылмау Қозғалысы ресми түрде 1961 жылы Белград конференциясында пайда болды. Қосылмау Қозғалысының негізгі идеясы әскери блоктарға кіруден бас тарту бола тұра, қозғалыс мүшелері алдында дауларға қатысты ортақ позицияны қалыптастыру қажеттілігі мәселесі туындап отырды. «Қырғиқабақ соғыс» дәуіріндегі әскери қарсыласудың әлемдік қаупі, қарулану бәсекесі және Үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі 1970 жылдардың басында халықаралық серіктестікте қауіпсіздік мәселесін бірінші орынға шығарды. Сол кезде Еуропаның қауіпсіздігі және ынтымақтастық қозғалысы пайда болды.



**Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)** – Бүгінгі күнде ЕҚЫҰ – қауіпсіздік мәселесімен айналысатын әлемдегі үлкен аймақтық ұйым. Ол Еуропа, Солтүстік Америка және Азияда орналасқан 57 мемлекетті біріктіреді. Алғашқыда ол «*Еуропадағы қауіпсіздік және әріптестік ұйымы*» деп аталды және еуропалық 33 мемлекеттің, сондай-ақ АҚШ пен Канаданың тұрақты форумы болатын. Бұл форум Еуропадағы әскери қарсыласуды азайту және қауіпсіздікті күшейту шаралары үшін шақырылған болатын. 1975 жылы Финляндия астанасы Хельсинкиде «Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының соңғы Актісі» қабылданды. 1994 жылы Будапешт кеңесінде ЕҚӘҰ келіссөз форумын тұрақты ұйымға айналдыруға және оны 1995 жылдан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) деп атауға шешім қабылдады. 1996 жылы ЕҚЫҰ-ның Лиссабон кездесуінде «XXI ғасырдағы Еуропа қауіпсіздігінің ортақ моделі туралы» Декларация қабылданды. 1999 жылы Стамбұлда Еуропа Қауіпсіздігінің Хартиясы қабылданды. 2010 жылы ЕҚЫҰ саммиті Астанада өтті – Қазақстан Республикасы сол жылы ЕҚЫҰ төрағалық етті.

**Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ)** – ислам мемлекеттерінің халықаралық ұйымы (2011 ж. дейін Ислам Конференциясы Ұйымы деп аталды).

1972 жылы Рабатта мұсылман елдері басшыларының конференциясында исламдық тәртіпті экономикалық, әлеуметтік, саяси салаларда қолдану, нәсілшілдікке қарсы күресу және Палестинаны азат ету ұйымына қолдау көрсету мақсатында құрылды. Ислам Ынтымақтастық Ұйымы ең үлкен халықаралық мұсылмандық ұйым болып табылады. Ең алғаш оның құрамына Азия мен Африканың 25 мемлекеті және Палестинаны азат ету ұйымы кірді.

Қазіргі уақытта бұл ұйым 1,5 млрд халқы бар 57 мемлекетті біріктіреді. Бақылаушылар дәрежесіне Босния мен Герцоговина, Орталық Африка Республикасы, Ресей Федерациясы, Филиппин, сондай-ақ БҰҰ, Қосылмау қозғалысы секілді бірқатар ұйымдар ие.

ИЫҰ басқарушы органдары: корольдар, мемлекет пен үкімет басшыларының кездесуі (саммит), сыртқы істер министрлерінің конференциясы, бас хатшылық және қосымша органдар. Корольдар, мемлекет және үкімет басшыларының кездесуі (саммит) мұсылман мемлекеттерінің жалпы саясатын анықтайды. Мұндай кездесулер 3 жылда бір рет өткізіліп тұрады.

Дүниежүзілік ауқымдағы халықаралық ұйымдардан басқа көптеген аймақтық бірлестіктер мен ұйымдар бар.

**Еуропалық Одақ (Еуроодақ, ЕО)** – 28 еуропалық мемлекеттердің экономикалық және саяси бірлестігі. Еуроодақ – халықаралық мемлекет пен ұйымның белгілерін біріктіретін халықаралық құрылым, бірақ





ЕО-ның Парламенттік Ассамблеясының сессиясы

ресми түрде ол ұйым да, мемлекет те емес. Кейбір жағдайларда шешімдер тәуелсіз институттармен қабылданады, ал кейбір жағдайларда мүше мемлекеттер арасындағы келіссөздер арқылы қабылданады. Еуроодақты құруға бірінші қадам 1951 жылы жасалды. Бельгия, Германия, Нидерланды, Люксембург, Франция және Италия көмір мен болат өндіру бойынша Еуропалық бірлестікті құру жөнінде келісімге қол қойды. Экономикалық интеграцияны тереңдету мақсатымен 1957 жылы сол 6 мемлекет еуропалық экономикалық қауымдастық (ЕЭО, Ортақ нарық) пен Атом энергиясы жөнінде еуропалық қауымдастықты құрды. Осы үш еуропалық бірлестіктің ең маңыздысы *Еуропалық экономикалық бірлестік* болды.

Аймақтық интеграцияны көздеген одақ заңды түрде 1992 жылы 7 ақпанда Маастрихт келісімімен Еуропалық бірлестіктер принципінде бекітілді. Одақтың барлық мемлекеттерінде жүретін стандартталған заңдар жүйесінің көмегімен адамдардың, тауардың, капитал мен қызметтердің еркін қозғалысына кепілдік беретін ортақ нарық құрылды. Одақ құқық және ішкі істер саласында заңдар қабылдайды, сондай-ақ сауда, ауылшаруашылығы, аймақтық даму саласында ортақ саясатты анықтайды. Одақтың 19 мемлекеті ортақ валюта – еуроны айналымға енгізді, сол арқылы Еуроаймақты қалыптастырды.

Еуроодақ халықаралық қатынастарға қатысу және халықаралық келісімдерді қабылдау құқығына ие. Ортақ сыртқы саясат және қауіпсіздік саясаты қабылданды. Бүкіл әлем бойынша ЕО-ның дипломатиялық миссиялары қабылданды, БҰҰ, ДСҰ-да, «Үлкен жетілікте»<sup>1</sup>,

<sup>1</sup> Ұлыбритания, ФРГ, Италия, Канада, США, Франция мен Жапония мемлекеттерін біріктіретін халықаралық клуб. «Үлкен жетілік» ережесі мен хатшылығы болмағандықтан және келісімшарт негізінде құрылмағандықтан халықаралық ұйым емес.



«Жиырмалық тобы»<sup>1</sup> өкілдіктері қызмет жасайды. ЕО делегациялары ЕО елшілерін басқарады.

**Түрік мәдениетінің халықаралық ұйымы (Түріксой)** – түркі тілді мемлекеттерді біріктіретін халықаралық ұйым, негізгі мақсаты түркі мемлекеттері арасында түркі халықтарының тарихи ескерткіштерін сақтау, дамыту және келесі ұрпақтарға беру үшін ынтымақтасу болып табылады.

Штаб-пәтері Анкара қаласында (Түркия). Бұл ұйымның бастамасының негізі 1992 жылы Баку және Стамбұл қалаларындағы кездесулерде қаланды. Осы кездесулерде Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан мемлекеттерінің мәдениет министрлері біріккен мәдениет жоспары шеңберіндегі серіктестікке дайын екендіктерін айтты.

1993 жылдың 12 шілдесінде Алматыда қол қойылған келісім нәтижесінде түркі мәдениеті мен өнерін бірігіп дамыту жөніндегі ұйым құрылды. 1996 жылы Түріксой мен ЮНЕСКО арасындағы ресми серіктестік басталды. 2009 жылы ұйым қазіргі атауын алды. Сол жылы Түріксой Түрік Кеңесінің құрамына кірді. *Түрік кеңесі* – 2009 жылдың 3 қарашасында құрылған түркі мемлекеттерінің геосаяси ұйымы.

**Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ)** – 2001 жылдың 15 маусымында Шанхайда (ҚХР) Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы арасында құрылған халықаралық ұйым. 2017 жылдың 9 маусымында Үндістан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы ұйымға кіргендерін жариялағаннан кейін, бұл ұйым 3 млрд-тан астам адамды біріктіретін болды.

ШЫҰ әскери блок болып табылмайды. Ұйымның негізгі мақсаты – мүше мемлекеттерді біріктіретін үлкен аумақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, лаңкестік, сепаратизм, экстремизм және есірткі тасымалымен күресу, экономикалық ынтымақтастықты, энергетикалық серіктестікті, ғылыми және мәдени қарым-қатынасты нығайту. ШЫҰ-ның шешім қабылдайтын жоғарғы органы мүше мемлекеттердің мемлекет басшыларының кеңесі болып табылады. Ол жылына бір рет шақырылады және ұйымның маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

**Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕЭО)** – Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, мемлекеттерін біріктіретін және тауар, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысын

<sup>1</sup> «Жиырмалық тобы» Үндістан, Ресей, Бразилия, Түркия, Оңтүстік Корея және т.б. қоса алғанда, ең дамыған 20 мемлекеттің үкіметі мен орталық банктерінің басшыларының клубы. «Үлкен жиырма» отырыстарында, әдетте, түрлі халықаралық ұйымдар өкілдері қатысады.





Шанхай Ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер басшыларының басқосуы. Циндао қаласы, ҚХР

қамтамасыз ететін аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы. ЕЭО – кеңестік кезеңнен кейінгі аймақтағы еуразиялық экономикалық интеграцияның қазіргі формасы.

**Қазақстан халқы Ассамблеясы** – Халықаралық ұйымдардан басқа көпұлтты мемлекеттерде мемлекет ішіндегі этностардың бейбіт қарым-қатынастарын қамтамасыз ететін ұйымдар пайда болады. Осындай ұйымның мысалы ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын атауға болады.

Бұл Қазақстан Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган, ұйымның мақсаты мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен дамытуға атсалысу болып табылады. «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» Елбасымыздың бастауымен 1995 жылдың 1 наурызында құрылды, 2007 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы» болып аты өзгертілді. 2016 жылдан бастап бұл күн – мереке, яғни Алғыс айту күні болып белгіленді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентіне Қазақстан Халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы беріледі. Ассамблеяның қызметі келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- республикада ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтауға үлес қосу;
- Қазақстан аумағында тұратын ұлттар арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға көмектесетін мемлекеттік саясатты құруға ұсыныстар жасау;
- демократиялық нормаларға сүйенетін азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру;





Қазақстан халқы Ассамблеясы

– мемлекеттің ұлттық саясатты жүргізуде ұлттық мүдделерінің есебін қамтамасыз ету;

– қоғамда туатын әлеуметтік қайшылықтардың шешімін іздеу.

Ассамблеяның қызметі Қазақстан Республикасының ұлтаралық мәселерді шешетін мемлекет ретіндегі халықаралық беделінің артуына үлес қосады. Ассамблеяның үлесі қызметіне қарай ең жоғары деңгейде бағаланған. Қазақстанға келген БҰҰ Бас Хатшысы Кофи Аннан Қазақстан халқы Ассамблеясын әлемнің басқа мемлекеттеріне ұлтаралық келісімнің үлгісі екенін атап өтті.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Әлемдік саясаттың субъектісі кім?
2. Халықаралық қатынастарды дамытудағы БҰҰ рөлі қандай? БҰҰ қызметі туралы не білесіңдер?
3. ЕО қандай мақсатта құрылды? Еуропа мемлекеттерін не біріктіреді?
4. Түрік мәдениетінің халықаралық ұйымы не үшін құрылды?
5. Ислам мемлекеттері ұйымының қызметі туралы не айта аласыңдар?
6. Кеңестік кезеңнен кейінгі аумақтағы еуразиялық интеграцияның қазіргі жағдайы туралы айта аласыңдар?
7. Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі неде?



## ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҰЙЫМДАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ФОРМАЛАРЫ



### § 35. СОЦИОГЕНЕЗ ТЕОРИЯЛАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- социогенез;
- әлеуметтік теория прогресі;
- формациялық тұрғыдан қарау;
- модернизациялық тұрғыдан қарау;
- эволюциялық тұрғыдан қарау;
- өркениеттік тұрғыдан қарау жайында білеміз.

#### Кілт сөздер:

социогенез, қоғамдық-экономикалық формация, өндірістік қатынастар, өндіріс күштері, теория, эволюция, детерминизм, индустриалды қоғам, өркениет

Социогенез (лат. *societas* «қоғам» және көне грек. *genesis* «пайда болу») – 1) қоғамның пайда болуы жөнінде ілім; 2) қоғамның даму (эволюция) тарихы.

Адамзат қоғамы қашан және қалай пайда болды? Ол қандай жолмен дамиды? Барлық адамзат баласына ортақ даму заңы бар ма? Бұл сұрақтар ежелден адамзатты толғандырып келеді. Сондықтан да сан ғасырлардан бері қоғамдық даму туралы көптеген теориялар пайда болды.

#### Назар аударыңдар!

Ұзақ уақыт бойы көптеген біршама ойшылдар адамзат бір ғана жолмен дамып келеді деп есептеді.

Христиан ойшылы Әулие Аугустин (354–430 жж.), дүниежүзі тарихын адамның күнәһар болуынан бастап, Христостың қайта келіп, Жер бетінде құдайдың патшалық құруына дейінгі аралықты бір сызықтық тұрғыда қарастырды. Мұны тарихтың мақсаты мен жетершыңы ретінде түсіндірді.

#### Есте сақтаңдар

Адамзат қоғамының тарихын **бірсызықтық процесс** ретінде түсіну, адамзаттың алғашқы қауымдық кезеңінен өркениетке қарай үздіксіз дамуын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар адамзат қоғамының барлығы **бірдей және ортақ заңмен дамиды және дамудың сол бір ортақ жолмен жүреді** деп тұжырымдайды.

**Әлеуметтік прогресс теориясы.** XVIII ғасыр ағартушылары адамзат даму жолының торабы әлеуметтік прогресс деп санады.



## Есте сақтаңдар

**Әлеуметтік прогресс** – қоғамның құрылуындағы қарапайым түрден күрделіге қарай, яғни алғашқы қауымдықтан қазіргі өркениеттік күйге дейінгі үздіксіз қозғалыс.

Адамзат қоғамының даму теориясын бірсызықты тұрғыда түсіндіру негізін XVIII ғасырда өмір сүрген шотландық ойшыл Адам Фергюсонның тарихи-философиялық теориясы қалады. Ол адамзат қоғамы «жабайылық», «тағылық», «өркениет» секілді үш сатыдан дамитындығын көрсетеді.

Фергюсонның пікірінше, бүкіл адамзат алғашында «жабайы күйде», яғни мүлдік және әлеуметтік өзгешеліктерді білмейтін «қарапайым» терімшілер мен аңшылар қауымдастығынан тұрды. Сонан соң баяу әлеуметтік прогресс барысында малшаруашылығы мен егіншілікті игере отырып, адамзаттың айтарлықтай бөлігі мүлдік теңсіздік пен әлеуметтік иерархиясы пайда болған «тағылық» кезеңге аяқ басты. «Тағылық» кезеңнен кейін кейбір қауымдастықтар таптық стратификация, мемлекет, қалалар мен жазу мәдениеті секілді сипаттамалары бар «өркениеттің» жоғары сатысына көшті. Фергюсон мұндай қауымдастықты *өркениетті* деп атады.

### Назар аударыңдар!

Фергюсон теориясы әлеуметтік прогресс бойынша алғашқы ғылыми тұжырымдама болды.

**Эволюциялық тұрғыдан қарау.** Ағылшын әлеуметтанушысы Герберт Спенсер адамзат қоғамын биологиялық ағзаға балама ретінде қарастырды. Оның пікірінше, адамзат қоғамы үнемі эволюциялық жолда келеді, яғни ол қоршаған ортаның сын-қатерлеріне бейімделе және оған жауап бере отырып, қарқынды және біртіндеп даму үстінде. Спенсер барлық халықтардың тағдыры бір деп есептеді, алайда олардың сын-қатерлерге сәтті не сәтсіз бейімделуіне байланысты эволюция екіні әрқалай жүзеге асады. Жекелеген халықтардың тарихи тағдырының ұқсастығына сенген эволюционизм теориясының іргесін қалаушылардың бірі ағылшын антропологі – Эдуард Тэйлор болды. Джеймс Фрезер де эволюционистер қатарынан табылды. Фрезер эволюциялық теориясында адамзаттың рухани өмірінің дамуы «магия» – «дін» – «ғылым» секілді бірсызықты бағытта өрбитінін ұсынды.

**Формациялық тұрғыдан қарау.** Бұл бағыттың негізін салушылар *Карл Маркс* пен *Фридрих*



Герберт Спенсер  
(1820–1903)



*Энгельс* болды. Олар қалыптастырған теория бойынша, адамзат қоғамы төменгі сатыдан жоғарыға қарай дамиды. Тарихи процесс – **қоғамдық-экономикалық формацияның**, яғни белгілі бір өндіріс тәсілдеріне негізделген қоғамның тарихи түрінің заңды, объективті келісілген ауысуы.

### Есте сақтаңдар

**Өндіріс тәсілдері** – өндіріс күштері мен өндірістік қатынастардың бірлесе материалдық игіліктерді өндіруіндегі бекітілген тарихи әдістер.

**Өндіріс күштері** – адамдардың еңбек тәжірибесі мен белгілі бір дәуірде қолданған өндіріс құралдары (бұйымдар мен еңбек құралдар).

**Өндірістік қатынастар** – адамдардың өндіру, айырбастау, материалдық игіліктерді бөлу мен тұтыну процестері кезіндегі өзара қатынастары. Өндірістің үстемдік құрған әдісі – қоғамның негізін қалыптастырады.

Маркстің ойынша прогрестің негізгі өлшемі – өндірістік қатынастарды жетілдіру, бұл белгілі бір кезеңде өндіруші күштермен қайшылыққа ұшырайды. Мұндай қайшылықтар формациялардың ауысу жолымен шешімін табады.

К.Маркс қоғамдық-экономикалық формацияның тарихи үш түрі болған деген тұжырым жасады:

- 1) бірінші (архаикалық);
- 2) екінші (экономикалық);
- 3) коммунистік (болашақтық).

Кеңес ғылымында К. Маркстің жалпы методологиялық тұжырымы нақтыланды да, «бесмүшелік» деген қабылданды. Қоғамдық-экономикалық формацияның саны беске дейін жеткізілді:

- 1) алғашқы қауымдық;
- 2) құлиеленушілік;
- 3) феодалдық;
- 4) капиталистік;
- 5) коммунистік, ол дамудың екі фазасынан құралды: социализм және коммунизм.

Формациялық теория бойынша тарихи процесс коммунизмнің белгілі бір мақсатына бағытталған. Коммунизм – бұл капиталистіктен кейінгі қоғамдық-экономикалық формация. Ол заң алдында барлығының тең екендігімен, тұтыну игіліктерінің молдығымен, қоғамда терең әлеуметтік-таптық жіктелудің болмауымен, қалың бұқараның басқару істеріне белсенді араласуымен сипатталады. Коммунизмде қала мен ауыл арасындағы айырмашылық жойылады, еңбек механизм арқылы жүргізіледі әрі шығармашылық сипатқа ие болады, ерлер мен әйелдер өздерін жетілдіруде теңдей мүмкіндіктерге ие болады.



**Модернизациялық тұрғыдан қарау.** Марксистік формациялық тәсілді либералды әлеуметтанушылар сынға алды. Бұл тәсіл өкілдері қоғамдық дамудың негізіне марксистік экономикалық технологиялық детерминизм принципін қойды. Бұл теория 1940 жылдары қалыптасты. Оның іргесін американдық экономист П.Дракер қалады.

### Есте сақтаңдар

Индустриалды қоғам теориясының авторлары қоғам эволюциясын дәстүрлі (аграрлық) қоғамнан модернге (индустриалды) өту процесі ретінде түсіндіреді.



У.У. Ростой  
(1916–2003)

Американдық әлеуметтанушы және экономист У.У. Ростой (1960) батыстық өркениет эволюциясы сарапталатын бес «экономикалық өсімнің кезеңдерін» атап өтеді:

- дәстүрлі аграрлы қоғамның белгілері – техникаларының қарапайымдылығы, ауылшаруашылығының басымдылығы, таптық-сословиелік жіктелісінің болуы;
- өтпелі қоғам, онда кәсіпкерлік пен кәсіпкер қалыптасып, ұлттық мемлекеттің пайда болуы;
- «қозғалыс» кезеңі, өндірістік революциялар мен реформалардың жүзеге асуы;
- жетілу кезеңі, ғылыми-техникалық революция мен урбандалудың жүзеге асуы;
- «Ауқымды жаппай тұтыну» дәуірі. Бұл кезеңде қызмет көрсету саласы айтарлықтай өсіп, тұтыну тауарларының өндірісі мен олардың экономиканың басты секторына айналуы байқалады.

Француз әлеуметтанушысы Р. Арон пікірінше, біртұтас индустриалды қоғам үшін бұл қандай қоғам екендігі, яғни қоғамның капиталистік немесе социалистік болуы маңызды емес. Социалистік елдердің капиталистіктен айырмашылығы өндіріс тәсілінде емес, оның тек саяси құрылымында ғана болады.

### Назар аударыңдар!

Индустриалды қоғам теориясы социогенезді түсіндіруде барлық таптық сипаттамалар мен өндіріс тәсілдерін талдауды назардан тыс қалдырды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан капиталистік және социалистік екі әлеуметтік-экономикалық жүйені конвергенциялау (жуықтау) теориясы пайда болды. Теорияны алғаш рет 1944 жылы Питирим Сорокин жария етті, оны Дж.Гэлбрейт, У.У.Ростой және өзге де ғалымдар қолдады.





П.А. Сорокин  
(1889–1968)

Теорияға сәйкес, социалистік әлем уақыт өте келе либералды, ал либералды әлем социалистік болады. Жүйелер бір-біріне гуманистік, «әлемдік өркениет» идеалдарын сақтау үшін жақындай түседі.

### Есте сақтаңдар

Сонымен модернизациялық тұрғыдан қарау бірсызықты болып табылады, себебі ол батыстық индустриалды мемлекеттер үлгісі бойынша бүкіл адамзатты біртұтас күйге алып келу үшін модернизация мен әлеуметтік прогресс мәселесін басты орынға қойды.

**Өркениеттік тұрғыдан қарау.** Тәуелсіз бірнеше мәдениеттер мен өркениеттер тіршілігі жөнінде айтқан XX ғасыр тарихшысы Освальд Шпенглер

болды. Ол адамзаттың бүкіл тарихын өзіндік ерекше «жаны бар» көптеген бірегей және қайталанбас мәдениеттердің пайда болуы, гүлденуі және жойылуы ретінде қарастырады. Шпенглер дүниеде бір-бірінен тәуелсіз бірнеше «мәдени ағзалардың бар екенін (олар, көне дәуірлерде де болған), олар тірі ағзалар секілді пайда болып, гүлденіп, өркениет сатысына жеткенде жойылатынын пайымдаған дүниежүзі тарихының мәдениеттану тұжырымын дамытты. Ол бір-бірінен тәуелсіз келесі локальды антикалық, батысеуропалық, египеттік, вавилондық, қытайлық, үнділік, араб және майялық мәдениеттерді (өркениеттерді) атап өтеді.

Мәдени концепция тарихын 21 өркениет мысалында қарастырған Арнольд Дж. Тойнбиға Шпенглер идеялары ерекше ықпал етті.

Бір сызықтықпен салыстырғанда, өркениеттілік тұрғыдан қарау адамзат қоғамының материалдық, рухани және саяси мәдениеті, әлеуметтік ұйымдары, дәстүрлері мен салттары, моральдық және адамгершілік құндылықтары, идеологиясы, әдебиеті мен көркемдік мәдениеті секілді өздеріне тән ерекшеліктерінің маңызды бағыттарына



Арнольд Тойнби  
(1889–1975)

баса назар аударады. Сонымен қатар әрбір өркениет ерекше білім қорына ие және оған жетекшілік етеді. Өркениет өзінің дербес базалық құндылықтарының жиынтығының ауқымы мен маңыздылығын бағалайды. Мұндай құндылықтар қатарына адамгершілік қағидалары, дін, заң, саяси және экономикалық құндылықтар жатады.

Тұтастай алғанда, өркениеттілік тұрғыдан қарау адамды тарихты қалыптастырушы жасампаз ретінде бағалап, қоғамдағы рухани факторларының дамуына, жекелеген қоғамдар мен мемлекеттердің және халықтар тарихының ерекшелігіне басым бағыт береді.



## Білімдеріңді тексеріңдер

1. *Социогенез* дегеніміз не?
2. Қоғам дамуындағы формациялық тұрғыдан қарау туралы не білесің? Неліктен бұл көзқарас ескірді?
3. Қоғамдық дамуда модернизациялық тұрғыдан қараудың мәні неде?
4. Өркениеттік тұрғыдан қарау туралы не білесің? Оның қоғамның дамуына әсері қандай болды? Өкілдерін атап көр.
5. Қоғам дамуында циклдік дамудың принциптерін түсіндіре аласың ба?

## § 36–37. ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ ФОРМАЛАРЫ

### А. Аграрлық қоғамның әлеуметтік құрылымы

**Әлеуметтік құрылым. Аграрлық (дәстүрлі) қоғам.** Қоғамның әлеуметтік ұйымдары – бұл қоғамда орнатылған нормативті-әлеуметтік тәртіп. Қоғамдық құрылым – бұл шағын және ірі әлеуметтік топтардың жиынтығы (каст-талар, топтар, бөлімдер, таптар және басқалар) және олардың арасындағы жеке және ұжымдық қатынас. Заманауи ғылым қоғамды *аграрлық* (одан бұрынғы архаикалықпен бірге), *индустриалды* және *постиндустриалды* деп үшке бөледі.

**Архаикалық қауымның әлеуметтік ұйымы.** Табиғаттан айқындалып көрінсе де оған толық тәуелді, ең алғашқы адамдар қауымы *архаикалық* деп аталды. Архаикалық қоғам тарихта өте ұзақ кезеңді қамтыған. Ол экономикалық иелену жағдайына орай қалыптасты (адамдар аңшылықпен, балық аулаумен, табиғатта не бар соны жинаумен, «иеленумен» айналысты). Қарапайым иелену шаруашылығы ұжымдық еңбек сипатында болды. Экономиканың негізгі бағыты аңшылық, әсіресе ірі аңдарды қамап ұстау (мамонттар мен басқаларын) болды: әрине, таспен қаруланғандарға мамонтты ұстау үшін тек қана бірлесу қажет болды.

#### Бүгінгі сабақта:

- қоғамның әлеуметтік құрылымы;
- архаикалық қоғам;
- аграрлық қоғам туралы білеміз.

#### Кілт сөздер:

әлеуметтік ұйым, архаикалық қоғам, ру, рулық қауым, аграрлық қоғам, көршілік қауым, сословия, экзогамия, эндогамия, аристократия, көсем, сословие

### Назар аударыңдар!

Архаикалық қоғамда әлеуметтік бөлінулер болған жоқ.

Тек жасына, жынысына байланысты: жасы үлкен ерлер мен әйелдер, кәрілер мен балалар тобы болып бөлінді. Осыған байланысты еңбек





Туыстық қауым

бөлінісі (аңшылық ерлер, ал жинау әйелдер мен балалар кәсібі болды), олжа бөлу орындалды. Олжаны бөлу кезінде топтар еңбегіне қарай теңдей қамтамасыз етіп бөлу жүйесі жүзеге асты. Олжаның көлемі осы қауымдастықтағы топтың маңызына қарай берілді. Архаикалық қауымдастықта азық жетіспеушілігі мен аштықтан өлу қаупі болды.

Тіпті біздің дәуірімізге дейін 12 мың жыл бұрын ұжымдық аң аулау тоқтап, жеке аңшылық орын алғанда да, (мамонттар жойылып, садақ пен жебе пайда болды) жеке шаруашылықтар басталғанда да жекелей иемдену әлі мүмкін емес болды. Шаруашылықтағы тұрақсыздық кезінде теңдей қамтамасыз етіп бөліну жүйесі, туыстық қауым – ұжымның аман қалуы жеке адамның амандығының шарты болды.

### Есте сақтаңдар

**Туыстық қауым** – әлеуметтік ұжымның алғашқы формасы.

Қауым экономикалық (еңбек және бөлу) қатынастарды реттеп отырды. Қауымның әрбір мүшесінің әлеуметтік рөлі болды, өзіне жүктелген міндетін атқарып, яғни қауымның сенімін ақтап отырды. Үлкендер аңшылықпен айналысуға міндетті болды, алған олжасы өз қалауынша емес, белгілі тәртіппен бөлінді.

Әрбір бала ержетіп белгілі бір жасқа келгенде инициация (ержетуіне байланысты сынақтардан өту) қатал сынақтардан өткізілді, осыдан кейін өз құқықтары мен міндеттері бар ересектер қатарына қосылу мәртебесіне ие болады.

Архаикалық қоғамда отбасылық өмірді реттейтін институт болып дуальдық рулық тайпалық ұйым институты саналды, онда *екі экзогамдық ру бір эндогамдық тайпаны құрады.*



## Есте сақтаңдар

**Ру** (архаикалық қоғамда) – аналық жағынан қандас туыстас адамдар тобы, руда экзогамия сақталады. Яғни, ру мүшелерінің өзара некелесуіне тыйым салынады.

**Тайпа** (архаикалық қоғамда) – **эндогамия** сақталатын әлеуметтік ұйым: неке тек тайпа ішінде, оған кіретіндер арасында орын алды.

## Есте сақтаңдар

Архаикалық қауым біртектес болды, онда жекеменшік және билік (біреуді мәжбүрлі түрде басқару) болған жоқ.

Туыстық қауым мүшелеріне мәжбүрлі күш қолдануға қауымның өзі ғана құқылы болды. Біртіндеп басқару институты көсемдер институты мен ақсақалдар институты қалыптасты. Олардың жоғары мәртебеге ие болу жеке қасиеттеріне сай жоғары беделі болды.

**Ертедегі аграрлық қоғамның әлеуметтік ұжымы.** Архаикалық қауымнан аграрлыққа өту, өндірістік экономиканың пайда болуы және (малшаруашылығы мен жер өңдеудің) басы артық азық-түліктің пайда болуына байланысты болды. Жерді өңдеп пайдалану қоғамда бірқатар төңкерістік өзгерістер тудырды, нәтижесінде туыстық тайпалық қатынастарды ыдыратып, мемлекет қалыптасуының негізін қалады. Жерді алғашында қарапайым ағаш құралмен игеріп, сосын өңдеуді меңгеру *жеке шаруа қожалықтарын* құруға жол ашты.

Алайда жер иеленушілер ұжымдық ұйымдасусыз тіршілік ете алмады. Қандас туыстығы жоқ, жеке шаруа – отбасыларынан құралған, *шаруашылық (көршілік)* қауымдастықтар пайда болды. Шаруашылық қауымдастығының экономикалық міндеттері мынадай болды:

- өзара көмек және ортақ жинақтау қорын ұстау;
- жерді бірлесе өңдеуде (жерді от қойып тазалау кезінде, орманды отап – тамырдан тазалау қажеттілігінде, жерді суландыру кезінде – дамбы, каналдар салуда) және оны бөлуде;
- бірлесіп ауылшаруашылық қажеттіліктерін (мысалы, пияз егу сияқты) пайдалануды реттеу.

Кішігірім жері бар шаруашылықтармен қатар басшылығында әке (ата) патриарх басқаратын *патриархалды біртектес отбасы* институты пайда болды. Мұндай отбасыларда міндеттер мен орындарды анықтау, шаруашылық қожалықтарындағы міндеттер секілді бөлінді: даладағы негізгі жұмыстарды ерлер істеді, ал үйдегі шаруаларды әйелдер атқарды. Даладағы жұмыстар маңызды болғандықтан, ерлердің рөлі жоғары болды, олардың мәртебесі де биік болды. Ер мен әйел арасындағы өзара қарым-қатынас енді отбасы арқылы реттелді, ал қауымдастық отбасылар арасындағы экономикалық қатынастарды реттеп отырды.



## Есте сақтаңдар

Шаруашылық қауымдастық пен патриархалды отбасының қалыптасуы жер игеру қауымдастықтарындағы туыстық тайпалық қатынастардың жойылуына әкелді.

Жерді игеру мен жекеменшік шаруашылық қожалықтарының құрылуының нәтижесіне орай *жеке иемдену мен жекеменшік пайда болды*. Енді егінді қай отбасы өсірсе, өнім соған тиесілі болды. Жекеменшіктің пайда болуы, еңбек құралдарының да жетілуіне әкелді. Жекеменшіктің құқығы өнім беретін ең басты қажеттілік – жерге байланысты анықталды. Жерді жекеменшікке алу құқығы тек мемлекет қалыптасқан кезде ғана орнады.

## Назар аударыңдар!

Жекеменшік қатынастардың бекітілуі мүліктерді жіктеуге әкелді.

Кейбір отбасыларда ерлер көп болғандықтан (ержеткен балалары бар), олар шаруашылықты табысты жүргізді әрі артық мүмкіндікке ие болатын. Нәтижесінде бай шаруалар бигмәндер (ағылшын. *big man* – «үлкен адам») пайда болды. Бигмәндер үлкен беделге ие болып, өз қауымдарының жетекшілері болды. Мүліктік жіктеліс әлеуметтік жіктеліске әкелді.

## Есте сақтаңдар

**Әлеуметтік жіктеліс (дифференциация)** – адамдардың әртүрлі әлеуметтік топтарға жататынын білдіретін айырмашылық.

Әлеуметтік жіктелістің пайда болуы (әлеуметтік топтар) түрлі жолдармен жүрді. Алғашқы жолы – *плутократиялық* («плутократия» деген сөзден шыққан, мағынасы байлықтың билігі). Қауымда бай және кедейлердің пайда болуы, кедейлердің байларға тәуелділігін туғызды. Осылай қарыздық құлдық пайда болды. Қоғамның бір жағында өндіріс құралдарын иеленген және жеке бостандықтары бар адамдар тобы, ал екінші жағында мұның ешқайсысы да жоқ адамдар тобы пайда болды. Бұл топтар өндірісті ұйымдастыру процесіндегі рөлдерімен (ұйымдастырушылар – орындаушылар) және өнімді иелену көлемімен де айырмашылықта болды. Әлеуметтік топтар пайда бола бастады.

## Есте сақтаңдар

Әлеуметтік топтар деп адамдардың белгілі айырмашылық негізінде (мысалы, бірлескен әрекеттеріне сәйкес, мүдделері мен құндылықтарының ортақтығы) топтасуын (бірігуін) атайды.



Ауқатты шаруалар барлық қауым мүшелерін тамақтандырып отырған. Нәтижесінде олар жоғары дәрежемен *абырой* иеленді. Бедел өз кезегінде қауымдағы сайланбалы қызметтерге жол ашты, ал қауымдағы сайланбалы қызметті иелену – қауымдағы қорларды, ең бастысы – жерді қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Біртіндеп мұндай адамдар қауымның жетекшісі – *көсемге* айналды. Қауымдағы сайланбалы лауазымдар белгілі бір уақытта мұрагерлік жолмен берілетін болды, бұл лауазымды иеленгендер қауымның мүлкін өздерінің пайдасына қайта бөлу мүмкіндігіне ие болды. Осының нәтижесінде ру-тайпалық аристократия пайда болды. Бұл әлеуметтік жіктелістің аристократтық жолы болды.

Алайда бұл бағыттың да осы қалпында жүзеге асуы мүмкін емес еді, өйткені байлықты иеленген аз топқа, қашанда кедейлердің көп тобы қарсы тұрды, олар әділетсіз құлдыққа көнбеді және қауымның мүлкін тонауға қарсы болды. Қауым әлеуметтік жіктеліс жолында қорғанысқа көшті.

Қауымдасқан ынтымақтастық көршілес халықтар арқасында баюдың тиімді қолданысына айналды. Рулық тайпалық қатынастары бұзыла бастаған кезде барлық халық соғыс құмарлығымен ерекшеленеді. Бұл – әлеуметтік жіктелістің соғыс жолы. Тайпааралық тұрақты соғыс жағдайында жаңа институт пайда болады – әскери көсем институты, ауылшаруашылық жұмыстарынан босатылған, көсемнің айналасын құраған, кәсіпқой жауынгерлер тобы бөлініп шығады. Әскери ақсүйектердің мәртебесі артты. Көсемдер мен әскерилер өздерін басқалардан жоғары тұратын ерекше топтың өкілдері ретінде қабылдай бастайды. Көсемдер мен әскерилердің әлеуметтік тобы тек жаулап алынған тайпалардан ғана емес, өз қол астындағылардан да алым жинауға мүмкіндік алды. Осы кезеңнен бастап, князьдер мен жасақтар институты қалыптасты. Аталмыш институт енді мемлекеттік институт болды, мәжбүрлі түрде басқару жүйесі енгізілді.

Алғашында көсемдер бір ғана қауымды басқарды, кейіннен бірлескен бірнеше қауымды басқарған көсемдер пайда болды. *Әлеуметтік жіктелістің нәтижесінде, ең соңында, мемлекет (жеке билікті тоқтатқан) пайда болды.*

**Аграрлық қауымның әлеуметтік құрылымы. Сословиелік бөлініс.** Мемлекет құрылғаннан бастап қарыздық құлдық қатынастар кедергісіз дамыды, ал тайпалық ақсүйектер әскерилерге сіңіп кетті. Қауымға біріккен жер иеленушілердің басым бөлігі ақсүйектерге бағынып, әлеуметтік топ құрап ірі жер иеленушілерге айналды. Нәтижесінде қоғам әлеуметтік жіктелуге-стратификациялауға айналады, ал мемлекет (бір билеушіге, билігі дінмен дәріптелген) маңызды институтқа айналады.



### Назар аударыңдар!

Дамыған аграрлық қоғамда қатаң сословиелік иерархия орнайды. Адам туылғаннан белгілі бір сословиеге тиісті болады, сословиеден басқа сословиеге өту мүмкін емес.

Әр мемлекеттегі сословиелер саны әртүрлі болды – көбінесе екіден төртке дейін. Бұл, әрине, билеуші сословие (немесе екі сословие) – діни және ақсүйектік, және қарапайым адамдар сословиесі (кейде қалалық болып бөлінетін (қолөнершілер және саудагерлер) және жер иеленушілер). Сословиеге жатпайтын, әлеуметтік баспалдақтың ең төменгі басқышында, әсіресе аграрлық қоғамда құқығы жоқ, кейде бас бостандықтары да жоқ (құлдар, еркі жоқ және т.б.) адамдар кездеседі. Әлеуметтік қатынастар бағынуға негізделген.

### Назар аударыңдар!

Сословиелік бөліністе басқа топтарға қарағанда мүлктік және әлеуметтік айырмашылық бар.

Сословиелік артықшылықтар, құқықтар мен міндеттер алғашқы кезеңде саяси жолмен қалыптасады және заңмен бекітіледі. Қоғам тек қана топтарға бөлініп қана қойған жоқ, нақты иерархиялық құрылымға негізделген. Ғылымда аталмыш көріністі сипаттау үшін стратификация термині пайдаланылады. Әлеуметтік стратификация қоғамдық өмірдің барлық саяси, кәсіптік, мәдени саласында көрініс береді. Әлеуметтік стратификация формасының өзгеруі қоғамның даму деңгейіне байланысты болады. Ортағасырлық Еуропада жоғарғы мәртебеге діни және ақсүйектік ие болды. Кедейленген ақсүйек топтың өкілдері кедей болса да, қоғамда бай көпестен сыйлы болды.

**Аграрлық қоғамның негізгі белгілері. Дәстүрлі қоғам.** Аграрлық қоғам неолиттік революция кезеңінен Жаңа заманға дейінгі аралықта қалыптасты, кейіннен ол Еуропа мен Солтүстік Американың, соңынан Азияның бірқатар елдерінде индустриалды қоғамға жол берді. Әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Африкада әлі күнге дейін аграрлық немесе өтпелі аграрлы-индустриалды қоғам сақталған. Аграрлық қоғамның негізі болып көршілік-аумақтық қауым саналады, қазіргі уақытта да осы жағдай сақталған. Оның мүшелері жерді ұжымдық түрде пайдаланады, бірлесе еңбек етеді, жерден алынған өнімді пайдаға асырады.



Әлеуметтік иерархия

### Есте сақтаңдар

Аграрлық қоғамға баяу даму мен төмен тұрмыс тән. Ол шектеулі, өзін-өзі қамтитын, сырттан еш әсер қабылдамайтын жабық қоғам болып саналады.



Сонымен қоса аграрлық қоғамды дәстүрлі қоғам деп те санайды, өйткені ол дәстүрлерге, қағидалар мен әдет-ғұрыптарға негізделеді. Дәстүрлер саяси өмірді де анықтайды. Адамның қоғамдағы орны оның қандай әлеуметтік ортаға жататынына, билікке қаншалықты жақындығына тікелей байланысты болады. Үлкеннің (отбасының немесе рудың басшысының, көсемнің, сеньордың) беделі ерекше жоғары болады. Дау-жанжалдар соның басқаруымен шешіледі. Ең үлкен құндылық заң емес, билік болып есептеледі, өйткені ол құдайдың қалауымен мұрагерлік арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Аграрлық қоғамның басқару формасы монархия болып табылады. Билік әрқашан да бір адамның жоғары билеушінің қолында болады, ол көбінесе қарамағындағыларды деспоттық жолмен басқарады. Қоғам мен мемлекет адамды қанап, оның бостандығын жаншуға тырысады.

### Есте сақтаңдар

Аграрлық қоғамның негізгі ерекшеліктері:

- адамдардың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады және ауылшаруашылық еңбегімен айналысады, табиғи шаруашылық жүргізеді;
- қоғам сословие мен қауымнан тұрады, адамның құқығы мен міндеттері оның шыққан тегіне байланысты;
- мемлекетті басқаруға тек қана атақты жер иеленуші тұқым (ақсүйектер және діни өкілдері) ықпал ете алады;
- басқару формасы монархия болып табылады;
- адамдардың көзқарасы дінге және дәстүрге бағынышты (сондықтан аграрлық қоғам «дәстүрлі» деп те аталады);
- сауаттылық таралмаған.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Әлеуметтік құрылым дегеніміз не?
2. Экзогамия мен эндогамия дегеніміз не?
3. Көршілік қауымнан рулық қауым несімен ерекшеленеді?
4. Әлеуметтік жіктеліс дегеніміз не? Ерте аграрлық қоғамдағы әлеуметтік жіктелістің үш жолын атаңдар.
5. Ерте аграрлық қоғамда қандай әлеуметтік топтар пайда болды?
6. Әлеуметтік стратификация дегеніміз не?
7. Аграрлық қоғамның негізгі ерекшеліктерін атай аласыңдар ма?

### Ө. Әлеуметтік қоғамдағы индустриалды және постиндустриалды құрылым

**Аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту.** Шамамен 300 жыл бұрын Еуропа мен Солтүстік Америкада кейіннен әлемнің көптеген аймақтарында аграрлық қоғамнан жаңа индустриалды қоғамға өту басталды. Әлемнің мұндай өзгеріске түсуіне өндірістік төңкеріс себеп болды. Сондай-ақ индустриалды қоғамға өту модернизация (сөзбе-сөз аударғанда, «заманға сай даму») деп те аталды.



**Бүгінгі сабақта:**

- аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту;
- индустриалды қоғамның негізгі белгілері;
- индустриалды қоғамның әлеуметтік құрылымдары;
- постиндустриалды қоғам мен оның әлеуметтік құрылымы.

**Кілт сөздер:**

сословие, әлеуметтік мобильділік, таптар, буржуазия, жұмысшы табы, олигархтар, жаңа орта тап, менеджер

Модернизация дәстүрлі шаруашылықтардың, нарықтық шаруашылыққа ауысуынан, қалалар қатарының өсуінен және қалалардағы халық санының артуынан (урбанизация), қалаларда халық санының өсуінен пайда болды. Қауымдар мен қоғамдық кедергілер жойылды және әлеуметтік мүмкіндіктер артты. Қауымнан қол үзген адам білімінің, қабілетінің, талабының, әлеуметтік мүмкіндіктерге қол жеткізе алды. Құқықтық күрес нәтижесінде бұрын төмен саналған сословиенің өзіне аристократтардың ықпалы азайды. Референдум мен революция<sup>1</sup> нәтижесінде конституция, демократиялық сайлаулар, парламенттер, республикалар пайда болды. Дін мен шіркеудің, сонымен қоса дәстүрдің ықпалы төмендеді, заңның билігі күшейді. Адамдардың сауат ашу мен білім алуға деген құлшыныстары артты.

Индустриалды қоғамның алғаш Батыс өркениетінде пайда болуының себебі, аграрлы

қоғам үшін тым жоғары болып келетін тауар-ақша қатынасының даму деңгейі, меншіктену құқығы, жасампаз белсенді тұлғалыққа бағытталғандығы жағынан Батыс Еуропаның антикалық әлемнің тікелей мұрагері болып табылатындығымен байланысты. Дәл осы Батыс Еуропада тұлғалардың өз орындары бар екендігін қалпына келтірген Қайта өрлеу орын алды. Индустриалды қоғамның қалыптасуы мемлекетті өздерімен бірлесуге мәжбүрлеген белсенді қала таптарының капиталын иемденушілердің қозғалысынсыз жүзеге асуы мүмкін емес еді.

**Индустриалды қоғамның негізгі белгілері.** Индустриалды қоғам – бұл индустрияға (өндіріске) негізделген қоғам. Егер мемлекеттегі халықтың жартысынан көбі ауылшаруашылық саласымен айналыспаса, бұл индустриалды қоғам болып саналды.

Индустриалды қоғамның белгілеріне мыналар жатады:

- нарықтық экономика және меншіктік иелік (өндіріс қаржысында жекелік құқық біртұтас болып саналады);
- бәсекелестіктің жоғары деңгейі және кәсіпкерлік рух; қоғамдағы басты тұлға – кәсіпкер (бизнесмен);
- машиналық өндіріс және соған сәйкес ұйымдастырылған еңбек формасы (еңбектің механизациялануы мен автоматизациялануы);

<sup>1</sup> Буржуазиялық немесе буржуазия-демократиялық революция.




- еңбек өнімділігі мен өндірістің артуы; ғылым мен техниканың дамуы;
- табиғи ресурстарды пайдалану;
- білім, ғылым, мәдениет, БАҚ-тың (газет, радио және телевизияның пайда болуы мен дамуы) өсуі және өркендеуі;
- өмір сапасының артуы, өмір сүру ұзақтығының артуы; халық санының өсуі;
- инфраструктураның дамуы, оның ішінде теміржолдар мен көлік жолдарының, құбыр жолдарының артуы; көліктердің жаңа түрлерінің пайда болуы;
- халықтың қалаға қоныс аударуы (урбандалу);
- азаматтық қоғамның және барлық деңгейдегі басқарулар жүйесінің дамуы;
- жоғарғы еңбек және әлеуметтік мүмкіндіктер.

**Индустриалды қоғамдағы әлеуметтік мобильділік және әлеуметтік теңсіздік.** Индустриалды қоғамда капитал адамның қоғамдағы орнын айқындайтын анықтаушы фактор болып табылады, әлеуметтік баспалдақтар арқылы дамуға жол ашады. Бұл үшін қоғамға жоғары әлеуметтік тұтастық қажет, бір әлеуметтік топтан екінші топқа өту қажет.

### Есте сақтаңдар

Әлеуметтік мобильділік тік және көлденең деп екі түрге бөлінеді.

*Көлденең мобильділік* – бұл сол деңгейде тұрған топқа өту болып саналады. *Тік мобильділік* дегеніміз – адамның әлеуметтік баспалдақпен жоғары не төменге жылжуы. Егер адамның нақты бір әлеуметтік ортасы болмаса, онда маргиналды жағдайға ұшырайды. Әлеуметтік стратификация нәтижесінде әлеуметтік топтар қоғамда түрлі деңгейде қалыптасады, сондықтан олардың қоғамдағы ақша, атақ, билік



Индустрияландыру




секілді әлеуметтік игіліктерді иеленуі де тең дәрежеде болмайды. Осыдан келіп әлеуметтік теңсіздік қалыптасады. Бұл әсіресе мүліктік теңсіздікте ерекше байқалады. Табысқа қол жеткізген кәсіпкерлер – миллиардтаған капиталдың иегерлері – қаржылық және өндірістік магнаттарға (олигархтарға) айналады және әлеуметтік баспалдақтың жоғарғы сатысын иеленеді (пирамиданы).

**Индустриалды қоғамның әлеуметтік құрылымы.** Индустриалды қоғамда әлеуметтенудің таптық формасы байқалады, бұл еңбек пен капиталдың қарама-қайшылығынан туындайды. Негізгі екі тап қалыптасады: *кәсіпкерлер табы* (капиталистер, буржуазия) және *жалданбалы жұмысшылар табы* (пролетариат). Индустриалды қоғам қалыптасқан алғашқы 100–150 жылда жұмысшы-пролетариаттың жағдайының ауыр болғаны соншалықты (өте төмен еңбекақы, нашар еңбек жағдайы, жұмыс күнінің ұзақтығы) бұл жұмысшылардың үнемі наразылығын туғызып, олардың қарсылығына ұласты. Алғашында жұмысшылардың бас көтерулері аяқастынан болса, кейіннен ол өз қанаушыларына қарсы ұйымдасқан түрде болып тұрды.

Индустриалды қоғамда осы екі негізгі таптан бөлек дәстүрлі әлеуметтік топқа жататын аристократия, шаруалар, қолөнершілер, қала халқының өзге де категориялары (офицерлер, шенеуніктер, оқытушылар, дәрігерлер т.б.) маңызды орын иеленді.

Индустриалды қоғамда конфессионалдық және этникалық шығу тегі, білім деңгейі, мәдени танымы, мамандығы, өзге де статустық бірегейлік белгілері маңызға ие болмады, олар таптық бөліністерден төмен болды. Пирамидалық әлеуметтік құрылым қалыптасты, оның басында



Зауыттағы техника тетігін құрастыру



буржуазиялық-аристократиялық элита (меншік иелері) орналасты, ал құрылымның негізін – мүлктік иелігі жоқ пролетариат құрады. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында индустриалды қоғамның екі табы арасында қатты шиеленісті жағдай қалыптасты.

**Буржуазиялық-аристократтық элита.** ХХ ғасырдың басында банк секторын монополизациялау процесі мен ірі өндірістік капиталдың банкпен бірлесуі нәтижесінде шағын және орта буржуазия әлсіреп, элита ішінде – ірі буржуазия (олигархтар) қалыптасты. Сонымен қатар буржуазияның көне аристократтармен бірігу процесі жүрді, элиталық әлеуметтік топтардың өмірлік ұстанымдары мен күнделікті қағидалары, олардың идеологиялық бағдарлары мен рухани мәдениеттері сәйкестенді. Ірі буржуазия ақсүйектердің өмір салты мен тұрмыс-тіршіліктеріне еліктеді, капиталдарын жерге, сарайларға, картиналар мен сәндік бұйымдарға салды. Қоғамдағы мүлік иелерінің барлығы біртұтас «басқарушы» таптың айналасына бірікті, саяси билікке ұмтылды.

**Жұмысшы табы.** ХХ ғасырдың басында жұмысшы табы құрылымында өзгерістер орын алды. Бұрын жұмысшы табы біліктілігі төмен әрі еңбекақысы аз, қалада маңызы жоқ «еңбек кедейлері» саналса, кейіннен олар өздерінің құқықтары үшін күресе алатын күшті, ұйымдасқан әлеуметтік топқа айналды. Өндірістегі технологиялық дамулар жұмысшылардың еңбегін оңтайландыруға және олардың біліктілігін арттыруға әкелді. Фабрика-зауыттардағы заңдық жүйенің қалыптасуы мен кәсіподақ қызметінің белсенділігінің артуы, еңбекақының көбеюіне және жұмыс уақытының қысқаруына қол жеткізді. Бұрын революциялық көңіл күйде жүретін, өздерінің жағдайларына



Жұмысшылардың биік үйдегі түскі асы. Фото 1932 ж.



наразы пролетариат батыстағы индустриалды қоғамда физикалық еңбек ететін жұмысшылар табына айналды, олар өздерінің әлеуметтік және экономикалық жағдайларының жетілуіне мүдделі болды.

**Жаңа орта таптың қалыптаса бастауы.** Индустриалды қоғамдағы негізгі екі таптың санының артуы мен бірігуі нәтижесінде дәстүрлі орташа таптардың қатары азайды. Бұл орайда «жаңа орта топ» («жаңа орта тап») маңызға ие болды, олардың қатарын дене еңбегін атқармайтын жалдамалы тұлғалар құрады – яғни заңгерлер, дәрігерлер, оқытушылар, банк қызметкерлері, инженерлер. ХХ ғасырдың басында олар біртіндеп, біртұтас әлеуметтік топқа бірігіп, қызметкерлер қатарын қалыптастырды. Қызметкерлер жұмысшылармен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие болды: еңбек нарығында сұранысқа ие болды, (жоғарғы біліктіліктері мен білім деңгейлеріне байланысты), жұмыс уақыттары аз болды, жеңілдіктер жүйесі сақталды, оның ішінде ақылы демалыстар мен зейнетақылар қарастырылды, жұмыс уақыттары еркін еңбекке құрылды. Бұл топтың қатарына «еркін мамандық иелері» – жазушылар, суретшілер, әртістер де кірді.

**Фермерлік.** Дәстүрлі шаруашылық орнын біртіндеп фермерлік алмастырды. Бұрынғы шаруашылықтардан фермерлік шаруашылықтардың айырмашылығы мұнда заманға сай техникалық және технологиялық базалар енгізіліп, олар өзара несиелеу жүйесімен және өнімді өткізу салаларымен байланыста болды. Сонымен бірге ауылдық жердегі халықтың демографиялық моделі де өзгеріске ұшырады: бұрынғы патриархалды көпбалалы шаруа отбасыларының орнын фермерлердің шағын отбасылары алмастырды. Фермерлердің отбасын, негізінен, ерлі-зайыптылар мен кәмілеттік жасқа толмаған балалар құрады.

**Индустриалды қоғамдағы отбасындағы эволюция.** Индустриалды қоғамда отбасылық қатынастар институты эволюциялық өзгеріске ұшырады. ХІХ ғасырдың соңында қоғамның басты демографиялық моделі болып буржуазиялық отбасы және пролетарлық отбасы саналды. Бұлардың қайсысы болса да ата-аналар мен балаларынан құралған шағын отбасы болды. Буржуазиялық отбасы кәсіпкерлер дайындауға, отбасылық капиталды дамытуға, білім алуға, некелік одақтар арқылы қоғамдағы жоғарғы дәрежелерін нығайтуға негізделді. Ал пролетариат отбасының өмір салты жалдамалы жұмыс істейтін әкесінің жағдайына тікелей тәуелді болды (отбасы үшін әкесінің жұмыстан айырылуы немесе оның қаза болуы үлкен соққы болды), өндірістегі күйзеліске соқтыратын ауыр жағдайлар, осы күйзелістерді тоқтататын демалысқа деген қажеттіліктер үшін отбасы көп шығын шығармауға тырысты.

ХХ ғасыр басында буржуазиялық та, пролетарлық та отбасыларда этникалық және конфессионалдық әлеуметтенген факторлар азайды.

**Дамыған индустриалды қоғамның әлеуметтік құрылымындағы эволюция.** ХХ ғасырдың алғашқы бөлігі «әлемдік буржуазия» мен



«әлемдік пролетариат» арасындағы таптық күрес аясында өтті. Алайда революциялар мен соғыстар тәжірибесі тұрақты әлеуметтік жүйе қалыптастыруға байланысты мәселелерді жанжал негізінде шешу мүмкін емес екенін көрсетті. Индустриалды қоғамның әлеуметтік құрылымының дамуында бетбұрыс кезеңі басталды. Ол жаңа статустық топтардың бірегейлігі және тұрмыс салты енді «буржуазиялық» немесе «пролетариаттық» категорияларға бөлінбеді.

XX ғасырдың ортасында батыс қоғамындағы таптық бөлінудің пирамидалық құрылымы өзгере бастады, бұл бағыттардың басым бөлігін жаңа орта тап өкілдері құрады. Бұл өзгерістер меншікке және еңбек қатынастарына жаңа формалардың орнауына байланысты болды. Акционерлік капиталдың жылдам дамуы ұсақ салымшылардың қатарының пайда болуына әкелді. Қауымдастырылған капиталдардың (зейнетақы, сақтандыру және сол секілді түрлі қорлардың) әртүрлі формалары тарады, олар халықтың басым бөлігін қамтыды. Өндірістегі еңбек өнімділігін арттыру мақсатында жұмысшылар мен қызметкерлер арасында олар еңбек ететін кәсіпорынның («жұмысшылар меншігі») акциялары таратылды. Көптеген саясаткерлер бұл тәжірибені «үшінші жолдың» пайда болуы (социализм мен капитализмге балама) ретінде қарастырды. Мұның мысалына 1950–1960 жылдардың соңында Францияда<sup>1</sup> ұсынылған «еңбек пен капитал қауымдастықтары» бағдарламасын келтіруге болады.

Сонымен қоса XX ғасырдың ортасында мемлекеттік меншік формасы кең қолданысқа енді. Мемлекет тұрмысы төмен адамдарға тікелей әлеуметтік көмек көрсетуді қолға алды және жалпыұлттық мүддеге қазынадан қаржы бөліп, қамқорлық көрсетті. Бұл жекеменшікке қолсұғылмаушылық құқығын бұзбады, бірақ нарықтық экономиканың әлеуметтік табиғатын өзгертті. Жеке, акционерлік, мемлекеттік меншік негізінде, сан алуан меншік түрлерінің қалыптасуы, таптық қайшылықтарды азайтып, өндірушінің өндіріс өнімдерін толығымен иеленуін жеңілдетті. Батыс әлемінде адамдардың басым бөлігінің мүлікті иеленудің осы формасына қатысы болды.

### Назар аударыңдар!

Мүлік иелерінің қатарының артуы жаңа орта таптың көбеюіне ықпал етті.

<sup>1</sup> Француз үкіметі 1959 жылы ордонансқа сәйкес мемлекеттік секторға «қатысу жүйесін» енгізді, ол бойынша жұмысшы өз кәсіпорнындағы табысқа, техникалық рационализмдік дивидентке, кәсіпорынның нарықтық стратегиясы туралы ақпаратқа қол жеткізе алады. Осындай тәжірибені өз кәсіпорындарына енгізген жеке кәсіпкерлер салықтық жеңілдіктерге ие болды. Мұндай шаралар сол кезеңде ФРГ, Швеция, Бельгия мемлекеттерінде де қолданысқа енгізілді.



Бұл жағдай мүлік пен табыс құрылымына да айтарлықтай өзгерістер әкелді. Мүлік құрылымында өндірістік капиталдың рөлі тұрақты түрде артты және қалалық жылжымайтын мүліктің, өндірісті және фирмаларды иеленудің де маңызы жоғарылады. Бұл күнделікті табыс жүйесіне өзгерістер әкелді. Басқару функциялары жоғары жалақы алатын арнайы мамандар – менеджерлердің қолына өтті. Мүлік құрылымындағы өндірістік капиталдың рөлінің артуы, табыстарды осы әлеуметтік топтардың пайдасы үшін қайта бөлуге алып келді. Ғалымдар, тіпті «менеджерлік төңкеріс» туралы да айта бастады, яғни, капиталистік таптарды басқарушы зиялы топ алмастыра бастады. Алайда ғалымдардың бұл болжамдары жүзеге аспаса да, менеджерлік төңкеріс теориясы индустриалды қоғамдағы жалдамалы еңбектің рөлін арттырды.

Басқа да ағымдар ішінде – қара жұмыстың үлесі азайды, біліктілігі орташа мамандарға сұраныс төмендеді, физикалық тұрғыда еңбек атқармайтын мамандарға («ақ жағалыларға») сұраныс артты. «Ақ жағалылар» категориясын басқарушы – зиялы топтар, қызметкерлер, интеллигенция өкілдері, шағын кәсіпкерлер құрады.

Бұдан кейін жіктелуге жұмысшы табы да ұшырады. Олардың ішінен күрделі ғылыми салаларда жұмыс атқаратын жоғары білікті мамандар тобы қалыптасты. Сонымен қатар конвейнерлік өндіріс жағдайында жұмыс атқаратын орташа білікті жұмысшылар қатары мен қара жұмыс істейтін біліктілігі нашар жұмысшылар тобы да сақталды. Еңбек эмиграциясының артуы (Азия мен Африка елдерінен келетін) және әйелдердің де өндірістің әртүрлі салаларында көптеп жұмыс істеуі еңбек нарығында тұрақтылықты қалыптастырды. Сонымен қатар әртүрлі сатыдағы жалдамалы жұмысшыларға қойылатын қарапайым талаптар қатарына (біліктілік деңгейі, жұмыс тәжірибесі), жынысы, жасы және этникалық шығу тегі секілді талаптар да қосылды.

### Назар аударыңдар!

Жалдамалы жұмысшылардың жіктелуі және жаңа меншік иелерінің пайда болуы индустриалды қоғамдағы барлық әлеуметтік стратификациялардың түбегейлі өзгеруіне әкелді. Бұрынғы пирамидалы әлеуметтік құрылым халықтың аз бөлігін қамтыған жоғарғы және төменгі категориялармен салыстырғанда, орташа таптың артықшылығын қамтыған ромбы тектес модельге өзгерді.

Жаңа орта таптың өкілдері жоғары білікті мамандармен және бірқатар фермерлермен бірлесе отырып, дәстүрлі индустриалды таптар жүйесіне жатпайтын ерекше әлеуметтік топ қалыптастырды. Олардың айналасында буржуазия мен жалдамалы жұмысшылардың (кәсіпкерлер, менеджерлер, жоғары білікті мамандар, университет профессорларының өмірлері бірдей болды) өмір салты мен тұрмыстық



әдеттерін шоғырландырған әлеуметтік кеңістік қалыптасты. Осындай қалыптасқан жағдайларға орай таптық ұйымдар қоғамдағы бұрынғы әлеуметтік құрылым қалыптастырушы басты рөлін жоғалта бастады. Таптар экономикалық кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде ғана сақталды, ал әлеуметтік тәртіп дәрежелі топтардың айналасына қалыптаса бастады.


Тұтастай алғанда, ХХ ғасырдың екінші жартысында батыстағы индустриалды қоғамда әлі де «жоғары» мен «төмен» арасындағы айырмашылық сақталған болатын. Орташа таптың жоғарғы тобы өздерінің мәртебелерін сақтап қалуға және оны өздерінің ұрпақтарына таратуға тырысты. Ал орта таптың қалған бөліктері қоғамның төменгі табы секілді жаңа жағдайда өздерінің мәртебелерін көтеруге ұмтылды.

**Постиндустриалды қоғамдағы әлеуметтік құрылым.** Қазіргі замандағы батыс қоғамы – постиндустриалды қоғам.

Постиндустриалды қоғам – бұл инновациялық қоғам, мұндағы экономиканың қозғаушы күші ғылыми ізденістер болып табылады.

### Назар аударыңдар!

**Постиндустриалды қоғам** – бұл экономикада инновациялық жоғары өндірісті кәсіпорындардың, жоғарғы сапа мен инновациялық қызметтер үлесінің артуы, сонымен қоса өндірістік кәсіпорындарға қарағанда, қызмет көрсететін салада жұмыс атқаратын халық саны көп дамыған қоғам.



Индустриалды және постиндустриалды қоғамдағы әлеуметтік құрылым



Жұмысшының басты құндылығы ретінде оның білім деңгейі, кәсіпқойлығы, білім алуға ынтасы және шығармашылық бейімділігі бағаланды. Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық прогрестің жылдам дамуына орай, постиндустриалды қоғамда адам өмір бойы білімін жетілдіріп, бірнеше жаңа мамандықты қатар игеруіне тура келеді. Постиндустриалды қоғам дамуының негізгі факторы болып адам капиталы – кәсіпқой мамандар, жоғарғы білімді адамдар, экономикалық инновациялық қызметтің барлық түрінде білім мен ғылымды игеру саналады. Постиндустриалды қоғамның мәні, халықтың сапалы тұрмысы мен инновациялық экономиканың артуы болып табылады.

### Назар аударыңдар!

Қоғамды постиндустриалдыққа жатқызатын негізгі белгілерге еңбекпен қамту құрылымының өзгеруі, оның ішінде халықтың еңбекке қабілетті бөлігінің 50 пайызының өндірістік емес салаларда қызмет атқаруына қол жеткізу жатады.

Өндірістік кәсіпорындарда, қызмет үлесінің артуы өндіріс көлемінің азайғанын білдірмейді. Постиндустриалды қоғамда өндірістің көлемі оған деген сұраныстың қанағаттандырылуына орай баяу артады. Қызмет көрсету көлемінің ұлғаюы өмір сапасының артуына, бұл саладағы инновациялық дамуға және тұтынушылардың уақыт өткен сайын сапалы жаңа қызметті талап етуіне тікелей байланысты. Бұл процестің жарқын үлгісі ретінде ғаламтор мен жаңа байланыс құралдарын айтуға болады. Инновациялық қызметтер арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартып, оның сапасын арттыру мүмкіндігі үлкен. Қазіргі заманда адам өмірінің сапасын арттыруға бағытталған инновациялар арасында аса жоғары бәсекелестік байқалады.

Постиндустриалды қоғамда дене еңбегі азайып, оның орнына білім мен ақыл арқылы атқарылатын еңбектер әрі шығармашылық жұмыстар дамиды. Жұмысшы күшін дайындау шығындары артады: оларға оқыту мен білімге жұмсалатын қаражат, жұмысшылардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта дайындау жатады.



Компьютерде жұмыс істейтін адам – постиндустриалды дәуірдің басты кейіпкері

### Назар аударыңдар!

Постиндустриалды қоғам кәсіпқойлар қоғамы болып саналады, мұнда негізгі тап болып интеллектуалдар (креативті тап) саналады, ал билік меритократияның – интеллектуалды элитаның қолында болады. Креативті тап орта таптың интеллектуалдық бөлігінен бөлініп шығады.

Постиндустриалды қоғамда өндірістің басты негізі болып мамандар біліктілігі саналады, сол себепті



осындай мамандардың құны компания үшін жоғары болады. Осының нәтижесінде компания мен интеллектуалды маман арасында әріптестік қатынас орнайды, бұл жұмысшының жұмыс берушіге деген тәуелділігін бірден азайтады.

Постиндустриалды қоғам біртіндеп постэкономикалық кезеңге өте бастайды, онда экономия (материалдық игіліктерді өндіруші) үстемдік етіп артықшылыққа ие болады, адамдар материалдық игіліктерден жоғары тұрып, адамның шығармашылық қабілетін дамыту – өмір сүрудің негізгі формасына айналады. Қазірдің өзінде дамыған елдерде материалдық ынталандыруға, өзін-өзі жетілдіру әрекеттеріне жол беруде. Екінші жағынан, постиндустриалды экономика біліктілігі жоғары емес еңбекке сұранысты азайтуда, бұл тұрғындар арасындағы білімі орташа адамдарға қиындықтар әкелуде.

### Білімдеріңді тексеріңдер

1. Индустриалды қоғамның негізгі таптары туралы айтыңдар.
2. Индустриалды қоғамда басқа да қандай әлеуметтік топтар болады?
3. Батыс елдерінде кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы шиеленістер қандай жолдармен реттелді?
4. Постиндустриалды дәуірдегі қоғамда әлеуметтік құрылымдар қалай өзгереді?
5. Постиндустриалды дәуірде неліктен маманның біліктілігі өндірістің күші болып саналады?



## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

**Авраамдық діндер** – иудаизм, христиандық және ислам.

**Автономия** – (көне грек. – өз заңы бар) – дербестік, субъектінің қалыптасқан (өздері жасап, қалыптастырған) қағидалар негізі бойынша әрекет ету қабілеттілігі немесе құқығы.

**Авторитаризм** – саяси жүйе, билік бір қолға немесе бір билік органына шоғырланғанын білдіретін, өкілетті институттар рөлі азайған, оппозицияға мүмкіндік бермейтін диктаторлық әдіспен билік жүргізу.

**Аграрлық қоғам** – аграрлық (жер өңдеу немесе малшаруашылығы) бағыттағы қатаң қауымдық иерархиялы және дәстүрге негізделген қоғам. Ондағы адамдардың тәртібі әлеуметтік институттар, патриархалдық отбасылар және көршілес қауымдар қалыптастырған, салт-дәстүрлермен және өмір салтымен бақыланады. Архаикалық қоғамның орнын басып, индустриалды қоғамға жол беруі мүмкін. Аграрлық қоғам әртүрлі әлеуметтік деңгейлерге жіктелген, қатаң әлеуметтік топтарға (сословиелерге) бөлінеді. Өрбір адам дүниеге келгеннен белгілі бір қауымға тиеселі болады және қауымнан-қауымға өту мүмкін емес.

**Адам құқығы** – адамның өмірге деген құқығын сипаттайтын ұғымдар жиынтығы; экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқығы. Бүкіладамзаттық құндылықтарды бейнелейді.

**Ақпараттық қоғам** – ақпараттық технологиялар мен ақпараттық коммуникация құралдары басымдылық рөлге ие қоғам түрі.

**Аниконизм** – құдайды, пайғамбарларды және де басқа қасиетті тарихтағы бейнелерді культтік белгі ретінде антропоморфтық бейнелермен кескіндеп, бейнелеуге қатаң тыйым салу. Бұл – иудаизм мен исламға тән ерекшеліктер.

**Аннексия** – басқыншылықтың түрі, еріксіз түрде басқа мемлекеттің немесе халықтың аумағын толығымен немесе бір бөлігін қосып алу (басып алу).

**Антикалық өнер** – Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим және шығыстың эллиндік мемлекеттерінің өнері. Реалистік және гуманистік сипаттарымен ерекшеленеді. Еуропа өнеріндегі ең алғашқы жоғарғы стиль.

**Антропогенез** – адам мен оның эволюциясының түр ретінде пайда болуы; биологиялық эволюцияның бір бөлігі.

**Аристократия** – қоғамның белгілі бір бөлігінің немесе қандай да бір әлеуметтік топтың артықшылыққа ие болуы.

**Архаикалық қоғам** – экономикада игеру жағдайында өмір сүретін және рулық қауымдастық, қосарлы (дуальді) ру-тайпалық ұйымдар (қарандар), еңбектің ұжымдық сипатына ие ерекшеліктері бар, әлеуметтік жікке бөлінісі (стратификация) жоқ және теңдей бөлініспен қамтамасыз ететін қоғам.

**Архаикалық өнер** – музыкамен, бимен, денені әшекейлеумен, түрлі заттарға сурет салумен, тастарға бейнелер қашаумен және петроглифтермен, мүсін жасаумен, салт-дәстүрлермен таныстыратын тас ғасырының өнері. Архаикалық қоғам адамдары қалыптастырған.

**Ассимиляция (этнологияда)** – бір этностың басқа этносты сіңіріп алуы, осының нәтижесінде этностың бейнесін жоғалтып, бейнесінің өзгеруі, басқа этностан қабылдап алған бейнеге өтуі және этникалық бірегейлігін өзгертуі.

**Әлемнің этникалық картасы** – этностардың орналасу картасы.

**Әлемнің этникалық көрінісі** – этностың дүниетанымы.

**Әлеуметтік апатия** – саяси және қоғамдық өмірге араласу ниетінің болмауы, отбасылық және тіршілік деңгейдегі жеке мәселелер тасасында қалып қою.

**Әлеуметтік дифференциация** – адамдардың түрлі әлеуметтік топтарға жататынын білдіретін айырмашылық.



**Әлеуметтік мобильділік** – бір әлеуметтік топтан басқасына өту, индустриалды қоғамға тән ерекшелік белгілері.

**Әлеуметтік прогресс (социогенездің біржелілік теориясында)** – қоғамдық ұйымдардың қарапайым формадан өте күрделіге, алғашқы қауымдықтан заманауи өркениеттік жағдайға дейінгі үздіксіз қозғалысы.

**Әлеуметтік стратификация** – қоғамның страттарға (топқа) бөлінуі.

**Әлеуметтік топтар** – қандай да бір белгілер негізінде ерекшеленетін, адамдар қауымы.

**Бірегейлік** – адамның өзіндік сана-сезімі; өзін-өзі анықтаудың психологиялық жағдайы, өзіндік «МЕН»-ін іздеу, белгілі бір топта, өзін «өз орнында» сезіну; белгілі бір гендерге, этносқа, ұлтқа, нәсілге, қоғамға, дінге, мамандыққа т.б. жататынын сезіну.

**Геосаясат** – мемлекет бағыты, негізінен, сыртқы саясаты географиялық факторларға (мемлекеттің жағдайы, табиғи ресурстары, климаты т.б.) сәйкес анықталатын тұжырым.

**Гуманизм** – адамды, оның тұлғасын және белсенді, қалыптастырушы іс-әрекетін жоғарғы құндылық ретінде қарастыратын философиялық бағыт.

**Дадаизм** – иррационалды пен жүйесіздікті басты бағытқа алған модернизмдегі ағым; постмодернизмнің негізі.

**Дарвинизм** – Чарльз Дарвиннің биологиялық эволюциялық теориясы, оның негізін синтетикалық эволюция теориясы құрайды.

**Дәстүрлі қоғам** – дәл аграрлық қоғам секілді.

**Дәстүрлі құндылықтар** – жекелей алғандағы өркениеттер мен олардың өзіндік ерекшелігін білдіретін мәдени дәстүрлер жиынтығы.

**Девальвация** – 1) ұлттық валюта бағамының қандай да бір шетелдік валютамен немесе алтын бағамымен салыстырғанда құнының түсуі; 2) аударма. Құнсыздану.

**Декларация** – мемлекеттің, үкіметтің, партия, ұйымдардың атынан мәлімдеме; негізгі принциптерді салтанатты жариялау, сондай-ақ осылар жазылған құжаттың атауы.

**Декрет** (лат. decretum қаулы decernere – қаулы ету) – құқықтық акт, билік органының немесе лауазымды тұлғаның қаулысы.

**Диаспора** – өзінің атамекенінен тыс тұрып жатқан этностық бөлшектер, өмір сүріп жатқан елінде ұйымдаса қоныстанған және бірлескен этникалық топтар).

**Диверсификация** – жаңа салаға (номенклатуралық өнімдерді, көрсетілетін қызмет түрлерін т.б. ұлғайту) шаруашылық әрекеттерді тарату.

**Дискриминация** – қандай да бір тұлғаның, ұйымның немесе мемлекеттің нәсілдік, ұлттық, жыныстық ерекшеліктеріне орай, мемлекеттік белгілері, дүние-мүліктік, саяси және діни нанымдарына байланысты қасақана түрде шектеу қою немесе құқықтан айыру.

**Доктрина** – теориялық немесе саяси принциптің жетекшілігіндегі ілім, теория, жүйе.

**Дуалдық ру-тайпалық ұйым** – архаикалық қоғамның әлеуметтік институты, екі экзогамдық рудың бір эндогамдық тайпаны құрауы.

**Діни фанатизм** – өзінікінен бөлек, басқаға негізделген, өзге өркениеттердің құндылықтарын жек көрудің асқынған түрі, өз дінін сақтап қана қоймай, оны таратуға және өзінің дәстүрлі құндылықтарын өзгелерге таңуға ұмтылу. Негізінен, аграрлық қоғамға тән болып келеді. Қазіргі таңдағы ислам өркениетіндегі елдер үшін исламның негізі болып саналады.

**Еуропоцентризм** – бүкіләлем үшін еуропалық даму жолын біртұтас және әмбебап деп танушы көзқарастар жиынтығы. Социогенездің біржелілік теориясына тән.

**Жанжал (конфликт)** – (лат. conflictus – қақтығысу) – бұл өзара әрекеттесуге қатысушылардың қарама-қарсылығы. Әдетте, ережелерден және нормалардан тыс



шығатын теріс эмоциялармен қоса жүретін әлеуметтік өзара әрекеттесу процесінде туындайтын мүдделерде, мақсаттар мен көзқарастардағы қарама-қайшылықтарды шешудің ең өткір тәсілі.

**Жаһандану** – бүкіләлемдік экономикалық, саяси, мәдени және діни интеграция және бірегейлендіру.

**Жаһандық ақпараттық жүйе** – ғаламтор желісінің базалары, негізінен, ақпарат іздеудің желілік қызметі.

**Жаһандық эволюционизм** – бүкіл әлемді белгілі бір заңдар арқылы дамиды деп біртұтас бір жүйе ретінде санайтын философиялық бағыт.

**Жекешелендіру** – жекелеген тұлғаларға немесе ұжымға мемлекеттік немесе муниципалдық мүліктерді құнына немесе қайтарымсыз жекеменшікке беру.

**Индустриалды қоғам** – мынадай сипаттары бар қоғамның түрі: мықты мамандықтарға орай еңбек бөлінісі дамыған жүйе, жаппай тауар өндіру, өндіріс пен басқарудың машиналануы мен автоматтануы, ғылыми-техникалық төңкеріс, көлік және коммуникация құралдарының тармақталу жүйесі, халықтың мобильдігінің және урбанизацияның жоғары деңгейі, ұлттық тұтыну құрылымындағы ілгерлеушілік, тұтыну мен өмір сапасының артуы, еңбек және әлеуметтік икемділіктің артуы, жалпы білім беру мен бұқаралық мәдениеттің дамуы. Бұл ерекшелік белгілер либерал-демократикалық (капиталистік – марксизмде) және социалистік үлгідегі жаңартылған қоғамға да тән сипаттар. Сонымен қатар либералды-демократиялық түрге нарықтық экономика мен жекеменшік, бәсекелестіктің жоғары деңгейі және кәсіпкерлік рух тән.

**Индустриалды қоғам теориясы** – қоғамдық дамудың негізі ретінде техникалық прогресті қарастыратын және «өндірістік тәсіл» талдауы мен таптық ерекшеліктерді жоққа шығаратын социогенездік желілік теория. Архаикалық, аграрлық, өтпелі және индустриалды (дамыған кезеңді қамтыған) кезеңді бөліп қарастырады. Теория XX ғасырдың ортасында пайда болды және қазіргі уақытта постиндустриалды қоғам теориясымен толықты.

**Индустриализация** – ірі машиналық өндіріс құру, экономикадағы өнеркәсіп өндірісінің маңызын арттыру процесі.

**Интернационализм** – этностар мен ұлттар арасындағы өзара сыйластықты, ынтымақтастық пен достықты насихаттайтын идеология. Ұлтшылдыққа және жаһандануға қарсы.

**Инфляция** – қағаз ақшаның шексіз және есепсіз шығарылуы нәтижесінде қаржы айналымы саласының толып кетуі. Сондай-ақ тауар зәрулігі нәтижесінде де орын алады. Инфляцияның зардабы болып бағаның өсуі, нақты төлемақының төмендеуі, жинақтардың құнсыздануы жатады.

**Инфрақұрылым** – өндіріске қызмет көрсететін (өндірістік инфрақұрылым; жолдар, каналдар, су бөгеттері, порттар, көпірлер, аэродромдар, қоймалар, транспорттар, байланыс және т.б.) және қоғамның тіршілік өмірін қамтамасыз ететін (әлеуметтік инфрақұрылым; білім, денсаулық, ғылым және т.б.) шаруашылықтың салалық кешені.

**Исламдық өнер** – мұсылманның діни әдет-ғұрыптары мен күнделікті өміріндегі көркем бейнелері тәсілдерінің жиынтығы. Өнер түрлеріне адам пішіндері мен өзіндік жинақтарды (сәулет, ою-өрнек, көркем жазу және т.б.) аз қолдануымен ерекшеленеді.

**Исламизм** – діни фанатизмге негізделген діни-саяси идеология және шарифат заңымен өмір сүретін ислам мемлекетін құруға бағытталған саяси қозғалыс.

**Исламофобия** – ислам мен мұсылмандарға деген қорқыныш, исламға және мұсылмандыққа жағымсыз көзқарас.

**Конституция** (лат. constitutio құрылым, орнату, қалыптасу) – үстемдік етуші таптың немесе бүкіл қоғамның еркін білдіретін, қоғамдық және мемлекеттік құрылымның негізін қалыптастыратын, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын білдіретін мемлекеттің негізгі заңы. Мемлекеттің саяси, құқықтық және экономикалық жүйесінің негізін анықтайды.



**Конструктивизм (өнерде)** – техникалық прогрестің мүмкіндіктерін игерген модернизмдегі ағым. Өсіресе сәулет пен дизайн саласында ерекше көрініс тапты.

**Конструктивтік бағыт (этнологияда)** – этникалық сезім мен этникалық түсінік интеллектуалдық құрылым болып табылады деп санайтын теория.

**Конфедерация** – мемлекеттік құрылым формасы, онда конфедерация қалыптастырушы мемлекет өз тәуелсіздігін сақтайды, өзінің мемлекеттік билігі мен басқаруы болады, белгілі бір мақсаттағы (әскери, сыртқы саясат т.б.) әрекеттерін үйлестіру үшін арнайы біріккен орган құрады.

**Конфронтация** – қарама-қарсылық, қарсы тұру, әлеуметтік жүйелердің қақтығысы, көзін жеткізу.

**Концептуалды өнер (концептуализм)** – постмодернизмнің көркемдік бейнесі, поп-артқа, абстракционизмге және фигуративті өнерге қарама-қайшылық. Концептуалдылық идеяны (концепт) физикалық ұғымнан (нысаннан) маңызды санайды, сондықтан барлығы да нысан болып санала береді.

**Космогенез** – материяның эволюциясының процесі.

**Космополитизм** – бүкіладамзаттық мүддені жекелеген ұлттар мен этностардың мүддесінен жоғары қоятын және адамды еркін тұлға – Өлем азаматы деп қарастыратын, әлемдік азаматтық идеология.

**Көне тіл** – бұл тіл (өлі тілдер қатарына жатады), ерте кездерде туыстас бірнеше тілдерге ортақ тіл болған.

**Көршілес қауымдар** – рулық қауымның орнын басқан және өзара туыстық байланыстары болмаса да, бірнеше патриархалдық отбасыдан тұратын аграрлық қоғамдағы әлеуметтік институт. Көршілес қауымдар өзара көмек көрсетумен, жерді бірлесе игеру мен бөлу сипатымен ерекшеленеді.

**Көсемділік (вождество)** – мемлекеттіліктің ең алғашқы үлгісі (алғашқы мемлекет) оны әскери қауымға (жасаққа) арқа сүйеген әскери көсем басқарады. Мұндай мемлекет ертедегі аграрлық қоғамға әрі ертедегі көшпелілерге тән.

**Креативті тап** – шығармашылық адамдары мен интеллектуалдарды біріктіретін әлеуметтік топ; постиндустриалды қоғамның негізгі страты.

**Креационизм** – барлық нақты дүние секілді адамды да құдай жаратты немесе жаратушы күдіретті күштің көмегі арқылы құдайлар жаратты деп санайтын діни тұжырым.

**Кредит** (лат. creditum – қарыз. лат. credere – сену) – бір тараптан қарыз немесе басқа да ресурстар алған жақ, қарызын бірден төлем жасамайтын, бірақ қарызды (төлемді) төлеуді немесе ресурстарды болашақта қайтаруға уәде беретін экономикалық қатынас. Несие экономикалық міндеттемелерді орындаудың заңмен рәсімделуі болып табылады.

**Ксенофобия** – барлық бөтендерге, шетелдіктерге қатысты қорқыныш, шыдамсыздық (кейде жеккөрушілік); басқаларды қауіпті деп санау.

**Қайта өрлеу дәуірінің өнері** – XIV–XVI ғасырлардағы еуропалық өнер, антикалық өнердің реалистік және гуманистік дәстүрлерінің оралуын білдіреді.

**Қоғам құрылымы** – үлкен және шағын әлеуметтік топтар (старт) жиынтығы, оған қауымдар, топтар, касталар, таптар, сонымен бірге олардың арасындағы қатынастар жатады.

**Қоғамдық-экономикалық формация (марксизмде)** – өндірістің жекелеген тәсілдеріне негізделген қоғамның тарихи түрі. Марксизм бес формацияны бөліп көрсетеді: алғашқы қауымдық (алғашқы қауымдық құрылым), құлиеленуші (құлиелену), феодалдық (феодализм), капиталистік (капитализм) және коммунистік (коммунизм), бұған социализм коммунизмнің алғашқы кезеңі ретінде енеді.

**Қоғамның әлеуметтік ұйымы** – қоғамда орнаған қалыпты әлеуметтік тәртіп; қоғамның қалыптасқан құрылымы.



**Либералды-демократиялық құндылықтар** – қазіргі батыс қоғамына тән, индустриалды және постиндустриалды қоғам кезеңіндегі, мәдени дәстүрлер мен рухани-адамгершілік құндылықтар жиынтығы.

**Материалдық құндылықтар** – ерекше, тарихи-мәдени маңызға ие заттар мен технологиялар.

**Мәдени антропология** – жекелеген адамдар қоғамының (мәдениет) материалдық және рухани өзіндік ерекшелігін зерттейтін ғылым. Американдық және ағылшындық ғылымда қолданыста бар және көбінесе этнология мен этнографияның ұғымдарымен сәйкес келетін термин.

**Мәдени әралуандық** – жаһандануға қарама-қайшылық, әлемде алуан түрлі, өзіндік ерекшеліктерге толы мәдениеттер бар екенін танып мойындау.

**Мәдени құндылықтар** – әлеуметтік-мәдени маңызға ие, барлық қоғам үшін маңызды құндылық. Материалдық және рухани (рухани-адамгершілік) құндылықтарға бөлінеді.

**Мәдени мұра** – антропологиялық, археологиялық, этнографиялық, тарихи, ғылыми, эстетикалық немесе көркемдік көзқарас тұрғысынан табиғи негізі мен құндылықтары біздің заманымызға дейін сақталған, табиғат ғажайыптары немесе адамның қолымен жасалған нысандар.

**Медресе** (араб. мадраса – оқитын орын) – 2-деңгейлі дәстүрлі мұсылман мектебі (1-кезең – мактаб); ислам өнеріндегі архитектуралық құрылыстарда кең таралған түр.

**Менталитет** – жеке адамға немесе қоғамдық топтарға тән ойлау деңгейі, ақыл-ой әрекеттері мен рухани қалыптар жиынтығы.

**Метрополия** (ежелгі грек. Μητήρ – ана және πόλις – қала; μητρόπολις аналық қала) – мемлекеттің өзінің отарына, шегарадан тыс жерлердегі қоныстарына, басып алған аумақтарына, тәуелді елдеріне қатынасы.

**Модернизация** – аграрлықтан индустриалды қоғамға өту процесі.

**Нәсілдік кемсітушілік (дискриминация)** – барлық ерекшеліктер, айырмашылықтар, шектеулер мен артықшылықтар, нәсіліне немесе түсіне байланысты негізделеді, нәсілшілдікке жол беріледі.

**Нәсілшілдік (расизм)** – қазіргі әлемдік ғылым қолданбайтын, нәсіл сөзінен шыққан. Бөлінеді: 1) саяси нәсілшілдік – халықты нәсіліне қарай бөлу саясатына негізделген экстремистік этноұлтшылдық идеология; 2) тұрмыстық нәсілшілдік – басқа антропологиялық бейнедегі адамдарды жақтырмау және оларға өте жағымсыз қатынас.

**Неолиттік төңкеріс** – неолит кезеңінде тұтынушылық экономикадан өндірушілікке өтудің жүзеге асуы, яғни терімшілік пен аңшылықтан – жер өңдеу мен малшаруашылығына.

**Нигилизм** – қоғамның қалыптасуын және оның институттары мен қоғам мойындаған, оның ішінде дәстүрлі (мысалы, шіркеу) және этникалық (оған отбасылық та қосылады) құндылықтарды мүлдем жоққа шығару.

**Олигархия** – «азшылықтың билігі», аздаған әлеуметтік топтардың саяси және экономикалық үстемдігі.

**Оппозиция** – 1) қарама-қайшылық, қарсылық, көзқарастар, әрекеттер қайшылығы; 2) көпшіліктің пікіріне қарама-қайшы саясат жүргізуші топтар немесе партиялар.

**Ордер** – антикалық архитектура мен классицизм архитектурада маңызды рөл атқаратын, ғимараттың салмақты ұстайтын және салмақ түсетін бөлігінің аралығына қатысты жүйесі.

**Ордонанс** (франц. ordonnance – бұйрық) – Франция мен Англиядағы корольдың жарлықтары, мемлекеттік күші бар заңдар (Англияда – қауымдық орган өкілдерінің міндетті бекітуінсіз-ақ).

**Орта ғасырлардағы (ортағасырлық өнер) христиандық өнер** – Антикалық өнер мен Қайта өрлеу дәуірі өнері аралығындағы еуропалық өнердің даму кезеңі. Библиялық көріністер мен діни-адамгершілік ақиқаттарға басымдылық беруімен ерекшеленеді.



**Орта тап** – дамыған индустриалды қоғамда либералдық-демократиялық үлгідегі негізгі әлеуметтік топ. Оған жоғары білікті жұмысшылар, фермерлердің басым бөлігі, орта және шағын кәсіпкерлер, менеджерлер, ғылыми интеллигенция мен табыс деңгейі мен өмір салтының үлкен айырмашылығы жоқ еркін мамандық иелері жатады.

**Өндіруші экономика** – неолиттік революциядан басталатын (терімшілік пен аңшылықтан жер өңдеу мен малшаруашылығына өту), адамның еңбегіне негізделген барлық экономика.

**Өндіріс әдістері (марксизмде)** – қандай да бір формацияға тән әлеуметтік-экономикалық қатынастар түрі. Оған өндірістік күштер (өндіріс құралдары (құралдар мен еңбек тәсілдері) мен адамдардың өздері) мен өндірістік қатынастар жатады – бұл қатынастар өндіріс процесінде пайда болады және өндіріс құралдарының меншік түріне тәуелді болады.

**Өнер** – эстетикалық-айқын формадағы қалыптастыруға бағытталған кез келген іс-әрекет; адам мен адамзаттың рухани мәдениетінің бөлшегі, адамдардың көптеген буынының шығармашылығының жемісі.

**Өркениет** – ірі әлеуметтік мәдени жүйе, оның өзіне сай әдет-ғұрыптары мен өмір жүйесі, сонымен қоса сапалы рухани және негізгі құндылықтары бар.

**Өркениеттік көзқарас (социогенезде)** – социогенезге біржелілік бағыттан қарамау, еуропалық өркениет барлық адамзат үшін міндетті болып саналмайды, өйткені әлемде өзіндік даму ерекшеліктері бар көптеген өркениеттер болған әлі де бола береді деген ұғым. Өркениеттік бағыт қоғам өмірінің экономикалық саласына емес, рухани мәдени ерекшеліктеріне көп көңіл бөледі. Бұл қадамды қолдайтын бірнеше теориялар да бар (Н.Данилевский, О.Шпенглер, А.Тойнби, П.Сорокин және т.б.).

**Парадигма** (ежелгі грек. παράδειγμα шаблон, үлгі, қалып). Ғылым мен философияда парадигма бірқатар тұжырымдар жиынтығы мен ойлау үлгілерін, оған қоса теориялар, зерттеулер әдістері, постулаттар мен қалыптарды білдіреді, осыған сәйкес кейіннен бұл бағытта жинақтау мен тәжірибелер қалыптасады.

**Пассионарлық (этногенездің пассионарлық теориясында)** – энергияның тасуы, идеал үшін құрбан болуға ұмтылу, белсенділік, жігерлілік, ең бірінші қалыптасқан ортаны, сосын әлемді өзгерту ұмтылу талабы мен тілегі.

**Патриархалдық отбасы** – аграрлық қоғамдағы әлеуметтік институт, оның басында әкесі (атасы) – патриарх болады, оларда үлкендер мен ерлер жоғарғы мәртебеге ие болады.

**Плюрализм** – пікірлер мен көзқарастардың көптігі. Саясат саласында бұл қоғамдағы қарама-қайшы түрлі партиялар мен кәсіподақтардың, шіркеулер, кәсіпкерлік пен тағы да басқа ұйымдардың өзара сыйластықта, демократиялық төзімділік қағидаларын сақтап, өз мақсатына жету үшін қатыгездіктен бас тартып, өзара бірлесе әрекет ететін тұжырымы болып саналады.

**Полиэтникалық** – бірнеше этнос пен этникалық топтардан тұратын ұлттардың сипаты.

**Постиндустриалды қоғам** – ғылым мен білім маңызды рөл атқаратын және өндіріс тәсілдерінен меншік табиғаты қалыптасатын қоғамдық даму кезеңі: дәстүрлі жекеменшік өз маңызынан айырылады, оның орнын тұлғаның ой еңбегіне негізделген интеллектуалдық меншік басады. Бұл инновациялық қоғамда экономиканың қозғаушы күші ғылыми жаңалықтар болып табылады, ал қоғамның басым бөлігі өндірісте емес, қызмет көрсету саласында жұмыс атқарады.

**Примордиалистік қадам (этнологияда)** – этностарға адамдарды «қанына», өзгермейтін белгілеріне қарай алғашқы біріктіруші ретінде қарайтын көзқарас. Примордиализм этноста әу бастан қалыптасқан қандай да бір сапалар мен белгілер бар, бұл оның маңызын құрап, этностың басқалардан айырмашылығын қалыптастырады деп санайды.



**Рационализм** – өмірдің негізі және адамдардың мінез-құлқы ақылды мақсаттарға бағытталуы керек деген дүниетанымдық көзқарас.

**Реакциялық ұлтшылдық** – этноұлтшылдықтың асқынған түрі (бірақ экстремистік емес), басқалардың дәстүрлі және этникалық құндылықтарын мүлдем қабылдамау, сонымен қатар басқалардың құндылықтарына толық тыйым салу бағытындағы мемлекеттік саясат формасы.

**Реализм (позитивизм) (өнерде)** – XIX–XX ғасырлардағы материалистік философияға негізделген және оған тән көріністерде шындық әрекеттерін бейнелеуге ұмтылатын, еуропалық өнердегі бағыт. Бейнелеу өнері мен әдебиетте ерекше көрініс тапты. Реализмнің бағыты болып социалистік реализм саналады – ол кеңестік өнерге негізделді. Фигуративтік өнер.

**Ру** – 1) (архаикалық қоғамда) өз шығу тектерін аналық бағыттан тарататын, өз араларында некелесуге тыйым салынған (экзогамдық) қандас туыстар тобы; тайпаның бір бөлігі; 2) (аграрлық қоғамда, негізінен, көшпелілерде) өз шығу тектерін әкелік бағыттан тарататын өз араларында некелесуге тыйым салынған (экзогамдық) қандас туыстар тобы.

**Саяси (азаматтық) ұлтшылдық** – адамның ұлтын оның азаматтығымен теңестіру; саяси ұлтты (ұлттық мемлекет) қалыптастыру мен дамытуға бағытталған идеология және мемлекеттік саясат.

**Саяси интеграция** – өзара бірлесіп ынтымақтасуға бағыт алған екі немесе одан да көп саяси құрылымдардың бірлесу процесі, тікелей мағынасында кейбір саяси жүйелердің тұтастай қалыптағы кешенінің мемлекетаралық деңгейде қалыптасуы.

**Сословиелік иерархия** – әлеуметтік ұйымдық сипаты бар, дамыған аграрлық қоғамның ерекшелігі.

**Социогенез** – 1) қоғам дамуының (эволюция) тарихы; 2) қоғамның пайда болуы туралы ғылым.

**Стратификация** – бөлу, қандай да бір нәрсені топқа жіктеу, страттар. Қоғам мен оның жекелеген топтарының құрылымын, әлеуметтік дифференциация белгілерінің жүйелерін анықтайтын ұғым.

**Страттар** – қоғамдық өндірістегі орны мен рөліне, сондай-ақ табысының көлеміне, әлеуметтік беделіне, сауаттылық деңгейіне сонымен қоса конфессиялық, этникалық, жас айырмашылық, психологиялық факторларға да байланысты қалыптасатын әлеуметтік топ.

**Сүнниттер** – исламның негізгі екі бағытының бірі. Құранмен қатар, ақиқаттың негізі ретінде сүннитті (мұсылмандардың қасиетті ілімі) де мойындайды. Сұрақтарды шешерде мұсылмандық жоғарғы билік (имам-халиф) қауымдағы барлығының келісіміне сүйенеді.

**Тайпа** – 1) архаикалық қоғамның әлеуметтік ұйымдарының түрлері, оған ру-тайпаның өз ішінде некелесуі (эндогамия) мен туыстас адамдардың некелесуіне тыйым салу (экзогамия) бөліністері және тайпа мүшелерінің қандас-туыстық байланыстары жатады; 2) көшпелі қоғамның әлеуметтік ұйымдарының түрлері.

**Теология** немесе **Құдайсөзі** (грек. θεολογία грек. θεός құдай + грек. λόγος сөз; ілім, ғылым) – қандай да болсын діни ілімді, қандай да бір діни догмаларды жүйелі мазмұндау мен түсіндіру. Құдай туралы ілімді, оның мәні, әлемдегі іс-әрекеті мен жаңалықтарын зерттеумен, мазмұндаумен, түсіндірумен және қорғаумен, сонымен қоса құдай сөзінің адамгершілік қағидалары мен формаларының ілімдері туралы пәндер жиынтығын білдіреді.

**Теория** (грек. θεωρία талқыла, зерттеу) – идеялар немесе принциптер жүйесі, ілім. Ғылымда немесе оның тарауларында қалыптасып, жинақталып қорытылған жағдай болып табылады. Теория жинақталған білімнің ақпараттық моделі ретінде жүзеге асады, оның шегінде ұғым, гипотеза және заңдар бұрынғы дербестігін жоғалтады және толық жүйенің элементіне айналады.



**Теорияны модернизациялау (социогенезге жасалған жаңғыру қадамы)** – социогенезді жаңғыру нәтижесінде дәстүрлі қоғамнан (аграрлық), модернге (қазіргі заманғы, индустриалды) өту ретінде түсіндіретін индустриалды қоғамның біржелілік теориясының варианты. Осы теория негізінде «дамушы қоғам» ұғымы енді, ол жаңғыру жолына түскен Үшінші әлем мемлекеттерінің анықтамасы ретінде сипатталады.

**Трансұлттық корпорациялар (ТҮК)** – халықаралық компаниялар, сонымен қатар ұлттық трестер мен шетелдік активтері бар концерндер.

**Тұтынушылық экономика** – табиғаттың бергенін адамның игеруіне, терімшілік, аңшылық және балықшылыққа негізделген, палеолит және мезолит экономикасы.

**Унификация** – бір нәрсені бірыңғай жүйеге, ұқсас формаға, біркелкілікке айналдыру.

**Урбандалу** – қалалар мен қала халқының санының артуы, модернизацияға тән ерекшелік (қараңдар).

**Утопия** (ежелгі грек. бұл және тóлосорын; ежелгі грек тіліндегі тағы бір нұсқа. εὐ – игілік, яғни игілікті орын) – бұрынғы немесе болашақта болатын, болмаса қандай да бір елде қалыптасқан немесе қалыптасатын, болмаса әлеуметтік тұрғыдан қайта өзгеріске ұшырап идеалды өмірде жүзеге асыруды бейнелейтін идеялды қоғамдық құрылым. Бұл ұғым қоғамдық құрылымды бейнелеген (идеялды) көркемдік сипаттар жинағы үшін, сондай-ақ әлеуметтік және саяси қалыптасу жоспарының мазмұнына сай шығармаларда да пайдаланылады. Утопия қоғамдық сананың өзіндік ерекшелігі бар формасы ретінде дәстүрлі түрде өзіне әлеуметтік идеалды зерделеу, қалыптасқан құрылымның сынын, сонымен бірге болашақ қоғамнан асып кету секілді ерекшеліктерді өзіне сіңіреді.

**Уфологиялық теория** (ағылш. UFO – БҮО (беймәлім ұшқыш объект) – адамның пайда болуын жерден тыс сананың қатысуынан деп түсіндіретін ғылыми емес теория.

**Ұлт** – бұл индустриалды кезеңнің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси және рухани қауымдастығы. Ұлт индустриалды қоғамның барлық азаматтарын, олардың тіліне, нәсіліне, діни ұстанымына және этникалық белгісіне қарамастан біріктіреді.

**Ұлттық бірегейлік** – өзін белгілі бір саяси ұлтқа (мемлекеттегі-ұлтқа) қатысты ретінде сезіну.

**Ұлттық мәселе** – этникааралық қайшылықтардың бар екенін сипаттайтын, мемлекеттегі жағдай; этникалық алауыздық жағдайы, этностар арасындағы өзара сенімсіздік немесе жауласу.

**Ұлттық саясат** – қоғам өмірінің барлық саласындағы этностардың қатынастарын реттейтін, мемлекеттің іс-әрекетінің саяси құрамының бір бөлігі. Демократиялық және толерантты ұлттық саясаттың негізінде этникалық шығу тегі әртүрлі адамдарға деген құрмет.

**Ұлтты құраушы (этнологияда)** – этникалық немесе ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында ұлттық үкіметтің этникалық немесе ұлттық ұғымдарды жасанды түрде құруы мен енгізу мақсатындағы іс-әрекетін айқындайтын конструктивті ұғым.

**Фактория (сауда посты)** – басқа мемлекеттің немесе отардың аумағында шетелдік (көбінесе еуропалық) саудагерлер қалыптастырған сауда бекеттері. Фактория деп өз елінің қиыр шеттегі аудандарындағы осы секілді қалыптасқан орындар да аталды.

**Формациялық тұрғыдан қарау** – формациялық теорияға қараңдар.

**Формациялық теория (қоғамдық-экономикалық формация теориясы)** – Карл Маркс қалыптастырған және марксизм негізі болып табылатын социогенездің желілік теориясы. Әлеуметтік-экономикалық прогресс барысында алғашқы қауымдықтан коммунизмдік формацияға міндетті түрде ауысу ұғымына негізделген.

**Халықаралық қатынастар** – 1) мемлекеттер арасындағы өзара байланыстар; 2) этникааралық қатынастар.

**Шаруашылық қауым** – Көршілес қауым.



**Шейіттер** – исламның негізгі екі бағытының бірі, сүннитерден ерекшелігі – оны ұстанушылар имам-халифтарды емес, тек әлишілерді ғана – яғни төртінші халифа Әли мен оның ұрпақтарын ғана мойындайды. Шейіттер зайырлы билікті мойындамайды, олар заңды билік иелері деп тек билеуші мұсылман имамдарды ғана санайды.

**Шовинизм** – адамдарды этникалық белгілеріне қарай кемсітушіліктен және қанау мақсатында бір этносты басқалардан артық деп насихаттаудан пайда болған, ксенофобияның бір формасы.

**Эволюцияның синтетикалық теориясы** – дарвинизм мен генетиканың синтезі болып табылатын заманауи эволюциялық теория.

**Экзогамия** – қандас рулар тобы мен тайпалардан тыс жерлерде неке қиюды міндетті түрде талап ету.

**Экономикалық интеграция** – келісілген мемлекетаралық экономикалық саясатты жүргізуді өзіне алған, ұлттық шаруашылықтардың бірігу процесі.

**Экономикалық эксплуатация** – айырбассыз немесе айырбасқа еңбегіне татымайтын азғана тауар (ақша немесе қызмет) ұсыну арқылы басқа адамның еңбегінің нәтижесін иелену. Марксизм капиталистік қанаушылықты аса қатты сынады, өйткені өндіріс құралдарының иелері (капиталистер), жұмысшылардың еңбегінен пайда болған ақысы төленбеген (жұмысшы өзінің еңбекақысы ретінде тек өзінің күшінің ақысын ғана алады), қосымша құнды өздеріне табыс ретінде алып қалады. Маркстік емес экономикалық теория қанаушылықты нарықтық экономиканың алғашқы даму кезеңінің бір бөлігі ретінде мойындайды. Дамыған индустриалды қоғамда қанаушылық айтарлықтай азайды және табыс басқа да негіздер есебінен құралады.

**Экономиканың құрылымдық қайта құрылуы** – экономикалық қатынастардың жаңа моделінің қалыптасуына, қоғамдық өндірістің сапалы техникалық және технологиялық жаңғыруымен байланысты, барлық экономикалық механизмдердің қайта қалыптасуы.

**Экспансия** (лат. expansio – тарату, кеңею) – мекен ететін аймақты аумақтық, географиялық болмаса, басқаша тұрғыдан кеңейту немесе жекелеген мемлекеттердің, халықтардың, мәдениеттердің болмаса биологиялық түрлердің ықпал ететін аймағын ұлғайту.

**Эмбарго** – 1) елден тауарлардың белгілі бір түрін бағалы заттарды, алтындарды, бағалы қағаздар, валюталарды алып кіруге немесе алып шығуға салынған мемлекеттік тыйым; 2) репрессиялық қатынастар шарасы ретінде белгілі бір мемлекетпен саудасаттық жасауға тыйым салу.

**Эндогамия** – некені өз этносы ішінде қиюдың нормативті талабы.

**Этика** (грек. ἠθικός ежелгі грек. ἠθος – этос, әдет, салт-дәстүр) – философиялық тәртіп, оның зерттеу негізі өсиет пен адамгершілік болып табылады.

**Этникааралық жанжалдар** – топтық жанжал формасы, этникалық белгілеріне қарай бөлініп, түрлі қарама-қайшы мүдделерді көздеген топтар.

**Этникааралық қарама-қайшылық** – этностар мен этникалық топтар арасында туындайтын қарама-қайшылықтар.

**Этникааралық қатынастар** – полиэтникалық мемлекеттегі этностар мен этникалық топтар арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынас; этностардың экономикада, саясатта, әлеуметтік салада және мәдениеттегі өзара қарым-қатынастары, сонымен қоса түрлі этнос адамдарының жеке қарым-қатынастары.

**Этникалық** – қауымның басқа қауымдарға мәдени өзіндік бірегейленуі, мәдени айырмашылықтардың әлеуметтік ұйымдарының формасы. Этникалық қауымдардың белгілі бір мүшелерінің өзіне тән ерекшеліктерінен қалыптасады.

**Этникалық дифференциация** – ірі этностық тарап, бірнеше ұсақ бөліктерге бөліну процесі, олардың әрқайсысының жеке этносқа айналып қалыптасуы.

**Этникалық интеграция** – түрлі этносар мен этникалық топтардың біртұтас этносқа бірігу, араласу және қосылу процесі.



**Этникалық қауымдар** – адамның өзін-өзі тануы үшін тіл арқылы (көбінесе), ортақ тарихпен өздеріне тән дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, құндылықтармен және қағидалармен біріккен әлеуметтік қауым.

**Этникалық құндылықтар** – жекелей алғандағы этностың өзіндік ерекшелігін білдіретін, өзіне тән бейнесін айқындайтын мәдени дәстүрлерінің жиынтығы. Оған сол этностың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, діні, аңыз-әңгімелері, фольклоры, музыкасы мен әдебиеті, халықтың көркем мәдениеті және рухани-адамгершілік құндылықтары енеді.

**Этникалық өзін-өзі тану** – адамның белгілі бір этникалық қауымға (этносқа) жататынын және басқа этностардан дараланатын өзінің сезінуі.

**Этникалық процестер** – этнос дамитын заңдар.

**Этникалық трансформация** – бір этностан басқаға айналуы.

**Этникалық ұлтшылдық (этнонационализм)** – ұлтты этноспен теңестіру; этноұлттық мемлекет құру мен ұлт-этностың дамуына бағытталған идеология мен саясат. Этноұлтшылдықтың негізі ұлттық қозғалыстардан бастау алады. Бірқалыпты этноұлтшылдық этникалық және діни төзімсіздікті айыптайды. Этноұлтшылдықтың экстремистік формалары (шовинизм, нәсілшілдік, фашизм, ұлтшылдық және т.б.) этникааралық және ұлтаралық күрделі жанжалдар мен қақтығыстарға соқтырады.

**Этиогенез** – этностардың пайда болуы мен олардың этноәлеуметтік организм және этномәдени жүйе ретінде толықтай қалыптасуының тарихи процесі.

**Этиогенездің пассионарлық теориясы** – Лев Гумилевтің теориясы, бұл ұстаным бойынша этнос – әлеуметтік емес, табиғи құбылыс және оның туылуы, дамуы және жойылуы табиғи процестерге байланысты.

**Этнография** – этникалық (тұрмыстық) мәдениетті зерттейтін, этнос туралы ғылым: материалдық мәдениет (шаруашылық, азық-түлік, киім-кешек, баспана және т.б.) пен рухани мәдениет (дәстүр, әдет-ғұрыптар мен салттар, фольклор, музыка және т.б.).

**Этнология** – этникалық, этиогенез, этникалық бірегейлік, этникалық менталитет мәселелерімен айналысатын этнос туралы ғылым.

**Этноним** – этностың өзіндік атауы.

**Этнос** – ортақ шығу тегі, тілдері, материалдық және рухани мәдениеті, шаруашылық әрекет түрлері, аумағы, сыртқы түрлері, менталитеті және өзіндік саналары (бірегейлік) тарихи тұрғыда берік қалыптасқан адамдар қауымы.





*Учебное издание*

**Каирбекова Розалия Равильевна  
Тимченко Сергей Васильевич  
Джандосова Заринэ Алиевна**

## **ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ**

### **Часть 1**

Учебник для 10 классов  
естественно-математического направления  
общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Редакторы *Г. Садықова*  
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*  
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*  
Корректоры *Ж. Баймаганбетова*  
Компьютерде беттеген *Д. Шарипова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5851

Басуға 30.05.19 қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,35.  
Шартты бояулы беттаңбасы 78,05. Есептік баспа табағы 14,39.  
Таралымы 105000 дана. Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**  
**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30**  
**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34**  
**E-mail: mektep@mail.ru**  
**Web-site: www.mektep.kz**



